

А 2017

4615к

БАҚЫТ САРБАЛАҰЛЫ

БЕСІК ЖЫРЫ •
БАСТЫ ЖЫР

БАҚЫТ САРБАЛАҰЛЫ

**БЕСІК ЖЫРЫ —
БАСТЫ ЖЫР**

«АЙРАНЫМ» баспа үйі
Алматы 2017

ӨОЖ 821.512.122.09
КБЖ 83.3 (5 Қаз)
С 22

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау
және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару
және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді*

Сарбалаұлы Б.

С22 Бесік жыры – басты жыр. / Бақыт Сарбалаұлы –
Алматы: «Айғаным» баспа үйі, 2017 – 380 б.

ISBN 978-601-03-0447-5

Сыншының бұл кітабы қазіргі қазақ әдебиетінің көкейкесті маңызды мәселелерін қозғайды. Әдебиеттегі сүреңсіздікке, теңгермешілікке қарсы күрес аша отырып, жас, орта буын өкілдерімен қатар беделді қаламгерлерімізбен де батыл полемикаға барады. Соңғы кезде жазылған прозалық, поэзиялық, сондай-ақ сыни еңбектерді бүгінгі кезеңнің рухына сәйкес әрі жан-жақты таразылайды.

ӨОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-03-0447-5

© Сарбалаұлы Б, 2017
© «Айғаным» баспа үйі, 2017

“ЖЕЛСІЗ ТҮНДЕ ЖАРЫҚ АЙ...”

Ұлы ақынның табиғатты жырлауы жайында

Абайдың табиғат лирикасы – тұтас бір әлем: аспаны – бірде нұрсыз, бірде мөп-мөлдір, бірде көп-көгілдір; аспанында – ақша бұлттар, бұйра бұлттар, сұп-сұр бұлттар қалқиды, күміс күн, ару ай сырғып жүзіп шомылады; аспанына – ақынның дарқан даласынан бусанған бу ұшар, қырандар мен аққулар самғар, ән көтерілер, жас жүректің сыбыры, телмірген жанарының жұпар нұры жетер аяулы Айға; аспанынан – жерге алтын күн, ай сәулелері себездер, сылбырап ақ жаңбыр жауар; ақын даласының төсінде – күндер сырғып, жылдар зулар, қытымыр қыс жайнаған жазға ауысар; құмырсқа бел қыз бұрала басып былқылдап үй тігер, жалшы баласы көз жасын сорғалатар; бай балп-балп басып, қарқ-қарқ күлер; қош, бұл әлемде – ақын әлемінде орман-орман ой-сезім, ғашық жүректер бар; қоғамдық қарым-қатынас, рухани тартыс-күрес бар; бір тұстан тулаған теңіз көрінеді, жалғыз желкен сол тұманды теңіз ерінде, діңгегі сықырлап аласұрып жүр...

Абай – алып ақын. Осынау жұмыр Жер аспанында Үркердей жарқыраған азғантай жарық жұлдыздың бірі. Ол – дарқан Дала, заңғар Аспан, шырқау Шың.

Ол – өзі өмір сүрген кезеңнің тамаша айнасы, ғажайып көркем оқулығы. Біз Абайдың творчествосынан ХІХ ғасырдағы қазақ өмірінің, соңғы жылдарының сындарлы сыр-сипатын, барша ен-белгісін,

бай бедер-бояуын танимыз. Ол шын ақын болған сәтінен бастап өмірді, өңірді шынайы шеберлікпен бейнеледі. Рас, ол маркстік-лениндік философия ілімімен таныса алмады, тіпті Чернышевскийден де қанық сусындай алмады. Орысша да небәрі үш-ақ ай оқыды. Соған қарамастан ол өзі өсті, жапырақ жайып бәйтерекке айналды; Лермонтов, Пушкинді аударып, Платон, Аристотель, Спиноза, Дарвин, Толстой идеяларымен танысты.

Абай – қанша оқығанмен, қанша қазынасын алғанымен, қанша зерттегенмен сарқылмайды. Оның ерекшелігі – мың, тереңі – түпсіз. Ұлы суреткердің жазба әдебиетті тудырудағы ересен еңбегі, ғажайып маңызы да талассыз. Біз мұны ақынның тек табиғат лирикасынан да жеткілікті аңғарамыз.

Ақынның табиғат лирикасы туралы айтылған сөз, жазылған еңбек аз емес. Бірақ біз сол сөз-еңбектерді бәрібір қанағат тұтпас едік. Күнбе-күн өсе түсіп отырған заман талабына сәйкес ілгерілеу, заңғарлық, тереңдік керек. Сонымен қатар біз осы шағын мақаламызда, әрине, керемет ой да айтып тастаймыз демейміз, тек осы үлкен тақырыпқа бір тамшы үлес, қозғау қоссақ – мақсатымыздың орындалғаны.

Қандай да болмасын шынайы шығарма ақын жүрегінде балқып, қорытылып дүниеге келеді – жүрегін жарып туады. Ендеше одан белгілі бір дәрежеде суреткердің өз жан-дүниесі, танымы, таланты танылады. Сондықтан да Абайдың табиғат лирикасынан ақынның өзін де, дарынын да, сол сәттердегі қоғамдық өмірдің шындығын да толық тани аламыз.

Абайдың табиғат лирикасы – тосын да тың сұрлеу. Оған дейін қазақта шалқар әдебиет болды, бірақ табиғат лирикасы болған жоқ. Бұл тұрғыда Ыбырай Алтынсарин елеулі қадамдар жасады, бірақ Абай ол өлеңдерді білмеген де шығар. Сол сұлу, бай әдебиетімізден табиғат туралы бірді-екілі жолдар ғана табылар еді. Онда да кең өріс таппаған,

Белес-белес белдерден,
Айдын шалқар шөлдерден, –

дегендей жекелеген жолдар ұшырасар, яғни, табиғат көріністері – есімдер ғана болып келер, тек теңеу, метафора ретінде қолданылар. Мәселен, осыған байланысты белгілі бір дәрежеде тұлпар бейнелерін табиғат лирикасы деуге болады... Бірақ қалыптасқан ұғым-санада табиғат лирикасы ондай кең аяда қаралмайды ғой.

Әдебиет дамуының тарихына зер салып, адам баласының алға өрлеуіне назар аударсақ, қызық бір заңдылықты аңдаймыз: әуелі эпос, сосын лирика, сосын драма туады. Ал, лириканың өз ішінде алдымен қоғамық-азаматтық лирика, сосын махаббат лирикасы... туар, сосын – табиғат лирикасы туады екен. Өрине, бұл заңдылық белгілі бір жағдайға байланысты өзгерер де, ол айнымай іске асар формула, ереже емес.

Дегенмен, адам баласы дамуының дәрежесіне сай – әдебиет дәрежесі, әдебиет жанры, пішіні. Адам алғаш тек табиғи жеміс-құбылыс қана болды. Содан соң адам еңбек құралдарын жасай бастады, адамның тілі шықты, ой-ақылы пайда болды. Енді, адам еңбеккер болуымен бірге өнершіге айналды. Алғашқы рақаттанып күлгені – сазды ән шығар, алғашқы жасаған тас балтасы тамаша скульптуралық туынды шығар. Дау жоқ, алғаш адам әлсіз-тін, тұрқы – қораш, санасы – балаң болды. Қоршаған табиғат өзі мейірім етпесе, оны жапырып жеңуі мүмкін емес-ті. Ойдым-ойдым ормандарды өртеген найзағай оты, атылған жанартау, қақаған суық, қаптаған мұз, топан су, күйдірген аптап – бәрі де әлі түсініксіз, тылсым құдіретті күш еді. Олар не нәрселер? Оларды жорамал-жобамен болса да түсіну керек қой. Оларды сол қалпында жабайы, сырттай түсінді адам. Наным, дін де – сондай түсініктер систе-

масы. Балаң санаға балаң әдеби жеміс тән: ертегіге сенді, қиялға иланып, рас көрді оны. Алайда адам бірте-бірте табиғатты танып, есейе, жетіле түсті. Табиғатты билей бастады. Соған орай Ер Төстіктің орнына түйсік-сезімі бар, қуанып-қайғыратын кәдімгі адам Қамбар, Назымдар шықты. Олар дәу Ер Төстік, алып Алпамыстардай емес, суға батады, отқа күйеді, өледі. Бұл – реализм туа бастауы, әдебиеттің жер баса бастауы. Өйткені адам – қашанда қоғам мүшесі, еңбеккер. Оның өмір сүруі өзге адамдарға байланысты; ендеше ол солар туралы ойлап, соларды жыр етуге тиіс. Ең әуелі әлеуметтік тіршілік-тыныс керек адамға. Сол себепті де лирика алдымен батырлықты, жауды жеңуді жыр етті. Содан соң барып яғни, адамдар қоғамдасып, жеке мүддені де көздеуге мүмкіндік турасын, оны да ойлау керек болғасын, жеке мүдде әрі қоғамдық мүддемен орамдас-орайлас келгендіктен де өз басы мұрат-арманын ойлау, әйел-баласын ойлау, махаббатты өлеңмен мадақтау туды. Біздің қазақ халқының өмірін алсақ та осыны көреміз. Тіпті, өткен қадым кезеңдерді былай қойғанда Бұхар дәуірінде де (бұл кезде «Қозы көрпеш Баян сұлулар» дүниеге келе тұрса да) ерлер махаббатты марапаттауды намыс көрді, әйел көбінесе тек жақсы әйел ретінде танылды. Рас, қазақ өзге Шығыс халықтарына қарағанда әйелді айрықша ардақтағанда халық. Бірақ ақиқаты бәрібір ақын Қадыр Мырзалиев айтқандай:

Бір өткенде тегістеп шоқалақты,
Наркескенмен нөкерлер сақал апты,
Ең алдымен мадақтап ақын ерді,
Содан кейін жырлапты махаббатты.

Қазақ – туған Отанды, мынау көсілген кең даланы пір тұтқан, өле сүйген халық. Сол үшін көшіп, сол үшін соғысып, тыныштығын жоғалтқан халық. Расы, халқымыз даланы анық танып-білу сатысы-

на енді көтеріліп келе жатты. Халқымыз әлі кемел емес, есеймеген еді. Қоғам дамуын, тарихты бағдарласаң, осыған байланысты ауыз әдебиеті кезеңінде табиғат лирикасы сыздықтап-жекелеп болмаса, түсінілмейтін тылсым күш (не қуанышты, игі, көмекші; не қорқынышты, дүлей), символ түрінде болмаса бұлақтай көз ашып, бұлықсып туа қоймайды екен. Сонымен, табиғатты жырлау – табиғаттың түсінілу, танылу дәрежесіне байланысты. Сібір халықтары суықтан қорықпайды, керісінше ыстыққа шыдамас. Африка халықтары үшін суық – сұмдық дүлей күш. Күннің жалын шуағы – олардың әдебиетінде де лапылдап тұрғандай. Еркін өскен дала перзенті көшесі кең, саялы шағын қаланың өзіне зорға көндігер; ол Токио, Нью-Йорк секілді қалалардан бетін басып қашар. Кең далада дарқан өскендіктен марқа сойып, бас тартпай, қонағын сыйладым демес. Демек, халық – табиғаттың ұлы, табиғат – халықты белгілі бір дәрежеде қалыптастырған синтездеуші күш.

Бұдан шығатын байлам – табиғат ақынды ақын етуші күштің бірі. Дала ақыны далаға тартар.

Шыңғыс таулары, Бақанас жазықтары, Сарыарқа адырлары Абайға әсер етпеді дейсіз бе? Қазақта екінің бірі ақын болса, ол – осы дала әсерінен.

Жарықжұлдыз Шоқан айтқандай, дала құлағына сыр сыбырлар, сексеуіл сергектікке үндер, көшпелі тіршілік кернеу-кернеу көшелі ой-мінез сыйлар. Содан да көкірегіне әсер толады, сөз толады, тіпті олар көкірегінде-ақ қорытылып екшелер. Содан ақын қолына домбыра алып әу деп жібергенде, әлгі ой-сөздер өздері-ақ сапқа тұрып, селше ақтарылар, жаңбырша төгілер. Қазақтың қызы да ақынға айналып кетіп, ақсақалмен айтысар.

Иә, Абайды табиғат та ақын етті. Орыс әдебиеті әсеріне қоса табиғат та оған табиғат лирикасын жазғызды. Абай Тоғжанды сүйді, торғын түнді жамылып сарқыраған өзенмен тілдесті... Ұлы сыншы

Белинскийдің мына бір сөздерінде үлкен ақиқат бар: «Табиғат – акынның алғашқы оқытушысы, рух берушісі... Табиғатты сүйе білу – ақындық рух, ақындық шабыттың алғашқы алымы».

Абайдың табиғат лирикасына «Жазғытұры», «Жаз», «Күз», «Қыс», «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай», «Қараңғы түнде тау қалғып» (Лермонтовтан) сияқты біраз өлеңдері жатады.

Суреткердің табиғат лирикаларынан екі әлем көрініс береді. Бірі – табиғаттың өз жүз-дидары. Екіншісі – табиғатпен табысқан қоғамдық-әлеуметтік өмір.

Абайдың, табиғат такырыбындағы өлеңдері де тас бұлақтың суындай сылдыраған келісімге құрылған, іші – алтын, сырты – күміс: өн бойы теп-тегіс, жұп-жұмыр; аршылған жұмыртқадай, жайсаң жарасым тапқан табиғат-өмір полотноларындай. Сол полотнолар бетінде табиғат көрінеді, адам көрінеді. Бір өлеңдерінде Абай тек куәгер болып, сырттай суреттесе, енді бірінде өзі араласып, тікелей баяндап кетеді.

Міне, ақын нысанасында:

Жазғытұры көктем...
Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.
Жан-жануар, адамзат анталаса
Ата-анадай елжірер күннің көзі...

Өлең өзі сөйлеп тұр. Ақын жомарт суреттейді: табиғат тойына келген жыл құстары көрінеді, олар қанаттарын жалп-жалп қағып ұшады; жігіт өз құрбысымен жай-раңдасып, құлағына әлденелерді сыбырлайды, қыз болса наздана, сылқ-сылқ күледі, сүйегі сықырлаған бір кемпір ынты-шынтымен қатар-құрбысы бір шалға жалбаңдауда; осындай әңгіме-дүкен әр жерден-ақ байқалады; қара тастан басқаның бәрі жадыраған; міне, топырақ анаңдай иіген, балқыған; аспан әкеңдей жадырай төнеді үстіңнен; күн мен жер қалыңдықтардай сияқты, бір-бірі-

не ынтызарлықпен қосылып, қауышқан; сараңнан басқаның бәрі бейілденген; қаздар қаңқылдап, құлар сұңқылдайды; түйе боздап, қой маңырайды, қозылар саулықтарға өріп тәй-тәй басады; балалар шалғында құс жұмыртқасын іздеп жүгіріп жүр, гүл-бәйшешек майысса, бұлақ сыбдыр қағып, бұраңдап ағады; көктем – дәулеттену басы: ақ көбейер; көктем – табиғаттың базарлы тойы: бәрі-бәрі оянып, жайнар; көктем – адамдардың. көктеуі, мауық басуы...

Күн жоқта кісімсінер жұлдыз бен ай,
Ол қайтсін қара түнде жарқылдамай.
Таң атқан соң шығарын күннің біліп,
Өңі қашып бола алмас бұрынғыдай...

Ай, жұлдызға жылы жел хабар беріп,
Жан-жануар қуанар тойға елеріп.
Азалы ақ көрпесін сілкіп тастап,
Жер күлімдер өзіне шырай беріп...

Бұл өлең – әрине, өз кезеңінде ғажайып өлең. Бүгінгі күні де классикалық өлең. Жалқы жырда: аспан мен жер арасы, табиғаттың тұтас бір мезгілі: көктем мен сол сәттегі адам өмірі жатыр, табиғат тынысы жатыр. Барлығы да қатып қалмай қозғалысқа түскен, жан бітіп, беттерінен бедер шашып, жүздерінен нұр құйып дірілдейді. Өлең – орам-орам образ, сұлулықтар кестесі, табиғаттың өзіндей көркем; ақиқат аты өлең-сөздер емес, сол үш ай көктемнің өзі сияқты, шынын айтқанда: «Мал мазатсып, қуанып, аунап-қунар» – деген бір жолда ғана бір әлем бар, бір орай өмір бар – тірлік бар. Өленде ақынның өз таным, көзқарасы да терең көрінеді. Бұл орайда да сөз қозғаса бір көш пікір айтылар. Жалпы, қысқа қайтарсаң, өлең – табиғат бейнесі, ал ұзаққа шылбыр тастасаң – тұтас көктем: сәуле, қимыл, наз, той.

Ал, «Қараңғы түнде тау қалғып» атты өлең – керісінше тылсым тыныштық қана.

Қараңғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер балбырап.
Даланы жым-жырт деп-сал ғып,
Түн басады салбырап.
Шаң шығармас жол дағы,
Сілкіне алмас жапырақ.
Тыншығарсың сен дағы,
Сабыр қылсаң азырақ.

Иә, түн, тау, дала, жапырақ – бүкіл табиғат қозғалыссыз. Бірақ мұнда адам көңіл күйі де бар. Өңір өңі, тыныштық лебі бар.

Жаз. Жаздықүн шілде болғанда табиғат тұрпаты, табиғат аясында күн кешкен қазақ ауылының бейнесі қандай?

Жаздықүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын бәйшешек
Ұзарып өсіп толғанда;
Күркіреп жатқан өзенге
Көшіп ауыл қонғанда;
Шұрқырап жатқан жылқының
Шалғыннан жоны қылтылдап,
Ат, айғырлар, биелер
Бүйірі шығып, ыңқылдап,
Суда жүріп шыбындап,
Құйрығымен шылпылдап,
Арасында құлын-тай
Айнала шауып бұлтылдап.

Жоғары-төмен үйрек-қаз,
Ұшып тұрса сымпылдап,
Қыз-келіншек үй тігер,
Бұрала басып былқылдап,
Ақ білегін сыбанып,
Әзілдесіп сыңқылдап.
Мал ішінен айналып,
Көңілі жақсы жайланып,
Бай да келер ауылға,
Аяңшылы жылпылдап...

Аталмыш өлең – дүниежүзілік әдебиеттің табиғат лирикасы саласындағы оқшау, үздік өлеңдердің бірі десек асыра айтқандық емес. Өлеңде ауыз әдебиеті әсері де бар. Бірақ мұнда құлақ сарсыған сөз, қалыптасқан теңеу, құралдар көп қолданылмай, өлең ажары сонылығымен ашыла түскен. Өлеңнің басынан басталған ырғақ өзін-өзі тоқтата алмай, зулап кеп ең соңғы нүктеде кілт кідіреді. Ұйқас, үндесім-келісім егіз-егіз, тел-тел жатыр. Өлеңнің тұла бойы келісті ұйқас, ырғақ музыкасы. Сол шатысқан, шырмалған шебер ұйқас, үндестіктердің ара-арасында еркіндік – көсілулер де кездеседі. Пішін мазмұннан туып тұр. Мазмұнға сәйкес ұйқас та өзгереді, қатарлар түрлі мөлшерде тоқайласады. Алып ақынның шеберлігі сонда – ұлан-асыр өлеңнің ұйқас-әуезі бірдей: «былқылдап», «сылқылдап», «жарқылдап», «жалпылдап» секілді сөздерге ғана сүйенген. Мұның өзі де тамаша гармония.

Өлең, – жанды қимылға, қозғалысқа толы. Бүкіл жаздың жанды суреті кезегімен келелі көрінген. Жаз симфониясындай ол... Бай аулының жайлауы – көші, қонысы, атын аяңдатқан бай, жарамсақ шал, салқын саят... – қимылдар кестесі, сұлулық суреттері.

Абай осынау көріністі ықыласымен сүйсіне, қоштай, құрметтей суреттеген. Мұнысы несі? Бай ауылын марапаттағаны ма? Идеясы, меңзеуі нендей? Біз «Жазғытұ-рыны» талдауда да ақынның симпатиясын, ұнамды көзқарасын сезген едік. Суреткер көктемді әспеттеп, табиғатты, көктемді адамдарға үлгі еткендей еді. Бұл өлеңнен де осыны аңдаймыз.

Өлеңде жарамсақ шал характері, психологиясы да ашылған. Ақын оны астарлай сынап отыр. Сондай-ақ байды да сырттай суреттеп, оны да ұнатпайтынын айқын аңғартады. Бірақ өнеге етер – бәрібір осы сияқты өмір. Біз Абайдың мұнысына қосылып, құптаймыз ба?

Қосыламыз, дұрыс, жөн деп табамыз.

Абай уақытысында бүгінгі ғылым, техникалық жетістіктер болған жоқ. Абайдың ұстанған жолы – ағартушылық. Ол өмірді тәрбиемен түзеткісі келді. Халықты өлеңмен үгіттеді, өлеңмен халықты алға басуға, отырықшылыққа, білімге, мектеп ашуға, орыс ғылымын тілін үйренуге, мәдениетке шақырды. Соның бір орайы осы өлеңнен де көрінеді. Абай тап басып талдап, өз көзқарасының алтын өзегіне айналдырмаса да, байдың кедейді, жалшыны қанайтынын таниды, кедейлер жағына, халық жағына шығады. Ол сол өзі өмір сүрген уақытта да тамаша өмір болуы, орнауы мүмкін деп біледі, сондай өмірге жете аламыз деп түсінеді. Ол үшін өмірді түзеу керек, көптің көзін (оның ішінде үстем таптың да) шындыққа, адамгершілікті бағалауға жеткізу керек, оларға сол үлгілі өмір бүгінгі өмірлерінен озық, тамаша екенін ұқтыру керек деп сезінді. Сондықтан былай деп те толғады ол:

Жалшы үйіне жаны ашып, ас бермес бай,
Артық қайыр, артықша қызметке орай.
Байда мейір, жалшыда пейіл де жоқ,
Аңдыстырған екеуін құдайым-ай!

Алса да аяншақтау кедей сорлы,
Еңбек білмес байдың да жоқ қой орны.
Жас бала, кемпір-шалын тентіретпей,
Бір қыс сақта, тас болма, сен де о құрлы.

Абай осылай байға да ақыл айта отырып, оларға ұрса, оларды ұялта отырып, әлгіндей өмірді үлгіге ұсынады. Әрине, Абай ұсынған өмір – жаман емес. Бірақ ол бәрібір үлгі – идеал ғана. Шынында да қанау болмаса, теңдік пен мейір, адал еңбек, адамгершілік орнаса сол өмірдің несі жаман? Төменгі тап қан төгіп күрескенде теңдіксіз болғаны үшін, қаналғаны үшін күреседі. Төменгі таптың сондағы мұрат, арманы да осындай жақсы, бай, молшылық өмір. Тіпті, қазіргі уақытта да ғаламат қарышты бесжылдық жоспарлар

мақсаты, коммунистік еңбек мұраты, дана партия басшылығы мақсаты – халықтың әл-ауқатын көтеру, тұрмысын жақсарту, шұғылалы өмір орнату ғой. Абай болса бос утопияға, құрғақ қиялға салынбай, нақтылы өмірдің өзінен үлгі тапқан, соны идеал еткен. Мұның өзі – Абай ұлылығының бір қыры.

«Күз» атты өлең де – классикалық туынды. Онда да табиғат болмысы бар, адам өмірі мен сол табиғат бітімі табиғи байланысқан, жарлы өмір ауыртпалығы, иек астындағы қыс ызғары дененді қарығандай. Осындағы әрекет-өмір «Жазғытұрыдағы» қимыл-өмірге қарама-қарсы: мұнда бәрі мұңайыңқы, күлкі-серуен адыра калған, жас қатындар жаман шекпенді жамаумен әлек, жайлауда да от жоқ. Тіпті итке де кемік сүйек, сорпа тимеген соң, қаңғып кеткен. Осы бір деталь-ақ өмірдің соншалықты қиын, ауыр екенін соншалықты әсерлі жеткізеді.

«Қыс» та – өрелі өлең. Қыс – адам билігіне көнбеген; қытымыр, қатал құбылыс. Сол себепті де өлеңде оның мылқау күш екендігін айту басым. Табиғат суреті қыс бейнесіне жинақталған, көркем-символдық образға айналдырылған.

«Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай» атты өлең – «Күздің» жалғасы тәрізді. Мұнда әлгі ауыр өмірі тіпті қазымырлықпен терең айтылады. Бай мен кедей ісі, бай мен жалшы үйі, тұрмысы, пейілдері салыстырылады:

Қар жауса да тоңбайды бай баласы,
Үй жылы, киіз тұтқан айналасы.
Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты,
Ағып жүріп ойнатар көздің жасы.

Теңсіздік ойын балаларына шейін жан-жақты, соқталы қамтыған соң-ақ, қоғамдық әділетсіз өмір сыры айқын аңдалары анық.

Абайдың табиғат лирикасы – міне, осындай шы-

найы, шандоз шығармалар. Былай деп тек ұлы Абай ғана жаза алды:

Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп.
Ауылдың маңы терең сай,
Тасыған өзен гүрілдеп.
Қалың ағаш жапырағы,
Сыбырласып өзді-өзі,
Көрінбей жердің топырағы,
Көрінбей жасыл жержүзі.

Асылы, Абайды түсінудің өзі – талант. Өйткені ол заңғар Аспан ғой, кең Дала ғой, шырқау Шың ғой... Абайды терең жүрек және ой көзімен бағдарлау керек. Абайды түсінбесеңіз – образдылықты түсінбегеніңіз... жапырақтар желмен тек қозғалар, ауаға үйкелер – сыбырласпас; себебі, ол адам емес, онда тіл, ми жоқ; тау бедірейіп мелшиер де жатар – қалғымас, тәні балбырап ұйқыға кетпес; себебі онда жан жоқ, балбырамайтыны – қатты жыныстар ғана, тірлік дүниесі емес, жансыз-сезімсіз ғой; түн деген жай келеді, кетеді; ол – күннің сәулесі өшуі ғана, ол жерін айналып өз жолын күннен қашықтатуы ғана; тіпті түн деген бар ма екен, ол тек күн жарығының жоқ болуы емес пе; баяғы шөп, баяғы үй, баяғы ауа, баяғы шаңды жол – сол бойы қалады, ендеше түн даланы қалай дел-сал қылар, қалай салбырап басар...

АРМЫСЫҢ, АЛТЫНСАРИН

Менің туған жерімнен сәл жоғарырақ жайғасқан қазақтың Қаратауының қойнауында, шағын ғана қолаттың ішінде бір мөлдір бұлақ бар. Рас, ол жерге бұл күнде аяғымның ізі сирек түседі, бірақ сол бұлақты мен ешқашан ұмыта алмаймын. Аты да ғажап – Мұздайбұлақ. Басында қазандай қаратас төніп тұрады. Суы тап-таза, шілденің ыстығында да тісіңді қарырдай сап-салқын. Неге екенін қайдам, сол бұлақтың басында тұрғанда менің есіме кілең Ыбырай Алтынсариннің “Таза бұлақ» атты тамаша әңгімесі түсетін. Бәлкім, бұл Мұздайбұлақтың Ыбырай Алтынсарин әңгімесінде суреттелген таза бұлаққа қатты ұқсайтындығынан шығар. Иә, бір себеп те содан солай болуы керек.

Шынында да «Таза бұлақпен» бастауыш кластар қабырғасында жүргенде танысуым мұң екен, содан бері ол жадымда. Тіпті жаңа бұлақ көрген сайын, жаңа бір ақын-жазушылар шығармаларымен танысқан сайын ойыма оралады десем де болады... Сондағы көкейге келетін сауал: “Таза бұлақ па бұлар?» Мүмкін, бұл бала шақта алған әсердің ұмытылмайтындығынан шығар. Бірақ оған қоса Ы.Алтынсариннің бұл әңгімесінде өзіндік бір өзгешелік, сырлы бір құдірет болғаны, барлығы және анық. Рас, оның бүгінгі өлшем-талаптардан келгенде толыққанды әңгіме емес болуы да мүмкін, мөлтек туынды, тіпті ғибраттық ғақлия дәрежесінен аспай қалуы да ғажап емес.

Бәрібір «Таза бұлақтың» қазақ әдебиеті тарихында өзіндік елеулі орны бар. Оны ешнәрсе ешқандай жағдайда да алмастыра алмайды. Қазір қазақ жазушылары ол кезге қарағанда керемет жазуы да, Ы.Алтынсаринша мүлдем жазбауы да мүмкін. «Таза бұлақпен» салыстырғанда біздің ғарыштық биікке көтеріліп кетуіміз де мүмкін. Бәрібір бұл әңгіменің алдында уақыттың өзі дәрменсіз, бас иген және басын ие де береді. Бекерге шығаруды бекерге шығару заңдылығы да бұл әңгімеге ештеңе істей алған жоқ және алдағы уақытта да ештеңе істей алмайды. Мұның себебі неде? Себеп – бұл әңгіменің түпнұсқалылығында, сіңірген тарихи «еңбегінде», бүгінгімізге іргетас екендігінде. Сондықтан да «Таза бұлаққа» мұрнын шүйіріп, «Кел, балалар, оқылықты» мәнсінбейтіндер қатты қателеседі. Анасын ұмытып, бесігін жатсынғандар түптің түбінде өздері ұтылады, ешбір өрге баспайды, баса алмайды. Ендеше біздің ұдайы «Таза бұлаққа», күллі Ыбырай Алтынсарин еңбектеріне ұдайы оралып отыруымыз шарт.

Сонда «Таза бұлақтың» қайталанбас, сүйсіндіре берер төл қасиеті неде? Ол – туындыдағы мұрат асқақтығында, ой тазалығында, тіл тұнықтығында жатыр. «Таза бұлақты» тағы бір оқып шығыңызшы, жаңа ғана жазылғандай емес пе, бүгінгі күнге – бетбұрысқа, қайта құруға соншалықты қатысты емес пе? Партиямыз ісіне, идеологиялық күреске қызмет етіп тұрған жоқ па?!

“Үш жолаушы бір бұлақтың басында бір-біріне кез болыпты. Бұлақ бір тастақ жерден шыққан, айналасы қалың біткен ағаш жапырақтары бұлақтың үстіне төгіліп, суы мұздай, салқын, шыныдай жылтылдап тұрған сонша әдемі, таза бұлақ екен. Су шыққан жеріне бір қазандай тасты біреу қойып қорғаныш қылып, тастың суағар жеріне жазу жазыпты:

– Ей, жолаушы, болсаң осы бұлақтай бол! – деп.

Жаңағы үш жолаушы бұлақтан ішіп қанған соң, жазуды оқып, біреуі саудагер екен, ол айтты:

– Бұл жазылған ақыл сөз екен, бұлақ күн-түн тынбай ағып, алыс жерлерге барады, бара-бара кеңейіп, үлкейеді, бұған бөтен бұлақтар құйып, сөйте бара үлкен өзен болып кетеді. Мұнан мұрат сол: «Сен де, адам, тынбай қызмет қыл, ешуақытта жалқауланып тоқтап қалма, сөйтсең, ақырында сен де зорайып мұратыңа жетесің» дегені ме деп білемін, – деді.

Екінші жолаушы мүсәпір молда екен, басын шайқап:

– Жоқ, мен олай ойламаймын, бұл жазудың мағынасы сіздің ойлағаннан гөрі жоғарырақ соқса керек, бұл бұлақ кім-кімге болса да даяр, ыстықтағанда салқындатып, сусағанның сусынын қандырады, оның үшін ешкімнен ақы дәметпейді; бұлай болса адамға да әбірет сол: «Біреуге жақсылық етсең, ол жақсылығыңды ешкімге міндет етпе», – дегені болса керек, – деді.

Үшінші жолаушы көркем келген бір әдемі жігіт екен, бұл үндемей тұрды. Жолдастары: “Сен не ойлайсың?” – деп сұрады.

Жігіт айтты:

– Менің ойыма бөтен бір нәрсе келеді: бұл бұлақтың суы бір орнында тұнып тұрып, шөп-шалам түсіп, лай-қоқыс болса, бұған адаммен хайуан мұнша ынтық болмас еді; бұлақ күні-түні тынбай ағып тазаланып тұрғаны үшін ынтық болады. Олай болса жазудың мағынасы: «Көңіліңді, бойыңды осы бұлақтай таза сақта, бұлаққа қарасақ, күн түссе күннің, шөп түссе шөптің сәулесін көреміз; көңілің сол реуішті сыртқа ашық көрініп тұрсын» дегені ме дейміз, – деді». (Ыбырай Алтынсарин, «Әңгімелер», “Мектеп” баспасы, 1980 жыл, 24-25 беттер).

Міне, әңгіменің бар-жоғы осы. Көркем әңгіме. Ди-

дактикалық ғибрат. Философиялық астарлы дүние. Бәріне де саяды. Айтары және баршылық. Бұлақтың тазалығын үш жолаушы өз көзқарас-кәсібіне қарай үш түрлі толғаса, қай-қайсысында да шындық бар. Үшеуінің де айтқаны – керек тәлім. Саудагер, молда өз пиғыл-мүдделеріне қарай тартып кетсе, көркем жас жігіт ең салмақтысын, негізгі ойды айтады: “Ей, адам, осы бұлақтай таза бол!» Бірақ Алтынсарин әңгіменің бұл түйінін алдын ала шешіп, дайындап бермеген, ол жемісті табуды оқырманның өзіне қалдырады. Кейбір ағаларымыз қазір де жастарға күдікпен қараса, Ы.Алтынсарин сол көздің өзінде-ақ үміт пен сенімді жастарға артады. Үндері – тазалық, бой тазалығы, көңіл кіршіксіздігі. Қысқасы, “Таза бұлақ» – қысқа да нұсқа әңгіме жазудың қазір де жақсы үлгісі.

Демек, біз “Таза бұлақты» ақын-прозашы, ағартушы-қайраткер Ыбырай Алтынсариннің басты бір шығармасы, оның идеялық-творчестволық кредосын, ұстанған негізгі адамгершілік-қаламгерлік концепциясын білдірер шығармасы десек те жаңылмаймыз.

Теңіздің дәмін бір-ақ тамшысынан білуге болатынындай, қазақтың қазіргі жазба әдебиетін бастандырған тұңғыш шынайы әңгімелер жазған қаламгер Ы. Алтынсарин екенін осы «Таза бұлақ» әңгімесінің бір өзі-ақ сындарлы байқатады.

Қазақ жазба әдебиетін бастандырушы. Әрине, бұл– бірінші рет біз айтып отырған сөз емес, әрі «жоғалған пышақтың сабы алтын» дегенге салынып асыра айтылған баға да емес. Өйткені, бұл жерде бағалау өлшемі – ұлы Ленин ұсынған дәл де әділ өлшем: «Тарихи қайраткерлердің сіңірген тарихи еңбектері олардың осы күнгі талаптарға қарағанда жаңалық енгізбегеніне қарай бағаланбайды, өзінің алдындағы өткендерге қарағанда олардың қандай жаңалық енгізгендігіне қарай бағаланады». Ен-

деше «Бай баласы мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейітқұл», «Киіз үй мен ағаш үй», «Өрмекші, құмырсақ, қарлығаш», «Әке мен бала», «Талаптың пайдасы», «Аурудан аяған күштірек», «Жаман жолдас», «Надандық», «Мақта қыз бен мысық», тағы басқа да төл, аударма әңгімелер мен мысалдар жазған, Лев Толстой, Константин Ушинский хрестоматияларының үлгілерін қазақ балаларына таныстырып, қазақ халық ертегілері мен аңыздарының көптеген жақсы нұсқаларын бүгінге жеткізген Ыбырай Алтынсарин қарымды қарасөзші десек дұрыс.

Дау жоқ, қарасөзші (прозаик) Ы. Алтынсариннің үлгілі, үздік әңгімесі – «Бай баласы мен жарлы баласы». Бұл әңгімеде тек танымдық мазмұн іргелі емес, эстетикалық-көркемдік түр-бітім де жарасымды. Автор өз кезіндегі өмір шындығын дәл суреттеп қана қоймайды, тұрмыстық қайшылық, таптық айырмашылықтарға да біраз зер салады.

«... Бір күні ел көшкенде қыр астында ойнап жүріп, ескерілмей, екеуі жұртта қалыпты. Бір мезгілде үйге баралық деп келсе, ауыл жоқ, құр жұрты жатыр. Асан айқай салып, жылай бастады. Үсен ойланып тұрды да, айтты:

– Жылағанмен еш нәрсе өнбес. Көшкен ауылды іздеп табалық.

– Енді қайдан табамыз, қай жаққа кеткенін де көргеніміз жоқ, – деді Асан.

Үсен үндемеді, Асанды ертіп көшкен жұртқа келді. Жұртта бір көзі сынған ине жатыр екен, оны алды және бір пышақтың сынығын, бір-екі уыстай қыл тауып, соны да алды. Содан соң ауылдың жұртын айнала жүгіріп жүріп, көштің кеткен сүрлеуін тауып, сол сүрлеуге түсіп жүре берді».

Автор Алтынсариннің бүйрегі ақылды, жарлы баласы – қиындықтан қорықпайтын, еңбекқор Үсенге бұрып-ақ тұр.

Қажет болса, өмір сүруге бейім, күрескер Үсен –

Алтынсарин идеалы. Үсен – бейне бір кішкентай Робинзон Крузо сияқты. Екі күн екеуден-екеу елсіз-күнсіз жұртта қалғанда Үсен тамақ таба біледі. Үйрек ұстап, балық аулайды. От тұтатып, қасқырлардан қорғанады. Адаспай жол тауып, елге қосылады.

Жоғарыда біз бұл әңгіменің танымдық мәні терең дедік. Десек дегендей. Бұл әңгіме табиғатты танытатын, өмір сүруге үйрететін кішкене ғылыми оқулық та тәрізді. Мұны оқыған бала мылтықсыз құс ұстап, сіреңкесіз от тұтатуды үйренері анық. Оны айтпағанда: «Біраздан соң құлан келді, айғыры алдында басын тікшитіп, құйрығын шаншып, осқырынып, өзгелері таңданып қарап тұрды-тұрды да, олар да шауып жөнелді. Бір мезгілде жақын жерде қасқыр ұлыды; алысырақта өгіз шағала адамша шыңғырып, біресе жылаған балаша, біресе қарқылдап күлген адамша әртүрлі дауысқа салды», – деген екі-ақ сөйлемнің берер білімі, байқатары аз еместігін байыптасақ ше? Ы. Алтынсарин ғұмыр кешкен кездегі дала түні бүгінгі даламыз түнінен мүлдем алабөтен екенін былай қойғанда, қасқыр қазір де бар деп білсек, әңгіме құлан және өгіз шағаламен де таныс етпей ме?

Дау жоқ, Ы. Алтынсариннің қайсыбір қарасөзбен жазылған шығармасын да осылай талдап, оның қарымды прозаик екенін дәлелдей беруімізге болады. Алайда мәселе белгілі шындықты дәлелдей беруде ме? Әрине, онда емес. Мәселе – Ы. Алтынсариннің осыдан жүзжылдан астам бұрын жазған қайсыбір шығармасының да өзіндік жаңалық болғанын, бола беретінін қайталап, қадағалап айтып отыруда. Бұл – дұрыс нәрсе, керек десеңіз, өте мөте қажет нәрсе. Себебі, Ыбырай Алтынсарин – әрқашан да біздің замандасымыз. Кезінде қандай ұлы ұстаз болса, қазір де сондай ұлы ұстаз. Ол кезінде қандай елеулі ақын болса, қазір де сондай елеулі ақын. Міне, сондықтан да, Торғай облысы қа-

зақтарының 1884 жылғы 26 мартта Ы. Алтынсарин жөнінде «Оренбургский листок» газетінде: «Для нас, кочевников, очень дороги произведения Алтынсарина, как и он сам, это могут понять именно те, кому известно значение первой светской литературы в России... В его лицо мы впервые находили героя, прямо восставшего против фанатизма и невежества, заставляющего киргизов (казахов) просвещаться, вступать в новую жизнь. В лице Алтынсарина мы видим народного поэта, воспитанного Шекспиром, Байроном, Гете, Пушкиным и другими классиками русской литературы. Что касается его заслуг для киргизов (казахов), то они столь же важны, как важны заслуги Ломоносова для России... Он не только Ломоносов для нас, но и первый апостол киргизского (казахского) просвещения», – деп айтқан баға-лебізін біз бүгінгі күні де айтуға тиіспіз деп білеміз.

Шынында да Ыбырай Алтынсарин – қазақ әдебиеті үшін халықтық, жаңашыл ақын. Ол өлеңді өлең етіп жазып қана қойған жоқ, оны адамдарға білім беретін, адамдардың шөлін басатын таза бұлаққа, көзін ашып, көңіліне сәуле түсіретін, алға жүрер жолын көрсететін шыраққа айналдырды, яғни жас ұрпақты жаңа өмірге – болашаққа бастар құдіретке айналдырды.

Оқысаңыз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар.
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар.
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!

Бүгінгі таңда ұстаз ақынның осы сөздері халықтың өз сөзіне айналып, күллі қазақ мектептері мен педагогика ғылымы барша тыныс-тіршілігін

“Кел, балалар, оқылықтың» өзегіне құрса, «Жаз», «Өзен» сияқты өлеңдері табиғатты жаңаша суреттеудің тұңғыш тың үлгілері ретінде жас ақындардың тәлім-тәрбие мектебіне айналып отыр.

Ыбырай Алтынсариннің қашанда көңіл бөліп, қатты қадірлеуді тілейтін ұлы еңбегі – 1879 жылы орыс алфавитімен басылған «Қазақ хрестоматиясы». Ақынның жоғарыда тілге тиек болған әңгімелері мен өлеңдері алғаш рет осы кітапта жарық көрген. Неге екені белгісіз, 1979 жылы осынау теңдесі жоқ әдеби-педагогикалық еңбектің баспа бетін көргеніне 100 жыл толуы аталып та өткен жоқ. Туысқан орыс халқының зиялылары мұндай еңбектерін әлдеқашан ел игілігіне айналдырып, жанжақты зерттеп, жақсы жеке кітаптар – тіпті сыйлық (сувенир) кітаптар етіп талай рет шығарғанын білеміз. Мысалға, талай рет басылған Лев Толстойдың «Әліппесін» айтуға болады. Ал, бізде осынау еңбек толық күйінде алғаш рет орыс тілінде 1975 жылы жарық көрсе (И. Алтынсарин. «Собрание сочинений в трех томах». Том I), ал ана тілімізде әлі күнге дейін жарық көрген емес. Демек, бұл кітап – қазақ оқырманы үшін әлі қол жетпеген тың қазына.

Керек десейсіз, көбіміз бұл хрестоматия – кітапта Ы.Алтынсариннің төл және аударма шығармаларына қоса қазақ ауыз әдебиетінің үлкен жанрларының оннан астам асыл үлгілері, көптеген халық мақал-мәтелдері мен жұмбақтары бар екенін білеміз бе? Ұлы ағартушы-демократты қандай батырлар жыры, аңыз әңгімелер қызықтырғанын білу өз алдына, оның мақал-мәтелдерді жинап, жас шәкірттеріне ұсынғанын білудің де мәні үлкен емес пе? Бұларда фольклоршы Алтынсариннің қолының табы ғана жатқан жоқ, қоғамдық қайраткер Алтынсариннің өмірлік танымы, азаматтық принципі мен адамгершілік сенімдері жатқан жоқ па? Мәселен, хрестоматияда әйелдер туралы 16 мақал-мә-

тел келтіріліпті. Оқып отырсақ, әрқайсысында өткен XIX ғасырдың шындығы мен шаңы бар, сол кездегі халық пен Ыбырайдың әйелге деген қарым-қатынасы мен көзқарасы бар. Мысалы:

Ер – бас, қатын – мойын.

Үйіңде екі қатының болса, ойран болар; екі сиырың болса, айран болар.

Жақсы қатын – үй дәулеті, жақсы шапан – той дәулеті.

Алты ұл тапқан әйелді ханым десе болмас па; аға деген жігітті жаным десе болмас па?!

Жан жолдасың – жарың.

Жақсы қатын – ырыс, жаман қатын – ұрыс.

Сұлу – сұлу емес, сүйген – сұлу.

Немесе біз бүгін Ы. Алтынсарин 1879 жылы балаларға таныстырған: «Отыз омыртқа, қырық қабыртқа, бәрін бастаған ауыз омыртқа» (Киіз үй); «Жетпіс кемпір жер тістеп жатыр» (Кереге); «Кішкене ғана безер, дүниені кезер» (Тиын) тақылеттес тосын да тамаша жұмбақтарды ұмытып қалған жоқпыз ба?

Немесе ұлы ұстаздың 1879 жылы Орынбор қаласында 2000 дана тиражбен жарық көрген «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты екінші елеулі еңбегін неге елеп, қайта басып шығармасқа? Айтпақшы, енді екі жылдан кейін 1989 жылы ұлы ұстаздың аталмыш екі кітабының да баспа бетін көргеніне 110 жыл толады.

Содан соң... Жалпы Ыбырай Алтынсарин туралы сөз болғанда аттап өтуге, айтпай кетуге болмайтын бір жағдай

– Ыбырай Алтынсариннің қазақ халқына қоса озық орыс халқының да перзенті екендігі. Шындығы да сол

– ол талантты қазақ ұлы еді, бірақ оны адам-азамат етіп орыс мектебі, орыстың озық мәдениеті тәрбиеледі. Оны

– ұлы ұстаз, ағартушы-демократ, қаламгер және ғалым Ы. Алтынсаринді бізге ілгерішіл орыс мәдениеті сыйлады. Ол – күллі болмысымен интернационалист. Ол – әрбір ісімен, сөзімен, ойымен ең алдымен орыс және қазақ халқы достығының шынайы көрінісі. Оның өмірге, өнерге көзқарасы қалыптасуында – орыс мәдениеті арқылы – Шекспир, Байрондардың да әсері бар. Оның ұстаздары ішінде ұлы орыс педагогтары К.Д. Ушинский, Л.Н. Толстойларға қоса шетел заңғарлары Ян Амос Коменский, И. Т. Пестолоцци, Жан Жак Руссолар да кездеседі. Оның достары арасында орыс профессорлары В. В. Григорьев, Н. И. Ильминскиймен бірге чуваш педагогикасының классигі И. Я. Яковлев, хакастың атақты оқымыстысы Н. Ф. Катанов, грузиннің белгілі ағартушысы Я. Гогобашвилилер да бар. Ол қазақ балаларына арнап ана тіліндегі мектептерге қоса орыс, аралас тілді мектептерді және ашты. Ол орыс әріптерін пайдаланып, алғашқы қазақ алфавитін жасады. Ол қазақ халқы орыс халқымен табысып, одан үйреніп, бірге алға басқанда ғана бақытты болады деп кәміл сенді. Бүгінгі таңда ұлы ағартушының бұл арманын жүзеге асыр отырғанына да куәміз біз.

Қысқасы, ұлы ұстаз, көрнекті ағартушы-демократ, қаламгер Ыбырай Алтынсарин өмірі мен творчествосының қыры мен сыры көп. Жоғарыда біз қысқа-қысқа атап, айтып өткендей:

Ол – қазақтың тұңғыш ұлы ұстазы;

Ол – қазақ даласында еуропалық үлгідегі тұңғыш мектептер, қыздар пансионаты мен тұңғыш қолөнер мектептерін де ашушы;

Ол – Абаймен бірге қазақ жазба балалар әдебиетінің негізін қалаушы;

Ол – ғалым-педагог, фольклоршы, этнограф;

Ол – көрнекті ағартушы-демократ, қоғам қайраткері, озық ойлы күрескер.

Өткен жылғы 2 ноябрьде Ыбырай Алтынсариннің туғанына 145 жыл толды. Осы елеусіз қалдыратын мүшел ме еді? Өкінішке қарай, осы атаулы күнді бірде-бір республикалық мекеме, мәдениет орындары ескерген жоқ. Тіпті республикалық газет-журналдар да ұмыт қалдырды. Әрине, мұнымыз ұялатын іс болды. Сонда не болғаны, жұрттың бәрі бірінші ұстаздарын – «Дала қоңырауын ұмытқаны ма?» деп жүргенімізде тек «Қазақстан мектебі» журналының шағын мақала арнағанын көрдік. Әйтеуір ұлы ұстазды ұмытпаған біреу бар болғанына да шүкіршілік.

Бірақ бір және аса қатты ескеретін нәрсе – Ыбырай Алтынсарин өміріміздегі өтпелі адам, уақытша құбылыс емес. Ол – үнемі бізбен бірге. Ол – мәңгі замандасымыз. Тарих мойындаған, бүгін бас иген, болашақ алдынан шығып қарсылай берер замандасымыз. Ендеше ол тек мүшелтойы кезінде ғана сөз етілер тұлғаға жатпайды. Ендеше ол мүшелтойын күтпей, үнемі ескерер, зерттер, сыйлар, сұхбаттасар замандасымыз. Ыбырай Алтынсарин үнемі жарияланып, жазылып, әрқашан халқымен жүздесіп, сырласып отыруы керек.

Мұның ең бастысы – әрине, Ыбырай Алтынсарин мұрасының тікелей халық – оқырман игілігіне айналуы. Ол үшін, жоғарыда да айта кеткеніміздей, педагог-жазушымыздың аталмыш екі кітабын жеке шығарып қана қоймай, ана тілімізде толық шығармалар жинағын шығаруымыз керек. Мұндай басылымды, атап айтқанда, Ы. Алтынсариннің 3 томдық шығармалар жинағын (И. Алтынсарин, «Собрание сочинений в 3-х томах») орыс тілінде Қазақ ССР Ғылым академиясының тарих, археология және этнография институты 1975–1978 жылдар аралығында басып шығарған да болатын. Осыған орай белгілі қазақ ғалым-сыншысы Баламер Сахариев 1978 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде

жазған «Бағалы еңбек» (№38, 22 сентябрь) атты мақаласында-ақ мынадай ұсыныс жасаған-ды: «Ұлы ағартушы мұрасының үш том болып орыс тілінде басылып шығуын барынша қуана құптай отырып, енді осы басылымға енбей қалған шығармаларын (ондайлар жоқ емес) қоса қамти отырып, ана тілімізде толық жинақ қалпында көрсек және бұл істі уақыт оздырмай дереу қолға алса деген тілек те орынды...» Ендеше арада өткен тоғыз жылдың Ыбырайтануға түк те үлес қоспағанын тағы ескеріп, осы аталған игілікті шараны жедел жүзеге асыру қажет-ақ.

Өткен ғасырдың ортасында, дәлірек айтқанда, 1864 жылы Торғай өңірінде бір таза бұлақ марғау дала төсін түртіп, өмірге жылға тартып еді. Ол – жас ұстаз Ыбырай Алтынсариннің білім бұлағы болатын. Жас бұлақ дүниеге көз ашуы мұң екен, тереңнен шымырлап, бұрқылдап, арнасын кеңейтіп, нәрін молайтып даланы суарып, дала қойнауында ғасырлар бойы қалғып-мүлгіп жатқан тың құнар, жас қуаттарды оятты. Барған сайын өріс ұзартып, ізі түскен жерлерде көкорай шалғын бәйшешектерді өсіре бастады.

Міне, содан бері 123 жыл уақыт өтіп отыр.

Бұл күндері Ыбырай Алтынсариннің кішкентай таза бұлағы күллі қазақ даласын қамтыған. Шөл басар шәкірттері бар жердің бәрінде де ол бар. Бұлақ бұлақтарды тудыратындықтан, баба Таза бұлақ бұл күндері мың бұлаққа айналған. Сылдырап ағып жатқан мәңгі сарқылмас мөлдір мың бұлақ.

Ал бұлардың бәрінің басы – Ыбырай Алтынсарин – Таза бұлақ.

1987 жыл

АЛТЫННЫҢ СЫНЫҒЫ

1

Ұлы жазушылардың қай-қайсысы да маған кеннен кеніш болып елестейді. Және де тек асыл байлықтар кеніші. Әрине, бұл одан табылған жәдігерлігіміз кесек-түйіршіктері мырыштай мол, қалайыдай көп деген сөз емес. Ол да кәдімгі алтын-күміс кендеріндей аз, сараң береді, бірақ соның өзі саз, телегей. Сан емес, сапа таразысы алдыңа тартылады. Демек, көз емес, көңіл толар сол аз асылдың өзі қыруар қазынамыз десек асыра айту болмас. Бір ғажабы – әлгі асыл қазынамыз көрген сайын күн сәулесімен құлпырып, алуан шуақ шашады. Оны әрқашан тұңғыш рет көріп тұрғандай болып таңдана табысасың. Табысасың да мұндай жазушыны қатарымызда жоқ деудің бекер екенін пайымдайсың. Өйткені, оның риясыз рухы адамдарымыздың жанына сіңген (шығармалары арқылы), жүрегінің дүрсілі жастарымыздың бойында лүп-лүп соғып тұр. Бұлай болатыны – әлдеқашан жазылған шығармасы шынайылығымен дәйімі қазіргі күндік болып «жаңадан жазылып» жатса, осылай демеске хақыңыз жоқ. Бұған қоса және бір байқайтыныңыз – мұндай шығармалар алдағы уақытта да осылай үздіксіз қайта жазыла береді. Сондықтан да оның авторы творчествосын жарқын жалғастырып, тереңнен толғай береді.

Бейімбет Майлин – міне, осындай келелі қазына кеніші, міне, осындай бақыт – ғұмыр иесі.

Осыдан жеті-сегіз жыл бұрын саңлақ суреткердің жаңа бір шығармасы табылды. Яғни ол оқырман қауымға жаңа бір шығарма «жазып» ұсынды. Аталмыш тамаша туындысы «Атылмаған оқ» деген атпен «Жұлдыз» журналының 1976 жылғы алтыншы санында жарияланды. Кейіннен қаламгердің «Жазушы» баспасы 1979 жылы шығарған «Қызыл жалау» жинағына енді.

Жазушы бұл жолы да өзінің сүйікті тақырыбын қозғапты. Негізгі нысанасы – жиырмамыншы жылдардағы қазақ ауылы өмірін таныстырып, онда жүзеге асырылып жатқан түбірлі қоғамдық-әлеуметтік өзгерістердің өзегін аңғарту, жаңалықтың жақсы лебін зерделету.

2

Тракторға үңіліп тұрып, Сержан ауыр күрсінді. Ойы құбылып, шартарапқа шарқ ұрады. Өйткені үш мың сомға сатып алған көк темірі ием екен деп бұған жылы тартпайды. Тілсіз мылқау, бірақ іші толған жасырын сыр. Содан ба, осы трактор кейде өзіне қол емес, жаратылысы жат жау сияқтанады. Осының шытырман тетіктерінің арасында бұның басын жұтатын мың түрлі пәле ұялап тұрған сыңайлы. Сержан кенет тітіркеніп, кейін шегінгендей болды.

Апыр-ау, тірі жаннан беті қайтып көрмеген Серрекеңе не болған? Жансыз темірден жасқанғаны несі?

Асықпаңыз, мұнда үлкен сыр бар. Серрекеңнің трактордан шегінуі – жаңа өмірдің асау, алапат ағысынан ығуы, шегінуі де екен. Мұнда жеке адам – Сержан басындағы шошыныс, өзгеріс қана емес,

үлкен қоғамдық өмір өзгерісі, тап күресінің тынысы, жаңаның ескіні жаныштай бастауының бедері бар.

Бұрынғы тыныш өмір толқынын аспанға атып, буырқанып жатыр.

Сержан трактордан қорықпағанда қайтсін? Ол – трактор ғана емес. Сарбастардың серпілісі, Жалбырлардың жан-жүрек бұлқынысы; оған қоса жаңа өмірдің тегеурінді жойқын күшінің көрінісі, оның жаңа жеңістерге жеткендігінің айғағы; бәрінен де қауіптісі – оның таптап-тапап кететіндігінің, тағы да түпкілікті жеңістерге жететіндігінің айғағы.

Жазушы Бейімбет Майлиннің бұл деталіне қадала тоқтауымызда осындай мән жатыр. Оның «Атылмаған оқ» атты повесінің бойындағы басты бекетті тұс та осы. Атап айтқанда ол – туынды тініндегі өткеларалық кезең ғана емес, ондағы өмір дамуының, жақсылық пен жамандық, жаңа мен ескілік арасындағы күрес-тартыстың шарықтау тұсы.

Бұған дейін бел алдырмай келген Сержанның шын мәніндегі жеңілісінің басы да осы жерден сабақталды. Ол сондықтан да қалтырай қорқып тұр. Бұған дейін ол шынында да осыншалықты күдер үзе қорыққан емес-ті.

Ал Сарбас, Жалбыр, Айбалалар болса, саналары оянып, жаңа өмір өз еншілері екеніне көзі жетіп, қолдаушы қуатты сезініп, өз күштеріне сеніп, советтік заманның арнасына – өздеріне қатысты тартыс арнасына тартыла бастады. Бақыт, қуаныш шуағының сәулелері кекіректеріне құйылып, тап тайталасында жеңістерге жете бастады. О заманда бұ заман, олар осы уақытқа дейін, трактормен орыс жігіті Иван келгенге дейін Сержандарды сескентуге болады деп ойлап па? Ойламақ түгілі, әлі өздері қорқып, тек іштен тынып, тілек-білектері бірікпей, балапан басымен болып келген жоқ па еді? Рас, олар жаңа өмір орнағанын білетін-ді. Алайда, сол өмірдің тек өздерінікі екенін, оны иемденіп, өз

қолдарымен қалыптастыруға тиіс екендіктерін біліп пе? Ғасырлар бойы жасып қалған жүрек дауаламайтын, дәрменсіздік танытып, барлық бостандық пен бақытты біреу әкеліп, орнатып беріп, әрі әрқашан қорғап жүретіндей көретін. Сөйтсе бәрі өздеріне, көңілдерінің көзі ашылып, коллектив болып күресуіне байланысты екен.

Сарбастар ашқан басты жаңалық – олардың қолдары жеткен басты бақыт та осы еді. Повестің көркемдік күші де – өмірдің нақ осы бір қарапайым, қарапайым болғанымен өзекті де негізгі даму желісін жарқын ашып, табиғи да типті бейнелей білгендігінде деп білеміз.

Жә, осылайша повеске енгізер есікті кілтпен ашып алдық қой, енді оның ішін аралайық, яғни әңгімемізді басынан өрбітейік.

Автор Байбақты Танауовқа кездейсоқ жолықпағанда бәлкім, повесть жазылмас па еді?!

Байбақты Танауов жазушыны сыртынан жақсы танытын көрінеді. Жатырқамай жабыса кетті. Бұл, бірақ, оны білмейді. Оның жабысатын себебі – тергеу орнында жүрсе де әдебиетке келмекші екен. Атақты жазушыдан ақыл-кеңес алмақ ойы бар ма, қалай? Жоқ әлде бұнымен жақсы болғысы келе ме? Әлде өзі ақыл-кеңес бергісі бар ма? Алайда сырты бүтін, іші мықты көрінгісі келген сабаздың сыры тез ашылды. Оған Айбала кездесіп қалды. Байбақты Танауов...

Повесть осылай басталды.

«Тілек» деген тұңғыш тарау бүгінгі комсомол мүшесі озық жұмысшы әйел Айбаланың ілкідегі өміріне әкетеді. Әкетісімен-ақ жоғарыда айтылған Сержанға тракторға жолығамыз.

«Бүлкілдеп жортқан аттай боп, жердің топырағын уыстап шашып, трактор келеді сыдырып. Алып денелі сары жігіт... Сержанның бұған ешбір қатысы жоқтай-ақ тым үстін қарайды. Серкең, күні түскен

адамдай, сары жігітке жағынған адамның пішінін көрсетті:

– Аман. Трактор аман?..

– Трактор аман, – деді сары жігіт салқын ғана» (97-бет).

Міне, олардың алғашқы дидарласуының өзі қандай суреткерлік танытады десеңізші. Трактор қарқыны – жаңа өмір қарқынындай сезілсе, алып денелі сары жігіт Иван – жаңа өмір, комсомол өкілі – ескілікке – Сержанға үстін қарап, салқын амандасады. Демек, әлден-ақ жаңа өмірдің мысы ескілікті баса бастапты. Алайда мұны Серкең аңғара қойған жоқ әлі. Иванның өз басынан ыға тұра, ұлты бөлектен не хауіп бар деп қарайды. Өз бағыныштылары тыныш болса болды да. Оның үстіне трактормен еккен егіні қаншама пайда беретінін ойлап көріңізші. Сондықтан да Сержан әзірше трактордың амандығын ойлап, соған қуанып жүр.

Сол қуантқан трактордың кейін қатты қорқытқаны бар.

Сөйтсе ұлты басқалар табысып кетті. Уақытша келген Иван Сарбастарға уақытша емес әсер тигізіп, оларды оятып, тіпті комсомол етіп кетіпті. Міне, трактор күші, Иваннан қауіптенбегенінің салдары. Бәрінен де бұрын трактор тілін Сарбастарға үйрет деп несі бар еді? Серкең сұмдық өкінеді. Бірақ ол бұлай боларын біліп пе? Тіпті бұның барлық қателігі тракторды сатып алудан басталыпты. Серкең осылай ойлайды, осылай пайымдайды. Сонда да ол бір нәрсені бәрібір ұқпай отыр. Ол қаласын-қаламасын, бұл – болмай қоймас құбылыс. Өйткені, жаңа өмір, жаңалық жеңісін тоқтататын, кідіртетін күш жоқ. Ендеше Серкең бекер ренжиді. Тіпті оның барлық әрекеті – суға кеткен тал қармайдының кері.

Десек те Сержанның бар әрекеті, жаңалыққа қарсы күресуі заңды. Байлықтан айрылу, үстемдікті беру оңай ма? Қайта Серкең ақылды, айралы

жан. Мықты шөңге екен. Қеңес өкіметі келген соң, бейімделуге көшті. Әдістер, қулықтар жасады. Соның пайдасы тиіп, біраз жерге барды. Алдын ойлап, орысша оқытқан балалары бөлтіріктік жасап, біраз сеп тигізді. Атағы, айласы, байланыстары көп көмектесті. Бипаз, майда тілді, бейілді бәйбішесі Мәдине де бір медеу, үлкен тірек болып жүр. Соның арқасында көзге жұқа көрінсе де әлі қонды. Саудасын доғарып, жаңа қонысқа көшіп, егінмен айналысқаны, малды, малайды азайтып, машиналарды сатып алғаны оңды болыпты. Бай тізіміне енбеді, бүкіл гүбірнеде үлгілі шаруа құрған үлгілі жан атанды. Алайда мұның бәрі де оны алаңсыз сақтай алмады. Себебі, қасындағы елі, жалшы-жұраты Серекенің оншалықты үлгілі емес екенін, бай қалпында, баяғы тізе батырған қалпында қалғанын күнделікті көзімен көріп жүр емес пе? Ақсақалдар қашанғы Жалбырды жаманатты ете берсін. Оған қоса Сарбастардың санасы оянса...

«Кек», «Ұшқын», «Қап, тоқта бәлем», «Шиеленіс» деген тарауларда, міне, осы жайлардың жапсары ашылып, Жалбыр Жауғашаровтың көрген қорлығы, үнемі жаманатқа қалуы, оның кедей болса да еті тірілігі, әйелі Балдайдың күйбеңі, қызы Айбаланың құдалыққа шырмалуы баяндалады. Соған орай Сержанның момын емес, жұрт жарылқаушысы емес, қанаушысы екені, үнемі әлімжеттік жасап келгені әңгімеленеді. Қеңес өкіметі орнаса да, ол сонысынан танбаған екен. Үріп ауызға салғандай Айбаланы жамағайыны кемтар Ысқаққа алып бермекші. Сарбас, Аманбайларды ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстамақ. Бірақ онысы жүзеге аспай, байтал түгіл бас қайғы бола жаздап қалды. Оның себебі белгілі: жоғарыда айтылған советтік өмір дамуы, оның күнбе-күнгі жеңістері. Иванықпалымен әуелден еті тірі Сарбас түгіл, Нұржан, Аманбайлар көзі ашыла бастады. Соған қарамастан

Серекең бір рет қатты тұяқ серпіп, Жалбырларды жаншып алмақ еді. Нақты айтқанда Айбаланы бір жігіттерге күштеп алып қашқызбақ. Соған да табан тірей алмады. Баяғы заманы жоқ өйткені. Ендігі амалы – Сарбастарды қуып, Иванды жылы тілмен алдап-арбап өзіне икемдеп, өз балаларына темір тілін үйреткізбек еді. Ол ойы да адыра қалды. Ақыры Иванды атарбамен ауданға апарып тастап, құтылып тынғанды жөн көрді. Одан құтылса да түйіліп тағы бір қара бұлт келе жатыр. Ол – кәмпеске. Соған тағы бір соққы қосылды – Сарбастар малайлықтан қол үзді. Комсомолға да өтпекші болып бекінді олар.

Жаңа өмір күн сайын күш алып барады. Оның ағыс-арнасы жаңа адамдарды аясына, ауқымына тарта түскен. «Қара ит өлген» ауылы да бұлқанталқан...

Айтпақшы, Байбақты Танауов қайда? Айбаланы көргенде неге қорқып кетті ол? Нені бүлдіріп қойған еді? Бізге мұның бәрі түсініксіз болып қалды. Неліктен? Оның себебі – повесть осы жерге келіп тоқтапты. Өкініштісі де осы – Бейімбет Майлиннің өзінің бұл тамаша туындысын тәмамдай алмай кеткендігі.

3

Сонымен, Бейімбет Майлиннің аяқталмай қалған, арада қырық жылдан астам уақыт өткенде қайта дидарласып отырған, «Әдебиет майданы» журналының 1934 жылғы бірінші, 1935 жылғы бесінші сандарында алғаш жарияланған бұл повесі әдебиетіміз өмірінде және қалың оқырман қауым үшін де келелі бір құбылыс, жаңалық болып отыр. «Атылмаған оқ» повесін жарыққа шығарып, «Жұлдыз» журналы мен «Жазушы» баспасының игілікті іс жасағаны халқымызға асылдың көзіндей бір қазына ұсынғаны – әрине, сүйсінерлік жайт. Оған

Сейділдә Ордалиевтің жазған алғысөзі де орынды, ойлы. Оның айтқандары сөз зергерлері үшін белгілі, басы ашық нәрселер болса да, кейінгі жас ұрпақ үшін, жас толқын әдебиетшілер үшін тосын, тұңғыш рет естіліп, танылып отырған жайлар. Расында да Б. Майлиннің 1964 жылы басылып шыққан 6 томдық шығармаларына енбей қалған дүниелерінің молдығы, тіпті олардың тағы бір алты томдыққа жететінін, сондай-ақ очерк, әңгіме, сын мақала, повестерін айтпағанда, классик қаламгеріміздің «Қызыл жалау», «Қоңсылар», «Тартыс» тақылеттес бізге әлі бейтаныс романдарының бар екенін, олардың аты ғана емес, белгілі бір дәрежеде сақталған, жарияланған заты да бар екенін білуіміздің өзі – қайта, екінші рет есту болған күнде де сүйінішті. Сол секілді жазушының фельетондары мен очерктері кезінде «Кесінділер» (1929 жыл), «Сойқанды содырлар» (1930 жыл), «Алыптарды аралағанда» (1934 жыл) деген аттармен жеке кітаптар болып жарық көреді. Бұлардың бәрі араб, латын әрпімен басылған. Соларды неге қайта жарияламасқа деген С. Ордалиев ұсынысына да толық қосыламыз.

Сонымен оқырман ретінде ғана емес, әдебиетші ретінде де байыптасаңыз «Атылмаған оқ» повесінің «Дәптер» атты бөлімінің өзі-ақ жазушы аяқ алысының алымды, көркемдік көкжиектері келелі, қаламгерлік шеберлігінің тұтас алғанда да шалымды, кемел екенін айқын аңғартады. Өттең, амал қанша, повестің сюжеттік желісі де, оқиғалық өрбуі де, кейіпкерлердің характерлік кескінделуі де аяқталмаған. Соның өзінде қолда бар нұсқа-бөлік-ақ повестің татымды туынды екенін, тек Б. Майлин сияқты майталман қаламгер қаламынан туған өрелі шығарма екенін, оның атақты жазушы творчествосында өз орны бар бір белес екенін даусыз дәйектейді. Себебі тағы да бір оқып қараңыз – ол Биағаң сияқты болмыс көрсетіп, жатырқамай құ-

шағына тарта жөнеледі: дәлірек айтқанда алғашқы сөйлемнен соңғы сөйлемге дейін ежелден оқырманға етене Биағаң тілі, Биағаң көркемдік кестесі, Биағаң стилі бар. Және де оның өзі жаңалықты, қайталанбас Биағаң тілі, көркемдік кестесі, стилі.

Тамашасы да осы – повесті қай тұрғыдан қарастырмаңыз, кенен қазынаға жолығасыз. Атап айтқанда, біз жоғарыда біраз айта кеттік деп те білеміз және ең бастысы – сол кезеңдегі өмір шындығын соншалықты қарапайым да көркем, типті берушілік. Соған орай бір зерделеріміз – Б. Майлиннің тұрмысшылдығы. Ол үшін ауыл арасындағы әлеуметтік әрекеттер, ой-мүдде қақтығыстары ғана емес, жеке семьядағы тыныс, ұсақ-түйек, күйбөндер де маңызды. Мысалға Сержан мен Мәдине бәйбіше, Жалбыр мен Балдай арасын алып қараңыз. Қаламгер үлкен ұқыптылықпен бажайлай бейнелейді. Себебі Биағаң адамның қоғамдық болмысы мен санасындағы ең терең де тұңғиық, тылсым және құпия толқындар, оның психологиясы мен көңіл күй, рухани, мінездік өзгерістерін дәл де нәзік жеткізетін ұсақ-шағын, ұсақ-шағын болса да аса мән-ді толқындар тұрмыста, семьядағы өмірде екенін сұңғылалықпен жетік біледі. Расында қандай да бір жан қоғамдық өмірде ішкі жүзін жасырып, оп-оңай жақсы көрініп жүре алса, семьяда, тұрмыста бетін олай бүркей алмайды, әрбір ұсақ-түйек оның шын бітім-болмысын жарқырата ашып, бедерлеп отырады.

Б. Майлин тұрмысшылдығында осындай терең мән-мағына, әсер-ықпал әлемі, шеберлік мектебі жатқандықтан да біз оны байырқалай тілге тиек ете кетуді жөн көрдік.

«Атылмаған оқ» повесіндегі екінші бір кенен қазына – қазақ сөз өнері кейіпкерлер галереясына Сержан, Жалбыр, Сарбас, Айбала іспетті жаңа өзіндік бет-бейнесі бар тұлғаларды қосу, басқаша

айтқанда қыртыс-қатпарлы да соны характерлер қазынасы. Бұл портретпен ұштасқанда тіпті ғажап болып кетеді. Мысал үшін, бір-ақ рет ұшырасқан Байбақты Танауовты ғана алайық: «Қызыл шырайлы, қошқар тұмсық, бітік көз (көзінің өзі қиқарлау да болса керек), бойшаң келген бала жігіт. Аяғында сұлулап тігілген сұр етік. Шұғадан тігілген қоржын жамбас шалбар, барқыттан гимнастерка, әскерлерде болатын сақтиян сумканы иығына асынып алыпты... Бәрінен бұрын көз айырмай қарағаным – соның көзі, әсіресе, көзіндегі көзілдірігі (пенсне) болды» (92-бет). Зер салып қараңызшы, қандай дәл де шебер берілген кескін-келбет. Жазушы асығыста тез бір «сызықтарды» қағаз бетіне жүгірте салып еді, тек Байбақтыға тән тұмсық, көз, көзілдірік, жүз, киім жанарға ұрып шыға келді. Енді осы кейіпкердің қимыл үстіндегі келбет-көркіне назар аударыңыз: «Сөйлеген сайын қызынып, ерні сүйірленіп, езуі ақ айран тартып барады. Мен бұрынғыдан бетер жерінгендей болдым» (93-бет). Немесе басты тұлға Сержан портретін алайық: «Қапсағай жауырын қара кісі, ұйқыдан шошып оянғандай теке сақалын тарамдап, бірер есінеп керілді. Сөйтті де бұқа мойынын денесімен қабат бұрып...» (96-бет). Портреттің өзін беру де, адамды қимыл үстінде көрсету де бар. Немесе екінші бір басты тұлға Жалбыр Жауғашаров тұрпаты мынадай: «Еңкек жауырын, имек бел, инеліктей қатқан қара кісі» (99-бет). Жазушы шеберлігіне, деталь дәлдігіне тағы қайран қалмайсыз ба? Ең сүйсінерлігі – мұндай характерлерді аша білуді, портреттерді шебер жасай білушілікті повестің бүкіл өн бойынан: аяқ аттап басқан сайын кездестіресіз. Негізгі кейіпкерлер түгілі жол-жөнекей жолығысқан жандар жүзіне-ақ үңіліңізші. «Орташа бойлы, ашаң жүзді, қабыршақ ерін әйел шашақты орамалдан шығып, қобырап тұрған шашын жинай түсіп...» (94-бет); «Жебелі келген орта жасты

кісі мөрлі бөркін қолына ұстап, шегір көзін жаңа туып келе жатқан айға қадап, сөзді ескектетіп соғып отыр». (95-бет). Қысқасы, бұлардан аңғарып бағамдарыңыз – Бейімбет Майлиннің жаққан әрбір бояу бедері қасиетті кемеңгер суретшідей ғажап әрі шебер реалист, шыншыл суреткер екендігі.

Туындыдағы тағы бір қазына – тіл, соны қолданыстар қазынасы. Олардың жас жазушыларымыз үшін бір бұлақ-бастау екендігі күмәнсіз. Мысалы: «Шахта құлыбы», «әмме», «қатары сиреп қадағандап», «қашырыс салып жатырмын», «өшірет», «тынық әуені толқындырып», тағы басқа соны сөз, қайырлы қолданыстар бір кеніш емес деп ешкім айта алмаса керек. Бұлардың бәрі қаламгерлеріміз үшін аса керекті, ойланып, қажетіне жаратуына болатын қолданыстар деп пайымдаймыз.

Әрине, Бейімбет Майлиннің қайта қарап үлгермеген бұл шығармасында кібіртіктер, кемшіліктер кездеспейді емес: кейде қырнап, сырламаудың табы да шаң береді. Мәселен, «жәрдемге шақыратын жақын жерден милиция да көрінбейді» (93-бет): «Мүмкін біреудің семейный әңгімесі шығар» (94-бет) сықылды сөйлемдегі селкеуліктер де осы әбден пісірмеуден кеткен тіл тұтқырлықтары, мүкістіктері деп білеміз. Дегенмен бұған қарап, кейде практикада кездесіп жүргендей, Биағаңның аталмыш повесіне ешбір «қол ұшын» беруге (яғни ептеп редакциялауға) болмайды. Жазушы қалай дүниеге келтірсе, туынды сол қалпында қалсын. Ұлы жазушыларымыздың, тіпті қандайда бір әдебиетте өз орны бар қаламгерлеріміздің моральдық правосына, творчестволық мұра-мүлкіне қиянат жасап, қол сұғуға хақымыз жоқ. Кезі жоқ екен деп «көмектесу», бұрмалау фактілері кешірімсіз. Ол оқырманды алдап қана қоймай, Биағаңның немесе тағы басқалардың ақиқат болмысын бұзып көрсетеді, олар туралы жаңсақ көзқарас қалыптастырады, ең бас-

тысы әдеби-тарихи шындықтарды өзгертіп, өңдеп көрсетеді. Ал бізде осындай жайлар ұшыраспайды емес. Мұның өзі теріс болып қана қоймай, мәдени өренің төмендігін ғана аңғартпақ. Маркстік-лениндік ілімді диалектикалық тұрғыдан қолдануға нұқсан келтіру болып та табылады ол. Ендеше бірден-бір дұрыс жол сол: жаман жазушыны жаман күйінде, данышпан жазушыны данышпан күйінде қалдыру керек.

ЭПОПЕЯДАҒЫ ТАБИҒАТ СУРЕТІ

«Абай жолы» эпопеясының заңғарлығы табиғат суреттері торабында да айқын көрінеді. Шынында да эпопея – қазақ халқының тыныс-тіршілігі, кәсіп-еңбегі, махаббаты мен достығы, адамгершілігі мен аңқаулығы, қоңыр қойларындай момындығы, ерлігі, еркін жүрегі, қалбағай қарт пен қызу қызды айтыстырған жомарт көңілі, құмдай көшпелі, абақтысыз, бірақ көз жасына толы өмірінің энциклопедиясы ғана емес, қазақ даласының тұмса табиғаты: үдере көшкен баянсыз бұлттардың, дірілдеген сәулелі Айдың, екпіндеп соққан жұпар самалдың, сыр мен нұрға шомған өңірдің, бірде балғын шалғынды, бірде ауру адамдай жүдеу жайлаудың, жаңа жауған ақша қар мен тынық түннің, аласұрған боран мен асқар тау, биік бел-белестердің суреттерінің де тамаша энциклопедиясы. Солардың бедер-бейнелері, қиысым мен келісімдері, сұлу астасымдары мен жарасымдары.

Қазақтың ұшы-қиырсыз даласындай қарым, өрелі өмір шындығы, дарқан драматизм, тұңғиық трагизм, гүлдей нәзік, атом сағатындай сезеген сезім-лирика, асқақ, іргелі де парасатты философия «Абай жолын», оның авторы Мұхтар Омарханұлы Әуезовті заманымыздың оқшау да ұлы құбылысы етеді. М. О. Әуезов – Л. Н. Толстойдай, М. А. Шолоховтай, Э. Хэмингуэйдей ірі тұлға, саңлақ суреткер.

Бүкіл эпопея көлемінен салыстырғанда, әрине, табиғат суреттері аз көрінеді. Бірақ, бұл – тек сандық, көлемдік жағы. Ал енді оны ішкі жағы, мән-

мазмұнынан алсақ телегей-теңіз. Эпопеяда табиғат суреттері сан түрлі ыңғайда кездеседі. Бірде ол небәрі эпитет, теңеу, метафора боп келсе, бірде жалпақ жайлауға айналып кетеді. Бірде атаулы сөйлем, бір ғана сөйлеммен бітсе, бірде бес-алты, он шақты беттерді алар әлемге ұштасып кетеді. Бірде сүйінсең, бірде күйінесің; бірде аптапқа шарпылып ыстықтасаң, бірде аяздан қалшылдап жаурайсың. Бірде жаз қуатымен дүние көл-көсір жайнап жатса, бірде тұлдырсыз жұтап қалады. Бірде тек бастау алу, бірде кең өріске шығу, бірде ұлан-байтақ кеңістікке айналу – эпопеядағы табиғат суреттерінің жалпы бедер-бейнесі осындай.

Шынайы шындық сол – егер роман эпопеяны оқымай-ақ ондағы тек табиғат суреттерімен танысуға мүмкіндік туса да, олардан негізінен бүкіл роман ауқымын, ондағы қат-қабат өмір шындығын ондағы тоқсан тарау, мың арқау рухани желілерді, күретамыр пафосты, басты концепциялар мен тенденцияларды толық білуге болар еді. Бұл эпопеяда табиғат суреттерінің тамаша бейнеленгенінің дәлелі болса керек.

Классиктер қолданғанда, бейнелегенде табиғат суреттерінің мән-маңызы сол – олар жалпы фон, сюжет тамыр тартар, өрбір ая болумен бірге келелі көркемдік тәсілдерге айналып кетеді, шығарма дамуына қосымша астар, ең қосар, сан алуан сыр мен тұспалды ашар амалдар болып та келеді. Және де осынысы арқылы қоғам, өмір шындықтарынан да хабардар етеді. Адам характерін даралап, мүсіндеуге жағдай жасайды, көмек көрсетеді. Әрі тұмса табиғаттың да өз қалпын, көріністерін бейнелейді. Ұлы Лев Толстой табиғат суреттері – пейзаждарын көбіне-көп өмірге, қоғамға, адамның көңіл күйіне контраста алған. Мәселен, ол адам қайғырып келе жатқанда, күнді жайнатып қояды. Адам жылап келе жатқанда, оның аспаны жыламайды, қайта күлім-

сірейді, адам шат сезімде келе жатса, бұлттарды еңіретіп көз жасын төктіреді. Яғни оның кейіпкерлері басында қыс тәріздес жағдай болса, табиғатта көктем, жаз үстемдік етеді екен. Олар керексіз бе сонда? Жоқ. Лев Николаевич Толстойдың сондағы ерен ойы, тұспалы мынадай екен: адамдар нашар, қоғам жарамсыз, өмір іске алғысыз, бұзылған; ал табиғат әсем, бұзылмаған, табиғат қалыбы әсем, жарасымды. Сөйтіп, осындай ұғыныстан ол адамдар мен табиғатты әдейі қарама-қарсылыққа қойып, қайшылықта алып суреттейді екен. Адамдар күлсе, табиғаттың неге күлесің, күлме деп түнеретіні осы себептен. Әйтпесе, адам түнергенде табиғаттың түнере бер, түнере түс дегендей боп жайнап тұратыны осы себептен. Әрине, жайнаған табиғатта мынадай да әсер бар: мен жайнап тұрмын, адам, сен де күлші, түнермеші дегендей. Ал, ұлы жазушының мұнымен айтпағы – табиғат үлгілі, ей, адамдар, сол табиғаттан үйреніңдер, табиғатқа қарап өмірді қайта құрайық, өмірді жақсартайық деген ой еді. Мұнысы жазушының ағартушылық, педагогикалық көзқарастарына да сайып жатыр. Біз Толстойдың күш қолдану атаулыға қарсы болғанын білеміз де ғой. Сөйтіп, ол табиғат суреттерін осындай тамаша шеберлікпен жұмсаған, пайдаланған.

Бұл мысалдармен айтпағымыз – табиғат суреттерін бере білудің, пейзаждық бейнелеулердің өзі шеберлікке, ұлылыққа, дарындылыққа қатысты екенін аңғарту. Сол сияқты шығармада табиғат суреттеріне де ұлан-асыр міндет жүктелетінін, олар да тамаша мәнге, қызметке ие бола алатынын білдіру.

М.О. Әуезов табиғат суреттерін беруде Л. Толстой іспетті кемел суреткер. Оның өз жолы, өз ерекшелігі – бітім-болмысы бар. Онда Толстой секілді табиғат суреттеріне адам өміріне қарама-қарсы мән беру еп-теп бар. Бірақ, Әуезов негізінен табиғатты адам өміріне сәйкес етіп алады; сол арқылы адам характерін

ашады, өмір шындығын алға тартады, қоғам бітімін танытады.

Сонымен «Абай жолы» эпопеясы табиғат суреттерінің мәнін сараласақ, олар үш ыңғайда келеді:

- 1) табиғат суреттері табиғаттың өз болмыс-бітісін, сұлулығын немесе көріксіздігін... яғни, өз сипатын танытады;
- 2) табиғат суреттері адам өмірінің ақиқатын, жай-жапсарын байқатып, қоғамдық типтік шындықтарды көрсетеді;
- 3) жеке образдың хал-күйін, мінез-құлқын, қуаныш-ашуын, характерін ашады, кейде саралап мүсіндейді, оның биологиялық және қоғамдық табиғатынан хабар береді.

Осы көрсетілген үш ерекшеліктің соңғы екеуінің өзара сабақтас, кейінгісі алдыңғысының салдарындай екені белгілі. Және де олар бірге ұшырасуы, араласып қойындасып жатуы, бірін-бірі білдіруі де мүмкін. Сондықтан да оларды жалпы алғанда жеке-жеке емес бүкіл эпопеяның ішкі тұтас ағымынан, өріс-өресінен іздесе, идея, тенденция-концепцияларынан келіп пайымдаса абзал болмақ.

М. О. Әуезовтің ұлылығы сонда – ол, біріншіден, Абай туып-өскен, болған жерлердің табиғат-болмысын көрсеткен. Екіншіден, осы арқылы қазақ даласындағы феодалдық қоғамның және сол далаға енді ене бастаған капиталистік қоғамның шындығын берген. Кедейлер, жалшылар, жатақтар халі қандай еді? Рушылдық, патриархалдық сенім, дәстүрлерді капитализмнің бастама сәті қалай іріте бастады? XIX ғасырдың екінші жартысындағы дін мен қала өмірі қалай болды? Құнанбайлар қалай құлдилап, Шұбарлар қалай іріледі? Эпопеядағы табиғат суреттері, міне, осыларды аңдатқан. Үшіншіден, Әуезов жекелей алғанда Құнанбайдың қаталдығы мен ер жүректігін, Байдалының бірбеттілігі мен қайсарлығын, Абайдың ақылы мен махаббатын, лүпілді

ақын жүрегін, Әйгерімнің әні мен Салтанаттың сәнін табиғат суреттері арқылы ашып әдемі-әсем берген.

Әуезов бейнелеген табиғат суреттерінің қуат-күші, маңыз-мәні, міне, осында. Осы орайда ұлы сыншы В. Г. Белинскийдің Пушкин жайлы, оның «Кавказ тұтқыны» поэмасындағы табиғат суреттері жайлы пікірін мысалға келтіре кетуге болады: «Жауынгер халықтар мекендеген Кавказдың алып бейнесі орыс поэзиясында бірінші рет Пушкиннің қолымен айқын суреттелген еді; ақын екі затты: бірінші – тау халықтарының қызық, еркін, тағы өмірін; екінші – алып таудың көрінісін бейнелейді. Қару арқылы Россияға таныс Кавказды орыс қоғамы Пушкин поэмасы арқылы бірінші рет танып білді». Одан әрі Белинский тағы былай дейді: «Поэма бірінші рет шыққан кезде Кавказдың жанды, жарқын, көз тұнарлық тамаша көрінісі орыс қауымына қандай әсер етті екен десеңізші!.. Пушкин шын ақын еді, сондықтан ол Кавказды суреттеуді поэмасына жолсоқты эпизод етіп кіргізе алмады, олай істеу өмірге емес, үлгіге бойсұну болып, өлеңнің өңін қашырап еді; сондықтан Пушкин Кавказдың жанды суретін поэмадағы әрекетпен тығыз байланыстырып отырды... Кавказда болған адам Пушкин суретінің дәлдігіне таңырқамай қоймайды. Мысалы, сіз Пятигорск тұрған дөңестен алыстағы тау тізбектеріне қарасаңыз, жыл бойы есіңізге келіп көрмеген төмендегі өлеңді бірден еске түсіруге мәжбүр боласыз:

Бөленген көркемсурет кербез тауы,
Мәңгі құз, ақша қардың тастан тағы.
Зеңгірдің биік шыңы көзге ілінді,
Тіркескен ақ бұлттай жақпарлары.
Бір алып екі басты ортасында,
Жарқырап тәждей мұзы жартасында,
Бұлт шаншып Эльбрустың шыңы тұрды,
Ағарып аспан-көктің алқасында».

Ұлы сыншы айтқан осы сөздер М. О. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясына да мейлінше тән десек орынды. Пушкин поэмасынан Кавказ қалай танылса, Мұхтар Омарханұлы суреттеулерінен Бақанас, Қарашоқы жайлаулары, Шыңғыс таулары... солай танылады. Осы ретте Әуезовтің табиғат суреттерін табиғат лирикалары деуге де болар еді.

Эпопея «Қайтқанда» тарауынан басталады. «Қайтқанда» сөзі – септікте тұрған етістік, қимылды білдіреді. Қайту, яғни адамның табиғи қимылы. Осы тарау атының өзінде үлкен мән бар. Ол әуелі қаладан қайту, романның сюжеттік бір эпизодын білдіру болса, екіншіден, Абайдың балалықтан қайтуы, есеюге бет бұруын байқату. Осы тараудан соң-ақ Қодар өлімін көріп тұршіккен Абай, әке баулуына түскен Абай күрт есейе бастамай ма?

«Жолдың бұл тұстары ылғи бел-белес болатын. Осы қазіргідей боп жұрт Шыңғысқа, жайлауға қарай көшкенде елсіз боп қалатын жер. Алыстан жолды бағып отыратын тұрғылары бар. Тақ иек артпадан, өкпе тұстан жүргіншіге жауды қоян-қолтық, құшақтастыра түсіретін ұры сай, жасырын жыралары бар».

Шытырмандау жазылған алқап суреті. Тек алқап суреті ғана ма? Көшпелі де тынымсыз өмірден мол сыр ұшығын аңғартып тұр. Тіпті, романдағы тұтас шындыққа жол ашу, меңзеу бардай. Өйткені, бүкіл роман дамуы бел-белес, еңіс, құлау, өрлеу, шытырмандардан тұрмай ма; өр, қия, беткей, биіктер емес пе? Тараулар аттары да осыны нұсқап қойылған ғой. Керек десеңіз, тараулар аттарының өзі Абайдың өмір жолын аңғартпай ма? Байтас пен Жұмабай бәлелі жер десе де, мұндай сөздер Абай құлағына енбейді; өз жері Абай көкірегіне жат сезім салмайды. Қайта оны салқын қоңыр жел аймалайды. «Осы жел мен құлпыра толқып, су бетіндей жыбыр қағып шалқып жатқан ал күрең көде мен селеу далалары... дала емес – теңіздері қандай. Сол даладан көз алмай, тоя

алмай, үнсіз телміріп, ұзақ-ұзақ қарайды. Шамасы келсе, бұл жерлерді құбыжық көру емес, үрке қарау емес, құшағын керіп аймалар еді». Міне, өлеңмен берілген теңіздей дала, сыбырлаған селеу суреті. Абай бала кезінен-ақ ойшыл болатын, ертегі-жырды көп тыңдайтын. Сол ертекші, әңгімеші бетіне сөз ұғып, ой барлап қадалып та қалатын. Сонда Абай олардың жүзінен-ақ талай сыр аңдайтын. Және сол аңдағандарын табиғат құбылыстарына ұқсататын. «Қына басқан, сызаты көп тас па? Я селдір тоғай ма? Не көде-көкпек пе? Кейде мал мен аң бейнесі ме?» Бәріне ұқсап кетіп отыратын адам бет-бейнесі болады. Міне, бала Абай сезінісі. Өмірді, адамды табиғатқа қарап танып келеді.

Асылы, табиғатсыз, оның белгілі бір дәрежедегі қолданылуынсыз әдеби шығарма жоқ. М. О. Әуезов табиғат құбылыстарын, жоғарыда айта да кеткеніміздей, теңеуден бастап тұтас тұрмысқа дейін қолданады. Табиғатты сол теңеу етіп қолданудың езі ұлан-асыр. Біз бір ғана тамаша мысал келтірсек, ол – Құнанбай портреті: «Әкесінің ат жақты келген, ұзын сопақ басының құлақтан жоғары жері қаз жұмыртқасындай көрінеді. Онсыз да ұзын, үлкен бетіне ұп-ұзын дөңгелек біткен сақалы қосылғанда басы мен беті бір өңірдей».

Эпопеяда адам өмірі мен табиғат суреті органикалық тығыз байланыста, етене егіз бірлікте. Бұл – әрине, ұлы жазушының шандоз шеберлігінің жемісі, көрінісі. Қоғамның өзі табиғи-тарихи процесс болғандықтан солай берілуге, бейнеленуге тиіс те. Тас сезімді, қатал Құнанбай шал Қодар мен оның қаралы келіні Қамқаға өлім деген сұмдық суық жаза бұйырды. Ал баласы өлген Қодар, күйеуі өлген Қамқа қайғы теңізінің құшағында. Олар жас қабір басына барып қатты жылайды. Табиғат болса жайнап құлпырып тұр.

Қодар келінімен бірге Қарашоқыда өлтірілді. Өлім сыры енді мәлім. Мұнда ру бақталастығымен қоса

қонысқа таласу да бар. «Қарашоқы Қодар қыстауына таяу емес. Шыңғыстың үлкен биігінің бірі. Соның бауыры әдемі тоғайлы өзен болатын. Тал-терегі болсын және тау қойыны – қисықша қызыл қайың болсын, барлығы да көктеп жайнап тұр. Бұл ара бір құйқалы жақсы қыстау». Ал, енді осы қыстауды Құнанбай өзі иемденді. Өлім мен табиғат бұл арада контраста тұр (Лев Толстойдікіндей идея өзек етілмесе де).

Эпопеяның бас жағында Шыңғыстан соғатын жел ыңғайы суреттелетіні бар: «Көктемде бұл жел – игілік желі. Қарды қағып, бөктер мен шиді қарайтып кететін жел». Өзі қатты, қыста да қолайлы. Тек күзде ыңғайсыз. «Бүгін қара жел басталысымен, қиыршықтап қар да түсе бастады. Биылғы жылдың ең алғашқы қары да осы. Суық жел киіз үйде отырған ауылдарды тегіс бүрістірді». Жұрт енді жылы қыстауға кіре бастады.

Осы жел, осындай желдер роман беттерінде әлі талай соғады. Мұнда, желдің соғуында да сыр бар. Рас, ол жел табиғатынан да мол мағлұмат береді. Соққан жел сонымен бірге сонау көктемнен, Қодар өлімінен басталған қырқылжың, тартыс ширыға түсуіне де орайлас келіп отырады.

Бөкенші Құнанбай берген жайлауға көшпей отыр еді. Қолшоқпар Манастар Үркімбайларды ала алмай бос қайтты. Ал, Құнанбай жан-жаққа шабармандар шаптырды. Енді жел қатайып, бетті сабай түсті. Тұман түсіп, күн суытып кетті. Құнанбай қолы Жігіткекке бет қойды. Міне, табиғат желі мен тартыс, төбелес желінің сәйкесті астасымы.

Немесе эпопеядағы Ай бейнесін, Абайдың туған даласының түні суреттелуін алайық. Бұл тұс – Ай туралы анық тамаша өлең. Айдың сол бір сәтін бажайлап бейнелеген реалистік жыр. Жүрекке тәтті ләззат ұсынар жыр. Аспан – теңіз де, Ай – кеме де, Ай – құс та емес. Салмағы миллиардтаған тонна, жансыз жер серігі. Бірақ өлеңге айналуы нәтижесінде ол ас-

панда бұлтқа сұңғиді, бұлтқа шомылады, жарқ етіп күліп, балаша былдырап еркелейді. Осы бір суреттеулер адамды сылқым сұлулықпен табыстырып, тәтті сезім бесігіне бөлейді.

Тамаша нәрсе сол – романдағы табиғат суреттері көбіне қоғамдық өмірді көрсету үстінде әрі адам образдарының өсу эволюциясымен желілес, үндес, сабақтас беріледі. Құнанбай құдіреттілігі, құлдилап бастауы. Абай балалығы, махаббаты, есейген шағы. Соған орай табиғат бітім-бейнесі бейнеленуі, өзгеруі де сәйкестік танытып отырады.

Мәселен бала Абай алғаш әкесін жалаң, сайыз түсінсе, есейе келе оның терең адам екенін аңғарады: «Бұл кезде Абайға әкесі жадағай көрінбеді. Кінәға, дауға жүйрік Байдалы сияқты емес. Ол шешендіктен гөрі басқарақ түкпірі бар жан сияқты. Оңай жан емес. Қабат-қабат шың сияқты». Құнанбай бекер табиғат асқары – шыңға теңеліп отырған жоқ. Ол сыры тұңғиықта жатқан, өз қатарының асқары – шың. Бүкіл қимылы осыған куә. Мұсақұл соғысы, Майырға жасаған әрекеті куә. Ол әрекет етер кезде Әуезов сәйкестендіре суреттеген жел, борандар куә.

Абайға махаббат келді, қонды. Сүйіндік аулында ол Тоғжанды көрді. Ғашық болды, жас жүрегімен жалындап сүйді. Алғашқы кездесу әсері, Абай жанының толқуы қандай?

М.Әуезов осыны табиғатпен салғастыру арқылы әдемі берген. Осының арқасында ол суреттеген Абай – Тоғжан, Абай – Әйгерім махаббаты Қозы – Баян, Ромео – Джульетта махаббаты дәрежесіне көтерілген. Абай Айға аң-таң боп қарайды. Табиғат оны таза-лыққа, жыраққа шақырады. Таң лебін сезінеді Абай.

«Махаббат па? Осы ма? Осы болса, мынау дүние, мынау маужыраған тынысты нәзік түн... бесігі ғой. Сол сұлу саздың құлақ күйі ғой».

Махаббатты алғаш аңдаған Абайдың жас жүрегі шат. Лепіреді. Тоқтаусыз дүрсілдейді.

«Нені айтады? Не деп түсінеді? Не сипатты бұл сезім? Не боп барам? Тақат, сабырым қайда?»

«Таң... Жүрек таңы. Сол таңым сенсің бе? Жарығымбысың, кімсің?»

«Көз алдында Тоғжанның аппақ жұмыр білегі, жас баланың етіндей, ақ торғындай мойыны!.. Таң осы да... өзі ғой.

...Ақ етің аппақ екен атқан таңдай.

Шынымен, бар жанымен құлай табынған сұлуға қарап, бар сезіммен үнсіз жырлап тұрған тәрізді. Тоғжанға арналған, ең алғашқы «ғашығым» деген жарына арналған жан жырының тұңғыш жолы осы еді».

Осынау суретте Абайдың көркем сезімі керкем табиғат аясына көркем ұштасқан. Табиғатсыз Абай сезімін түсініп көр. Абай жүрегі жыр болса, табиғат соның үлбір қауызындай. Осы арада табиғат бейнесі болмаса, тек жансыз бейнені көрер едік.

Абайды ақын еткен фактор – талант, өмір, махаббат болса, тағы бір басты себеп – әрине, табиғат. Тұңғыш махаббат әсерімен қатар табиғат әсері қандай десеңізші. Түйе өркештен соққан жел, самалдың өзі бейіс, шафхат желіндей ғой Абайға. Иә, Шыңғыс тауы, Бақанас, Жидебай қорық жайлаулары, толықсыған аппақ ай, сырлы самал Абай кеудесіне күмбір күй, сұлу саз құйған еді. Ол тек табиғат суретін, үнін, нұрын, әуезін, бояуын пайдаланып ақын болып еді. Сол себепті де Абайдың махаббат лирикасында да, әлеуметтік лирикасында да сіңіскен табиғат бедер-бөлшегі бар.

Эпопеяда Абай ел перзенті, қоғам қайраткері әрі ұлы ақын ретінде көрінетіні мәлім. Ал, жалпы басқалардан гөрі ақынды суреттеу қоғамдық өмірді бейнелеуге үлкен мүмкіндік беретінін білеміз. Себебі, ақын – халық ұлы, әлеуметтік күрескер ғана емес, қоғамдық болмыстың барлық сәулесін жан-жүрегіне шоғырлаған жинақы құбылыс болып табылады. Ақын – барлық нәрсе әсер етер домбыра есепті.

Оның пернесінде әлеуметтік-рухани, тарихи-табиғи халық болмысы шертіледі. Сол себепті Абайдың табиғат лирикасы роман өзегінде орынды әрі парасатты пайдаланылған. Мысалы, «Жазғытұры», «Жаздыкүн шілде болғанда», «Қараша желтоқсан мен сол бір екі ай», тағы сол сияқты өлеңдері.

Абай өлеңдерінің кейбірі роман өзегіне шоғырлы түрде, кейбірі шашыранды сіңісіп, роман беттеріне – табиғат өлеңдеріне айналып кеткен;

«Жазғытұры ауыл қолдан түлеткендей біртүрлі бір жас иіске, жас өмірге толы. Әдемі реңді, әлденеше түсті балапан қозылар, лақтар күн шуақта секіріп, дамылсыз маңырайды. Үлпілдек жүн, үлкен қара көзді боталар көрінеді. Жылқы ішінде ұзын құлақ, бұйра жүн, сүйкімді құлындар көбейген. Ересек тартқан, тек шираған бұзаулар да құйрығын шаншып ап, тынымсыз безіп, ортқып ойнайды».

«Бойдақ жылқының бәрі жайылысты тастағи, сонау биік адырдың басына шығып ап үйездеп тұр.

Өрістен қайтқан қоралы қой да су маңына шұбырып, бауырын сызға төсеп, бүйірін соғып жатыр. Жайылысты ойлар емес. Қумаса су қасынан тұрар емес.

Сиыр атаулы Бақанас суынан бөлінген қара су, шалшық суларға кіріп, көлбей-көлбей жатып апты. Бірен-саран оқшау шыққан тайынша, құнажын болса, сейгелдің қуғынына ұшырап, құтырғандай жосып жүр...

Барлық жұрт түңліктерін жауып, іргенің көбін белдеуге шейін шалқита көтеріп, түріп тастапты».

Үзінділер нелердің суреті? Жаздың, жайлаудың, малдың бейнелері. Қазақ халқының ол кездегі тіршілік қорегі, негізгі кәсібі – мал. Төрт түлік мал жусаған шілде. Ыстық күн. Тойыншылық. Осы жайттарды Абай да сүйінген, қоштаған раймен бейнелегенді:

Жаздыкүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бойшешек,

Ұзарып есіп толғанда,
Күркіреп жатқан өзенге
Көшіп ауыл қонғанда,
Шұрқырап жатқан жылқының
Шалғыннан жоны қылтылдап,
Ат, айғырлар, биелер
Бүйірі шығып ыңқылдап,
Суда тұрып шыбындап,
Арасында құлын-тай
Айнала шауып бұлтылдап,
Қыз-келіншек үй тігер,
Бұрала басып сылқылдап,
Ақ білегін сыбанып,
Өзілдесіп, сыңқылдап
Мал ішінен айналып,
Көңілі жақсы жайланып,
Бай да келер ауылға
Аяңшылы жылпылдап...

Табиғат суретінің тамаша көркемдік тәсіл болатынына, сол сияқты характерді мінездеуге жол ашатынына тамаша бір дәлел төмендегі мысал. Ұлы қаламгердің өзі де мұны меңзеп, мәселенің басын ашып қойған: «Үй іші жым-жырт. От әлі маздап жанып жатыр. Үлкен қазанның астын қызыл жалын дамыл алмай жалап тұр. Әуелде толтыра құйылған іркіт қазір бірер қайнап қалған екен. Кемерінен орта түсіп, шымыр-шымыр қайнайды. Жаңағы Байдалының ашулы сөздерінің тұсында Абай көзі қазан бетіне түсіп еді. Қоюланып бара жатқан ыстық құрттың ортасы кей кезде көпіршік атып сақылдап қайнайды. Сол көрініс тап Байдалы ашуындай. Қайнауы жеткен, ашу қызуы жеткен құрттай. Бір жер емес, қазан беті әр тұстан бұрқ-бұрқ етеді. Ол дағы осы елдегі әр жерден шаң беріп жатқан Құлыншақ, Сүйіндік, Бөжейлердің ашуы сияқты». Байдалы образы бұрқылдаған құрт арқылы-ақ жарқырап төбе көрсеткен жоқ па? Оған қоса қоғамдық психология, бітім тағы көрініп тұр.

«...Қияға қадам басқаны рас. Бір күндерде жалаң күздің басындағы тақыр құм мен тастақты жарып, әлсіз нәзік шешек атып, жас шынар пайда болған. Сондай бір өмір гүл шашқан. Енді бұл күнде сол шыңға шыққан жалғыз шынар балғын тартып, жас қуатқа толыпты. Қазір оған қыс пен жаз да, тіпті тау дауылы да қатер болудан қалған еді».

Замандық, эпикалық өлең тақылеттес осы жолдарды түсіндірудің қажеті бар ма екен? Эпопеядағы тараудан-тарауға Абай өрлеп, биіктеп, кемелденіп келеді емес пе? Әлгі шынар езі. Баста мұрат-идеясыз, ордалы ойсыз бала болса, артта қалған ауылға келсе, енді құбыласы – қала. Үлгі етері – мәдениетті орыс елі. Өмірді, халықты қапастан құтқару үшін бел буған. Бұдан былай ол «тайғанайды». Тіпті өмір, ақындық, махаббат тайғағына да түседі. Халық үшін тартысқа, күреске араласады. Осынау үлкен, көсегелі күресте жалғыздығын да сезе бастады. «Бұл шақ Абай үшін көңіл күзі болса, табиғаттың да сұрқыл баяу тартқан өз күзі болып еді». Әкесінен Өмірді құтқарғаны үшін теріс бата алды. «Таң аппақ атқан еді. Күздің күні, ұзақ сұр дала мен құла тартқан адырлардың үстіне, қып-қызыл шапақ атты. Қанды сәуле шашқандай». «Оқапқа» да түсіп кетеді. Жүрек дерті, өмір дерті ауруға да душар етеді. Бірнеше күн боран астында қап, салқын тигендей елігеді. Сөйтіп Тоғжанға қайтадан дидарласады. Каталашқаға да түсіп шығады. Кітап, газет оқиды. Михаэлиспен достасып, Чернышевскийдің үнін естиді. Игерген Шығысына Батыс қосылады. Серік жастар, медеттер айналасына топталып, ән шырқайды; махаббаттарын маздатады. Абай енді азамат қана емес, белсенді күрескер. «Биікке» шықты ол. Пушкиннің «Татьянасын» сахараға жетектеп, Әйгерімдермен қол ұстастырды. Алып азамат асқар ақындықты да игеріп, жетілді; қос қанаты да қатайды. Оның қуаты – ақындық, үміті – халық. Ал, өмірі – тартыс.

«Ақшоқыдан игі жел есті. Ол – тарихтың жаңа бір төлінің үні. Арттағы қыстан тумай алдағы жаз үшін, жаздың жаңа өсім-өнімі үшін, гүл атар тірлігі үшін туған төлдің үн-лебізі. Оның жыры – жаңа дүние көк-сеуші, жаңа өрісті іздеуші жыр». Мұның үніне бүкіл дала қозғалды. Кәрі Құнанбай селк етсе, шал Дәркембай оянды, көзін қиырға салды. Мұның үні сырттағы керейге, ойдағы уаққа, Арқадағы қаракесекке жетті.

Абайдың көз алдына мұхит елестеді. «Шексіз жайқын боп Ералы, Ойқұдық, Қорық далалары созылады. Кең әлемнің бұдырсыз жазық жүзі жадырап тың алғандай. Батар күннің қияс түскен шұғыласы даланы қызғылт жарқын нұрға бөлепті. Тегіс, шексіз – рақат нұр. Шабытты ақын көңілі қазір көз алдында дала емес – теңіз, кең тыныш теңіз жүзін көргендей. Сол теңізге өмір – тарих мол мұхитына бір кеме жалғыз жалауын көтеріп жол тартты. Алға басты, белгісіз болса да ғажайып шұғылалы бір жағаға, ұзақ сапарға басты ол кеме. Жалауында «Тартыс», «Үміт» деген ұран бар. Халық үмітін үстіне арқалаған сол кеме «Келешек» деген жағаға қарай тартты. Бұл – Абай кемесі кең жайқын әлемде сенімді түзу жол сызып, маңып барады. Алға барады, ұзап барады».

Бұл жолдар бүкіл қоғамның діріл-тынысты байтақ көрінісі. Келешек – жаңа заман, Абай аңсаған шыбынсыз жаз. Кеменің өзі – Абай. Үміттеніп, тартысып барады. Алайда Абай оқшау, жалқы әлі. Теңізді – халықты оятпақ. Абай кемесі сапар шеге берсін – ол дәндер егеді, сол дәндер көгеріп бүршік жарады. Боз ала таңмен бірге аппақ сәуле де құйылар...

Үлкен эпопеядағы шалқар, тамылжыған табиғат суреттері жайындағы шағын әңгімемізді осымен аяқтағымыз келеді. Әйтпесе, тек осы бір мәселенің өзі ғана келелі зерттеулерге арнау бола алады. Бұл – Әуезов құдіреті. Әуезов ұлылығы. Әуезов әлемі.

ҰЛЫ АНАМЕН ҰШЫРАСҚАНДА

Еселей қазір тыныш, діндар, намазшыл адам. Кезінде аса өркөкірек, озбыр би болатын. Батыр да болған. Кенесарыға қарсылықтың туын көтергені де бар. Ол осыдан он бес жыл бұрын еді. Содан бері елді емес, малын, басын ғана ойлап күн кешіп еді. Енді аяқастынан көңіліне бір алаң кіріпті. Әлдене алыстан қылаңдағандай, беймаза бір тынышсыздық бар бойында. Кешкі намазын да шала оқыды. Ұйқысы да ұйқы болмай шықты. Ой көзінің алдына ақ ботаның көзі келе ме, қалай?.. Тіпті, Ұлпан келе ме, қалай? Он үш жыл бұрын соңғы рет көрген бес жасар қыз сом денелі, өткір, ажарлы, ақылды қыз болыпты. Жүрегі жортқан аттай дүрсілдеп соғып, үлкен денесі қызынып барады. Жүрегі қайда бастап барады оны?

Артықбайдың үйінде отырып, шай құйып берген қызға қанша қарамайын десе де, көзін аудара алмай қойды. Сұлулығын, ару екенін саралап отыр. Ол сыртқа шығып кетіп еді, үй іші де жүдеп сала берді.

Ұлпан да қазақтың заңынан құтылмапты. Ол саудагер Түлен дегеннің Мырзаш деген сасық баласына айттырылып қойыпты. Оны менсінбеген Ұлпанды нақ бүгін – Еселей келген күні күштеп алып қашуға бес жігіт құдалар келіпті. Еселей отырғанда, оған қоса оның Ұлпанға көңілі құлап отырғанда басынатын олар кім? «Байтал түгіл, бас қайғыға» ұшырады.

Енді Есней Ұлпанды алуға бел байлады. Құдалыққа Мүсірепті жіберді. «Барып қайтпа, біржола бітіріп қайт. Сибан деген бір рулы елдің ордасы бір күні біржола жабылып қалсын демесең, көндіріп қайт» деп жіберді. Бұл соңғы сөз Мүсірепке ауыр тиді. Еснейді аяды, елінің ахуалын ойлады. Ұлпанды да аяды. Жиырмаға жетпеген жасты алпыстағы шалға көз де, көңіл де қияр ма? Екі оттың ортасында қалды. Амалы жоқ, айттыруға барды. Ұлпанның әкесі Артықбайға айтты, Ұлпанның өзіне білдірді.

Не деу керегін білмейтін Ұлпан ба? Еснейден арашалап қалар күш жоқ. Айтылды, бітті. Басың болса ие бер, тізең болса бүге бер. Әйтпесе зорлауына қорлауы қосылады. Күйінгенде, күйгенде қайтеді. Көнді. Бірақ, арзанға түспеуге, алдын ойлауға бел байлады.

Ол шынында да арзанға түспеді. Арзанды айтқанда мал, байлық жағынан емес. Есней қыз дегеннің мұндай қиын болатынын да енді білді. Бес болыс керей, уақтың көңілін бірауыз сөзбен табатын би бір қыздың көңілінде не барын таба алмай қиналды. Қарсыласпайды. Жұмбақ. Ойымдағыны тап дегендей. Түйіні, түйткілі көп. Есней бірін де шеше алмай жүр.

Соның бәрін қыздың өзі шешіп берді. Бұған қыз баланың табиғи сылалығына қоса, еркек баланың өр мінезін де ала келіп керсетті. Бұл еркекшора өскен тәрбиесінен ғана емес, табиғатынан да болса керек. Ығыспай төрге шықты. Ойындағысын ірікпей айтты: «Маған оңаша отау – ойнақ үй керек емес. Мен үлкен үйге кіремін, төріңде отырамын. Соған туысқандарыңыздың көзі үйрене ме?». Бұған Есней тоқтаусыз келісті. Бірден келісуі – ойланбағандығы, ойсыздығы емес, шыны. Сосын Ұлпан оған жалғыз сауалын қойды. «Есней, екеуміздің арамызда ең кемі қырық жылдық айырма бар.

Осыны ойладың ба?». «Ойладым, жаным. Қырық жыл болса қайтейін. Қырыққа келгенде, біздің елдің Есенейі сен болып қаларсың. Оған дейін сен менің Есенейім бола тұр. Мен саған сұлу деп, жас деп қызықтым ба, болмаса Есенейдің орнына Есеней болатын адам деп қызықтым ба, оны өзім де біле бермеймін. Әйтеуір, осы түннен бастап менің Есенейім сенсің».

Есеней – Есеней екен. Тәрді қайын атасы мен енесіне берді. Ұлпанға бір қос жылқыны тарта салды. Мырзалығы ма, неменесі бұл? Жоқ, күні бұрын берген еншісі ме? Қалайда бұл тек Есеней ғана істей алар іс. Қатал еді, озбыр еді, енді жан-жүрегі жібиін дегені де. «Ұлым да, қызым да, жарым да өзіңсің, күнім», – деді Ұлпанға. Бұл да – тек Есеней ғана айта алар сөз. Басқа адам кім болса да Есеней бола алмас еді. Еркекке тіс те керек, іс те керек, жүрек те керек. Күні өтіп бара жатқан тарланда мұның бәрі де бар екен әлі. Кейбір жас Есенейдің оннан біріне тұрар ма? Есенейдің күні оңынан, айы солынан туа берсін.

Нақ осы жерде Есеней Ұлпаннан да арыны ойлағандай. Өзін ғана емес, елдің қамын да, болашағын да ойлағандай.

Есенейдің Ұлпанға деген сезімі де бір асыл сезім, нұрлы сезім. Ол тек қызқұмарлық емес. Сонымен бірге ол өзі орнымды басар, немесе орнымды басар ұл тауып берер дегенді ойлаған мұраттылық қана емес, бәлкім шын сүюі, шынайы үлкен махаббатқа дүшар болғаны шығар. Рас, оның тілдік қорында мұндай сөз жоқ. Ол заманда құдалықпен қосылу – махаббат деп есептелмейді. Әйтпесе оның Ұлпанға деген сезіміне лайық бірден-бір есім осы шығар.

Ұлпан да Ұлпан екен. Есенеймен Ұлпанша танысты, алғашқы ретте де жеңіп еді, тағы жеңді. Қазір де онымен Ұлпанша табысып отыр.

Бірақ бұл табысу бәрінің де бастамасы ғана екен. Бойжеткен, толысқан Ұлпанды енді көреміз. Өмірінде арбаға мініп көрмеген дала қызы, пәуескені де жатсырамайды. Бес жүз жылқы маңдайына біткенде де елең еткен жоқ. Ал шынына келгенде мұның бәрі де таңданарлық нәрселер болатын. Жол... Қала. Орыс үйі. Монша... Ол бұларға таңданбайды. Қөрмегендігін білдірмеу керек. Ішіне тоқып алады, ертең өзі де жасатар бәлкім. Алды тар, қатал адам, бет-аузы жолбарыс сияқты қара шұбар, күле бермейтін ызғарлы адам делінетін Есенеиді әлден-ақ билеп алды. Күле білетін етті. Билеп билейді. Билемей билейді. Биленіп билейді. Ұлпан да Есенеи болып барады.

Ұлпан үшін әзірше сын сәттер көп. Еменалының әйелі Айтолқын жасы үлкендігін жасап, шымылдыққа кіргізіп, келін демек-тін.

– Келін, – деді Ұлпан Айтолқынға. – Келін, шымылдыңызды әрі әкетіңізші, мен өз аулыма өзім шымылдық бүркеніп барғым келмейді.

Осылайша ол бұл ауылдың әйелдерін де игеріп алды. Бұл ауылдың балалары жүдеу, шетінен ап-арық екен. Қарашыларының тұрмысы мүлдем жұтаң екен. Ұлпан бай ауылдың бұл кедейлігіне қатты таңғалды. Содан ба, сұраншақ көп екен. Сұрамайтыны жоқ. Әлденеге іштей наразы болды да, ешкімді құр қол қайтармай бере берді. Сосын той өткенде оның басы-қасында Сибаннан бір адам болмады. Соған таңғалды. Елі жатырқап, Есенеи оларды ықтыра ұстап, жалғыз қалғандай екен. Ұлпан мұны да көңіліне түйіп алды. Сосын Ұлпан елді бірте-бірте Есенеидің бауырына тартты.

Жас әйел Ұлпан жас болғанмен асқан ақылды адам еді. Өз айтарын, өз байламын әуелі Есенеиге байлатып алып жүр. Ол Есенеіне риза, айтқанын істейді, түсінеді, меселін қайтармайды; Есенеи Ұлпанына риза, көңілін таба біледі; сөзі де, ісі де

жөн. Қарашылардың еңбекақысын берді. Еселей бергізді деп берді. Сосын еліне тың жатқан Еселей жерлерін бөліп берді. Еламандарға (Мүсірептерге) Елтінжал тиді. Мырзалық па, атаққұмарлық па? Жо-жоқ, бұл табиғатына біткен мінез-тін. Кедей қызы кедейге жаны ашымаса, кедейлікті жек көрмесе, елінің кедейлігіне намыстанбаса, соған таңдануға болар еді. Енді ел сұрамсақтықты қойды. Өз еңбектеріне жалына бастады. Үшінші істеген ісі отырықшылыққа, мәдениетке мойын бұрғызу. Еселей: «Ағайын-туғандар, көптен бері өзіммен-өзім болып кетіп, елдің жайын ойламай, обалдарыңа қалған екенмін... Қысы-жазы киіз үйде отыруды қояйық. Үйренгеннің ұяты жоқ, орыстарша қысқы үй салып алайық. Бала-шаға жылы үйде қыстап шықсын. Менің қорығымдағы жерді бәріңе бөліп берем. Әркім үй салып алсын. Орыстар салып береді. Шөп шаптыратын, егін салатын болайық», – десе, ол Ұлпанның сөзі. Сол сөз көп ұзамай іске асты да, алыс жайлаудың болашақ қыстауларына келген елдерге ең керегі Еселейдің бұғау-тұсауынан босану екен. Ұлпан сол бұғауды бұзып, сыпырып тастағандай. Ел шөп шаба да біледі екен, қысқы үй салуға да құштар көрінеді. Ауылдар үй, монша салып алды, шөп шабатын, егін салатын болды. Құл да емес, емес те емес, тәуелді де емес, тәуелсіз де емес, әйтеуір бір бағынышты халде жасап келген аз Сибанның арқасы кеңіп, еңсесі көтерілді. Еселей елімен қайта, жақын табыса бастады. Ұлпанның басқа да істегендері көп: келін Шынарды төрге шығарды, Еселейдің атын ататты. Басқа әйелдерге де төрлеуге, төрлетуге жол ашты. Кейін тағы да осындай жақсы қадамдар жасады.

Мұның бәрі үлкен, тіпті, ұлы жаңалықтар еді. Рас, иісі қазақ қабылдай қоймағанмен, заман пісіріп жеткізген керек өзгеріс, алға басулар, жаңалықтар еді. Мұның өзі күллі Сібір қазақтары үшін жаңа үл-

гі-тін. Ұлпан әйел басымен саналы түрде болмаса да осыны көрді. Есеней мүддесінен бұрын, ел қамын ойлады. Есенейді ғана емес, ескіліктерді де бірте-бірте жеңе берді. Сауатсыз болса да не істеу керектігін сезініп, жұртын ілгері бастырды. Ұлпанның ұлылығы осында.

Бірақ, мұның бәрі кімнің арқасы, ненің арқасы? Оны Ұлпан жақсы біледі. «Ақнарым, сен мені де адам қыла бастадың», – десе Есеней, оның бір бұрауы жалған емес. Алайда Ұлпанның Ұлпан болуының, Есенейдің қайта Есеней болуының бәрі – Есенейдің арқасы. Ұлпанның: «Есеней, сен көлеңке күндік жерге түсетін бәйтерексің. Мен сенің саянда шырылдаған бозторғаймын. Менің құдайдан бірінші тілегім – сенің амандығың. Сенсіз мен кім болар едім?» – деуі айдай анық ақиқат. Ол рас, ұлы әйел, ақылды әйел, ару әйел; бірақ сүйгеніне қосылған күнде де қатардағы біреу болып қалар еді; заман ағымына әсерін тигізбек түгілі жаншылып қалар еді; өзінің қуанышы болса болар, елі бақытсыз (демек, өзі де) болып қалар еді. Енді жеке басының бақыты жартыкеш болуы елге, ырыс әкеліпті, сол олқылықты ел бақыты толтырыпты. Әйел болып келе жатқан жоқ. Айтолқын қарсылығы, Еменалы дүлейлігі, салдырып жатқан үйінің өртенуі. Бәрібір Ұлпан өзі шыққан биікте қалды. Мысалға, үйі өртенгенде өкінген де жоқ, күйінбеді де. Ел бұған таңғалды. Үйді орнына қайта салдырды. Ел бұған одан бетер таңғалды. Ол жай әйелдер секілді күйіп-піссе, дүниесіне жаны ашыса, ырым-жырымнан қорықса, Ұлпан бола алмайды ғой. Оның Есеней амандығын алдымен тілеуі де, жарым аман болсын дегендік қана емес, асқарым, ел асқары аман болсын дегендік. Бойын әлі толық тікпеген өзіне, еліне, бәйтерек саясы керек-ақ.

Ұлпанның қаупі күшті. Есенейдің бәйбішесі аталса да толығы қоймады. Ең бастысы – әлі перзент

көрген жоқ. Ұлы болмаса, Есенеі мұрагері де бола алмайды ғой. Есенеідің де мұңы осы. Баласыз әйел – панасыз әйел. Еркіне қарамай алып еді, бір әкенің ғана емес, елдің қызын алып еді; енді сол Ұлпан – Ақнарымның күні не болар деп қайғырады. Оның үстіне ол «аға өлсе, іні мұрасы», анау дүлей Еменалы інісі есіне түссе, тіпті... Кейіннен бұлар перзент көрді... Құдай, бірақ қыз беріпті. Есенеі қыстыгүні жылымға түсіп кеткеннен құлап тұрып еді. Мүсірептің шілдеханасында отырғанда терезесін сындырып ішке енген Еменалы шоқпары баяғы Кенесары садақшысының оғы тиген жерден жауырын ортадан тиіп, нұқып қалғаны себеп болды ма, Есенеі үйге келе қайта құлады. Сол жатқаннан тұрған жоқ.

Ұлпан өмірінде асқар-асқар асулардай үш кезең бар. Біріншісі – Ұлпанның қыз кезі, Есенеіге қосылмаған кезі. Бұл кезде ол жай ақылды ару, ерке сұлу ғана, алды-артын бағамдап та үлгермеген. Атқа шауып, орнықты сөйлегенмен, әлі күрескер емес. Өзгелердің жайы түгіл өз жайын да саналамаған кезі. Екінші кезең – Ұлпанның әйел кезі, Есенеімен қосылған кезі, Есенеімен Есенеі болған кезі. Сойыл алып аттанып шықпаса да, күрескер әйел. Және Есенеімен күресте болсын, ескіліктермен күресте болсын әрдайым жеңіске жетіп отырған соқпақты кезеңі. Ол кезде бұл ел иесіне айнала бастаған, Ұлпан бола бастаған (әлі толық болған жоқ) әйел. Үшінші кезең – Ұлпан жалғыз қызы Біжікенге ғана емес, елге, иісі Сибанға ана болған, тіпті бес болыс керей, уаққа ықпал жасаған ұлы Ана болған кезең. Бойына қоса ойы да толысып, нақылына қоса ақылы да толығып, Есенеісіз, өз күш-қайратымен Есенеі, өз күш-қайратымен Ұлпан болған кезеңі. Осыған орай повесте де үш бөлім бар.

Осы үшінші кезең енді басталып еді. Ұлпан

оның өріне енді ілігіп еді. Батыс Сібір губернаторының ұлықтары айтқандай, қазақ аулында екінші Александр патшаның реформасын жасаған Ұлпан – Ақнар – Есенеі үш есімді әйел тағы да ұлы жаңалықтар жеңуіне күш салды. Тағы да сондай жеңістерге жетті. Енді ол Есенеісіз болса да жалғыз емес, еліне сүйенеді. Бірақ оған барлық керей, уақ билері қарсы. Қарсы болатыны – ол бес болыстың би-болыстары көзі жаудырап түгел тірі отырғанда губернатордың сыйлығы (үш шөп машинасы, үш тырнауышымен бес соқа, үш тырма) мен мақтау қағазын алды. Үйде отырған бір қатын алды. Не деген қорлық. Олар ойлады: «Құдай, осы қатынды біздің қолға бере ме, жоқ па? Ай, ол күн алыс емес шығар... Есенеі анау, оның күні санаулы... Жоқ, сен қатын, біздің қолға бір түспей кете алмайсың». Өзара қанша алауыз, алтыбақан болса да бес болыстың атқа мінері Ұлпанға келгенде бірге күйінді, бір түйінге келді. Ел тіршілігінің ұтыс, ұтылыстарында жұмыстары жоқ, олар бес болыс керей, уақтың жерге орналасуын созбаққа саларына қуанды. Мұндай керенаулыққа келгенде олар теңдесі жоқ бірауызды көрінеді. Солай болса да біздің ел егін салу мен шөп шабудан қолын айырмайды деп Ұлпан өз айтарын айтты. Ұлпандық жасады. Әйел мәселесі талқыланғанда да ол бір өзі айтты, Ұлпанша айтты. Өйткені ол айтқан жай, көкірегінде қашаннан қатталған, сары мейіздей, сақталған өз басында бар жайт. Шынында да: «Қазақ әйелінің тіршілігінде түсіне де қоймайтын, сене де қоймайтын бірнеше жайлар бар. Көшпелі елдің барлық тырбанысында әйел-еркегі бірге жүреді. Қазақ әйелі еркектен жүзін жасырып, паранжы кимеген. Келіншек болып түскенде әуелде шымылдықта отырғанмен, «Беташар» жорасынан соң-ақ беті ашылады, бұдан кейін ол жасырынбайды. Бірен-саран сотқарлық істеген, тілі тигенді ел болып сөкпесе де, олар ала-

пес болған адамдай ауыл-үйге араласа алмай ит-кірмеде жүреді. Бұл ел ішінен қуылмаса да қуғында жүргенмен тең емес пе? Ал сол әйел қартая келе, ана болған кезінде еркектен анағұрлым құрметті. Осындай үш түрлі жайда – қыз, қатын, ана болатын қазақ әйелі, әйел кезінде толып жатқан жәбір-жапаға ұшырайды. Ері өлсе, өз басына да иелігі жоқ. «Ерден кетсе де елден кетпейді», әменгерінің мүлкі. Өйткені ондай жесір қалған әйелді өз еркіне салсаң, оның ішінде осы елдің бір еркек баласы кете баруы мүмкін, ол өздігінен байға да тие алмай қалуы, тіпті күнін көре де алмауы мүмкін; өндеше оны әменгеріне, үйреніскен адамына қосса, жарасып тұра береді деген ой жатыр. Мұрагерлікке келгенде де сол. Өлген адамның әйелі түгіл қызы да әкесінің мүлкіне ие емес. Ал, бұл оның сыйланар да кезі емес пе? Еркекпен қатар еңбекте жүрген шағында, бала табар, сана сезімі толығыр кезінде неге жөнсіз теңсіздікке ұшырайды. Олай болса ержетіп, бір-бірін көріп ұнатса ғана құдалық басталатын болсын. Қазақтың қызы бетін жасырмайды. Қөшпелі елдер жылда араласып отырады... көрісіп-білісу қиын емес. Қазақта қыз көру деген жөн-жосық бар еді ғой. Соны әдет-ғұрпымызға айналдырайық. Екінші, әменгерліктің қай түрі болса да жойылғаны дұрыс болар еді. Сіздер әменгерлікке ұшыраған әйелдің бақытты болған біреуін атай аласыздар ма? Жоқ, атай алмайсыз. Мен ондайдың отпен кіріп, күлмен шығатын күң болған жүзін атай аламын. Ерінен қалған мал-мүлікке әйелі еншілес емес дегендеріңіз үлкен жәбір. Оның ар жағында қазақ рулары еркек нәсілін қуалай құрылады деген ой жатыр. Солай емес пе? Олай болса, жалпы керейдің он екі болып отырған үлкен бір тармағы абақ-керей деп аталады. Абақ әйел аты. Ондаған руларды бастаған әйел аты... Осы бес болыс керейдің талай руы әйелдердің атымен аталмай ма? Айбике,

Нұрбике, Сүйінбике, Қызбике, Бике, Күңгөне енең деп әйел атымен аталатын ондаған елдер бар. Бәрі де ең кемі бір руды бастаған әйел аты. Қадірлі болыс-билер, көре тұра обал-озбырлыққа бармаңыздар. Жесір қалған әйел үй иесі болып қала берсін...» Әрине, бұл ұсыныстың жеңісі – Ұлпан жеңісі ескілікке патриарх болыс-билерге өте қатты тиді.

Есенеиді жұрт құрметтейтін де еді, одан қорқатын да еді. Ұлпанды жұрт әрі құрметтейді, әрі жақсы көреді. Бұдан он жыл бұрын сұрана келуші еді, осы күні ақылдаса келеді. Есенеиге кімнің батылы барып ақылдасам деп ойлаған. Бұрын Есенеиден ығысып ықтап қалған бес болыс Керей елі де үлкен дау-жанжал болса Сибан елінің ыңғайын байқау үшін Ұлпанға бір соқпай өте алмайды.

Есенеидің асын өткізу үлкен бір сын. Қанішер Қожық шақырмадың деп келіпті. Енді оны шауып алып, тыныштандырмаса, тыныштық жоқ. Байдалы би ауыртпалығын Сибан көтерсін деп, бұл Сибан жорығы болады деді. Жорық Сибан жорығы болып басталып, Ұлпан жорығы болып сәтті аяқталды, сәтті өтті. Қожық қарақшыларымен бірге итжеккенге айдалды. Байдалы өз сөзіне өзі өкініп қалды. Салмағын көтерсін, жорық сәтсіздікке ұшыраса кінәлі Сибан болып қалсын деп еді, сөйтсе, бар абыройды Сибан үйінде отырған қатын Ұлпан алыпты. Тіпті Байдалыны да, ойлап отырса, сол қатын жұмсап жіберіпті ғой.

Есенеи қайтыс болғалы Сибан деген елде қобалжу бар еді. Өйткені, тізесі батса да, оның атақдаңқынан ығысып келген өзге жұрт енді қайтер? Бірақ, бұлар, міне, бүкіл бес болыс Керейді бастап, жорықты жеңіспен аяқтап қайтты. Сибанның еркегі бар екен, Сибан еңселі ел екен.

Есенеидің асы жақсы өткен соң, Ұлпанның басына тағы бір бұлт үйірілді. Бес болыстың би-басшылары арттарына қарамай кеткен деген атаққа

қалмай, жас жесір әйелге, ел Сибанға қамқорлық жасамақ, Ұлпанды әмеңгері Еменалыға қоспақ. Мал-мүлікке мұрагерлік тағы бар. Байсыз қатын, баусыз оймақ. Күрлеуітіне кетіп қалмасын дейді. Керей билері осылай аз ғана Сибанға, оның Ұлпанына терең ор қазыпты. Сибан мен Ұлпанның араларына сына қақпақшы. Еменалы іштен жылан болып шығып, ағасына өзі тағы бір ас бермек екен. Мүсіреп осыны түсінді де, болыс-билерге алғыс айтты. Үй ішілік нәрсені өзіміз-ақ шешіп алармыз деді. Кәрі би Құрмысының бүтін елді бүлдірмеу керектігін айтуы олардың ауыздарына құм құйды. Енді өзін айналдырған билерді де Ұлпан маңайлатпай қойды.

Ұлпан қыңырайған жалғыз қисық Еменалыны да иді. Жолмен, жөнмен көндірді.

Бұдан кейін Ұлпан бастаған Сибан елі сүрінген емес.

Бірақ, Ұлпан өзі сүрінді. Күйеубаласы Торсанға келгенде мүлт басыпты. Әдепті де пысық, жұмсақ, адал жан сияқты еді; аласы ішінде екен. Ағаштың өзегіне түскен құрттай бірте-бірте күш алды. Әуелі қызы Біжікеннің ажалына жетті. Біжікен өлімі бір соққы болса, Торсанның бұзықтықтары екінші соққы болды. Қаршығалыдағы жылқыны Ұлпан қосын өз еліне аудартып алуы, ақыр соңы өз үйінен де қуып шығуы торсаншылдықтың әбден асқынуы еді. Бұдан артық не керек? Қателік жасапты. Түзелмес қателік. Енді кеш. Еліне айтқанда не болады? Торсан болыс оның басты адамдарын итжеккенге айдатудан да шімірікпейді. Жо-жоқ, Ұлпан мұндай қорлық өмірге көне алмайды. Өз биігінде, ұлы биігінде қалады. Ұлпан өмірден өзі баз кешті. Өз биігінде, ұлылық биігінде қалды.

Ұлпанның бұл сүрінуі – жеңілуі ме? Жо-жоқ, ол бүкіл жамандықтың, тоғышарлықтың, торсаншылдықтың күш алуы еді. Торсан жалғыз емес-ті. Оған

бүкіл ескішілік, би-болысшылдықтар қосылған-ды. Қосыла келе Ұлпанды оңаша қалғанда сүріндірді. Керейдің болыс-билері күндесе, күңірене жүріп, оны Торсан жалмауыздың тозағына апарып құлатты. Бетпе-бет келіп, бел алып емес. Алдап, арамдықпен. Бірақ Ұлпан өз өлімімен де жаңа еселейшілдікті жеңіп кетті. Жамандықтың өз қайтуы бар, жақсылық оны жаныштамай тұрмақ емес. Ұлпаншылдық салтанат құрып қала берді. Ал, Торсанның шаңырағы бір күннің ішінде ортасына түсіп, үрім-бұтағы ыдырап, өліп, тарап кетті. Ұлпанға көрсеткен қорлығы өз басына орнады. Тіпті, ол өлгесін бейітіне белгі де қойылмаған. Ұмыт болып, опырылып қалған. Ешкім ат ізін салып, Құран да оқымаған. Бұл енді – қорлаудың ең үлкені. Ал, Ұлпанның бейіті асқақ, таза, жаңа: топырағы бір олқы түскен емес. Ісін ел жалғастырып өкетті. Есімі жұрт жүрегінде қалды. Енді, міне, кітап арқылы келешекке сапар шегіп отыр.

2

Анық кез жететін нәрсем – Ғабит Мүсіреповтың бұл шығармасы тікелей махаббат жайлы сүйіспеншілікті бейнелейтін туынды емес. Ондағы негізгі арқау – өткен ғасырдағы қоғамдық-әлеуметтік өмірдің шындықтары екені де дау тудырмаса керек. Сонда да бізге осы кітап бәрібір ең алдымен маздақ махаббат туралы тамаша толғау болып көріне береді. Оның себебі Ұлпан – Еселей арасындағы, дәлірек айтқанда жас ару мен алпысты алқымдаған ақсақал арасындағы шынайы сезімдер, шарпысқан сезімдердің жалт еткізіліп жақсы суреттелуінде емес, немесе нақ осы жұмбақтау да тұңғыық тылсым әлемнің көп қыртыстары қазбаланып, ашылмауында да емес, немесе Шынар мен Мүсіреп арасындағы жарасымның жарқындығынан да емес, ол бас тұлға – менің, сенің және олардың

Ұлпанына айналып кеткен ару, алып ана Ұлпанның жүрек жылуында, туған еліне деген, кіндік кесіп, кір жуған жеріне деген жалын махаббатында. Иә, Ұлпанның осы ұлы махаббаты – шығарманың тінін өріп, тілін өрнектеп тұрған басты желі, нәзік те керемет күш. Біздің бұлай түсініп, түйсінуіміздің тағы бір себебі – Ұлпанның осы ұлы махаббатының шығарманың өн бойында кездеспейтін жері жоқ. Ол шығарманың барлық аймақ, алқаптарына дейін бағындырып баурап, жаулап алған. Бұл, әрине, әуелі автор Ғабит Мүсреповтың осы махаббатқа тұтанып, өртеніп, жанып кеткендігінің белгісі, соны игере алғандығының – оған күш-қуаты, таланты, қабілеті, шеберлігі жеткендігінің белгісі. Соның нәтижесінде Ұлпан ұлы шығарма болып түзіліпті. Қайталап айтамыз, осы екі себеп – Ұлпанның ұлы махаббаты мен Ғабит Мүсреповтың жарқын талантының жалыны лапылдап табысып, кіршіксіз ұштасуы – аталмыш шығарманы ұлы дүниеге айналдырған себептер. Біз егер шындықтың көзіне тура қарап, жүректің дегенін айтсақ та, оның саяры да – осы лебіз-ақиқат.

Ұлпан жайлы Мұқаметжан Қаратаев («Қазақ әдебиеті» газетінде) Серік Қирабаев («Уақыт және қаламгер» жинағының үшінші кітабында), Жұмағали Ысмағұлов («Қазақ әдебиеті» газетінде), Әбіш Кекілбаев («Лениншіл жас» газетінде) парасатты, қысқа да болса нұсқа дерлік, ойлы пікірлер білдірді, олар терең ағынды шығарманың тамырын тап басып, басты сипаттары мен қасиеттерін атап айтты. Біз оларды жай қостап, не болмаса кейбір пікірлеріне қисынсыз дау білдірмекші де емеспіз. Олар негізгі пайымдаулар мен қорытындыларды айтып, бізге не қалды деп қол жаймақшы да емеспіз. Көкейімізге үйірілген, келген ойдың бәрін дерлік қағаз бетіне құйып талдағымыз, өзімізше талғағымыз бар. Ол қалай болып шығады – жайымыз сол.

Ұлылық «Ұлпанның» бүкіл бітімінде, барлық қыр-сырларында жатыр. Оның басталуы да, алғашқы-соңғы сөйлемдері де, барша сюжет оқиғалары да нақ осы сипатты аңдатады.

«Еснейдің төрт қос жылқысы Қаршығалы шұбарына жақындап келіп, қапталдай төніп қалып еді. Тақырланып қалған жазғы жайлаудан келе жатқан жылқы қарауытқан қалың орманды, өзекті-шілікті өңірге тұяғы тиген соң-ақ ұстарадай өткір тістерін жерге қадай бастаған...»

Үстірт қарасақ, жай, қарапайым бастау сияқты. Солай екені рас та. Ұлылық деген бір ерекше нәрсе емес. Асылы, ұлылықтың көкесі – қарапайымдылықта. Ал, осы қарапайымдылықты зайыр зейіндесек ше? Ұлан-ғайыр сыр бар. Ғабең қазақ байлығы жылқысында болғандықтан, біздің халқымыздың өзі жылқы мінездес болғандықтан туындысын осылай бастап отыр, өткен ғасырға арналған туындысын осылай бастағанды жөн көріп отыр. Жалпы, қандай да бір қаламгер қазақтың өткен өмірін суреттеп жылқы түлігіне соқпай кете алмайды. Екіншіден, осы арадағы суреттер – өткен өмірдегі тіршілікке, жер сипаты мейлінше тән. Жылқы қосы, шұбар, жайлау деген сөздердің өзі-ақ бұл жайлардың шетін жіті байқатады. Үшіншіден, осы бастау көріністер азулы бидің айбарымен айғақтатып, бірден көзге ұратындай. Жылқылары да өткір тісті болып, әрі сол тістерін өзекті-шілікті, қалың орманды өңірге қадай бастаса, Еснейдің өзі де азғана Күрлеуітке, Артықбай батыр мен оның қызы Ұлпанға нақ солайша тіс батырып, тізе көрсете келді ғой. Міне, осылай шырайлы басталған ұлылық бітім іле көсегелі кеңістік тауып, жарқын-жазира жайлауға айналып кетеді. Рас, оның кей тұстары шүйгін тартып шалғынға шомылып жатпауы, онда ақ бұлақтар аспанға ақ толқындар атпауы мүмкін. Алайда осы бір көркемдік кернеуі өз ағысын бір де бәсеңдет-

пестен тасқындап, сала-сала сарқырап, сағаға жетіп, жүрек-айдындарға құйып жатады.

Солардың негізгі, бас саласы – ой-сезім байлығы. Бұл байлық та мыңғырып, бүкіл шығарманың өн бойында шымырлап ағып жатыр. Біз оған Ұлпан мен Еселей бейнесімен танысып табысуда толық және тұтасымен куә болғанбыз да. Сонда да мысалдарға көшсек, повестің кез келген оқиға-эпизодын алға тарта аламыз. Мәселен, туындыдағы кейіпкерлермен тұңғыш дидарласуымыз, Еселейдің жігіт болып келген балаң қыз Ұлпан алдындағы ілкі алды ұтылуы. Бұл жай Еселейді ғана емес, оқырманды да ойға қалдырады. Өйткені, мұнда да келелі көркемдік белгісі, бедері бар. Әуелі шығарманың келісті басталғанын көрсетсе, сосын Еселей кім, Ұлпан кім, түрікпен Мүсіреп кім, андай Мүсіреп кім, соларды да бір аңғартып үлгереді. Сосын Ұлпан кейін Еселейді еркін меңгеріп, дегеніне жүргізсе, жеңіп отырса, соның басы осы оқиғада – олардың тұңғыш дидарласуында-ақ жатыр екен-ау деп ойлайсың.

Осы оқиғаға орай халқымыздың бір алуан қасиеттері жарқырап көрінгеніне тәнті болмайсың ба? Ұлпан қыздың ер жігітше атқа мінуі, өткірлігі, еті тірілігі, сөз саптастары, шешендігі, уәжге тұруы, Еселей шондығы, қабағы, түрікпен Мүсірептің ұтықты сөздері, тек сөз ұлтымызға ғана тән қас сипаттар ғой. Қазақ қызының жүзін жасырмауы өзге жұртты бір таңдандырса, тұлпармен құйғытуы, тіпті, кейде ерлермен бірге жауға шабуы, соғысқа түсуі екі таңдандырған емес пе? Оған ақындығы қосылса ше? Ұлпанның атақты биге бір қарамай кете алмауы қыз ретіндегі осалдығы болса, оның шарпып емес, көз қиығымен серпе қарауын аңғаруы түрікпен Мүсірептің аса зеректігін танытса керек.

Ғабит Мүсіреповтың бұл шығармасына тұтастай алғанда да осындай ұлттық болмыс-бітім тән:

онда ұлттық өмір, бояу-бедерлері өте қанық, сұлу, табиғаттай ажарлы. Мұның өзі заңды да. Бұл әйгілі қаламгердің халқымыздың этикасын жақсы, этнографиясын терең біліп, жақсы салт-ғұрыптарына қызығуынан ғана емес: бір жағынан суреткер бейнелеп отырған өмірдің шамырқанған шындығы осындай болғандықтан, екінші жағынан, суреткердің сол өмірді, сол өмірдегі халқымыздың әлеуметтік, тұрмыстық, рухани ахуалын терең зерттеп зерек білетіндіктен, әрі соны терең, тұнық, тасқынды қалпында жеткізе алғандығынан. Ғ. Мүсрепов өз туындысында, міне, осындай жайларды да жандандырып, бойына қан жүгіртіп, сүйіп суреттегендіктен де оқырман олардан өткен заман шындығын танып біледі.

Мүсіреп, құтты болсын шілдеhana,
Хабары әрең жетті кеше ғана.
Өткен соң он күн, он түн таратармыз,
Жиналсын бес болыстан қыз-бозбала...

«Тасып қайтқан көңіліміз бар еді, қатын шіркін жасытып тастады-ау», – демесін деп Сибан жігіттерінің жорыққа Есенеі жылқысынан мініп кеткен аттарын алып қалмай, өздеріне беріп жіберді». Бұл тек қазақта бар ғұрып, тек қазақта бар жомарттық. Тек алды-артын терең ойлайтын Ұлпандарға ғана тән ұлылық. «Жақсы әйел жаман еркекті адам қылады» деу осындай жайлардан шықса керек.

Немесе: «Ойлап отырсам, мен көп әңгіменің сыртында екенмін, кәрі құлақ шала естіген шығар, кәрі көз шалатынды шала алмай қалған шығар. Ол өз кінәм құйқылжып құбылып тұрған бұлаңқұйрық замандарыңа кейде еріп, кейде ере алмай қалатыны да бар. Дау қуған ел жауығар, дау қумаған сауығар демеп пе еді? Мен соның адамымын. Есенеінің ордасы иесіз қалып бара жатқанда ағайын-

ның бізге қояр өтініш-тілегі болса біле кетейін дегендеріңе еріп кете беріп едім. Енді абайласам, Сибан бүліншіліктен аман, бүтін отырған ел екен. Бүтін тұрғанды бүлдірмес болар дегеннен басқа менің айтарым жоқ», – деген кәрі би Құрмысы, даусыз, қадірлі би. Оның сөздерінде, болмысында ұлылық жоқ деп қалай айта аларсыз? Ойлы сөз айтты. Ұлпан басын арашалады. Бәлеқор өзге билердің жолын кесті.

Немесе повесте суреттелген жамбы атуды алайық.

Немесе аңшылық жайларды алайық. Айтпақшы, біз осы мылтық ата аламыз ба? Бәйгеге шабумен, күреске түсумен қалаймыз. Оны айтасыз, атқа мінгенде құлап қалмаймыз ба?

Немесе елді отырықшыландыруға, көшірудегі Ұлпан ерліктерін алайық.

Немесе Қыз Жібек әңгіме болатын тұс ше? Немесе повестің жарамсыз әдет-ғұрыптардан жирентетін жерлерін алайық. (Жас қызды шал алуы, әмеңгерлік, Ұлпанға ор қазулар, алауыздық, өзін көре алмау, өзгеге қарамау жайлары, т. б.) «Тегінде қазақ бірін-бірі жамандауға келгенде сонша шебер, сонша рақымсыз, сонша жалақор, өз тамырына өзі балта шауып, өз жапырағын өзі жұлады да отырады».

Міне, бұлардың қай-қайсысы да ой-сезім байлығын танытады. Әрқайсысының өзі бір шалқар әлем екенін білесің; көзіңмен оқып отырып, көкірегіңе тоқып отырып білесің. Әсерленіп, көркемдік күшке кенеліп қана қоймай, олардың заман сипаты, ұлт өмірі көріністері екенін ұғумен бірге, солардың қай-қайсысы да жүрегінде жалғасып, жарқырап кеткеніне таңғаласың. Тіпті жалғасып қоймай ешқашан аяқталмайтын сыңайы бар екеніне қайран қаласың. Қай-қайсысы да қоздап, көкірегіңді кернеп қуантып сүйіндіреді, қобалжытып күйіндіреді. Кітаптан жүрегіңе, жүрегіңнен кітапқа, өткеннен бүгінге, бүгіннен

болашаққа кешесің. Иә, бұл шын, шынайы – ұлы шығармаларда ғана болатын бітім-қасиеттер.

Сонда жасар түйінің: «Шіркін, халқымыздың ой-сезім байлығы-ай! Шіркін, Ғабит Мүсреповтың ой-сезім байлығы-ай», – деген қорытынды. Бұл суреткерліктің құдіретінен болса керек.

Шығармадағы ендігі бір басты, негізгі сала – тіл тұнықтығы. Ол да алғашқы сөз бен соңғы сөз аралығында, шығарманың бүкіл өн бойында шымырлап, толқып ағып жатыр. Бұл ағын, бояу, қуат шығарманың барлық жерінде мінсіз ғажап демесек те, негізінен, тәнті боларлықтай. Мейлі автор баяндауын, кейіпкер баяндауын, әңгімешілік баяндауларды алыңыз; мейлі табиғат көркін, адам портретін, ой-сезімдер орамдарын бейнелеуді алыңыз. Бұл сөзімізге жоғарыда тоқтала кеткен бастау сөйлемдер бір дәлел десек, содан кейінгі барлық сөз-сөйлемдер түгел айғақ, мың дәлел.

Халқымыздың повестегі сөз қадірлеуі қандай? Ол халықтың ақын жырларын қадірлеуі, ақсақалымыздың қызбен айтысуы ғана емес, сөзді – сөз өнері атаулыны сыйлауы. «Өнер алды – қызыл тіл» дегенде де осыны айтқан. Одан әрі бұл «Сөзіңе ісің сай болсын», «Аз сөз – алтын, көп сөз – көмір», «Сөз тапқанға қолқа жоқ», «Сөз сүйектен өтеді», «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», «Аталы сөзге арсыз ғана таласады», «Әке тұрып ұл сөйлегеннен без, шеше тұрып қыз сөйлегеннен без», «Әке тұрып ұл сөйлесе, ержеткені шығар, шеше тұрып қыз сөйлесе, бойжеткені шығар» болып жалғасып кете береді. Повесте, міне, осы сипат-сындарлар өз көріністерін айшықты тапқан. Ең арғысы – анау анайы, жарамсақ аңшы Мүсіреп те өз кінәсін сезеді, аңдамай сөйлеп, ауырмай өлгенін біледі, өздігінен ат-тон айыбын тартады. Анау Есенеидің ер басымен, Ұлпанның әйел басымен бір елді билеп ауыздарына қаратуы – сөз білгендіктен. Міне,

енді Ғабит Мүсірепов те күллі оқырман қауымды, халқымызды аузына қаратып ұйытып отыр.

Халқымыздың тұтас алғанда да от ауыз, орақ тілді болуы неліктен? Ол, әрине, сол кездегі уақыт, заманға байланысты да шығар. Жазу-сызу болмауы, көшпелілік, бірден-бір дерлік өнер құралы сөз болуы – қазақтың дүниеге келгенде өлеңмен көз ашып, жарық жалғаннан қош деп аттанғанда өлеңмен көз жұмуына жеткізген де шығар. Сүйегіне сөз біткендіктен ақылды Есеней, Байдалы билердің, Ұлпандардың шешен болуы – өзінен-өзі түсінікті. Мүсірептің сырбаз сөз саптасында да осындай себеп жатыр. Ең арғысы Қази Уалихановтың қасында дойбы ойнап отырған қарапайым жандардың терең тұспалдары да осыны сездіреді. Ендеше неге мұндағы кейіпкерлердің көбісі дерлік шешен, сөз біледі деуге хақымыз жоқ.

Есеней, Ұлпан, Мүсірептердің сөз саптастарын қадағалай отырып, жалпы қазақтардың сөзшең, шешен халық екенін аңғарасың. Бұлардың қай-қайсысы да анау ертедегі гректің аузына малта тас салып, шулы теңіздің жағасында айқайлап сөйлеп, жаттыққан соң саңлақтыққа жеткен шешендері Цицерон, Демосфендерден ешбір кем түспесіне сенесің. Даламызға келген поляк А. Янушкевичтердің берідегі Құнанбайлардың сөз саптасын көріп, көзін жұмып, аузын аша таңданғаны да осы себептен. Ал Қаздауысты Қазыбек билер бүкіл жұмыр Жер арена-насына шығарар болса да тайсалмас, тайпалмас, шоқтығы аса биік шешендер сапынан саналар еді-ау. Шынында да ел ішінде әлі де талай Демосфендеріміз бар дей аламыз ғой.

Бір мысал: «Сибанның басына бұлт төніп келе жатқанын ескерте кеткелі қайта оралып келгендеріңізге алғыстан басқа айтарымыз жоқ, қадірлі билер. Бірақ, осы айтқандарыңыздың бәрі де қанша зілдей болғанмен Сибанның өзі-ақ шешіп тастай-

тын үй ішілік жайлар емес пе? Мұрагер кім, қай баласына қандай енші тигені дұрыс, оны Сибан өзі шеше алса керек. Сибанға ең ауыр тиетін сөздеріңіз Ұлпан бәйбішені Сибан емес, бір күні төркініне көшіп кетеді дегендеріңіз... Бұл елде екі адам Сибан болса, Ұлпан сол екеудің бірі, біреу болса сол біреудің өзі Ұлпан. Ұлпан тек Сибан ғана емес, ол бес жылдан бері осы елдің Есенеі! Есенеідің өзі атап кеткен Есенеі! Сіздер Ұлпанды жесір қалған қатын деп отырсыздар, Сибан оны «әулие Ұлпан» дейді. Сибан қандай талқыға түссе де осы ойынан айнымайды. Сибанның өтініші көп емес, екеу-ақ: «осы сөздеріңізді Ұлпанға айтпай-ақ аттана берсеңіздер екен. Көңілі жарым әйелді Сибан емессің, бөтенсің деп босқа ренжітпейік. Бұл оның естірмін деген сөзі емес. Екінші, қайта оралған себептеріңізді Сибанның еліне ескерттіңіздер, болды. Ауыл-үйдің жұмысын Сибан өзі тындыра алмай жатса кезінде көрерсіздер...»

Бұл – Мүсірептің қалың бес болыстың билері қазған ордан Ұлпан басын арашалап айтқан сөзі. Уәжді, орынды сөз. Ілікке орын қалдырмай, бөтенді, бөлектерді араластырмай қоятын, олардың көңілдеріне де тимейтін ақылды сөз. Әрі адал сөз. Сіздер араласпаңыздар дей отыра, бұл істің қалай шешілетінін де аңғарта кететін салмақты сөз.

Тағы бір мысал: «Мен сендерге қоныс қайырлы болсын айтуға келгенім жоқ, көшіріп әкетуге келдім. Есенеідің жалғыз інісі айдалада жалғыз үй қалғаны ұят па, ұят емес пе? Ауылыңның тұсынан өтіп бара жатқан Сибан көшінен бір адам бұрылып келді ме сендерге? Неге бұрылмады? Сибан сені Есенеідің алдында айыпты санайды. Айыпты екенің өтірік пе? Тыжырынбай тұра тұр. Сен Есенеідің өліміне де ортақсың. Есенейге ең соңғы тиген қара шоқпар сенікі болатын. Содан кейін Есенеі бір күн төсектен тұра алды ма? Тұра алған жоқ. Енді сен осы

Еснейдің қатыны Ұлпанға әмеңгер болып Еснейдің төсегіне жатқың келетін көрінеді. Жасың алпыстан асты. Есің болса, енді Еснейдің төсегіне ешкім жақындамасын деп ағаңның аруағын қорғай жүрер едің-ау... Ұялсаңшы. Еснейдің жалғыз мұрагері менмін деп дауласқалы отыр екенсің. Өзіңе керегі мал ма? Қанша керек өзіңе? Күні ертең үш балаңды ертіп кел де, қанша мал болса, соншасын айдап жүре бер. Маған мал керегі жоғын неғып түсінбей жүрсің? Биыл Еснейге мен де ас беремін депсің. Беріп көрші, бір Сибан қатынасар ма екен? Сонда қандай масқараға ұшырайтыныңды білемісің сен. Еснейдің асын биыл өз үйі берді, келер жылы сен бер. Ашпа аузыңды, жықтыр үйіңді. Көш жайлауға!»

Бұл – Ұлпанның Еменалыға айтқан сөзі. Есер Еменалыға да өтті бұл сөз. Мұндай сөз сүйектен етпей қоюшы ма еді? Жырылған жалғыз Сибанның, ең қыңыр Сибанның бетін де осылай қайтарды Ұлпан. Сөзімен, дұрыстығымен, ұлылығымен қайтарды.

«Ұлпанның тұла бойы тітіркеніп кетті... бала мінезді болушы еді, қатты қорыққан екен. Жас балаша жылады. Ерке болса да өр мінезді болушы еді, қорланып жылады. Үйіне қадірлі қонақтар келген күні ұятқа ұшырап қалдым-ау деп ұялғанынан жылады».

«Ертеңіне түске тармаса Ұлпанымен Есней, Еснейімен Ұлпан келді».

«Қазақ билері мұндай ойларын патша төрелеріне ақтарыла айтпады. Ондай түпте жататын қарсылық ойлар ел ішінде күнде туып жатады. Төрелер анайы елде айтқандарынан басқа бүгіп қалатын ойлары бар деп ойламайды да».

Бұлар – автор сөзі мен ойының зеректігінің, тереңдігінің бір-екі көрінісі ғана. Патша төрелері сөз психологиясын осыншама тап басу әдемі-ақ. Немесе Ұлпан Еснейді – екі адамды төрт адамға ай-

налдыру сөз ойнату емес, әуелі ой-сөз әсерін арттыру. Сосын Ұлпан мен Еселей терезесі тең екенін, жарасымды екенін білдіру. Не болмаса бір жылауда үш түрлі сыр жатқанын сездіріп таныту шын ұлылықтың ұлағаты ғой.

Ең ақыры: «Ғабит-ау, Ұлпан сорлының көрмеген азабы бар ма?.. Ана бір жылдардағы ауыр кезде Ұлпанның басына қойылған ақ тас жоқ болып кеткен. Осы елдің жігіттері сатып жіберді деген өсек те бар», – деген эпилогтағы Исахмет қария сөздері де ортақ арнамен ұштасып, ұласып жатыр.

Әдеби тіл қазынамыз қазанына түскен даяғашы, етіл, бөден, бәгіребас, адас тақылеттес ескі, ескі болса да жас, асыл сөздеріміз ше?

Мысал, тағы да мысал. Келтіре берсек, бүкіл туынды мысалға айналып кетуі мүмкін-ау.

Шығармадағы тағы бір басты, негізгі сала, түрлі түр-пішіндік, көркемдік ізденістер іргелігі. Ол да алғашқы сөз бен соңғы сөз аралығында, шығарманың бүкіл өн бойында шымырлап, толқып ағып жатыр. Бұл ағын, бұл бедер-бояулар, бұл қуат та үнемі дерлік кемел кескін танытады.

Мәселен, Ұлпанға Ақнар, Еселей деген ат қонылулары саралай өрбітудің өрісті үлгісі болса, Ақнар – Шынар мен Еселей – Мүсіреп жарыспалы егіз өрбітудің үлгілері. Бұл ұқсас та дара тұлғалар бір-бірін толықтырып та, ашып та тұр; дамытып та, жалғастырып та тұр. Типтер етіп те, характерлер етіп те тұр. Бұл өзі Ғабен үшін аса жемісті тәсіл болған. Сондықтан да ол Ұлпанды еңселендіріп сомдай түсу үшін тағы да егіздік белгілер – әуелі ақ марал, кейін ақ ботаны алады. Бұл ақ марал мен ақ бота кейде өздері – табиғат төлдері болып көрінсе, кейде Ұлпан болып елес береді; түстері ғана емес, тағдырлары да ортақ болып кетеді: сұлулықтары да, жан дүниелері де жарасым, ұқсастық тауып, бір-бірлерін тағы да толықтырып, даралап жатады.

Бұл да Ғабеннің Ұлпан бейнесіне соншалықты ғашық болып берілгендігінің бір айғағы. Өзі ардақтаған жанның бойына барлық байлығын, көркемдік кестелерін, қаламгерлік күшін үйіп-төккендігінің айғағы. Нақтылы өмірде осы ақ марал мен ақ бота болды ма, болмады ма, оны біз білмейміз; алайда повестегі көркемдік бейне Ұлпанды оларсыз елестете алмаймыз; олардың егіздігі, етенелігі соншалық, Ұлпан – ақ марал мен ақ ботаға, ақ марал мен ақ бота – Ұлпанға айналып кеткендей. Кейін сол ақ бота ақ нарға айналғанда Ұлпан да осы есімді иеленеді, жүк ауырын көтерер Ақнарға айналады. Ал, Ұлпанның өзі Ақнар болған соң, әлгі есейген ақ бота – ақ нар енді суреттелмейді. Ең арғысы осы егіздік, қос тінді арқаулар жүйесі Әсіреп – Мүсіреп ағайындыларды да, Кәукер – Бикен қыздарды да, Байдалы – Тоқа билерді де, Тілеміс – Торсандарды да қосанжар еткен.

Он сегізінші тарау бес-ақ сөйлемнен тұрады:

«Кәукер, Бикен – Мұстапа, Кенжетай!

Мұстапа, Кенжетай – Кәукер, Бикен...

Мұстапа – Кәукер.

Кенжетай – Бикен.

– Тойларыңтойға ұлассын! – Ұлпан». (184–185-беттер).

Біз бұл тарауды үлкен ізденістің, көркемдік жаңашылдықтың жемісі деп білеміз. Ғ.Мүсрепов өзі айтқандай, бұл тарауды Индия топырағында туған дүниедегі ең қысқа әңгімеге еліктеп жазған. Ол әңгіме төмендегідей үш-ақ сөйлемнен құралған екен: «Екі жолбарыс, бір адам. Бір жолбарыс, бір адам. Бір жолбарыс». Бірақ осы үш сөйлемнен-ақ не болғаны белгілі. Жалғыз адамға қос жолбарыс кездескен де, өмір үшін арпалыс басталған. Адам екі жолбарыстың бірін жарып тастай алғанмен, екіншісі оның өзін жеңіп, жемтік еткен. Нақ сол сияқты Ғабен әңгімесі де түсінікті, көңілге қонымды. По-

весте бұрыннан таныс қос қыз Кәукер – Бикенге қос жігіт Мұстафа – Кенжетай ұшырасқан. Сосын сүйіспеншілік басталып, жас жүректер табысқан, махаббат күйін шертіскен. Мұның аяғы үйленуге ұласып, тойын Ұлпан құттықтап отыр. Аузымызға шайнап салып бермесе, дәмін білмес әдетімізге бақпасақ, бұл әңгіме өте ұғынықты. Жазушының тәжірибесі емес, бір табысы, шеберлігі деп пайымдағанымыз абзал.

Жазушы жиырма екінші тарауда ештеңе айтпаған. Тек көп нүктелерді көреміз. Бұл да әдейі істелген жай. Не арада өткен үш жылда әңгімелерліктей сүбелі оқиға болмаған, не автор ел тыныш, кәдімгі ағымдағы істер өтіп жатты, Ұлпан басында айтарлықтай нәрсе болмады дегенді аңғартып отыр.

Асылы, жоғарыда айтқан қай жайлар да бөлек-бөлек нәрселер емес. Ой-сезім байлығы, тіл тұнықтығы, көркемдік тәсілдер бір-бірімен ұштасып жатқан қойындас нәрселер. Сондықтан оларды бөле қарастыру шартты екені даусыз. Себебі, тілсіз ой да, сезім де жоқ, оның байлығы да жоқ, көркемдік те, ізденіс те жоқ: ал ізденіс, көркемдік тәсілдерсіз тіл тұнықтығы, ойлылық, сезім серпіні бола қояр ма екен? Ендеше жоғарыда айтылған жайлардың бәрін де біз бір-ақ кенеулі көркемдік кестелері деп түйсінеміз. Сол сияқты осы повестегі басқа да көркемдік түрлі айшық, тәсілдер: тың сөз, соны сөйлем қолданыстар, бояу-бедерлер контрастары, баяндауларды құбылтып отыру, оған автордың өзі араласып, күйініш-сүйінішін енгізіп отыруы, алуан сипатта бейнелеулері де (мысалы: Шынарды нәзік, Мүсірепті сырбаз, Есенеиді салмақты, Ұлпанды ұлы, аңшы Мүсірепті ойнақы суреттеу) ой-сезім байлығына, тіл тұнықтығына әбден жатса керек.

«Қорыққанынан қуаң тартқан, қорыққанына ұялғанынан күлімсіреген қалпы бар» (43-бет). Мұны: сөз-сезім шарпыстыруды, тоқайласқан қос сезімді

қабағат-егіз танытуды бір көркемдік тәсіл дегенде не дейміз?

«Самауыр – Шынар – Ұлпан – Әсіреп – Мүсіреп – Науша – Жаниша – Кенжетай – Самауыр-дастарқанды айнала отырған» (120-бет). Саналы түрде жасалған осы суреттеуде де көркемдік леп бар.

«Құлдық емес, емес те емес» (125-бет). Осы бір ғана сөйлемде емес сөзі үш рет қайталанса да, екінші құлдық сөзі түсіп қалып отырса да жаңалық бар. Тіпті, елеулі жаңалық барлығын зерделі жан бірден-ақ байқар.

Шығарма күзді суреттеуден басталып (Есенеі күзін) күзді суреттеумен (Ұлпан күзі) аяқталады. Мұнда да мол мән жатыр. Шығарманың, тұтасынан алғанда да, қаталап келгенде бал татыған қымыз ішкендей болып, таңдайыңда дәмі қалып қояды. Мұның бәрі расында да суреткерліктің құдіретінен болса керек.

Ал енді осынау толымды, толағай туындының некен-саяқ жетімсіздіктеріне келсек, Әбіш Кекілбаев айтқан пікірлерге ден қоямыз. Әсіресе, оның Есенеі бейнесінде қазылмаған қабаттар, қамтылмаған қырлар әлі де мол дегенінде жан бар. Есенеі жан дүниесіндегі түбірлі өзгерістің күрделі диалектикасын барынша нәзік, терең жеткізуде олқылықтар барлығы анық. Бірақ бұл өзгерісті Ұлпанның бірте-бірте, Есенеіді меңгере отырып, ақыл-махаббатымен баурап жүзеге асырғанын айта кетуіміз керек. Есенеі үйленген бойда белсенсіз, сырт сүйсінушіге айналған жоқтың; жалпы повесте Есенеідің азулы өмірі, байтақ билігі, тізесі, тіпті, аз бейнеленгенін, оны әңгімелеуді автор мақсат етпегенінде ескергеніміз жөн-ау. Сондай-ақ ұр да жық Еменалының сопыға айналуында жасандылық жоқ. Өмірде асыра сілтеген әлсіз адамдар әдетте де асыра сілтейді, әлсіз адамның кейіннен күнәдан қорқып, тәубеге келгенінде де асыра сілтейтінінде (әлсіздік көрсе-

тетінінде), сопыға айналатынында психологиялық тұрғыда қайшылық жоқ.

Осы арада Серік Қирабаевтың да кейбір пікірлері көкейге қонбайтынын айта кетейік. Мысалға, оның мұндай пікірінің бірі төмендегіше: «...Жазушының оны орыс әкімдерімен кездестіріп, қазақ әйелінің правосы жайлы келіссөздер жүргізуге қатыстыруы онша сендіре де (тарихи деректердің шындығын білмеймін) қоймайды... Ұлпанның осы келіссөзде тапқан жетістігін жазушы 18-ші тарауда қосылған жастардың математикалық формуласы арқылы қысқа түсіндірмек болады». Біздің бұл пікірге айтарымыз, өмірде нақ осылай болуы әбден мүмкін деген ой. Екіншіден, мұны мүмкін етіп тұрған Ұлпанның өз басы ғана емес. Оның күші Есенөй болуында, елінде емес пе? Әлгі билер бас қосуына Сибаннан да біреу қатысса ол Ұлпан болмай кім болады? Үшіншіден, Ұлпандар жүздің бірі десек те, бұл заман Абайлар өмір сүрген заман екенін де, орыс үстемдігі, заңы етек алған заман екенін де ескеру қажет. Демек, Ұлпанның отырықшылықты енгізуіне сенсек, неге оның билер келіссөзіне қатысуына сенбейміз? Сонда отырықшылыққа елді кешіруден әйелдің өз правосы қозғалған мәселені талқылауға Есеней атымен қатысуы қиын болғаны ма? Біздіңше, екі жаңалық та бірдейлес, екеуі де өрелі. Бірінде жеңіске жеткен Ұлпан екіншісінде де жеңіске жете алса, оның несі нанымсыз? Содан соң біз қазақтың өткен өмірі әлі де толық капиталистік өмір емес екенін, рулық, патриархалдық қоғам екенін ескерсек ғанибет. Ал, бұл қоғамда әлгіндей (кейде типті) жаңалықтар, оқиғалар бола береді. Өткен өмірімізде Абайдың кейбір ғашықтардың қосылуына шарапат тигізе алғанына сенсек, тіпті кейде әйелдер ру басқарып, сол елге ана, басшы, ұран болғанына сенсек, Мүсіреп пен Шынардың қосылғанына сенсек, неге Кәукер – Мұстапа, Бикен

– Кенжетайлар қосылғанына сенбеске? Оның үстіне бұл қыз-жігіттер бай емес, Шынар секілді сіңірі шыққан кедейлер перзенттері болар. Олардың бәрін бай айттырып, бәрін бірдей ескілік тұмшалап, тұншықтырып жатқан жоқ шығар. Кедейге кедей аз қалың малмен-ақ, аз жол-жорамен-ақ, «орамал тон болмайды, жол болады» деп қызын беріп жатса, оны Есенеі – Ұлпан құттықтаса, нұр үстіне нұр ғой.

С.Қирабаевтың екінші пікірі мынадай: «Қожық ауылын шабу шығарманың гуманистік идеясына пайдалы еш нәрсе қосып тұрған жоқ, Дүниеде пәле қуып, арам жолмен байып, күн көретін адам аз ба? Оның бәрін шауып алып құрту қаншалықты орынды болар екен? Оның үстіне «Есенеі асына шақырмадың» деген өкпеден басқа Қожықтың бұл елге тигізіп жатқан залалы да байқалмайды. Сол үшін жәбірленіп, жас бала, жесір әйелдерді шырылдатып, олардың түгін қалдырмай өртеу оқушыға ауыр әсер қалдырады». Біз мұндай байламға мүлдем қосылмаймыз. Себебі бұл – біріншіден, өмірде болған, болатын да оқиға; екіншіден, шығарманың гуманистік идеясына пайдалы еш нәрсе қоспады, оқушы сезіміне ауыр әсер етеді деп оны суреттемеу жөн бе? Керісінше Ұлпан қайраткерлігінің, алуан жеңістерінің ең шырқау биігі де осы оқиға. Шығарма сюжеті дамуының шарықтау шегі де осы оқиға. Оған қоса біз осы оқиғаның шығарманың гуманистік идеясына қосқаны тіпті көп деп ойлаймыз. Енді бұл повесте бүлінгеннен бүлдіргі алмауға ұштасса, ол тіпті адамгершіліктің биігіне асқақтап кеткен жоқ па? Ал, қарақшылардың әйелі, баласы жетім-жесір қалады деп оларды бастан сипау, шауып алмау, гуманизмге жата ма; қайта оларды ертерек шауып, құрту адамгершілікке жатса керек. Ел сол шырылдап жылап қалған жетім-жесірлерді далаға тастамас, ескеріп оларға белгілі бір жағдай жасайтын да болар. Оның үстіне сол қарақшы тобыр қолындағы

көп тұтқындар, жәбір-жапа көрушілер құтқарылды ғой. Сонда бұл оқиға әйтеуір бір пәле қуып арам жолмен байығандарды шауып алу емес. Әрі Қожықтың асқа шақырмадың деген өкпесінен басқа залалы жоқ деу де жөнсіз. Өйткені, ол Есенеілерге тие алмаса да, момын елді еңіретпеді деу, жалғыз-жарымдарды олжалап жәбірлемеді деу, қасқыр қойды жемейді деумен тең ғой. Тіпті бүгінгі күнге дейін ештеңе етпесе де, енді аттанып, бүкіл Сибан басына нәубет туғызбасына кім кепілдік бере алады? Ас өтуіне кеселіп тигізсе, ертең елге тізе батырса – нағыз қорлық сол болар, қамданбағанның қапы қалғаны, елге сор сол болар. Ендеше бұл оқиғаны керексіз деуге ешбір орай жоқтығы дәлелді керек етпейді. Повесте негізінен бір адам өмірі дерлік кезең – қыз Ұлпан мен ел анасы Ұлпан өмірі қамтылған. Ал енді осы сюжет-оқиғаларда тұтастық қандай? Көтерілген алуан түрлі мәселелер арагідік бөлек-бөлек тартып, кейде қабыспай жататын да сияқты. Олар бір адам – Ұлпан басында өтпесе, өз алдына махаббат, әйел теңдігі, отырықшылық іспетті жеке-жеке жайларды жазу деуге де болатындай. Осы тұрғыда оның кей тұстары, буындары толтырылмай бос қалған секілді. Есенеі төсек тартып жатқан он жылда не болды? Ол қайтыс болғаннан кейінгі үш жылда ше? Осындай жағдайлар көмескі қалуы – әлгіндей ойға тиек. Егер олардың барлығы да бір-бірінен туғызылып, өрбітіліп тарқатылғанда, тартыс бірегейленіп, ортақ жалқы күре тамырдай арна тартып, тұтастығы күшейер еді.

Сонымен бірге жекелеген ұсақ-түйек міндерді де анта кеткен жөн. Басталғанда Кенжетай түрікпен Мүсірептің туған інісі деп айтылады (7-бетте). Сосын кейіннен Мүсіреп ағайынды екі-ақ жігіт: Әсіреп–Мүсіреп болып әңгіме етіледі (102-бетте). «Әкесінен жастай қалған екі бала – Әсіреп пен Мүсіреп әуелі қой бағыпты, сиыр бағыпты...» Сонда Кенжетай

қайда? Ол неге айтылмайды деп күмәнданасыз. Рас, ол кейін тағы да Мүсірепке іні ретінде суреттеледі (Ұлпан беріп жіберген жүктерді әкелгенде). Шындық осылай болса бұл жерге олар үш ағайынды деген түзету керек-ақ.

Сосын «суфлер» (31-бет), «курорт» (130-бет) секілді сөздерді қолданудың қажетсіздігі даусыз. Мұндай ұғымдарды қазақтар атымен естіп-білмеген кезеңде жайлауды курорт деп алу, намаз оқығандағы сыбыршылдықты «суфлер» деп алудың қисыны келмейді.

3.

Бұл повесте тоқталуды қажет ететін, толыққанды сомдалып суреткер махаббатымен өрілген тағы бір-екі кейіпкер бар. Олар: түрікпен Мүсіреп пен Шынар. Біз Мүсіреп жайында Есенеі мен Ұлпанға байланысты біраз айтып та өттік. Өйткені дөп басылып, дәл айтылмаса да Есенеі істерінде, Ұлпанның жетіліп, жетігулерінде, алып Ұлпанға айналуында, Сибан істерінде оның қатысы мол, анық қолтаңбасы бар. Сонда да оны арнайы тілге тиек еткен дұрыс.

Басты тұлға болмағандықтан, жазушы түрікпен Мүсірепті реті келгенде ғана әңгімелейді. Асылы, ол – Ұлпанның әсіресе, Есенеідің бет-бейнесін аша түсу үшін, солармен байланысты алынған жарыспалы тұлға. Расында Мүсірепсіз Есенеі бейнесі де, Ұлпан, Шынар бейнелері де жарқырап ашылмас еді. Мүсірепті Ғабең сөзсіз бейнелеуге тиіс еді. Оған қоса ол өзіндік салмағы бар, төл характер-бітімдерге ие тұлға болып шыққан. Ғабең оны осылай бейнелеген, осылай сомдаған.

Ол алғаш көрінгенде-ақ көңілге жылы ұялайды. Аздап сыбызғы тартады екен. «Боз інген», «Боз мұнай», «Сүйір батыр», «Алқакөл», «Алғашқым»

деген күйлері бар. Содан соңғы құмары – жақсы ат, қонымды киім. Серілеу жан. Қалтасында қалампыр жүреді. Біз повесті оқи отырып оның көзі қарақты, көкірегі зерделі, лайымды, байсалды жігіт екенін ұғамыз. Өнерлі, көшелі, білікті, тіпті өзгелерге бас болар жан екенін ұғамыз. Жол-жөннен хабардар, сыралғы серік, оңды серік болғандықтан да оны Есенеу ертіп жүрсе керек. Повесть бастауында арыз айта келген жас жігітке жауабы да қонымды шықты: «Шырағым, арызың аяқсыз қалмас, аяқсыз қалдыратын арыз сияқты емес. Ауылдарыңа осыны айта барарсың. «Түсі игіден түңілме» дегендей, көргенсіз деуге ішім қимай тұр өзіңді. Өттең, ашынғандықтан болса да азды-көпті асқақтай сөйлегенің де болды. Аулыңа мұны да айта барарсың». Оған қоса оның қыз (Ұлпан) екенін Есенеуіге көз қиығын серпе жалғыз қарағанынан-ақ аңғара алған – бір өзі. Осыдан кейінгі сөзі де, ісі де Мүсірептің мерейін асырып, өресін көтере береді. Тілеуімбет биге уәжі, Артықбай шойырылып ауруханада жатқандағы көмегі, қыз Ұлпанға айтқан әр сипатты сөздері (құдалық, қарындас ретіндегі), оған деген ықыласы, аңшылығы, ақ маралға мейірімі, Шынарға деген сезімі, елі Сибан қамына байланысты әрекеттері, Ұлпанға медеу болуы, сырбаздығы, адалдығы, әрқашан жақсылық жағында, ел жағында болуы – бәрі-бәрі осыған дәлелдер.

«Әдетте жоқ, әйтпесе Мүсіреп Ұлпанды құшақтап сүйіп алар еді. Сағынысып қалған ағалы-қарындастардай бірін-бірі көзімен аяласты, таза көңілдерімен аяласты».

Мүсіреп Шынарға да солай. Таза жүрекпен, жүрек махаббатымен сүйеді оны. «Аты Шынар болмаса, алып неғылайын», – деген сөзінен-ақ өзіне тең, жарасқан жарына деген жан сезімі лапылдайды. «Ақылы көркінде ғана емес; көзінің бір талығып, талмаурап қарайтыны бар. Бар айтарын

көзімен айтады. Отын жоқ дейді – жүгірем... Ауылдың барлық кемпірі: «Айналайыным-ай», – дейді. Бала біткен: «Әяй-апа», – дейді. Мен өзім: «Ақмаралым деймін», – дейді Мүсіреп. Бұдан артық не десін, қалай сүйсін!

Шынында да Шынар десе Шынар. Есенеяді Ақнарсыз білгің келмейтін сияқты Мүсірепті Шынарсыз көзіңе елестете алмайсың. Қыпша бел, сұңғақ бойлы, қызыл шырайлы, торғылт келіншек. Азырақ келтелеу келген қыр мұрынды. Күлімдеп іші-бауырыңа кіріп бара жатқан көзқарасы қандай әдемі еді. Ашаң да ашық жүзді, көз қиығының құйрығы аз ғана көтеріңкі. Мүсірептің басына салынған алтын ноқта десе дегендей. Ол Ұлпаннан кейінгі әйел атанды. Солай болуға лайық та еді. Есенеядің төріне тұңғыш шыққан да сол, оның атын атаған да, атай алған да сол.

Сөйткен Шынар Мүсірепке аяқастынан қонған бақ еді, бақыт құсы еді. Анасы мен ақ нарынан басқа ештеңесі жоқ жетім, жарлы қыз болатын. Күздігүні жаңбыр өтіп, аяғындағы қолдан илеген былғары етігі суға, балшыққа малшынып, осы Мүсірептің ағасы Әсіреп үйіне тап болған еді. Содан ол бір көрсе де, Мүсірепке ұнап қалған. Құмға шыққан құба талдай көркем қыз қалайша ұнамасын. Содан ағасы ертеңіне аттанып кеткен түйелі ана мен қызды жол-жөнекей құда түсіп, қайта жетектеп әкелді. Шынар не десін. Ініме айттырып келдім дегенде де үндеген жоқ. Үндемесе де ішіне бір елең енген. Мүсіреп жаман жігіт емес. Сырбаз, түсі игі көрінеді. Ендеше таңдануына қоса қуанып та келеді. Бірақ екеуін де жеңдіріп, жүзіне шығарған жоқ. Бұл амалдың жоғынан, баспана, күнкөріс керек болғандықтан ғана емес. Бұлар Мүсірепі жоқ үйге (ол Есенеяге қайта кеткен) кіріп те алды.

Бұлар содан жиырма күн өткен соң бір-ақ табысты.

Бүгінгі заман болса таңданар едік, нанымсыз, жалған дер едік. Бірақ кезінде солай болған ғой. Сырласпай-ақ, көріп-білісіп, сүйіспей-ақ, бір көріп табысқан. Соның өзінде маздақ махаббат оты тұтанған. Мынау Мүсіреп пен Шынар махаббаты да сондай сүйіспеншіліктің мөлдір бір ұшқын жалыны еді.

Шынар десе Шынар ғой: демалысы қандай жақсы еді, сүт иісі келеді. Денесі қандай балғын еді, сымдай бұралады. Даусын күміс қоңырау ма дерсің? Балаша еркелейді екен. Жан-жүрегі кіршіксіз емес пе? Үзіле қарайды. Ақкөңіл. Нәзік.

Кой кетті...

Жалаң қабат шапаннан жаңбыр өтті.

Жаурадым қалқажан, –

деп ән созылғанда жылап жіберсе, ол бар табиғаты. Сөзі қандай сынық, әзілі қандай жарасымды десеңізші: «Ақ дегені артығырақ кеткен екен. Биағамыз айтқан соң амалымыз қайсы... Нар көтермес жүк болмайды дейтін бе еді, көтересің де...» Бұл –Ұлпан Ақнар аталғанда айтқаны. Жібек әзіл деген де осындай-ақ шығар. Ендеше оған (Ұлпан екеуіне) арналған мына өлең айдай_анық ақиқат:

Сибанның Ақнар, Шынар – Ай мен Күні,

Көктемде жұпар атқан екі гүлі.

Көркіңе жүрегің сай дүниедей,

Бар ма екен Мүсірептің тағы мұңы?

Рас, Шынар Ұлпан сияқты ел анасы бола алған жоқ, күрескерлікке көтеріле алмады. Бірақ ол да Еснейге серік болған Мүсіреп сияқты Ақнарға серік болды, дос болды, демеу болды. Ол бір жағынан Ұлпан бет-бейнесін терең ашу үшін алынған жарыспалы тұлға. Алайда Шынар бейнесі бәрібір

өзіндік өңімен, көркімен көкірегіңде өз шынарын көктетіп, көркейте береді, көркейе береді.

Табиғат та бұлардың махаббатына таң-тамаша қалғандай екен. Мүсірептің бейіті басында қос қайың өсіп тұр. Қолдан отырғызылмаған қос қайың. Мүсіреп пен Шынардың қос жүрегіндей өздері өсіп шыққан қос қайың.

4.

Адам іші қараңғы деу жөн бе? Біз осыған кейде сенеміз де, кейде сенбейміз. Олай болуы, өйткені адамына байланысты. Сондықтан да біз басқа ештеңе: бөгіп жатқан байлығың, ат басындай алтының болмаса да көкірегіңде сәулең болсын деп жатпаймыз ба. Иә, кеудеңде сәулең болсын, сәулең болса – бөгіп жатқан байлығың да сол, ат басындай алтының да сол. Оған еш нәрсе де, ештеңе де жетпейді. Асылы, өмір мен табиғат жүректі, дүрсілдеп соғып тұрған жүректі бекер көкірекке апарып орнатып қоймаса керек. Ол ашық болса, от шашып, лапылдап тұрғаны айналаны өртеп те жіберер, ал қарасы айналаны нұрсыздандырып, көлеңкеге көмер. Ол сондықтан да жабық кеудеге қамалған шығар. Бірақ дүниеге келгенде жүректердің қай-қайсысы да сәулесіз қара болып көрген емес. Оның көлемі жұдырықтай-ақ болуы мүмкін. Бірақ барлығы дерлік аппақ от болады, жарқырап жанып, сәуле шығарып тұрады. Ішінді, ішкі сарайыңды жарық етіп тұрады. Егер иесі жүрегіне бағынып, немесе жүрегін ақылымен тең ұстап, тіршілік тынысын жасаса, онда жүрек сәулеленіп жарқырай түспек. Сыртқа да сәуле шашпақ. Егер иесі жүрегін ұмытып, оның еркімен санаспай, тұншықтырса, өмір мен салқын сананың, дүние мен пайданың жетегінде кетсе, солардың бұйдалы тайлағына айналса – жүрек сөне бастауы да мүмкін, сәулесіз қалып, қара жүрекке

де айналуы мүмкін. Енді иесіне көнбес, оны тек өз дегенімен жүргізер құдіретті жүректер де болады. Олар кеудеге сыймайтын үлкен жүректер. Олар әрқашанда лапылдап жанған, өзгелерге тіпті, күллі қауымға шуағын төгер ғашық жасын жүректер. Әрине, мұндай жүректер әркімнің маңдайына біте бермейді. Сол себепті сәулелі жүрек иесі болсақ, кеудемізде сәуле болса, соған да бөркімізді аспанға атып қуансақ жарасар.

Ақын-жазушы осынау жүректердің қайсысына ие? Әрине, кеудеге сыймас алып, от жүректерге, ғашық, жасын жүректерге ие. Өзгелерге, күллі халыққа шуағын төгер сәулелі жүректерге ие. Әйтпесе олар жаңа шығарма жаза да алмас, сөз өнерінде адам жан жүрегін тану ғылымында жаңалық та аша алмас еді.

Ғабит Мүсірепов: «Менің ойыма өз заманынан бұрын туып, арманда кеткен үлкен жанның бейнесі біржола ұялап, шегеленіп қалды. Қанша жыл ойымда жүрсе де, қашанғы әдетім бойынша кешігіп жарық көрген «Ұлпан» сол бейнеге, сондай бейнелерге арналады», – дейді. Онысы бұл шығармасының туу жағдайын айтып жатқаны. Бірақ біз оны бәрібір кешігіп туды деп қабылдай алмасақ керек. Өз мерзімінде туды дерміз. Мұның себебі, Ғабен әдетін айтса да тағы ағынан ақтарылып отыр. Ол бұдан бұрын жазар болса, бұл шығарма жазылар ма еді, жазылмас па еді; дүниеге келер ме, келмес пе еді? Қандай бір жеміс те жазушы жүрегінде тамыр тартып, өскін шығарып, жапырақ жайып, желкілдеген соң ғана дән байлап, жарық өмірге қадам басса керек. Ол әбден пісіп толғанда, жетілгенде – жазсаң да жазарсың, жазбасаң да жазарсың, қолыңа қалам алмай тұра алмай еріксіз жазарсың. Ол жанарға мөлт етіп үйіріліп қалған көз жасындай, оны іркіп тамызбай тұра аларсың ба? Ол тұтанып кеткен от, лаулап жанбай қалайша кі-

дірер? Ол жүрегіңді жарып шыққан махаббат. Махаббатыңды маздатпай, сүйіп-күйгеніңді сезінбей, айтпай қала аларсың ба? «Ұлпан» да осылай туды, күні жетіп дүниеге келді. Сөз өнеріндегі үлкен бір жаңалық болып ашылды. Мұның шындық екендігі күмәнсіз. Повесті сыдыртып бір оқып шығу да, оған қарапайым көз жүгірту де жайбар оқырмандық қабылдау да, жылқы мінезді сыншылдық кіді зерделеу де мұны бұлтартпай айғақтайды.

Бірақ, бұл ашылған жаңалық қандай жаңалық, қаншалықты жаңалық? Гәп те осында. Біз енді осы сұрақтарға жауап іздеп көрелік.

Бәріміз де білеміз: – «Ұлпан» әуелі «Жұлдыз» журналының 1974 жылғы 6, 7, 12 сандарында жарық көрді. Ал 1975 жылдың аяғында кітап болып басылды. Кейін және жарияланды. Сондағы аңғарғанымыз, бұл шығарманы әр оқыған сайын тұңғыш рет дидарласып отырғандай сезімге бөленіп, жаңа бір көркем әсер-күйді бастан кешетініміз. Өмір мен өнердің, дәлірек айтқанда осы кітап пен бүгінгі тыныс-тіршілігіміздің шекарасы жоғалып, көз алдымызда өткен кезең шындықтары келетіндей: Ұлпан, Есенейлер сөйлейді, күледі, іс-әрекет жасайды, күреседі, өседі... Біз сол өлемге еніп, сол адамдармен бірге өмір сүріп жүргендей боламыз. Сонда бұл қалай? Өткен ғасырда туған Ұлпан, Шынар, Есеней, Мүсірептерді жатсынбағанымыз ба, жатырқамағанымыз ба? Жаны мен жүректеріне де, санасы мен сезімдеріне де түсінгеніміз бе? Иә, солай.

Сонымен «Ұлпанның» ең негізгі қасиеті – жаңа жаңалық екендігі, оқыған сайын жаңа, жаңалық бола түсетіндігі. Демек, бұл қасиетте барлық басқа қасиеттер – шығарма әдеби-көркем, шын-шынайы туынды болуы үшін керек барлық жақсылық бітімдер, сұлулық сандарлар, өзіндік ерекшеліктер жатыр. Атап өтсек, суреттеп отырған заманға лайық,

оған қоса автор Ғабит Мүсіреповке лайық тұнық тіл, тарихи өрелі өмір шындықтары, сомдалған кесек бейнелер, мінез-құлықтар, армандар, ой-сезімдер, тұрмыс көріністері, әдет-ғұрып, этнография өрнектері – бәрі-бәрі бар мұнда.

Енді «Ұлпанның» оқыған сайын жаңа жаңалық бола түсетінін бастан кешіп, түйсінетінімізді немен түсіндірер едік? Оның бірінші себебі: сол Ғабит Мүсірепов шығармасында бұрын жазылмаған, әдебиетімізде қозғалмаған тың тақырыпқа түрен салған. Ол басты кейіпкерін әйел етіп алып, бұдан бір ғасыр бұрынғы қазақ қауымының өміріне жіті үңіле отырса да, өзі жазған, өзгелер жазған жайларға оралмаған. Оларды ешбір қайталамаған, яғни біз бұл шығармадан әрідегі Қыз Жібек, Баян сұлу тағдырларына, орта тұстағы Тоғжан, Ақтоқты, Еңлік, Саралар тағдырларына, тіпті кешегі елең-алаң күндерде ғұмыр кешкен Қамар сұлу, қайран Шұғалар тағдырларына кездеспейміз, олардың аһ ұрған армандарына, мөлдір де маздақ махаббаттарына жолықпаймыз: ұшырасарымыз – мүлде басқа жай, қазақ әйелі өмірінде бұрын суреттелмеген тосын қыр-өлке. Ұлпан өмірі – сондай соны өмір, Ұлпан мұраты – сондай тосын мұрат. Атап айтқанда, ол махаббат үшін мерт болған Баян да, жүрегін жыр өртеген Сара да, көзі ашық, болса да қанаты қырқылған Салтанат та емес. Ол – Ұлы Октябрь Социалистік революциясы дауылының ілкі қарсаңында ғана және кейін Совет өкіметі кезінде дүр еткен көк құрақ, көзі ашық, көңілі зерек күрескер апаларымыздың бастауында тұрған мезгілінен ерте туып, күрескерлік іліммен таныс еместігі, революцияшылдықты айтпағанда, ағартушылық ілімнен де хабарсыз болған сауатсыздығы мен етекбасты ел ескілігі, екі жақты қанатын қырыққан, арманда кетіп зар кешкен аяулы бейне, асыл бейне, алып бейне. Әттең, заманы оған нәр берген

жоқ, мүмкіндік берген жоқ; тіпті оған бүкіл қоғамдық өмірдің билеп-төстеген басшылық жүйесі, зорлық-зомбылықтың надан күші қарсы болды, қалың ел санасының оянбағандығы өркенін жайдырмады. Әйтпесе ол жүрегінің жалынын ел тұтанғалы тұрған шептей болса, лап еткізіп тигізер еді де, кең дала лапылдап жанып жүре берер еді-ау. Жағдайы солай болса да ол өзі өмір сүрген ортаның, ел өмірінің қай саласын да шайқап қозғап, алға бастырып кетіпті. Өз әрекетімен де, өзгелерге атқарғызған әрекетімен де. Ғабит Мүсірепов сол қол тимеген ту тыңды игеріпті, тұңғыш соқа салып, қарс айыра жолдар тартыпты. Ғабит Мүсірепов туындысының жаңа болар, жаңалық болар ең бірінші ең негізгі сипаты осында. Екінші себеп – сол Ғабеннің бұл туындысының мазмұны ғана емес, ішкі-сыртқы түр-пішінінің де, көркемдік кесте құрылым, болмыс-бітімінің де атымен соны, өзіндік екендігінде. Ақиқаты да сол: Ғабен мұндай сөздерді, сөйлемдерді, олардың жарасымдарын, мұндай көркемдік құралдарды тұңғыш рет қолданып отыр. Әрбір сөз, сөйлемі, әрбір оқиға-эпизоды, әрбір тетік-деталі өзін де, өзгелерді де ешбір қайталамай төл тұрпатты, төл табиғатты болуына күш салған. Және сол мақсатына үнемі дерлік жетіп отырған. Ғабит Мүсіреповтың бұл туындысының мұндай жаңа, жаңалық болуының ендігі бір себебі – оның атақты қаламгер творчествосындағы мүлде жаңа белес, жаңа бет екендігінде.

Ұлы Ана Ұлпанға лайық ұлы шығарма дүниеге келіпті. Алдағы уақытта екеуімен де: ұлы ана Ұлпанмен де, ұлы шығармамен де талай ұшырасып, жаңадан танысып, ыстық жүрекпен табыса беретінімізге кәміл сенеміз.

ШЫНДЫҚТЫҢ ОРНЫ БІР БАСҚА

Шындық – бәріміз сусап келген және әрдайым сусар асылымыз, қымбат қазынамыз. Қай кезде де шындықты айту керек. Оны қанша білсек те көп емес. Шындықтың орны әрқашан да өз алдына басқа. Ұлы Октябрь социалистік революциясы қалай жеңіске жетті? Күн шұғылалы туған Қазақстанымыз қазіргі кәмелеттік кезеңіне қандай асулардан асып келіп отыр? Сол күреске, бүкіл бесжылдық белестерін басып өтуге сөз өнеріміз нендей үлес қосты? Рас, бұл жайлар тарих оқулығында да бар. Бірақ онда айтылғандар жеткілікті ме? Мәселен, Саттар Ерубәев өмірден қалайша, неге қыршын жас кетті? Жамбылдың қайта жасаруының сыры неде? Бұларды білу маңызсыз, мәнсіз, қажетсіз деп кім айта алар? Тіпті, тек қана ұлы М.Әуезовтің өмірін, рухани тыныс-тіршілігін білудің өзі кейінгі жеткіншек үшін қаншалықты құнды, өнегелі десеңізші!

Осының бәрін жас ұрпаққа айтатын, оларды сол шындықты таба білуге үйретіп, тәрбиелейтін кім? Алдыңғы толқындар. Ақсақалды әкелер, абзал ағалар. Басы ашық бір нәрсе – олар осы міндеттерін орындауға да тиіс. Өздеріне тиісті жұмыстарды жүзеге асырман, ортақ шындықты айтпай кетсе – мойындарына парыз арқалап кеткені, өз жүктерін кейінгі керуеннің мойнына борыштап кеткені. Ал, мұны соңғы толқындар қалай қарсы алады: әрине, оның себептерін ашуға тырысады, жағдайға түсінген соң, не кешіреді, не ауыр үкім шығарады. Себе-

бі, ақиқат бәрібір танылмай қоймайды. Иә, кім де болса уақыт таразысына түседі, кім де болса өз ұрпағы алдында жауап береді.

Ақсақал ақынымыз Әбділда Тәжібаевтың «Есім-дегілері» күллі оқырман, жеткіншек ұрпақ көңілінде осындай ойларды оятады, осындай түйсіктерді тудырады. Осының өзі-ақ оның бұл туындысының бағалы еңбек екендігінің, Тәжібаевтың оқырман алдындағы, болашақ уақыт алдындағы міндет-борышын жақсы түсінетіндігінің бір айғағы болса керек. Сондықтан да ақын ағынан жарылып, былай дейді:

Жауаптымын кешеге де, бүгінге,
Өткен өтті, кеткен кетті демеймін.
Жауаптымын өзім сүрген өмірге,
Айтпай сөзін сыбағасыз өгейдің.

Әбділда Тәжібаев өткен өміріміздің жақсылығына да, табысына да және жамандығына да, кемістігіне де ортақ. Тек шындықты жарық жүреппен айтуға талпынған көрген-білгендерін асырмай, жасырмай өз өресінде, шынайы айтуды мақсат тұтқан. Ол және де сол мақсатына толық жеткен. Оның естеліктерінің құндылығы да нақ осында.

Біз Ә.Тәжібаевтың бәрін де қалтқысыз, ақынша айтқанына сенеміз. Себебі, ол – үлкен жүректі ақын. Бұған оның өз жырлары куә, осы естелігі куә. Зергер суреткеріміз Ғабит Мүсіреповтің ақын жүрегіне кек тұрмайтынын, кек тұрса онда қақ тұрғаны екенін, ал, ондай қақ тұрған жүрек иесінің ақын емес екенін айтқаны бар. Ә.Тәжібаев жас болды, жасамыс болды, кейде «пенделік» те жасады, қателесті де. Бірақ оның жүрегі әрқашан да таза еді, оған қақ тұрмап еді. Егер оның жүрегіне бір сәт те өзімшілдік, қақ тұрған және тұратын болса, Мұхтарлар туралы оқығанда көзіңе жас үйірілтер мынадай жолдарды жаза алмас та еді деп ойлаймыз:

Мұхаңның шашы селдіреп қапты ағарып,
Менен де кетті, кете алмай жүрген балалық.
Жиналған шақта иесіз қалған орынды,
Естіртпей ғана егіліп іштей санадық...

Ақын, рас, өз есіндегілерін ғана айтқан. Қарапайым, ойлана айтады. Сабырмен, жүрекпен шешіледі. Тағы бір тамашасы – ол тек өзінше айтқан. Сол себепті де ақынның бұл дүниесі естелік болумен бірге шынайы, кесек көркем туындыға айналған. Шығарма бойындағы ойлы, зейінді, бұрқыраған ақындық сезімді, қанды қызу, жанды лепті бірден байқайсыз.

Ақын естелігінде алуан тұлғалар: жазушы әрі пенде болған да жандар, сүйек пен еттен жаралса да ұлы болған да жандар бар, жай адамдар болса да жүрегіңе жырдай жақын, жарқын тиетін жылы жандар да бар. Уақытқа, заманға деген шолу, адамға деген махаббат та бар. Селкеусіз сыр да, жалын жыр да бар. Жарқ еткен қуаныш та, өзекті өртер өкініш те бар.

Осының бәрін баяндаушы, еске алушы автордың өзі кім? Ол қалай қаз басып, өнер өлкесіне енді, қалай ақиық ақын болып қалыптасты?

Ә.Тәжібасов та революцияға, оның әрбір ұранына үн қосып, мезгілмен бірге алға қозғала алды, замандастарына жырмен жәрдемдесті. Бұған ол бүгін де қуанады.

Әбділда Тәжібаев өзгелерді көп сынады, өзгелерге көп достық жасады; үлкенге іні, кішіге аға бола білді. Керісінше өзі де аз сыналған жоқ, өзіне де үлкендер аға, кішілер іні бола білді. Өсті, есейді, өрледі.

Естеліктегі Шенеу аға – қарапайым еңбек адамы. Көкірегі ояу, зерделі жан. «Абайды ұнатып, оның өлеңін айтпасақ, малмен мал боп кетпейміз бе далада?» – деген абзал жан Ә.Тәжібаевты Абайға қайта оралтқан ұстаз да болып еді.

Естеліктегі Мұхаң туралы беттер ең бір әсерлі, жүрек тебіренерлік беттер. Ақын – автор ұлы адам, ұлы ғалым, ұлы жазушы бейнесін нақ оның өзіндей етіп, айнытпай, ажарлы сомдаған дерсің.

Қарашы, өне, Омарханұлы Мұхтарға,
Емендер ғана осылай өсіп шықпай ма?
Айта қойшы өзің, білмейтін оны жұрт бар ма?
Тимесін көзің тек, жаным, оған сұқтанба.

Естелікте автор-ақынның осы махаббаты, осы кіршіксіз сезімі бастан-аяқ көзге ұрып, лып-лып тасып тұрады. Мұхаңның теңіз білімін, ұлағатты ұстаздығын данышпан жазушылығын, жұрт, әдебиет, театр қамын ойлаған зерделілігін осындай сүйіспеншілікпен жеткізеді. Өзінің көзін ашқанын, өзгелердің көзін ашқанын, оның қазақ әдебиетінің Алатау бақыты болғанын толғана танып, тебірене айтады.

Қысқасы, Мұхаң туралы айтылған ойлар мен ақиқаттарды естеліктен міндетті түрде тікелей оқыған дұрыс. Өйткені, Мұхаң туралы әр орайда түрлі ырғада айтылғандардың бәрі де бағалы.

Украинаның белді суреткері Павло Тычина аппақ сақал-мұрттары кеудесін жапқан Нұрпейіс, Шашубайларды көріп, басқа сөз таппай: «Ғажап! Ғажап! Осының бәрі Жамбыл, бәрі Тарас Бульбалар ғой», – десе, оған Жамбылдың 75 жылдығында М.Әуезов жасаған баяндама себепші еді.

Орыстың құдіретті драматургі Николай Погодин МХАТ тойындағы Шәкен Айманов пен Хадиша Бөкеева ойындарын көріп (бұлар Катерина мен Петручионың сахнасын ойнаған екен): «Сіздердің театрларыңыз әлемдегі ұлы театрлардың бірі екен. Мен қайран қалдым», – десе ойланыңқырай сөйлеп, ол да ұлы Мұхаңның арқасы еді.

«Мұхаң да, міне ортамызда жарқырап тұр. Біз

оған сүйіп қараймыз, сүйсініп қараймыз. Мен осындай ұлы адаммен бірге жасағанымды, ең жақын достарының бірінен саналғанымды шексіз мақтан етемін». Бұл – Әбділда Тәжібаевтың Мұхаң туралы парасатты лебізінің соңғы жолдары.

Кейде сирек болса да әдебиетшілеріміз арасынан Жамбыл туралы жеңіл сөздерді естіп қаламыз. «Ол әшейін ақын, ұлы ақын емес. Керек десеңіз, оған өлеңдерін хатшылары жазып берген. Орысшаға мықты аударылды, содан соң да даңқы дабырайып кетті». Осындай сөздерді естігенінде жаның ауырады. Жамбылға кезінде хатшыларының, аудармашыларының себі тиген де шығар. Бірақ олар жоқтан бар жасай алмайды ғой. Оның үстіне:

Алатауды айналсам,
Алғадайды табам ба?
Сарыарқаны сандалсам,
Саңлағымды табам ба? –

деген керемет жолдарды тоқсанның төрінде отырғанда суырып салған адамға қандай мақтау айтсаң жарасады.

Әрине, біз жеке басымыз ақынмен замандас болған жоқпыз. Жамбылдың ұлылығын көзбен көрген жоқпыз. Бірақ, қолымызда ақынның өлеңдері бар. Рас олар ауыз әдебиеті үлгісінде жазылған, алайда соған қарамастан оларды түсініп оқысаң, тани алсаң, ұлы туындылар екені бірден-ақ аңғарылады.

Ал Ә.Тәжібаевтың айтқандары – әлгіндей пайымдау, пікірсымақтарға бірден-бір және титтей де таяныш-тірек қалдырмайтын дәлел. Оған қоса жыраудың ұлылығына сенбейтіндерге де сәл де күдік қалдырмайтын дәлел.

Ақиқаты да сол – Жамбыл қазақ ақындарының атасы. Ол сегіз қырлы, бір сырлы ұлы жырау. Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетін жүрегінде қабағат-

қатар қорытып, ұштастырып, бір жеміс еткен алып ол. Тек қана суырыпсалшылығының өзі керемет қасиеті емес пе? Сөз сарасын нәсерше төккенде Жамбыл ақын жүрегінен жүздеген эпостарымыздағы керуен-көш образдар, қазақ халқы тілінің тасқын байлығы домнадағы кендей қорытылып, алтындай сауылдап құйылып жатпай ма? Ендеше сол нұрлы нәсер тамшыларының ішінде бірлі-жарым ұсақ, мөлдір емес, маржан еместері де кездесуі заңды. Себебі суырыпсалма ақын жазба әдебиет өкілі сияқты он ойланып, жүз түзеп, қырық қайта сызып жата алмайды ғой. Етек-жеңін жинай алмаған сел жаңбырдай құйып-құйып өтеді де шығады. Мұның өзі оған біршама жетімсіздік жапсырса да, қайран қаларлық артықшылығы да нақ осы суырыпсалшылығында емес пе? Бұл Жамбылдың алып ақындық құдіретінің көрінісі. 1936 жылы Москвада өткен қазақ әдебиеті мен өнері он күндігінде бүкіл астана халқы «Правда» газетін қолына ұстап, ақынды «Жамбыл, Жамбыл», – деп қарсы алса, ұлы Шота Руставелидің 750 жылдық тойына барғанда ақын жиналған жұртшылықты сілтідей тындырып, сиқыршыдай баурап алса, ол да Жамбылдың ұлылығы, Жамбылдың аққу мінездес болуы да, ештеңеге жөнсіз таңданып, тайыздық, көрмегендік танытпауы да, адам тани білуі де оның ұлылығы. Бір басында миллионнан артық ұйқас сөз, жол, өлең болуын, «Көрұғлыны» он бес күн бойы жырлай алатындығын алсақ ше? Бұл да оның ақындық алымдылығының алыптығы емес пе? Жырлары жауынгерлермен қатар сапта тұрып, жауды қиратқан ақын тек Жамбыл ғана. Жүзге келген шағында жігітше қайрат танытып, жалын жыр төккен де әлемде тек Жамбыл. Мұның өзі жержүзін алғанда, барлық уақытты, тарихты алғанда бірінші рет болған, қайталанбаған және қайталанбайтын құбылыстар, тек Жамбылға ғана тән құбылыстар.

«Халық ақындарын көріп, олардың айтыстарын тыңдағысы келген жұрт театрдың есігін бұзып, терезелерін сындырып кірді», – деп жазады Ө.Тәжібаев. Халықтың ғажап махаббаты, қайталанбас махаббаты бұл.

Ендеше Жамбыл мәңгі тірі. Әлемде жұмыр Жер бар да Жамбыл бар.

Айтпаған халқым Жәкем деп сені бекерге,
Жүзжылдық еңбек дүниеден тегін өтер ме?
Мінекей, Жәкем, тағы да шықтың ортаға
Барлық жырыңмен –
Лениннің туын көтерген.

Ленин туын көтерген Жамбыл жырлары болашаққа самғап кетіп барады.

Естеліктегі Ахмет Жұбанов келбеті қандай? Енді ол туралы ақын жазбасын этюд деп қана ойлап көр.

А.Жұбанов қазақтың тамаша ұлт-аспаптар оркестрін ұйымдастырды. Оркестрдің құрылуы қазақ, кеңес мәдениетіндегі ұлы оқиғалардың бірегейіне айналды. Оның үні дауылдатқанда Сарыарқа сілкініп, Алатау шайқалғандай еді. Ертіс, Іле, Сырдариялар бірігіп, жаңа бір арнамен аға бастағандай еді. Өнерге жанашыр жұрт жарыла қуанып, кенеле сүйінгеннен көз жасына ие бола алмап еді. Мұның өзі асқан ерлік болатын. Мұның өзі ерен еңбек болатын. Сол еңбек ерлігінің нәтижесінде кіп-кішкене қаршығадай А.Жұбанов асқар Ахмет Жұбановқа айналып еді. Аспанға шырқап шығып, шоқжұлдыз болып жанып еді.

Нартай Бекежанов! Өлеңді гармонияға қосылғанда суырып салып, төгіп айтатын арқалы ақын. Әрі әнші, әрі жырау. Түрлі өнердің басын қосқан жан. Жұртты қаласа күлдіріп, қаласа жылататын Наркең Сыр бойы елінің әлі есінде. Бармағы майысатынның бәрі дерлік әлі де Нартай әнін, әуенін салып шырқары бар.

Келген еді бұл дүниеге жырменен,
Өтіпті сол жыр ағызған қалпында.

Шашубай! Ол да жалт етіп еткен, кезінде лайықты бағаланбаған талант екен ғой. Кейде шоқ, кейде нұр шашатын жанарында тұңғиық сыр жатса, қоңырынан ағы көп, қою ұзын сақалында даналық белгісі-бедері жатқандай. Он үш жасынан делебесі қозған ақын жиырмасында-ақ айтыста азу, арқа танытқан. Шапқан аттың үстінде түрегеп тұрып, гармоньмен ән салатын ақынның цирктік өнері де халықты таңдандырған. Бас терісін ойнатқанда қалпағы бір орында тұрмай жүгіріп кетсе, оң аяғын тап-тап басып термелегенде бақсыдай буырқанып, аруағы асқан. Шиырып лақтырған бөркінің айналып өзіне келуі де керемет жайт. Ол «Қамбар батыр» іспетті жырларды да өзінше толғаған.

Нұрпейіс Байғанин! Сексен үште де ширақтықтан танбаған, жыр қанатымен аса биік ұша алатын, самғаған адамды көргенім осы деп автор бекер айтпайды. Шынында Нұрекең де қазақ жырының бір теңізі еді. Оның өзі де бір эпос еді. Ендеше мына жарық күн жанып тұрғанда, мына қазақ деген халық шарқ ұра есіп тұрғанда Нұрекең ақындығы селдей береді деп айта аласың.

Иса Байзақов! Қаласа жазып төгеді, қаласа жазбай төгеді. Домбырамен де айтады, домбырасыз да айтады. Ақын. Актер. Желдірмеші. Оның ірілігіне Т.Г.Шевченконың 125 жылдық тойындағы мінезі-ақ жеткілікті айғақ. Украинаның көзі тірі бүгінгі кобзарьларын көргенде арқалы сезімтал ақын шыдай алмап еді. Қаны қашқан, сұп-сұр жан көзі жасаурап, лезде домбырасын бұрап, қос ішекті баптап алып, кобзарьларға қосыла, жыр шырқап кетіп еді. Қазақ ақынының мұндай асқан сезімталдығы жиналған зиялылар тобын естерінен тандырған. «Ғажап!» «Ғажайып!» деп сыбырлаған олар. Сол жерде ақын

жүрегінен төгіліп тұрған құдіретті суырыпсалма өнер үлкен оқиғаға айналған.

Е.В. Бучетич – заманымыздың ұлы суретшісі. Ол – Әбділда Тәжібаевтың досы ғана емес, Қазақстанның бір ұлына айналған жан. Астанамыздағы Үкімет үйі алдындағы ұлы Ленин ескерткішін жасап, республикамызға тарту еткен де сол. Қаныш Сәтбаев, Ахмет Жұбанов, Нәйла Базанова, Қалибек Қуанышбаев, Мұхтар Әуезов, Бауыржан Момышұлының тамаша мүсіндерін сомдаған да сол...

Қандай да бір жақсы шығармаға тән қасиет – оның оқып біткен соң да аяқталмауы. Ә.Тәжібаев естелігіне де осы бітім-ерекшелік тән екен. Естелік ескі тартпай, ешбір көмескіленбей, көңілінде жалғаса береді. Мұхандар, Жәкеңдер, Т.Жүргенов, Л. И. Мирзояндар жайлы ойға шомасың. Есіңе Абай оралады, қиялыңда Әйгерімдер ән шырқайды. Сұлушаштар махаббатын жүрегіңде тербетесің, кешегі Төлеген (Айбергеновтер) жырларымен тілдесіп кетесің. Сонда туған халқымыздың – М.А.Шолохов айтқандай, ұлы халық екенін, сөз оның сүйегіне біткен өнер екенін бағамдайсың. Сосын кезінде неге танымағанбыз, ұлыларымыз бен жайсаңдарымыз неткен көп еді деп таңданасың. Сосын өткен өтті ғой, қазір ше, қазір танып жүрміз бе жақсыларымызды, қадірлей біліп жүрміз бе жайсаңдарымызды деп зерделейсің.

Бұрынғы кездердегі сияқты қазір де өнеріміздің алды – тіл. Бір сөз үшін ат мініп, ақындарымыздың шапан киетіні қазір де рас.

Айтысатын ақсақалмен, қызбенен,
Ақын халық екенбіз ғой біз деген! –

Қадыр Мырзалиевтің қаламынан жаралған осынау жолдар – ұлы шындық. Екі ауыз өлең шығара

алмайтын қазақ жоқ бүгінгі таңда да. Яғни, тұтас халық – ақын. Ғажап қой!

Енді соларды ардақтап, тануға келгенде ше? Мүдіріп қалатындаймыз.

Біз осы орайда халқымыздың мынадай ұлы мақалдарын мың рет қайталасақ та артықтық етпейді деп білеміз:

«Алтау ала болса, ауыздағы кетеді,
Төртеу түгел болса, төбедегі келеді»,
«Өсетін елдің баласы бірін-бірі шырағым дейді,
Өспейтін елдің баласы бірін-бірі шұнағым дейді»,
«Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді».

Әрине, бұдан ақиқатты айтпау керек, жоқты жасырып, барды асыру керек деген ұғым тумайды. Қайта ақиқатты тану керек, айту керек деген ұғым туады. Ауруын айтпаған өлетін болса, ақиқатсыз ердің де, елдің де көгермейтіні рас. Демек, жақсылықтың мерейін тасытып, жамандықтың құтын қашырып, әрқашан да ақиқатты айтуымыз керек-ақ.

Ақсақалдарымыз, ағаларымыз бізге айдай анық ақиқаттарды ағынан жарылып айта берсін!

ЖЕР ЖАННАТЫНЫҢ ЖАРАТЫЛЫСЫ

Ақын Ілияс Жансүгіровтің атақты «Жетісу суреттері» өлеңінің жазылғанына 60 жыл

Талантты, танымал ақындардың қай-қайсысының да екінші аты болады. Поэтикалық немесе ел еншілеген өлеуметтік ат. Және міндетті түрде болады. Және оны ақынның туған халқы ғана емес, жер бетіндегі жыр сүйетін басқа жұрттар да біледі. Бұл – сөз жоқ, тек ұлы да ұлағатты ақындардың, аз да асыл ақындардың ғана мандайына біткен бақыт. Мысалға, Байрон бұла, асқақ ақын саналса, Есенин – ерке ақын, тамылжыған орыс табиғатының тамаша жыршысы есептеледі. Ал, Ибраһим Құнанбаев есіміне тек Абай, алып теңеулері жарасса, Сәкен Сейфуллин есіміне қызыл сұңқар, асау тұлпар балмалары тәндік, төлдік танытады. Әрине, мұндай аттар оларға бекерден-бекер танылмаған, олардың өлеңнен-өнерден ойып алған үлкен орнына, өмірде жасаған поэзиялық-азаматтық ерлігіне, еткен ерекше еңбегіне лайық берілген.

Ақиық ақын Ілияс Жансүгіровтің де екінші есімі бар екені ақиқат. Ол – Құлагер. Өйткені, Құлагер десек, басқаның бәрінен бұрын Ілияс Жансүгіров ныспысы еске түседі, ақынның әйгілі «Құлагер» дастаны, басқа да белгілі шығармалары ойға оралады. Себебі...

Ілияс Жансүгіровтің төкпе-төгілме және мол-маздақ творчествосының басты белгісі – ҚҰЛАГЕРЛІК.

Көкшетаудың Ақан серісінің «тәует бас, қамыс құлақ, қақпан бел, құлан жал» Құлагері – қандай бірегей, қандай желден жүйрік, жалқы жылқы болса, Ілияс Жансүгіров те – жұмыр жер бетіндегі сондай бірегей, сондай жүйрік, жалқы тұлпар ақын. Қайталанбаған, қайталанбас Құлагер ақын.

Қазақ халқының тарихи зердесіне, табиғи топшылауына сүйенсек, адам баласы қырық жасында кемеліне келеді. Бұл жаста оның бойы ғана емес, ойы да толып толысады. Бұл жаста дау тоқтатқан шешен, көш бастаған көсемдерде қырық кісінің ақылы болуы да ғажап емес. Бәлкім, сондықтан да шығар, Ілияс Жансүгіров өзінің ең кесек, кенен «Күй», «Күйші», «Құлагер» дастандарын 1930 жылдардың ортасында жазыпты, яғни қырықтың қырқасына көтерілген шағында ғана жаза алыпты.

Рас, болатын бала бес жасында-ақ болымдылық байқатып, он бесінде топ бастайды. Тұлпар тай кезінде-ақ тұяқтастарынан озып, бестісінде ат атаулыны артқа қалдыра бастайды. Біз балауса ақын, жас ақын Ілияс Жансүгіров творчествосынан да соны көреміз.

Ұйықтап жатқан көңілді өлең түртер,
Қайғы-зарын, қуанышын жақсы тінтер.
Жүрегімнің айнасын шаң басқанда
Орамалым – осы өлең бетін сүртер.

Бұл – әлі ақындық жолына белін бекем буа қоймаған, өзінен ақын шығарына да күмәнді жиырма бір жастағы Ілиястың қаламынан өрген жолдар. Абайдың әсері де бетіне шымырлап шығып тұр. Алайда Ілиястың өзіндігін де аңдатады. Жалғастырып кетсе, аяқ алысы алымды боларын аңғартады.

Әдебиетке шынында да кештеу келген Ілияс Жансүгіров шамамен жиырма жеті-отыз жасында

ғана шындап өлең жолына түседі. Өнер жолына қалай түседі, солай ақынның екінші тынысы ашылып, өзінің айрықша ақын, шабыты – нәсер, қарқыны – Құлагер ақын екенін айғақтап сала береді. Жүздеген жалын, жаңбыр жырлар туғызып, «Күй», “Дала” іспетті дарқан дастандарын жазуға қадам басады.

Осы айтқанымыздың бір дәлелі – ақынның бүгінгі таңда жазылғанына тура 60 жыл толып отырған «Жетісу суреттері» атты өлеңі.

Өмірдің әрқашан мойындатып келе жатқан бір шындығы – ақынның ұлылығы уақыт сынынан өткен соң мойындалатындығы. Ілияс Жансүгіров те бірден белді ақын, ұлы, Құлагер ақын ретінде танылған жоқ. Тіпті өз кезінде ол қатты сындар да естіді. Өлсіз, нашар ақын ретінде бағаланған сәттері де бар. Бірақ ақынның арамыздан кеткеніне жарты ғасырға жуық уақыт толып отырған қазіргі таңда І. Жансүгіров творчествосына көзқарас бөлек қана емес. Ол күллі совет халқының құрметіне, жеткіншек қауымның махаббатына бөленіп отыр. Ақын творчествосының тұтас алғанда да келістілігі – ақын шығармаларының көркемдік келесіне, кестесіне сай, айтқан ақиқат, ашқан жаңалықтарының ғаламаттығына, ғажайыптығына сәйкес бағаланады.

«Каждая строчка великого писателя становится драгоценной для потомство», – дейді А. С. Пушкин. Ілияс Жансүгіров те – қазір қандай бір жанрдағы (мейлі поэзия, мейлі сын, проза, драматургия, мейлі журналистика болсын) қайсыбір шығармаларының да әрбір қайырым-шумағы, әрбір жол сөзі осындай қадірлі, қымбат жәдігерлікке айналып отырған қаламгер. Бірақ прозашы Пушкиннен ақын Пушкиннің шоқтығы тым биік екені тәрізді сыншы Жансүгіровтен ақын Жансүгіровтің артықшылығы айрықша. Ал, сол ақындықтың өзіне келгенде де «Жоқ», «Заман», «Ұштасқан үш тілек», «Гималай» тақылеттес жырлар мен «Күй», «Дала», «Күйші»,

«Құлагер» іспетті көлемді туындылардың ақынның көркемдік өсу белестерін, кезеңді асуларын белгілейтіні даусыз. Демек, өзге ақындар сияқты Ілияста да басқа шығармалар бар да, басты шығармалар бар. Ұлағатты өлеңдер бар да, ұлы өлеңдер бар.

Біздің ойымызша, ақын 37 жасында тудырған «Жетісу суреттері» атты өлең де – Жансүгіров творчествосындағы бір кезеңдік өлең. Кемел де кенен шығарма.

Абайға шейін қазақ әдебиетінде табиғат лирикасы жарытып жазылмағаны, арнайы салаға айналмағаны белгілі. Абайдың ұлылығының бір белгісі де – тыңнан түрен тартып, осы табиғат лирикасын туғызып, қалыптастыруы. Бірақ «Жазғытұры», «Қыс» секілді бірлі-жарым классикалық үлгілер Ілияс Жансүгіровке дейін көптеп тумады, жақсы жалғаспады десек тағы да қателеспейміз. Ал Ілияс қолына алғаш қалам алған кезден-ақ табиғат суреттеріне, пейзаждық полотноларға жете көңіл бөліпті. Соның бір әдемі жемісі – «Ағынды менің Ақсуым» өлеңі болса, керемет бір көрінісі – осы «Жетісу суреттері».

Толымды табиғат лирикасында, парасатты пейзаждық өлеңдерде, әдетте, үш басты сипат-қасиет кездеседі. Олар: біріншіден, табиғаттың нақтылы төл бейнесін беру, табиғатты таныту; екіншіден, сұлулықты сомдау, әсемдікті жасау, көркемдікке қанықтыру, үшіншіден, табиғат өмірін, сұлулық сымбатын таныстырып-табыстыру арқылы адам өмірін де таныту. Себебі, табиғат – табиғат үшін керек емес, әуелі адам үшін керек. Оның адам көзімен көріліп, автор сезімімен қабылданатыны өз алдына, белгілі бір табиғат пұшпағын суреттерде автор-ақын алдына белгілі бір ақындық-адамдық жарқын мақсат та қоймай ма? Демек, табиғат лирикасы – пейзаж оқырман қауымға жаратылыстық, жағырапиялық, биологиялық білім беріп қана қоймай, әлеуметтік әр-танымын да кеңейтіп, эсте-

тикалық нәр-тағылыммен де сусындатады. Оны айтасыз, тамаша табиғат лирикасы – ақын жүрегінен жаралған ұлы табиғат суреті патриоттық сезімге де әсер етіп, адамгершілікті де ұштап, орнықтыра түседі.

Міне, Ілияс Жансүгіровтің «Жетісу суреттері» деген өлеңінде де осы айтылған қасиет-сипаттардың бәрі бар. Үшеуі де толыққанды, әбден шегіне кеткен, шандоз күйінде кездеседі. Ең бастысы – оқып отырған жанға, оқитын жас ұрпаққа адамгершілік тәрбиесін де дарытып, әркімнің бойындағы азаматтық болмыстың нығайтып, тамырын тереңге тарта түсуіне жәрдемдеседі.

* * *

“Жетісу суреттері” – “Жалпы сын”, “Тау суреті», «Жетісуда су суреті», «Жетісу жәндігі», «Жер түгі» тәрізді бес бөлімнен, 333 жолдан тұратын көлемді туынды.

“Жетісу суреттері” советтік социалистік сән-салтанатты өміріміздің жарқын шындығына, еңбеккер халқымыздың жасампаз еңбегіне орай түлеп отырған өлкенің кешегі-бүгінгі жайнақы бейнесіне мейлінше сәйкес өлең. Бүгінгі география, биология ғылымдарымыздың өскен өріс-өресімен өрелес, деңгейлес өлең.

Ақын алдымен Жетісудың жалпы кескін-келбетімен таныстырады:

Жетісу, кеудең – асқар, аяғың – көл,
Қоңың – құм, мықыныңда – бар сексеуіл.
Тау жайлап, қоңыр күзеп, құмды қыстап,
Ол бір маң мал өсірген өлкедегі ел.
Көктемде құмнан әсем жер болсын ба,
Жайқалып жауқазыны, раң гүлдер.
Бойдағы бозбаладай асыр салса,
Қозысы құйрықтанып дөңгеленер.

Көріп отырмыз, ақын а дегеннен-ақ кібіртіксіз көсіле жөнелген. Тұлпар шабысқа басқан. Бастаудың өзі: осы сегіз-ақ жол өлең – тұнып тұрған тың, тосын бедерлер, айқын да ажарлы айшық-образдар емес пе? Ақынның Жетісу өңірін жырлауды миллиардтаған жылдар бойы жасап келе жатқан құдай-ана Табиғаттың ең ғажап, ең сұлу туындысы – шалқасынан түсіп жатқан Адам бейнесіне балап, бастауының өзін керемет келісім-кесте деп білсек орынды: «Жетісу, кеудең – асқар, аяғың – көл». Жағырапиялық жаратылысқа да дәл: кеудесі – Аспан (Тянь-Шань) таулары, аяғы – Балқаш көлі. Қоңы – құм болса, мықыны – сексеуілді. Осы құмда мыңғырып мал өсуде. Жауқазынын қараңыз. Жауқазыныңыз – жапырайған жұқа, әлсіз өсімдік-гүл емес пе? Ақын жайқалтып қойып отыр. Раңын көріңіз. Ұйысқан, нәзік раңды гүлге айналдырып жіберіп отыр. Бойдақ қой – бозбаладай асыр салса, қозысы пісіп, дөңгеленіп шыға келеді. Жадыңа өткен ғасырлардағы жойқын жыраулар жыры оралады: «Балығы тайдай тулаған, бақасы қойдай шулаған...» Сонда І. Жансүгіров бабаларына еліктеп, қиялына ерік берген бе? Романтикаға салынған ба? Жоқ. Кәдімгі реализм. Бүгінгі Жетісу өңіріндегі советтік өмір шындығы. Ақын сол шындықты тек тасқын образ – сұлулық тілімен беріп отыр.

Тамашасы сол – осылай ағыл-тегіл ақтарылып басталған ақындық селі өлеңнің тұла бойында тасқындай үдеп, мың бұйраланып, арыстан жалдана жалғасып неше түрлі бедер-баяу, қызылды-жасылды құлпырма образдарды табиғаттай жасантқан. Бұл айтқанымызға өлеңнің күллі 333 жолы түгел дәлел. Мысал үшін Талғар, Талғармен тұтасқан тау жотасын алайық:

Талғар тау – тарғыл ала шоқы биік,
Асқақтайд емшегі, ерні көкке тиіп.

Арқырап асқарынан құлаған су –
Бауырын балбыратқан еліне иіп.
Малға жай, елге жайлау Үшқараштың
Сүбесін мекендеген суыр сүйіп.
Асы – астау, отырған ел – өрелі құрт,
Құрт жайып қодырайған Бақай биік.
Албыр бет Алматыда алма әдемі,
Алғандай ақ тамақты ауызға үріп.

Көз алдыңызға алуан тау-тас, жота-биіктер-
дің нақтылы бейнесі келеді. Ақын Аспантау сі-
лем-шыңдарын тұтас елестетіп, адам өмірімен әде-
мі салғастырады. Өртүрлі тау-тас, шың-шоқылар
өртүрлі мінез-күлық, тұлға-тұрпаты бар адамдар
тәрізді. Немесе өртүрлі құбылыс, көріністерге ұқ-
сайды:

Тегерез – төңкерілген тегеш, Шажа
Шамқой шал қабақ жауа түнергендей,
Талақтай талаураған Баянжүрек
Түнжырап тұқырып тұр «тірі өлгендей».

Лабасы төрде жатыр төстабандап,
Шоңқиып малды ауылдың төбетіндей.

Ешкідей үркіп шыққан Шөладыр тұр,
Қасқырдан бір тықырды көретіндей.

Баладай былдырлаған саңау самал
Қойнына әжесінің енетіндей.

Томпиып томағадай Сарытау тұр,
Қарасай – ер қапталы атқа салсаң.

Құзары Қудырғының құлдыр шұнақ,
Өрікті – ол боз биедей желіндеген.

Өлең жолдары өзін-өзі айтып тұр. «Тау суретін» оқығанда бүкіл Жетісудағы тау жоталарының көркем кескін-келбеті сабақтасып, салаласып мен мұндалайды. Ақынға еріп Тарбағатайдан бастап Аспантаудың асқары Хантәңіріге дейінгі тау бедерін шолсаң, оқулықтан оқып білмей-ақ, Жетісу тауларына тамсана саяхат жасап қайтарың анық. Егер суретші – ақын Жансүгіровтің жыр жолдарын оқи отырып, сурет салатын болса, табиғаттағы нақтылы таулардан да сұлу, тамаша және оларға географиялық тұрғыдан соншалықты дәл, оған қоса ол таулардан гөрі жанды, тірі таулар тұлғалары түзілер еді. Бұған қарағанда ақынның Жетісудың барлық тау-тасына табаны тиген сияқты. Бірақ 1925 жылға дейін ол кең-байтақ Жетісу өңірін қалай аралап үлгерген деген күдік-күмән да қылтып бас көтереді. Алайда Жетісудағы асқар-асқар таулардың әрқайсысының төл ерекшелігін, қоршаған көрші таулармен қарым-қатынаста алып қарағандағы айырмашылық кейіп-қияпатын керемет беруі ақынды аса байқампаз, образбен ойлайтын, зерек, салыстыруға ұста, саралауға шебер, қиялы жер бауырламаған, зерделі географ ғалым деуге де ерік беретіндей.

Иә, Жансүгіров – ақын, тіпті ұлы ақын ғана емес, ғалым ақын. Ғұлама ғалым ақын. Себебі, талданып отырған туындының қайсыбір бөлшегі де, қайсыбір аумағы да – поэтикалық-географиялық суреттеудің нағыз үлгісі. Мәселен, ақын Жетісудың өзендерін қалай өрнектейді деңіз. Шу Ілеге, Іле Шелекке ұқсамайды. Әйтпесе Көксудың төл тұрпаты қандай өзгеше-өзінше десеңізші. Табиғат бауырын-

дағы нақтылы өзендердің де өзіндік ерекшеліктері солай-ақ шығар; бірақ оларды сол қалпында: сөз тауып образ тауып, жан дарытып бейнелей білу – ақынның ақынының ғана қолынан келетін шаруа болса керек:

Шу, өне, тауды тарпып шыққан шулап,
Ойнақтап, ырғи жосып, таудан тулап.
Асқардың ақтарылған ағы емес пе,
Қарық болған қырғыз-қазақ, суын сулап.
Шуылдап жүйткіп жатқан Шудың үні:
“Қолың бер, құт-береке, – дейді – тумақ!»

Бұл – шулап ағып жатқан құт-береке дариясы Шудың шырайы.

Көпірген Көксу көл бар басы бастау,
Дегенге көшпелі әйнек суы ұйқастау.
Тау жуып, тасты қуған содыр суы
Аңқылдайд арнасында меруерт астау.
Жалбасы, Шаған, Бұғы мүлгиді оған,
Шалдуар шалдай қалғып шала мастау.

Бұл – көшпелі әйнек сулы, үркіп аққан тентек, үш бірдей өзен шалдуар шалдай қалғып сәлем берген Көксудың келбеті.

Жетісуға қандай өзендер жатады? Міне, осы бір шиесі көп, жауабы қиын сұрақ отыздағы орда бұзған ақын, ғалым ақын Ілияс Жансүгіровтің де кезінде басын қатырған сияқты. Біз осы күнге дейін осы сұраққа дәл, ақиқат ғылыми бұлтартпас жауап берген ғалымды көрген жоқпыз. Баспасөзде ертелі-кейінгі кездерде жарық көрген мақалаларды оқығанда да әрқилы топтастыруларға куәміз. Басқа-басқа Жетісудың бас қалалары Алматы мен Талдықорған шаһарларында Жетісуға арналып орнатылған ескерткіш-белгілердің өзінде едәуір айырмашылық бар. Мәселен, Басқан, Тентек, Бақа-

нас өзендері бірінде қатарға қосылса, екіншісінде есепке кірмейді. Ендеше Құлагер ақынның «Жетісуда су суреті» бөлімінде бір емес, екі қате-кемшілік жіберуі, кейде ұлы ақындарда да кездесетін үлкен олқылыққа жатқанмен, одан І. Жансүгіровтің атақты өлеңі әлсіремейді, әрине. Сонда да ол не кемшіліктер дейтін болсақ:

Бірінші – ақын Жетісуға алты-ақ өзенді жатқызып, бес-ақ өзенді: Шу, Іле, Шелек, Көксу, Қараталды ғана жырлайды:

Аттанған алты өзені Жетісудың
Балқашқа бауырымдап еңкілдейді.

Рас, «Жалпы сында» ақынның былай дейтіні бар:

Жер таппан жерде жетер Жетісуым:
Күркілдек, Көксу, Лепсі, Іле, Шуым.

Егер ақын «Жетісуда су суреті» бөлімінде жырламай кеткенмен, осы кіріспе бөлімде аты аталған Күркілдек, Лепсіні қоссақ, Жетісудың өзені түгелденеді. Бірақ Күркілдек деген өзенді біз осыған дейін естіп те көрмеппіз. Ал Лепсіні неге жырламай кеткені – ақынның өзіне ғана мәлім жай. Сонда ақын Күркілдекті бекер атады деп тапсақ, жетінші болып ақынның туған өзені – Ақсу қосылады. «Жетісуда су суреті» бөлімінде кеткен екінші мін – ақынның осы Лепсі мен Ақсу өзендерін жырламауы, біздіңше. Шынында да Басқан басқа, Аякөз, Бүйен, Тентектердің қосылуын да даулы деп білейік, Ақсудың қосылмауы қалай? Өлде ақын «Ағынды менің Ақсуым» деп ертеректе арнайы жырлағасын қоспады ма екен. Біздіңше, ақиқат осылай болуы да мүмкін.

“Жетісу суреттері” өлеңінің ендігі бір қазынасы – Жетісудың жан-жануарларын таныстыруы. Ақын

оларды да жай атап, ұйқастырып тізіп шықпай, өзіндік белгілерімен бедерлеп, образға бөлеп, өлеңмен құндақтап берген. Мысалы:

Тағылар тарғыл тасқа баурын төсеп,
Бар тышқан қоныс алған балағынан.

Немесе:

Тазқара, балтажұтар, ақбас құмай,
Бұлақта отырғанын көрем ұдай.
Жарғақ бас жұртшы, саржақ субүркіттер
Құмайдың қоғамында құдасындай.

Немесе:

Тас жырып балаң біткен, шыңға шықсаң,
Күй тартар той қылғандай торғай сыңсып.
Көркемі көбелектің сол сайларда
Гүл шолып, жүрер ойнап, ұшып сып-сып,
Үстіңнен аю тасты сылдыратса,
Самайдан ішкен қымыз шығар шып-шып.

Көріп отырсыз, ұлы ақындардың қолынан бәрі де келеді. Шеберлікке дауа жоқ. «Шөп те өлең, шөңге де өлең» деген сын Ілияс Жансүгіровке де жүрмейді. Себебі, біз бұлай дегенде тапшы таланттардың тақырып ұсақтығын, не болса соны жырлағанын сынаймыз ғой. Ал біздің ақынымыз ұсақтың өзін ірілендіріп, шөңгенің өзін шөпке айналдыра алатын талант. “Жетісу суреттеріндегі» «Жетісу жәндіктерін» жырлауы да – соның дәлелі. Жарғақ бас, саржақ секілді дәл де дәрменді эпитеттер көбелектердің ойынына, торғайлардың күй тартуына – табиғат жасап жатқан тойға ұласып қана кетпейді, адамның ұрымтал, күрт психиологиялық күйін, қорқынышын нәзік те нәрлі берумен жалғасады:

Үстіңнен аю тасты сылдыратса,
Самайдан ішкен қымыз шығар шып-шып.

Қандай дәл, қандай көркем сурет десеңізші! Енді мұндай мол өлеңдік байлықты, табиғат-өмір шындықтарын терең таныстыруларды былай қойғанда, Жетісуда қандай жан-жануарлар мекендейтінін білудің өзі бір ғанибет қой? Атап айтқанда, ақын 51 тіршілік иесін таныстырыпты. Олар: сілеусін, ілбіс, аю, бұғы, бұлан, қасқыр, шибөрі, қарсақ, сусар, бұлғын, жанат, таутеке, арқар, қарақұйрық, марал, тазқара, балтажұтар, құмай, жұртшы, субүркіт, лашын, тұйғын, тұнжыр, тынар, мықи, ителгі, бәрпі, қырғи, құр, тұрымтай, бидайық, бүркіт, тығанақ, үкі, ақсары, құладын, суыр, көбелек;

Мінекей, Алатауға біткен торғай:
Қара, боз, суық, бұқбас, сипті шымшық,
Шапшақай, ләйлек, маубасбұқа, шөже,
Тоқылдақ, суқұрқылтай, бұлбұл, шымшық...

Ақын атаған осы жан-жануар, құс, жәндіктердің кейбірін қазір тау жынысы түгіл оқулық беттерінен таппаймыз. Білгіш болсаңыз, жұртшы, тұнжыр, тынар, мықи, бәрпі, тығанақ қандай құстар екенін айтып беріңізші. Білгіш болсаңыз, шапшақай, майлық, маубасбұқа қандай торғайлар екенін айтып беріңізші. Айта алмайсыз. Сонда І. Жансүгіровтің бұл өлеңі осындай құстардың «затын» сақтап, бүгінгі ұрпаққа жеткізіп отырған оқулық – «Қызыл кітап» – қызыл өлең де болғаны ма?

Нақ осы сөзді Ілияс Жансүгіров суреттеген Жетісу өсімдіктеріне байланысты тағы айта алар едік. «Жер түгін» оқи отырып, тағы да табиғатты тамаша білуге, туған жердің ағаштары мен шөптерін перзенттік махаббатпен қалтқысыз сүйуге куә боламыз. Бұл ретте Ілияс Жансүгіров – табиғаттың бөлінбес

бөлшегіне айналып кеткен ақын. «Бұраң бел талды құшып бір, мауқымды бассам деп тұрмын» деген ұлы табиғат жыршысы Есениннен бір де кем емес. Ақын жырының құдіреттілігі де сол – ол Жетісудың жер түгіне деген жалын махаббатымен бәрімізді де елітіп, соңына ертіп әкетеді. Сондай кезде жыр жолдарын оқып отырғандай емес, Жетісудың өсімдік дүниесі өлең өлкесіне көшіп кіргендей, сен сол ғажайып сұлу әлемді аралап жүргендей боласың. Сондықтан да ақынның барлық ағаш, шөпті жеке-жеке жырлауы мүмкін емес екенін де, олай етуге оның өнері жеткенмен, өмірі жетпесін де түйсінесің. Ендеше ақынның кей-кейде ағаш, шөптердің аттарын ұйқастыруының өзі қажеттіліктен туған жайт, шынайы шеберліктің бір көрінісі:

Долана, ұшқат, шетен, ырғай, арша,
Ақ сасық, қызыл қайың, барша шынар.
Шырғанақ, сөңке, терек, сөгет, емен,
Үйеңкі, шырғай, балғын тораңғылар,
Сары ағаш, қойқарақат, жиде, шетен,
Тобылғы, түйеқұйрық, бауырқұрттар;
Қараған, бозқараған, шеңгел, шілік
Сықылды ағаштардың талайы бар.

Күн шұғылалы кең-байтақ Қазақстанның түрлі құтты қоныс, алуан-алуан алып аймақтарға бөлінуінде халқымыздың табиғатты терең танып, мінсіз жіктеп саралай білуі бар. Сарыарқа, Атырау, Көкшетау, Сыр, Бетпақдала, Қызылқұм, Жетісу осынау тауып қойылған жер аттарында керемет төл тұрпат, ғылыми парасат жатыр. Поэтикалық бітім, сұлулық сезіледі. Енді осы өңір-өлкелерді тұтас шолар болсақ, халық таңған қосымша ат: эпитет, метафоралардың бұлтартпас шындығын және байқаймыз. Көкше деген сөзден-ақ сексен көлді өңірдің Жерұйығы екені бірден білінсе, «Сырдың елі – жырдың елі» деген

тіркес бұл өлкенің ежелден мәдениет мекені екенін байқатады. Нақ сол сияқты Жетісудың жер жаннаты аталуының өзінің себеп-сыры алдымен оның суға бай, нуға кенен жер екендігінде болса керек. Ал, сулы-нулы жердің жері ғана бай, жаннат емес, елі де соған сай, санат болуы заңды. Олай болса...

Құлагер ақын Ілияс Жансүгіровтің «Жетісу суреттерін» 1920 жылдардың нақ ортасында жазуы бекер емес.

Жетісу – Ілияс ақын жырласа жырлағандай жаннат, манат өлке:

Шалқиды шалғын көлдің қамысындай,
Атқұлақ – тасарықтың тарысындай.
Үш қырлы, сұлу сырлы айылқияқ,
Кіндігі қырғыз өрме қамшысындай.
Селтеңдеп сепсе қурай сырға қадап,
Саржағал сәлемдесед танысындай.
Жуалар шайқандаған ол бір кербез,
Шалма орап мұсылманның абызындай
Құстандай самал соқса сыбырласад,
Әзілді әйел, ажын-абысындай...

Мұндай жанат жердің: шалғыны – шалқыған қамыстай, атқұлағы – жайқалған тарыдай, айылқияғы – қырғыз өрме қамшыдай, қурайы сырғалы, жуасы кербез, құстандайы самалмен сыбырласқан ғажап жердің жеті жұртты ғана емес, жетпіс жұртты аттандырған құтты қоныс екендігі – өзінен-өзі анық ақиқат. Мұндай жердің қанша жырласа да әсемдігі таусылуы мүмкін емес.

Ақиық ақын атақты өлеңін былай аяқтапты:
Суретін сөз баяндап жеткізе алмас,
Жерінің Жетісудың бәрі сондай!

Әдемі аяқтау! Бұл да – рас. Бірақ гәп – Жетісудың суретін кімнің жырлауында жатыр. Ілияс Жансүгіровтей Құлагер ақын туған жерді ұлы жүрекпен

сүйіп, ғалымша біліп, шалқар шабытпен өмірмен өзектестіріп, өнерге айналдырып жырласа – жер жаннаты Жетісудың тамаша тамылжыған табиғаты: өңір – өмірі, өмір – өңірі ақ қағаз бетіне мөлдірет тұна қалмауы мүмкін емес.

Бүгінгі күні сол ұлы шығарма «Жетісу суреттерінің»: өңір-өлеңнің, өмір-өлеңнің, өнер-өлеңнің, зерттеу-өлеңнің дүниеге келгеніне 60 жыл толып отыр. Алпысқа келсе де ұлы өлеңнің шашына ақ кірмепті. Шашасына шаң жұқпапты. Шабысына шабыс қосқан қайратты, құдірет қалпында. Құлагер қалпында!

“Жетісу суреттерімен» жаңадан және бір рет жүздесе отырып, көңілге келетін ой: Біз әрқашан алдыңғы шепте халықпен бірге алға қадам басып келе жатқан басты шығармаларымыздың, мәңгілік туындыларымыздың да мүшелдерін елеп-ескеріп отырсақ орынды.

“Жетісу суреттерімен» жаңадан және бір рет жүздесе отырып, көкейді кесетін ой: ақындарымыз неге Ілияс Жансүгіровтен үйреніп, өз «Жетісу суреттерін» неге жазбайды? Шынында да бүгінгі қаламгерлерімізден «Сарыарқа суреттерін», «Қарақұм келбетін», «Атырау ажарларын» күтуге біздің хақымыз бар шығар.

1986 жыл

«МЕН – ҚАЗАҚПЫН МЫҢ ӨЛІП, МЫҢ ТІРІЛГЕН»

Бүкіл совет елінің көрнекті, кемел ақындарының шоғырына қосылатын Жұбан Молдағалиевтің бай да байсын поэзиясының бір асқар биігі – «Мен – қазақпын» поэмасы. Бұл – қазақ совет поэзиясының, тіпті күллі Одақ поэзиясының үлкен табыстары қатарына жататын дастан болып табылады.

Бұл поэманың аясы шалқар, құлашы кең. «Оқиғасы» тұрғысынан бірнеше үлкен, эпикалық тынысты поэмалардан «құралған» дастан деуге де келеді. Себебі, шығарма өзінің өн бойында қазақ халқының дүниеге келген сәтінен бастап бүгінгі есейіп, ержеткен кезеңіне дейінгі өмірін қамтыған, жырлап отырған басты қаһарманы да – біртұтас халқымыз. Сюжеті де ұлан-ғайыр тарих: қазақтың кешегі өткен өмірі мен бүгінгі тыныс-тіршілігі. Бұл енді аса кең құлашты қарым, ауқым ғой. Сонда поэма бұған қалай, қайтіп жеткен? Тек лирикалық-публицистикалық табиғат иеленуі арқасында. Бастан өткергендерін ақын-автор өз атынан – бірінші жақтан баяндайтын философиялық-толғаулық бітіммен жаралуы нәтижесінде. Әрине, мұндай ерекшелік ақын-автордың пайдасына шешілген, оның мүмкіндігін молайтқан. Біз білеміз: лирикалық-философиялық идея-мазмұн лирикалық кейіпкер – ақынның жүрегінен сүзіліп өтіп, синтезделіп, қорытылып шығады; яғни бірден піскен жеміс күйінде, даяр күйінде беріледі. Сондықтан мұндай поэманың басты элементі – қаз-қалпында

қабылданатын ақиқат ой, образға құрылған, сезімге суарылған философияға қаныққан ой. Міне, «Мен – қазақпын» поэмасы осындай тәсіл арқылы туып, тікелей ой-сезім арқылы суреттелгесін де сәтті түзілген, сұлу да бедерлі бітім қалыптастырған. Ал, бұдан басқаша әдіс алынса, бұдан өзгеше тек таңдалса, поэма бәлкім сәтті шықпаған болар еді.

Поэма лирикалық-публицистикалық болған соң да онда халықтың лирикалық-интеллектуалдық характері бар. Болмыс-бітімі, ғұмыры бар. Поэмадағы пайымды ой, сергек сезім желісі кино лентасындай сабақталып, көз алдыңнан бірінен соң бірі тізіліп өтіп жатады. Поэма лирикалық текке жатқан соң да, оның түйінді идеясын, жалпы бағытын аңғарып отырмасақ, оның ішкі «оқиғасын» – яғни ой-сезім ағынын түйсініп, тұшынып отырмасақ, мазмұн-мәнін нақты мынау деп қолға ұстап, көзбен көре алмайсың. Немесе қағазға толық түсіріп, ауызбен айтып та бере алмайсың. Өйткені В.Г.Белинский айтқандай: «Лирикалық шығармалардың мазмұны – объективті оқиғаның дамуы емес, субъектінің өзі. Яғни субъекті басынан өткерілген барлық нәрселер...» Осы себептен де лирикалық поэманы талдағанда одан үзінділер келтірудің маңызы айрықша. Лирикалық кейіпкер өзі туралы өзі сөйлесе ғана толық айтады. Және ағынан жарылып, адал айтады.

Поэма былай басталады:

Мен – қазақпын мың өліп, мың тірілген,
Жөргегімде таныстым мұң тілімен.
Жылағанда жүрегім күн тұтылып,
Қуанғанда күлкімнен түн түрілген.

...Сүйер болсам өмірдей өле сүйдім,
Қас батырмен қайрасқам балтам жүзін.

Жалпы, Жұбан Молдағалиев – реалист ақын. Поэма бастауындағы мына жолдар да соның дәлелі.

Қазақтың ұзақ та ұлы, қиын да қызық өмірі осылай басталған. Бұл шығарманың мықтылығы да осындай қарапайым, бірақ қарымды, селқос қалдырмай, қан қыздырар реализмге мол қанығып, суарылуында. Рас, поэмада романтикалық рух та, асыра теңеу, желпіне сөйлеу де кездеседі. Бірақ мұнсыз өлең өлең бола ма? Поэмада бәрі де жарасып тұр. Жарастық бар жерде ештеңенің де сөкеттігі жоқ. Мұның өзі шындықты аша түспесе, шығарманың шырайын, шырын кемітпеген.

Кейін білдім, Жердің де шар екенін,
Өз өлшемі, өз шегі бар екенін.
Көк өгіз деп көтеріп тұрған соны,
Ысырап боп жүріпті «бәрекелдім?»

Ұзақ ұйықтап тұмса тұз бесігінде,
Естімеппін Архимед есімін де.
Жерді үйіру қиялы былай тұрсын,
Жемісі де тимепті несібіме.

Қазақ ауылының сол кездегі анық шындығы бұл. Егіншілік кәсібінен де хабарсыз болды емес пе? Кең халықтың, ақкөңіл халықтың бейнесін осы жолдардан көреміз. Оның сәби ұғымын да білдіреді. Қазақ неге білмеді бұларды? Ол – тарихтың үлкен қоғамдық мәселесі. Мәнді мәселесі. Ақын осыны бадырайтып айтпаса да көзіңе елестетіп, көңіліңе шымырлатып қондырады.

Жетпеген жоқ ғылымға зеректігім,
Сөзбеген де емеспін керектігін.
Қала бердім жарыққа жол таба алмай,
Қараңғыға тас батып ер екпінім.

Солай болса да қазақ халқы мәдениеттен бұрын да кенде емес-ті. Қазақ халқы – асылы, талантты халық. Төмендегі шумақ тіпті сол өмірінің бейнесіндей.

Руым көп – солардың аттарындай,
Мінезім бар таулардың қатпарындай.
Ән-жырым бар бабалар хаттарындай,
Әжімім бар бейнеттің таптарындай,—

деп ағынан жарылады лирикалық кейіпкер.

Ал, қазір ше? Қазіргі қазақ – сауатты, білімді.
Бүкіл әлемге үлгілі адам. Жержүзі біледі оның есімін.

Ал, бүгін ше? Бүгін мен азаматпын,
Жаза алатын, ғылымды қаза алатын,
Жаза алатын дүниелік дастандарды,
Жаза алатын тарихқа қазақ атын.

Ақын поэманың бірінші тарауында осындай жалпы шолу жасайды. Бірінші тарау – пролог секілді. Басты кейіпкердің – қазақ халқының қысқа мінездемесі бұл тарау. Поэтикалық анкетасы. Әлеуметтік қалпы, білім дәрежесі, тағы басқа да қасиеттері ықшам берілген мұнда. Иә, осы тарау – поэманың экспозициясы, қазақ халқын таныстыру тарауы. Ақын екінші тараудан бастап жетінші тарауға дейінгі аралықта қазақ халқының бітім-болмысын жан-жақты «баяндап» ашады. Өткен өмірін өрелі суреттейді. Яғни, бұл тараулар қазақ халқының кешегі өмірінің оқулығы іспетті. Әдебиет, поэзия қашанда бір есептен – тарих. Одан да өткен жолды, істерді, жасалған ерлікті, барша ірі оқиғаларды, дамуды, халықтың махаббатын, достығы мен адамгершілігін, мәдениеті мен дәстүрін білуге болады. Өйткені, әдебиет – адам өмірінің сәулесі және адамға өмір танытуға қызмет етеді. Әдебиетте елеулі оқиғалардың, ұлы істердің таңбасы қалып отырады. Бірақ әдебиет – көркем тарих, тіпті де талғаусыз оқиғалар тізбегі емес; дәл, анық, қажетті, мақсатқа сәйкес алынған оқиға, олар тізбегі. Ол тарихты қарабайыр көшірмей күміс жамбысындай әсемдеп соғып, қыр-

нап, сырлап береді. Шегіне жеткізе жинақтап, идея, ой фокусына шоғырландырып, саралап, ажарлап береді. Әдебиет әлемінде суреттелген нәрселердің адам есінде ұмытылмай, шұғылаланып жарқырап қалатыны да осы себептен. Міне, нақ осындай қасиет, сипат Жұбан Молдағалиев дастанында да бар.

Сәл саябыр кіріспеден кейін-ақ поэма сюжеті биікке тартып, терең де тұңғыық ағыс танытады. Тарих сахнасынан қатал да, қанішер Шыңғыс хан көрінеді.

Жоқ, ондай ел болмайды жер бетінде,
Мал соңында құл емей желдейтін не
Мен – Шыңғыс хан атыңды өшіретін,
Менмін сені тірілей жерлейтін де!..

Ұлы далаға осылай деп енген Шыңғыс қазаққа көрмегенін көрсетті де. Осы арада ақын бір мүлт жіберген. Шыңғыс ханның өзі де, елі де көшпелі ғой. Ендеше оның қазаққа өз халқы отырықшы халықтай тіл қатуы, шекесінен қарауы қалай? Әрине, негізгі гөп мұнда емес. Негізгі гөп – жоңғар басқыншыларының қазақ даласы шалғынын жайпап, қаласын ойрандап, қыздарын күң, жігітін құл етуінде. Бірақ қазақ оп-оңай берілді ме? Жоқ.

Қылышына ілініп қылша басым,
Әр шапқыншы қолында жүр кесегі.

Ахуал осындай. Ақиқат осындай. Алайда жасанған жауға қазақ лайықты қарсы тұра білді. Мерт болды, бірақ шайқасып өлді, қаһармандықпен қаза тапты.

Қарсыласпай өлмедім, қан татырдым,
Құлап қалсам атымнан, қайта тұрдым.

Сансыз басты диюдай сан тіріліп,
«Мен – қазақпын!» – дегенді айта тұрдым!

Қазақ ақсақ, долы Темірді, текежаумыт атты жоңғарларды да осылай қарсы алды. Қуанышты Асанның қайғылы асанға айналатын кезі де – осы кез. Бетіне жан келмес Жошыға баласының өлгенін тапқырлықпен естірткен де осы қазақ. «Ақтабан – шұбырынды, алқакөл сұламаны» бастан кешіп, жер ауып кеткен де осы қазақ. Бірақ артынша ата жауын аңыратып қырып, туған жерінен түріп шыққан да осы қазақ. Бері келе қылышпен қадам басып, санаға біртіндеп сіңе бастаған ислам дініне бас ие қоймаған да осы қазақ. Қазақ халқы табиғатынан атеист-тін. Сондай қараңғы қоғамда қармалап өмір сүріп жүрсе дө, оған жүзін де бұрмады, жүрегін де берген жоқ.

Еркек болып сәлдені сыйламадым,
Әйел болып бетімді бүркемедім, –

десе, ол айна қатесіз рас.

Лирикалық қаһарман – қазақ осындай өмірде де арманшыл. Өзіне сенеді. Оптимист. Күресе білмесе де желді, дауылды сүйеді. Ақкөңіл де батыр. Кеңпейіл.

Тамызықпын жолдасқа, пілтедеймін,
Жал-құйрығын атының күлтелеймін.
Өз үйімде тимеймін жауыма да,
Жығылғанға жұдырық сілтемеймін.

Міне, осындай адамдықты білген, осындай мәрттік болмысына біткен қазақ арманы, аңсағаны іске асу үшін қарап та қалған жоқ. Тарихтың, даланың беттерінде айғыз-айғыз, сала-сала жарқын іздері жатыр оның.

Өшпейтұғын от іздеп зыр сандалған,
Прометей мен болдым құрсауланған.
Жарқылдадым Исатай найзасы боп,
Махамбет боп тілінен жыр саулаған.

Қазақ Исатайдың тегеурінді, темір найзасы боп
Жәңгірді жапалақша жан сауғалатып, Баймағамбет-
ті борсықша бұқтырып, патша өкіметінің туын тілгі-
лесе, Махамбеттің жауынгер жаңбыр жыры болып
даланың аспанынан жер бетіне саулаған еді. Жа-
уының жағасын жыртып, үстем таптың ішкенін ірің
еткен-ді. Қара қазан, сар бала қамы үшін ат үстінде
жол тартып, алты малтаны да ас еткен еді.

Кезіккендей бір сойқан сең селіне,
Теңселгенде канды тақ еңсеріле,
Тұрып қалды жамбастап сүйеніп ап,
Ақ патшаның қап-қара семсеріне.

Бұл үзінді – Қазақстандағы тап күресінің суреті.
Өткен ғасырдың бірінші жартысындағы көтеріліс
қалай, неге жеңілді? Жауабы да осы шумақта тұр!
Және қарға қарғаның көзін шұқымайтынын да көр-
сетеді. Қазақ халқын Россияның қабылдап, қарсы
алуында да екі сипат бар еді. Патша өкіметі қазақ
еңбекшілерін дала байларымен, шонжарларымен
қосыла езіп, табанға салса, орыс халқы достықпен,
бауырым деп құшақ жая қарсы алды. Және де пат-
шаның айтары: «Қазақ кім, ондай ат болмаған-ды,
болмау керек», – деген қисық, қыңыр сөз. Бірақ ес-
тігені – ол күтпеген, күтпейтін де ақиқат-тын:

Сен білмесең біледі, Наполеон —
Солдатың боп Сенадан ат суарғам,

Бұл – тарихи шындық. Еш уақытта да төменгі
таптар бірін-бірі жек көрмеген. Ал ақын алға тартқан
мынау эпизод – үлкен ұлы достықтың басы. Тарих

мынадай шындықты да біледі. Бұл оқиға да дастанда суреттелген. Сол ұлттар арасына алалық, араздық оты жағылған дәуір кезінде де қазақ жігіті мен орыс қызы бір-біріне ғашық болған. Олар – Мариям мен Дудар. Бұл – махаббат ғажап та мөлдір махаббат. Тіпті Мариямның Дударға арнап шығарған әні де бар. Керек десеңіз, Дон бойындағы бүлік пен Нарын бойындағы қазақ көтерілісінің табиғаты да бір. Міне, осыны ақын былай береді:

Бір жазықта тым ұқсас тумас еді,
Бір болмаса арманы, тұлға, шебі:
Ер Пугачев – қазақтың Исатайы,
Нар Исатай – орыстың Пугачевы.

Уақыт өте келе қазақ-орыс туысқандығы тамырын тереңге жайды. Пугачев пен Исатай ұқсастығы, Пушкиннің «Қозы Көрпеш-Баян сұлуға» ықыласын, қазақ жастарының махаббатын жазған Даль дәстүрін Лермонтов – Абайдың ақындық ағайындығы. Достоевский – Шоқан достығы, Ыбырай – Ушинский қарым-қатынасы. Мариям – Дудар махаббаты алға бастырып, дамыта түскен еді. Ақын, міне, осы табысуды, дамуды былай бейнелейді:

Талай сөзі миымда шегенделді:
«Күрес», «теңдік», «декабрист» дегендері.

...«Шәйт» деп енді лақтырсам, ақ таяғым
Табысады жұмысшы балғасымен.

Бұл достық ХХ ғасырдың басында қандастыққа, тілек тестікке, таптастыққа айналды. Қазақ бұрын мұны тек сезсе, енді тікелей түсінеді, біледі. Дүбірлетіп 1905 жыл өтті. Енді ұлы Революция дауылдатып жақындап келе жатты. Осы кездегі қазақ халқының рухы, жан дүниесі қандай? Ол – дауылға әзір. Күреске, шайқасқа әзір. Бұған, әрине, қазақ

бірден жеткен жоқ, оп-оңай келе салған жоқ. Бұл пісіп-жетілуді, тарихи толғақты өткен өмірлер дамуы, тап күресінің тайталасы дайындаған еді.

«Мен – қазақпын» деп қоям батқан күнге,
Көз қысам шығып келе жатқан күнге.
Бәйге күткен тұлпардай жер тарпимын,
Асығамын қиқулы «аттан» күнге.

Қазақ өмірі үлкен екі том секілді. Біріншісі, қалың, қара бояуға қанық өткен, ескі өмір. Поэмада да сол өмір жетінші тарауға дейін суреттелген. Ал, жетінші тараудың алғашқы әрпінен бастап, екінші, жаңа өмір басталады. Поэма көлемінен келсек те, тіпті тарихтың өзіне жүгінсек те, бұл екі өмір қалыңдығы шамалас дер едік. Рас, өткен өмір – өте ұзақ, бірақ мән-мағынасы мардымсыз, тарихқа бергені шарқы, бітірген ісі өте аз. Уақыттың сандық мөлшері ғана оны қалың етіп тұр. Ал, 1905 жылдан 1917 жылға дейінгі аралықты, дауылды дәуірді де жаңа өмірге тікелей қосуға болар еді. Себебі, ешқандай жаңа нәрсе, құбылыс бірден тумайды. Ол ескі өмірде туып, өсіп жетіліп, кейін сол өмірдің өзін қопарып тастайды. 1905 – 1917 жылдар аралығы да – сондай өтпелі кезең. Ескіні қопаруға дайындық кезеңі. Жаңаның қалыптасу, «кеме-ліне келу» кезеңі. Ал, жаңа өмір мерзімі – өте қысқа. 60 жылдан сәл-ақ асатын мезгіл. Біз бұлай дегенде поэманың дүниеге келу уақытын ескеріп отырмыз. Бірақ қалыңдығы ескі өмір «томынан» аспаса, бір де кем емес Ал, жарығы, жылуы, өте мол. Бұл жөнінен ескі өмір оның қарасын да көре алмайды. Міне, поэма да арнайы бөлінбеген осындай екі өмір, үш кезеңнен тұрады.

Ендігі қазақ кім? Оған өлеңмен жауап берейік:

Мен – қазақпын, мен енді Октябрьмін.
...Мен – қазақпын, бір биік белеспін мен.

...Мен – Россия, мен – Совет Одағымын,
Азаттықтың бірінші материгі.

Бұл жолдарға түсінік беріп жатудың қажеті аз.

Советтік жаңа, жасампаз заманда қазақ халқының бағы ашылды. Өзін ерлік жағынан да, еңбек саласынан да таныта білді. Кемеңгер көсемге былай деп айтса, ол айдай анық ақиқатқа саяды:

Жолдас Ленин, үш түрлі байлығым бар:
Мал бар, жер бар, жаным бар – барлығы адал.
Революция ісіне сарп етемін,
Қандай маған тағы да жарлығың бар?

Бұл сөзі – қазақтың өзі. Айтқанына ісі, жаны сай оның. Данышпан Ленин жолына, сүйікті Коммунистік партия ісіне әрқашан да адал халық ол. Өмірге Ленин есімін айта қайта келді ол. Қоғамымыз бастан кешкен кезеңдерде ол мұны үнемі дәлелдеп те отырды. Мал байлығы дүние байлығына, алуан асыл қазыналар молшылығына ұласса, Қазақстан жері астық алқабына, миллиардтар мекеніне айналды. Ал, жан байлығы Ұлы Отан соғысы кезіндегі қаһармандыққа жалғасып, зеңгір ғарыш кеңістігін игеруге жол ашты. Ақын осы бел-белестердің бәрін, алып асуларды жалынды жыр жолдарымен өрелі өрнектей білген. Жұбан Молдағалиев айтса айтқандай:

Қанша бүгін әлемге аян ұлым!
Тыңдайды түз сансыз шат Баян үнін.
Қайта туған қарт Жамбыл, жас Күләштар –
Бір-бір жолы жаңа өмірбаянымның.

Мен – Жамбылмын, жаугер жыр ел тілеген,
Қазған ормын дұшпанға ентелеген.
Мен – Москва қорғаны, Жиырма сегіз,
Мен – Әлия, мен – Мәншүк, мен – Төлеген.

Халықты барлық әлем білгенде қалай біледі? Тек ұлы ұлдары, атақты перзенттері арқылы білсе керек. Поэма сондықтан және ұлдар атынан сөйлейді кейде. Бұл – өмірдің де, поэманың да екеуіне бірдей ортақ, тарихи заңдылық.

Асылы, бейбіт өмірде де ерлікке орын мол. Әсіресе, ақындықта. Себебі, бұл – адам өмірінің қатпар-қойнауларына шабуыл жасау. Бірақ, бейбіт шабуыл. Ақын бұл жолда ештеңеден қорықпаса, қайтпаса ғана, өзін аямаса, «бір өліп бір тірілсе» ғана, ерлік жасаса ғана жаңа жыр, жалын жыр жаза алмақ. Ал, тамаша поэма жазу – осындай бір ерлік қана емес, жүз ерлік жасау болса керек. Ендеше біз ақын-автордың әрбір әдемі жолына, әрбір шырайлы, шандоз шумағына шын жүректен қуанамыз.

1945 жылғы 9 май – Жеңіс күні рейхстаг төбесіне тұңғыш тігілген бір тудың авторы да – қазақ. Сондықтан да 2-май күні:

Жеңімпаздар атына тост арналып,
Жатқан сәтте құшағын достар жайып.
Тұрды аспанда Егоров, Кантария,
Тұрды аспанда жас қазақ Қошқарбаев.

«Мен – қазақпын» поэмасының бүкіл бітімі, міне, нақ осындай жігеріңді жанып, жүрегіңе ыстық қан жүгіртетін жолдардан құралған. Біз сол себепті де бұл поэманы ұлы даламыздай дарқан дастан деп бағалаймыз. Шынында да нағыз Ерлік-дастан. Жүрек дастаны. Өз кейіпкері, Қазақ халқына лайық дастан. Егер қазақ даласынан «Әнмен бірге кемелер кетіп жатыр. Старт алып космосқа Байқоңырдан», – десек, сол Байқоңырдай ғарышқа самғап көтерілген шығарманың бірі де – осы дастан.

Бұл айтқанымыз, аталмыш поэманың әдебиетіміздегі орны мен өміріміздегі маңызын айғақтайтын басты бір ерекшелігі, негізгі сипаты ғана.

Дастанның бұдан да бөлек, басқа бір маңыздылығы мынада. Жержүзінің біраз бөлегі әлі де бұрынғы қазақ даласындай қанға бөгіп, түтінге тұншығып жатыр. Сальвадордағы халыққа қарсы қылмыс, Палестинадағы қырғын – бүгінгі «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламалар» емес пе? Сондықтан төрткүл дүние қазақ халқының: «Үлгісімін тірілу, тірілтудің», – дегеніне қатты сеніп қарайды. Оны айтасыз...

Қандай дүние жетеді балауына!
Бәрі сенің жан Отан, қалауыңа!
Өз бейнеңдей әлемге тұр танылып,
Қазақстан гербі де, жалауы да!

Иә, қазіргі қазақ расында да бүкіл әлемге өнеге. Қазақ жалауы мен гербісінен бүкіл әлемге ұлы СССР, тіпті барша, байтақ социализм табиғаты танылып тұр. Қазақ халқы да орыс, украин, татар, қырғыз, тағы басқа совет халықтарындай күллі Жер шарына, жарық жұлдыздай жол көрсетіп, шуақ түсіріп тұр. Сондықтан да әлемге мың рет, миллион рет «Мен – қазақпын» деп:

Айта бергің келеді, айта бергің!
– Иә, қанша айтсаң да көп емес!

АҚ КЕМЕ АЛЫСҚА БЕТТЕДІ

Ыстықкөлдің жарқыраған шалқар айдынында Ақ кеме көрінеді. Қандай әсем еді өзі? Толқын үстінде тербеліп, алысқа тартып барады. Ізінде шуда-шуда ақ көбік есіліп қалып жатыр. Ол алға беттеген, арман-ақиқатқа беттеген. Оқтай түзу, алған сара бағытынан таймай кетіп барады.

Шыңғыс Айтматовтың «Ақ кеме» атты тамаша туындысын оқып шыққаннан кейін сен де еріксіз авторға қосыласың. Қаншалықты қимасаң да Баламен амалсыз қоштасасың. Бала үшін бар айтарың: «Армысың, Ақ кеме. Бұл келіп тұрған мен ғой», – деген бірауыз сөз. Оны да сол Баладан естігенсің, соның пәк жүрегінен, адал сезімінен көкейге түйгенсің.

Бала енді мәңгілікке жоқ. Суға түсті де балық болып жүзіп кетті. Әрине, ақ кемеге жетіп, әкесіне жолықпақшы еді. Жете алмады. Себебі, ол адамның балыққа айнала алмайтынын білген жоқ. Бірақ оған осылай етпеуге жол қалды ма? Жол қалған жоқ еді. Оны суға кетірген, тәнін қинаған науқас емес, жас жанын жаншыған тағдырдың тәлкегі еді. Жалғыз қалған, сүйеуі жоқ бала оған қалай төтеп берсін? Әке-шешесі атасының қолына тастап кетіпті. Сондықтан әке-шешесінің кім екенін де білмейді, олардың жүздерін де танымайды. Ал, өгей әжесіне керегі аз. Айналасы болса – арсыздық, әділетсіздік, қасиетсіздік. Жалғыз жақсы жан Момын атасының көрген күні де – әйтеуір күн. Мас Сейдақметтің қаперіне ештеңе енбейді. Оразкүл болса әйелін ұрады,

бала таппадың деп кінәлайды. Жалқы демеуі, елпек Момын да мұны тастап, құлап жатыр, ішіп алыпты. Мас. Екі есті адамға айналғандай ол. Бұрын да мұның пәк жанына талай жарақат түсіп еді. Бүгін тағы да талай... Ол аз дегендей, мұның ең қасиетті соңғы ақиқатын да мүйізді Бұғы ананы да құртыпты, мынау үлкендер. Кеудесіндегі соңғы жарықты да сөндіріпті. Бала үшін ол тіпті де ертек емес-ті. Ол – бүкіл қырғыздардың бас Анасы ғой. Ол Бекей апайға мүйізіне іліп қоңыраулы ақ бесік әкелер еді. Ол Құлбектің машинасын желеп-жебеп, ешкімге көрінбей, алда жол бастап бара жатар еді. Сөйткен, сөйтетін ақ маралды – мүйізді Бұғы ананы мыналар қайткен? Жайылып жатқан тері, бір үйім етке айналдырған. Бас сүйегін ит мүжіп жатыр. Бәрінен де атасының осы лас іске араласқаны түсініксіз. Көмекке келер Құлбек жоқ бұл арада. Сұмдық қой! Мынадай адамдардың арасында енді қалай қалады? Не істейді? Балық болады. Судың астымен жүзіп отырып, ақ кемеге барады? Сөйтіп, ол суға кетті.

Бірақ ол босқа кеткен жоқ. Жамандық пен қараңғылыққа қарсы күресіп кетті. Ол өзінің бейкүнә сәби жаны мен адал жүрегінің дегенін істеп, барлық қасиетсіздікке, қаныпезерлікке лағынет айтып кетті. Жарқ етіп сөнген найзағайдай кете барды.

Алайда артында әділдік қалды. Ақиқат қалды. Ақ кеме қалды. Өрқашан да шындық, әділдік жеңеді. Себебі, бұлардың бәрі де мәңгібақи.

Оның ақ кемесі алға, ақиқатқа – алысқа тартып барады. Ендеше бала да өлген жоқ – тірі. Сенің жүрегіңе бейнесі орнап алған бала ақ кемесіне де жүзіп жеткен, әкесімен де кездескен. Оразқұлдарды жеңіп шыққан. Мүйізді Бұғы ана да тірілген, қоңыраулы бесікті мүйізіне іліп алып, жүйткіп барады.

Сенің бұлай сезінетінің – шығарма әсерінен, жаушы қаламының құдіретінен. Мұның өзі зердеңде бас көтерген бір-ақ сала түйсік, тоқылымдар. Ал,

қалғандарын зейіндер болсақ терең де тарам-тарам арналар ғой.

Расында да Шыңғыс Айтматовтың «Ақ кемесі» – тек қырғыз әдебиетінде ғана емес, бүкіл совет әдебиетінде үлкен құбылыс. Бұл сөзді бірінші айтып отырған да біз емес. Талғампаз оқырман әлдеқашан берген байыпты баға. Оның туысқан көп ұлтты совет әдебиетіне келелі әсер етіп отырғаны тағы анық. Тіпті, ол балалар әдебиеті деп аталатын үлкен саладағы бүгінгі күнге арналған шығармаларды таразылар тұрғыға, олардың татым, өресін айқындар межеге айналды десек те асыра айтқандық емес.

Шындығы да сол – туған, туып жатқан талай-талай туындыларды «Ақ кемеге» салыстыра қойсаң, олардың шама-шарқы айқындалып шыға келеді. Салмақсыз болса – көңілге қонбай қалқып шыға келеді; бедерсіз болса – бұлдырап, өзіндік кескінін таныта алмайды. Нені айтты? Қалай айтты? Қаншалықты айтты? Оны да аңғара қоясың.

Әрине, бір реттен барлық туындыларға дерлік «Ақ кемедей» болмадың деп талап қою да жөнсіз.

Дегенмен, гәп – ол туындылардың «Ақ кемедей» болуында ғана емес; азды-көпті өзінің «ақ кемесі» болуында, көңіліңнің айдынына еркін еніп, сол ақ кемесін жүздіре алуында. Оқырманмен аты да қойылмаған Айтматов Баласындай таныс болуға аты қойылып, заты тәптіштеп түсіндірілсе де, жарамаса – сол қиын.

Осы тұрғыдан келгенде, көкейде сан алуан сауалдар андыздайды:

– Бізде Айтматовтың «Ақ кемесіндей» кесек туындылар бар ма?

– Немесе өз ақ кемесі бар шығармаларымыз бар ма, бар болса олардың өріс, өресі қандай?

– Жалпы бүгінгі жасы кіші замандастар тұлғасының өрнектелуі қалай? Бедерлі сомдалған балалар бейнесін атай аламыз ба?

Біз енді бұл сұрақтарға өз нысанамыз бойынша жауап іздеп көрелік.

Соңғы уақытта қазақ балалар әдебиетінде елеулі өсу, өрлеу бар, санның сапаға айналуы анық байқалады деп батыл айта аламыз. Жазушыларымыздың зерделілік танытып, жасөспірімдер мен балғындарға арналған әдебиеттің өзіндік ерекшеліктерін мұқият ескеріп, жаппай жаңа ізденістер жасауға көшуі, өмір шындығына, өзекті мәселелерге зейінмен ден қоя бастауы – сүйсінерлік нышандар. Мұның өзі даусыз керек те еді. Арғы-бергіге көз салып, озық үлгілерден үйренбей, әр қияға бой салып, соны жүлгелерді сағаламай, сүрінсек те тұрып кетіп алға баспай болмайды да. Қазіргі заман талабы бұл.

Осы арада Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі Мемлекеттік комитеті 1971 жылдан бері Қазақстан Жазушылар одағымен және республика Ленин комсомолының Орталық Комитетімен, «Жалын» баспасымен бірлесе отырып өткізіп жүрген дәстүрлі жабық конкурстың көп пайдасы тиіп отырғанын ерекше атап айту абзал. Кейінгі кездері қазақ балалар әдебиетінде дүниеге келген елеулі туындылардың бәріне дерлік жолдама берген осы конкурс десек те қателеспеспіз. Дәлірек айтқанда жүздеген шығармалардан озып шығып, жүлделер алған Тынымбай Нұрмағанбетовтің «Қош бол, ата», Сайлаубек Жұбатыровтың «Алыстағы аралдар», Оралхан Бөкеевтің «Қайдасың, қасқа құлыным», Марат Қабанбаевтың «Арыстан, виолончель, мен және қасапхана», Молдахмет Қаназовтың «Чика – Дабылдың баласы», Жақау Дәуренбековтың «Соғыс ойыны», Тынышбай Рахимовтың «Ұлым, саған сыр айтам», Тұрысбек Сәукетаевтың «Жанартау», Несіпбек Дәутаевтың «Ақ көгершін»,

тағы басқа да туындылардың тұсауын осы конкурс кесті. Не керек, балауса, жас оқырманға талай жақсы дүниелер ұсынды. Оларды жақсы деп әйгілеп танытқан да, насихаттаған да өзі. Әдебиетіміз үшін болашағынан үлкен үміт күттіретін, бұрын есімі белгісіз ондаған жаңа таланттарды ашып берді. Бұл – аз олжа емес.

Тағы бір анығы – нақ осы шығармалар бойынан бүгінгі қазақ балалар әдебиетіне тән негізгі сипаттарды, озық жақтарды, жетістіктер мен кемшіліктерді де айқын аңғаруға болатыны.

Әрине, аталмыш республикалық конкурсте жүлде алған шығармалардың барлығын бірдей талдап-таразылау – қиын шаруа. Әрі ол міндет те емес болса керек. Сондықтан да біз туған балалар әдебиетімізге осы конкурс әкелген өзіндік әлемнің, ағынның, жаңалықтардың негізгі бедерлері мен бағдарларын анығырақ және қарымдырақ танытатын бірнеше шығармаға ғана нақтылы тоқталсақ дейміз.

«Жалын» бәйгесінің тұңғыш жүлдегерлерінің бірі – жас жазушы Сайлаубай Жұбатыров. Ол 1971 жылы «Алыстағы аралдар» повесі үшін екінші бәйгені жеңіп алған кезде әлі жап-жас жігіт. Қазақтың мемлекеттік университетінің қабырғасында оқып жүрген студент болатын.

Бәлкім, бұл шығарма оның әдебиеттегі тұла бойы тұңғышы... Соның өзімен топ жару. Кездейсоқ сәттілік пе? Жоқ, әлде жас талаптың өнердегі өз жолын бірден батыл бастауының көрінісі ме?

Повесті оқып шыққанда байқайтынымыз – екіншісі. Арал теңізі жағасында туып, шалқар айдынмен ерте табысып, толқынына құлаш ұрып, етене өскен жігіт теңіз тіршілігін жазуда қырына тұяғы тиген құландай еркін кәсіле жөнелген. Жасыратыны жоқ, көбіміз-ақ теңіз тынысын, теңізшілер өмірін өрнектеуге келген құрлыққа шығып қалған балықтай күй

танытамыз. Демек, бұл – дау жоқ, Сайлаубайдың өзіндік артықшылығы, туған өлкесі тарту еткен тосын өзгешелігі. Әрине, жазушы болу үшін бастан кешкен балалық шақтың бергені, білім – оқып-тоқу аз. Талант керек. Аталмыш повестің сәтті жазылуына негізгі себепкер де осы фактор деп білеміз.

Бұл повесть жарияланған уақытта жұрттың көпшілігі-ақ оны қазақ балалар әдебиетіндегі ең кенже дамыған саланың бірі – қилы-қилы қызықты хикаялар (приключе-ние) жанрына қосылған шынайы шығарма деп қуанған. Орынды қуаныш. Өйткені, әдебиетімізде мұндай шығармалар жоқтың қасы екендігі баршамызға да мәлім.

Повесть оқиғасы қиыннан қиыстырылған қою, қызықты. Пішіні де тартымды. Яғни шығарманың сюжеті де, ішкі-сыртқы келбеті де жанр талаптарына толық жауап береді. Оқыған адамды үнемі өз уысынан шығармай баурап, ілгері жетектеп отырады. Бұл жағынан алғанда автор Марк Твеннің, Жюль Верннің, Даниэль Дефоның атақты шығармаларының әдемі тағылым алған, үйренгенін өз шығармасында қолдана білген.

Повестің негізгі кейіпкерлері – оқушы ғана емес, қиялшыл, батыл, күрескер балалар. Олар – Бекет, Қайсар, Нұрлан. Олар арман қанатына мініп, қиян көк теңізді шарлайды. Біресе Миклухо-Маклайға, біресе капитан Немоға, біресе Робинзон Крузоға айналады. Түземдіктермен кездескенде де достыққа ұмтылу, бейбітшілікті сақтау – мерейлі мұраттары. Көрдiңiздер ме, кiшкентай кеуделердi үлкен армандар, асыл мұраттар мекендеген, ыстық жүректер жылытып тұр.

Осының бәрі құрғақ қиял, бос елес болып қала бермек пе? Бұлардың теңізінде де жұмбақ жерлер, сырлы қазыналар, тіпті, көз көріп, құлақ естімеген ғажайып елдер бар шығар. Қайсар, міне, осыған сенеді. Ал, Бекеттің мақсаты сәл өзгереді, нақтылы,

Нұрлан болса достарына қосылып, көк теңіздің алыс-алыс түкпіріндегі аралдарды араламақшы.

С.Жұбатыров балаларының артықшылығы сонда – олар қиялдан іске көшеді. Бекет, Қайсар, Нұрлан үшеуі ұзақ жолға дайындалып, шхуна жасақтап, оған «Жиһан-кез» деген ат беріп, азық-түлік, құрал-жабдықтар алып, көк теңізге саяхатқа шығады. Рас, Нұрлан үшін мұның бәрі де күтпеген жерден басталған. Ол ойлағандай, мұның бәріне кінәлі теңіз жағасында жатқан ескі кемеден табылған жыртық сурет пе? Әлде Бекет пен Жеңістің арасындағы шатақ себепкер ме? Жоқ, мұның бәріне анық себепкер – балалардың алып-ұшқан көңілі, асау қиялы мен тәуекелшіл болмыстары еді.

Қандай да бір саяхаттың алдына қойылған мақсаты болмаса, ол мағынасыз. Бұларда ондай үлкен мақсат та бар. Үш батыл жас саяхатшы ғажайып мекен «Беканти-даны» іздеп таппақшы. «Бекантида» – Бекет, Қайсар, Нұрлан үшеуінің есімдерінен алынған қысқарған сөз. Дәлірек айтқанда: «Бекантида». Әрине, Бекет капитанның ойы әйтеуір бір белгісіз алыс аралды іздеп табу емес, «Командор» кемесі опат болған Арантастың құпиясын ашу. Қиялға еліккен қос досы аспанға шарықтай берген соң, оларға бұл ойын айта да алмайды.

Теңізбен бетпе-бет. Балалар алуан аралдарды көреді. Балықшылар ортасында болады. Алкаракөк айдының талай тылсымдарымен ұшырасады. Дауылмен алысып, таудай-таудай толқындармен тайталасады. Міне, осындай қызықты да қиын, сын сәттерде үш балғын саяхатшы қайсарлық көрсетеді, зерелері ұшып қорықпай, жүректілік танытады, ақыл табады.

Мынадай бір суретті көз алдыңызға елестетіңізші: «Жиһанкез» толқыннан толқынға тырмысып, құлдыраңдап келеді. Қайнаған қазандай теңіз үсті қым-қиғаш әлем-тапырық. Аспан алба-жұлба бұлт. Айнала – себелеген жаңбыр, бозғылт пердедей

бозамық тұман... Алдымыз... О, ғажап, алдымыз – жер, жағалау...

– Жер! Алдымызда жер көрінеді!!!

«Алғаш Американы көргенде Колумб дәл осылай айқайлаған шығар» (72-бет. «Алыстағы аралдар», «Жалын» баспасы, 1980 ж.).

Нұрланның бұл айтқанына сенесің. Олардың осындай ғажап қуаныш сезімін бастан кешіргені де рас. Нақ осы сәтте жаңа жер ашып тұрмаса да, үміттері шырадай жанған олардың кішкене Қолумб-тарға айналып кеткені де рас.

Мұндай ержүрек балалардың «Бекантиданы» таппауы мүмкін де емес. Олар – Бекет, Қайсар, Нұрлан үшеуі ақыры өз – Бекантидасын тапты. Ол жартысы жыртылған суретте бейнеленген Арантас жартасын табу. «Командор» кемесі мен өз жолдастары Жеңістің әкесі, қаһарман капитанның тағдырын білу. Олар көп қиыншылық көріп, теңізде адасқанмен шыңдалып, шынығып қайтты. Өздерін сынап, өздеріне сеніп қайтты.

Олар тағы да теңізге саяхатқа шығады. Жаңа Бекантидаларды» табатыны да анық.

Бұл бәйге жарияланғалы оның бірінші сыйлығын алғандар көп емес. Сол аздың бірі – жазушы Мұхтар Мағауин. Ол 1973 жылы «Бір атаның балалары» повесі үшін бас жүлдені иемденген еді.

Жазушының бұл повесіне орай алдымен айтарымыз не? Ол – автордың өз қабілеті деңгейінен көріне алғандығы. Көп жазылып жүрген Ұлы Отан соғысы кезіндегі тыл өмірі тақырыбына барса да шиырда шырмалып қалмай, тапқан төл қазынасы бар. Бұған туындының едәуір жаңалықты құрылым-пішіні де – бастау, бірнеше тармақ – елең еткізерлік атаулардан тұруы, солардың бір арнаға түсіп, тәмамдалуы да игі әсерін тигізген.

Ұлы Отан соғысының тарихы – ауыр тарих. Ол бір ауылдан кеткен алпыс жеті адамның үшеуі-ақ

аман қайтқан тарих. Ол кезең еңкейген шағында ер болған қарт, қариялардың ерлігіне, жетім қалған балалардың барқадарлығына толы. Жазушы, міне, осы тарихты өзінше әңгімелеген.

Колхозға көмекке жұмысшы әкелем деп кеткен басқарма өздеріне көмек керек жас балаларды әкелді. Олар алтау еді. Екеуі – қазақ, есімдері Нартай мен Ертай; біреуінің есімі – Яков; енді біреуінің есімі – Зигфрид, ұлты неміс, т. с. с.

Астық бөлісу емес, адам бөлісу қандай қиын. Оның үстіне адамды адамға қарсы қойған заманның салт-ғұрпының қалдығы саналарында бар кісілер бөліссе. Оның үстіне бір-екісі бұрын естіп-білмеген жайыттың, қарсы соғысып жатқан ұлт немістің баласы... Алмағайып қиын сын дегенің осындай-ақ болар. Дәуренбек Зигфридке деген зілін жасыра алмады: «...Жасыратын не бар, тегі жаман, неміс... Жауды аяған жаралы дегенді білмеуші ме едіңіз». Алайда ақпейіл Ахмет жас балаға қандай кінә тақсын, бірінші кезек өзінікі болған соң, Зигфридтің өзін қалады. Баласының аты-жөніне тілі де келмейді: «Зекпри Болыпкен». Бұл – Зигфрид Вольфанг дегені. Бұған да қараған жоқ бірақ. Себебі, ол жаны жарқын, жайсаң адам, оқығаны болмаса да өмірден тоқығаны бар. «Еміс деп, орыс, қазақ деп бөлу пайғамбарға күнә», – деп біледі.

Ахмет – аз көрінсе де саз көрінген кейіпкер. Нағыз қазақ. Оны басқа ұлт өкілімен ешбір шатастыра алмайсың. Көңілі иіп еді, шарифатты да өзіне туралап алды. Зигфридті алуына себеп – оның көп жетім ішіндегі шын жетім болуы, обалынан қорқуы. Қазақы кеңпейілділігі, жаны мейірімге толылығы Зигфрид – Зекенге құлатып түсірді. Зигфридтің тіл сындырып, атқа мінуіне қарап, қазаққа шатысы бар ма деп те қалады. Сол үшін «немістің аты неміс» деген Дәуренбекпен керісіп қалды. Зекеніне бола басқа колхозға қоныс аударды.

Повестің басты бір кейіпкері – бала Нартай. Есін біліп қалған өзін балам деп таныған Тілеубайға иланайын десе, жағдай күмәнді. Әрине, үміті де жоқ емес. Бірақ әкем дейін десе, сақалы бар. Інісі Ертайды алмағаны тағы қосылады бұған. Әйтеуір күдігі жөн. Шешесінің өлгенін анық білетін. Мына бір кемпірді анасы деуі тіпті қоздатып жатыр. Ертайдың бір кемпірді апа деуі тіпті қисынсыз. Сондықтан да: «Сенің апаң өліп қалған. Мынау – бөтен кісі», – деп кесіп айтты. Өз әке-шешесін ұмыта алмайды. Жеңіс келіп, аман қалғандар ауылға орала бастағанда, көкесін күтті. Көкесі келмеді.

Ағайынды екеуі көкесін іздеп шықты. Жаңақалаға жетіп, поезға мінбек. Қыстыгүнгі боран, қар қос балғынды аяған жоқ. Екеуі құшақтасып қатып қалыпты.

Яков Жақып атанып кетті. Фамилиясы – Кебегенов. Соғыс ауыртпалығы бұған да аз салмақ түсірген жоқ. Өзінің қай ұлт екенін де білмейді. Нартай күйі бұған да ортақ. Ауыл өміріне үйреніп алды. Ер жетті. Көзі көк, өзі жөйіт екені де ұмытылды. Бір еңбеккер қазақ болды да шықты.

Сонымен, осының бәрінің саяр арнасы не? Олардың бірі – неміс, бірі – қазақ, бірі – жөйіт болғанмен, біреулері – ақ, біреулері – сары болғанмен, советтік өмір бір адамның, бір атаның баласы етіп жіберген. Терезелері тең жандар. Туыс адамдар. Яковтың баласы Бақытжан: «Әкем орыс, шешем қалмақ, өзім татармын» дейді. Баяғы ұлтқа бөлгіш Дәуренбектің үйретуі: «...Балам, әкең орыс болар, орман болар, шешең қалмақ болар, шүршіт болар – өзің советсің. Осыны жадында тұт. Осыны ұмытпа». Зигфрид екі әкесін де: қазақ, неміс әкесін де мақтан етеді. Ал, айтары: «Қазір бәріміз – бір өзеннің арнасы, бір атаның баласымыз». Повестің айтпақ идеясы да осы. Ол төп-тәуір, сәтті жеткізілген.

Ендігі жүздесеріміз – бала Хасен Хамитов. Ол – жас жазушы Тұрысбек Сәукетаевтың «Жалын» бәйгесінің 1979 жылғы бірінші жүлдегері «Жанартау» повесінің басты кейіпкері. Автордың айтуынша, төртінші класс оқушысы, он екі жаста.

Біз осы Хасен Хамитов бойынан нені байқаймыз, басқа балалармен салыстырғанда қандай ерекшеліктер аңғарамыз.

Алғаш қатардағы көп шәкірттің бірі. Алға да шығып кетпеген, артта да қалып қоймаған. Интернатта жатып оқиды. Ата-анасы – шопан. Енді қысқы демалысқа шықпақшы. Атасын сағына күтіп жүр.

Баршамыз мойындар ақиқат – мектеп оқушысы да үлкен, азаматтық өмір ағын-арнасынан тыс қала алмайды. Мұғалімдері, әке-шешесі арқылы сол қоғамдық-әлеуметтік әлеммен байланысады. Мектептегі коллективі – класы тағы бар. Мұнда олар өзара қарым-қатынасқа түседі. Міне, осындай ахуал-жағдайдан Хасен де бейтарап емес.

Әділетсіздік – қайда да әділетсіздік. Хасеннің пайымдауынша, оның көзі, тіпті қайнар бұлағы – Талғат. Иә, кластың мақтанышы, маңдайға басқан жалғыз озаты, мұғалімдердің сүйіктісі – Талғат. Өзі кереметтей алғыр бала. Күресе қалса қатарластарының бәрін жығады. Турникке басқалар он бес рет тартылса, ол ең жоқ дегенде он алты рет тартылады. Ол балалардың бәрінен барлық жағдайда асып түседі немесе барлық уақытта асып түсуі керек. Мақсаты да, қарекеті де осы оның. Бұл үшін не нәрседен де тайынбайтын сияқты.

Сол рас болып шықты. Хасеннің өзінен небәрі бір рет асып кеткенін кешірмеді. Оған қуана алмады. Қуануды айтасыз, Талғат Хасеннің қиын есепті өзінен бұрын шығарып қойғаны үшін класта өтірік басы ауырып, намыстанып қыстығудан жылап жіберсе,

сыртқа шыққанда Хасенді құйрығынан теуіп қарға аунатты, басын қарға тықты. Мұны жасауында арам есеп бар және Хасеннің шалбарын шешіп, жарақатын елге керсетпесін біледі. Әйтпесе Хасеннің қоңқиған мұрнын бұзып бет қылмақ та ойы бар-ды, тек ертең абыройдан жұрдай болам деп қорқады. Әділетсіздік емей немене бұл? Бұл енді Талғат бойындағы өзім-шілдікті көрсетсе керек.

Хасен бұған оп-оңай көніп қоя сала ма? Жо-жоқ. Бірақ Талғатқа шамасы жетпейді оның. Күйінгенде, қорланғанда не істейді? Сабақ оқу жағынан басым Талғат дене күші жағынан да дес бермейді екен.

Хасен Хамитов пен Талғат арасындағы қақтығыс осылай басталды.

Бұл – тек осы екі бала арасындағы қақтығыс па? Жоқ. Бұл – негізінен жақсылық пен жамандықтың, шындық пен жалғанның, дұрыстық пен бұрыстықтың айқасы.

Өзірше Талғат – жамандық, жалғандық, бұрыстық жеңіп тұр.

Қашанда сырт құбылысқа алдану дұрыс емес. Талғатты ешкім жаман деп айта алмаса да, тіпті жұрттың барлығы дерлік жақсы бала деп ұқса да, оның шын сиқы жоғарыдағыдай.

Баршамыз мойындар бір ақиқат – бәрі де балалық шақтан басталатындығы. Алғы күннің нышандары балалар бойында жатады. Келешек жақсы адам мен жаман адам аспаннан түспейді, немесе жер астынан шықпайды, әлгі жас балалардан өсіп шығады. Демек, Талғаттан қорықсақ орынсыз емес.

Жалпы Тұрысбек Сәукетаев повесінде екі оңды ерекшелік бар. Бірі – балалар жан дүниесін, психологиясын жақсы «аша білуі болса, екіншісі – мәселелілік. Мысалы, жоғарыдағы іс-әрекет, ой-сөздерінен Талғаттың кім екені әдемі көрініп тұр ма? Көрініп тұр. Бұл оның жан дүниесін жарқырата ашу, психологиясын пайымды бере білу де болса керек. Талғат

неге осыншама өзімшіл, зорлықшыл? Бұл – мәселе емес пе? Мәселенің көкесі. Бұл – әрине, Талғаттың іштен туғанда жаман болып жаралғандығынан емес, тәрбиеден – ата-ана мен мектеп тәрбиесінен кеткен кемшілік. Үлкен, қатерлі кемшілік. Міне, жас жазушы осы мәселені көтеріп отыр.

Қуаныштысы – бұл қасиеттер повестің тұтас тұла бойына, ондағы басқа бала кейіпкерлерге де қатысты ерекшеліктер, ұнамды сипаттар. Тұрысбек оған қоса өз кейіпкерлерінің жан дүниесін, мінез-құлқын жалаң-жадағай емес, ой-сезім ағыны, іс-әрекеттер сабақтастығы арқылы, қозғалыс, ілгері даму үстінде ашады. Соның нәтижесінде кейіпкер балалардың кім екені, психологиясы, арман-аңсары, рухани қуат-күштері терең ашылып, олардың бүкіл іс-әрекеті, ойлаған ойлары, жасаған байламдары, өзара қарым-қатынасы, өмірге, ересектерге берген бағалары оқырманды өмір-тіршілік туралы толғақты ойға қалдырады, оң-терісті парықтауға, өздерінің қам-қарекетіне сын көзімен қарауға бастайды. Және бала оқырмандарды ғана емес. Барша оқырманды да. Біздіңше, Тұрысбектің повесі – үлкендерге де арналған салмақты туынды. Бұл енді – табыстың табысы, повестің парасатты екендігінің айқын айғағы.

Повестегі үшінші бір бала кейіпкер – Қанат. Ол да өзінше бейнеленген, ешкімге ұқсамайтын бейне. Бірақ ол да тәрбие, ықпал, орта «кұрбаны». Бала емес, өмірдің құнын тек материалдық игілікпен өлшейтін дүниеқоңыз үлкен адам сияқты. Хасеннің оның бойынан өзін емес, шешесі Дариға тәтейді көруінің жаны бар. «Егер папам жібі түзу, жұрт сияқты болса, біз естіп күйісіміз кетіп сорлап жүрер ме едік? Сен оны ешкімге ұқсамайды деп жер-көкке сыйғызбай мақтайсың? Әуелі ел қатарлы болып алсын. Өзіңдей көршілерге қарашы. Үйлері кірсе шыққысыз. Жайнап тұр. Ал, біздікі ше? Көшкен елдің жұртындай жалғыз айнадан басқа көз тоқтатар дә-

неңе жоқ. Тіпті жолдастарды ертіп келуге ұяласың» (19-бет). Бұл – Қанаттың досы Хасенге айтқаны. Өз сөзі ме? Жоқ. Ой-өрісі қандай? Тар, төк дүниеге тіреліп тұр. Бейнебір «бойы партадан өзгер көрінетін Қанат емес, желе жортып дүкен аралап жүрген бір үйдің жә деген бәйбішесі сөйлеп тұрғандай» (19-бет). Тіпті ол өзгені былай қойып, гүліңді де небәрі шөп деп біледі. Сондықтан да мамасының туған күніне гүл емес, орамал тарту етпек. Ол үшін қуанышың да – таңдайда еритін тәтті кәмпит, желбіреген қызыл орамал. Яғни ол дүниедегі барлық затқа ішетін, киетін нәрсе деп қана қарайды.

Көріп отырсыз, Қанат бойында да бір қауіпті тип қалыптасып келе жатыр. Семья жағдайы, жетіспеушілік пе бұған кінәлі? Әлде шеше тәрбиесі ме? Хасен берген тегін 10 сомнан бас тартқан, әдетте өзгенің артық бірауыз сөзін де көтермейтін Қанаттың асыққа ақша тігіп ойнағанда айналасындағылардың еттен өтіп сүйекке жететін мазағын елемей, мойнына су кетіп сүміреуі қалай? Қанаттың мамасының туған күніне орамал сатып алатын тиын жинау үшін Талғат бөкседен теуіп жатса да қыңқ етпейтін езге, өлездіктің қара көлеңкесіне айналуының сыры неде? Ақша табу жолында бәріне де көнетін, бәріне де баратын болғаны ма ол?

Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің. Мұның бәрі ештеңе емес екен. Хасеннің жанына бәрінен бұрын Талғаттың Қанатқа жасаған мына зорлығы батып кетті. Сұмдық қой. Бұл – бір күнгі емес, сан күнгі – қайталанып келе жатқан зорлық екен. Шыдай алмаған Хасен таяқ жеп қаларын білсе де Талғатқа – зорлыққа, дүлей күшке, қаражүректікке тайынбай қарсы тұрды.

Бұл енді шығарманың шарықтау шегі. Жамандық пен жақсылықтың, шындық пен жалғанның, дұрыстық пен бұрыстық айқасының шыңына жеткен тұсы.

Қулығына құрық бойламайтын, айлалы да ақылды, сол ақылы мен білігін өктемдікке, өзге балаларды жаншуға, билеп-төстеуге жұмсайтын Талғат – шынында да қорқынышты тип. Қазірдің өзінде қолға түспесін, куә жоғын, әшкереленбесін білсе, талай сұмдықтан тайынбайды. Портаға Хасен Хамитовтың аты-жөнінің басқы әріптерін пышақпен ойып жазған да сол болуы керек. Сол арқылы да Хасенді сүріндіруді көздеген. Осыған байланысты айтар үкімі тіпті қатал: «Тарихта атын қалдырғысы келген ғой. Ха-ха-ха! Бұл – барып тұрған оңбағандық! Қоғам мүлкін бүлдіруге қалай қолы барады? Айта берсе бұл – бүкіл класқа жағылған күйе. Партаның емес, мына отырған біздің бетімізді тілгілегенмен бірдей» (36-бет). Бірақ беті ашылып әйгіленбеген кінә – кінә емес пе екен? Мұның өзі де кішкентай болғанмен бәрібір қылмыс. Қараңызшы, Талғаттың асықтан ұтылғандағы мына түрінің өзі адам шошырлық қой: «Қанын ішіне тартып сұрланып алған. Екі көзі ана жолы телевизордан көрсеткен «Хайуанаттар әлемінде» атты хабардағы біруыс боп жиырылып, жауына атылғалы тұрған сілеусіннің көзіндей. Кек пен ыза лаулап тұр» (46-бет). «Ақша салып асық ойнаған жерде әділет болмайды!..», – деп біледі ол.

Жо-жоқ, өмір заңы тіпті де бұлай емес. Барлық жерде қандай нәрседе де әділеттілік болуға тиіс. Тиіс қана емес, міндетті. Алайда әділдік өзінен-өзі орнамайды, ол өзінен-өзі жеңіске жетпейді. Оны адамдар қорғауы керек, жеңіске жеткізуі керек. Мына жерде ондай қаһарман – Хасен болып шықты.

Повесть әділдіктің жеңісімен, жақсылықтың салтанат құруымен аяқталады. Бала Хасеннің жүрегінен зорлыққа, зұлымдыққа қарсы ашу-ыза өшпенділігі Жанартау болып атылған. Сол Жанартау қуаты бұған қорқынышты ұмыттырып жіберген, басқа да пенделік үрей-ойдың күлін көкке ұшырған. Қызыл ала қан болып таяқ жесе де, бет-аузы қара ала-

көк ала ісіктен көрінбей кетсе де қайтпаған. Қарсыласқан. Жеңген.

Бұл жолы Хасен топырақ қауып жерде жайрап жатса да жеңілген жоқ. Сондықтан да түйдей құрдас баладан қаншама таяқ жесе де қорланған жоқ. Өзгелер секілді іші қан жылап тұрса да пәлесінен аулақ деп бұқпай, өзінен әлдеқайда күшті де қатерлі қара тулы зұлымдыққа қарсыласуының өзі – жеңіс. Біреуді шектеп тастар күш-құдіреті болмағанымен, әділетті таптап, шындықты шырылдатқанға Жанартау болып атылар ыза-кегі бар.

Жалпы Хасен – сындарлы сомдалған бейне. Ол автордың табысы ғана емес, қазақ балалар әдебиетіндегі соны бір соқталы кейіпкер деуге болады. Оның повесть дамуы барысында бейнеленген барлық сәттері дерлік ұтымды да ұнамды. Ойлы да күрескер бала болып мүсінделген, қысқасы. Оның Қанаттың әкесі қолындағы шарап шөлмегін таспен ұрып сындыруы да – осыған бір дәлел. Тентектік пе? Жоқ. Құптап, қоштарлық әрекет. Оның көз алдына «Кенет шөлмектегі шүпілдеген шарап емес, намыстанып ағыл-тегіл жылаған. Қанаттың мамасының туған күніне орамал алып беруге тиынын жеткізе алмай тарығып жылаған Қанаттың мөлт-мөлт өткен көз жасы боп елестеуі» де сөндіреді. Осы «тәртіпсіздігіне» байланысты мектептің дәлізін жууға жазаланғандағы еңбекке қатысты ойларында да қыруар шындық бар. Хасен ақыр соңында өзін-өзі жеңді. Талғатты – зұлымдықты талқандады.

Сонымен жас жазушы Тұрысбек Сәукетаевтың басты жеңісі сол – жас бала Хасен Хамитов жүрегіндегі Жанартауды тауып, атқылата білуінде.

* * *

Неге екенін қайдам, он жыл бойындағы конкурс шығармаларын шолғанда балаларға арналған әң-

гімелер, ертегілер, басқа да ыңғайдағы прозалық шағын дүниелер жоқтың қасы екенін аңғарамыз.

Тағы бір атап айтар «әттеген айымыз» сол – балаларға арналған поэзиялық шығармаларға да тапшы екенбіз. Яғни бәйге алған өлеңдік туындылардың дені жастарға арналған. Үлкен ақындарымыз Хамит Ерғалиевтің «Қыз-қисса» поэмасын, Қадыр Мырзалиевтің «Шопан тойы» топтамасын, Фариза Оңғарсынованың «Сандуғаш» поэмасын, жас ақындарымыз Күләш Ахметованың «Диалогтар», Дәуітәлі Стамбековтың «Революцияға рақмет», Несіпбек Айтовтың «Найзағай», Исраил Сапарбаевтың «Шілдеhana» дастандарын айтпағанда, балдырғандарға тікелей бағышталғандай көрінетін Тынышбай Рахимовтың «Ұлым, саған сыр айтам» өлеңдер шоғы да балалардан гөрі әкелер мен шешелердің оқуына көбірек лайықты. Бұл ретте тек белгілі ақынымыз Мұзафар Әлімбаевтың «Бүгінгі күннің балалары» циклі, жас ақын Төрегелді Тұяқбаевтың «Қар адамы» дастаны тәрізді бірлі-жарым шығармаларды ғана атай аламыз.

Мұзафар Әлімбаевтың аталған топтамасы жиырма шақты өлеңнен тұрады. Ондағы әрбір өлеңнен дерлік бүгінгі күннің балалары көрінеді. Солардың жүйрік қиялы, аяулы арман-аңсары сәтті бедер тапқан. Бұған мысал үшін бір-ақ шумақ келтірейік.

Біздің мынау ауылға
Қона кетсе қайтеді,
Біздің үйдің қонағы
Бола кетсе қайтеді, –

дейді жыр «Вертолет» ұшқышына бала кейіпкер. Көрдiңiз бе, алып-ұшқан бала көңiлi қандай қиялдарды шарлайды. Бәрiмiзге де балауса шағымыздан таныс шынайы сезiм. Автор бала тiлiмен сөйлеген, балалар жүрегiне жол таба алған.

Біздегі балалар мен жасөспірімдерге арналған әдебиеттің бүгінгі хал-күйін байқауға осы аталған шығармаларды талдау жеткілікті шығар деп ойлаймыз. Бір сөзбен айтқанда, жоғарыда таразыланған туындылардың бәрі де өзіндік өңі бар, орны бар, азды-көпті өзіндік ақ кемесі бар дүниелер. Ал, мұның өзі – елеулі жетістіктеріміз, атап айтарлық табыстарымыз болып табылады. Оған қуанамыз, қуануымыз да керек.

Бірақ сүйіне отырып қол жетпеген тұстарымызды, кемшіліктерімізді ұмытпағанымыз да жөн. Оның себебі – олар мардымсыз да елеусіз де емес. Тіпті, ақиқаттың бетіне тура қарасақ, олар табысымыздан мол, басым екенін көреміз; олар туралы ойланбай болмайтынын, оларды түземей, жоймай болмайтынын байқаймыз.

Алдымен сол жетімсіздіктеріміз қандай деп жіктеп, саралап айтар болсақ, олар төмендегідей:

- 1) өлі де бала замандастарымыздың толыққанды сомдалған бейнесі аз екендігі;
- 2) шығармаларымызда суреттеуден гөрі баяндаудың басым екендігі;
- 3) таптаурын таныс жолға орала беретініміз, қайталауларға ұрынатынымыз;
- 4) әрбір деталь, эпизод, сөздерімізде тиісінше мән, мақсат көздемейтініміз, олардың үнемі кенеулі ойға, сырбаз сезімге құрылмайтындығы;
- 5) сюжеттік желілердің шашыраңқылығы, оған керекті-керексіздің, кейде не болса соның тықпалана беретіндігі;
- 6) тіл кемшіліктері.

Енді осы жетімсіздіктерімізді таратпай жинақтап, түйіп айтсақ, оны біздің өз мүмкіндіктерімізді толық пайдалана білмейтіндігіміз дер едік. Яғни, жазушыларымыз өз таланттары тұрғысын толық пайда-

ланбайды (бұл жерде қабілетсіз жазушыларды тілге тиек етіп отырған жоқпыз, олар бойында жоқты қайдан алсын) тақырыпты мейлінше талғап, өмір шындығын терең толғап жазбайды; не жазып отырғанын, оны жазғанда сол тақырыпта бұрын жазылған туындыларға мүлдем соқпау керектігін жете ескермейді; қарымдылықты емес, қалыңдықты ойлап кетеді, типтік жағдайлардан тек типтік характерлер сомдауға ұмтылмайды. Ал, мұның өзі үлкен өкініштерге апарып жүр.

Осы арада тағы да айта кетуіміз керек – біз бала-бала, жасөспірім десек те, көбінесе басқаларды суреттеп кетеміз. Бұл – көбімізге тән қасиет. Мысалы, балалар мен жасөспірімдерге арналғанмен С.Досымовтың «Директорлар», О.Бөкеевтің «Қайдасың, қасқа құлыным», повестерінен тағы басқа туындылардан да бала бейнесін таппаймыз. Рас, мұны бұл шығармалардың кемшілігі демей-ақ қояйық. Қ.Қазиевтің «Иманжапырақ» повесінде, өзге де көптеген туындыларда бала бейнесі бар, бірақ мұны қанағаттанарлық дей алмасақ керек. Сөйтіп, бізде балалардың оқуына арналғанмен, сол балалардың өзін ұмыт қалдыратын шығармалар көп-ақ. Сонда балаларды өз әдебиеті, жасөспірімдер әдебиеті суреттемесе, кім суреттемек? Айтпақшы, жасөспірімдердің өзі де бір жағынан балаларға қосылмай ма?

С.Жұбатыров повесіндегі мін кейіпкерлеріміздің жорыққа қашып шығуы, сапарға қажет жабдықтарды ұрлықпен жинауы. Автор осы жағдайларды «құптай» суреттеп отыр. Бұл жайлар жас оқырмандарға теріс әсер етпес пе екен? Игі іс жолындағы ұрлықты, ауылдан, үй ішінен рұқсатсыз қашып кетуді ақтай беруге болғаны ма? Сосын Сайлаубай 29-бетте былай деп жазады: «Қайсар әлдебір ұзын қара трубканы бұрқырата сорып отыр». Сонда ол шылым шегіп отыр ма? Бұған не дейміз? Егер оның мұнысы детективті кітаптардағы, шиеленіскен оқиғалы кинолар-

дағы қаһармандарға еліктеуден туған, бала бойына қонымды қылық десек, оның теріс екендігін повестің бір жерінде қисынын тауып қиыстырып айта да кету керек секілді.

Қарауылбек Қазиевтің «Иманжапырағында» жарасымды суреттеу бар. Бірақ біздіңше осы повесть мазмұнында – жаңалық аз, арқауында – шашыраңқылық басым. Рас, жұрт зерттеп кеткен жерден де қазына табуға болады. Бірақ Қарауылбектің, ашығын айтайық, оған қолы жетпеген. Үзік-үзік эпизодтар. Автор бірін айтып біріне ауысып отырады. Егер осының бәрі басты кейіпкер Қалаудың басынан өтпесе, олар бөлек-бөлек ажырап кетер-ді. Повесть повесть болған соң, тұтастық та қажет. Бұл – тек Қарауылбек емес, талайымыз ескерер мәселе.

Повесте жаңалық аз, сонылық сирек деуімізге дәлел – осындағыдай жай талай жазылған. Мысалға, Әлдижан мен Қалаудың оқуға тусіп келгеннен кейінгі халі, алғашқы махаббат, тағы басқа жайлар. Кіренқұл деген баланың былай дейтіні бар: «Қанша оқығанмен ауылға келемін... Қой бақсам да ауылдан шықпаймын. Туған жерден кеткеннің несі жақсы». Біз баланың бұлай айтатынына күмәнданбаймыз, оның кіндік кескен, кір жуған мекенге деген махаббатына сүйсінеміз. Бірақ, гөп те осында. Кіренқұлмен таныса отырып, ойыңа белгілі жазушы Сайын Мұратбековтың Жанболаты оралады. Ол да нақ осындай бала-тын. Тағы бір эпизодты – Әсілтай (ол Қалауды сүйген) өлімін, оның сіңлісі Жанаттың бұған деген ықыласын алайық. Есіңе Мағзом Сүндетовтың «Құмдағы ауыл» атты әңгімесі келеді. Ондағы бас кейіпкерді сүйген қыз да өлген, сол қыздың сіңлісі де бас кейіпкерге әлгіндей ықылас танытады. Сонда бұл қандай ұқсастық? Рас, біз Қарауылбек бұл тұстарды Сайын Мұратбеков пен Мағзом Сүндетовтен көшіріп алды демей-ақ қояйық. Себебі, Қарауылбек – қабілетті, білікті қаламгер. Демек, ол өзгеден

алуға мұқтаж емес. Бәлкім, байқамаған шығар. Бәлкім, кездейсоқ ұқсастық шығар. Дегенмен, гәп – Қарауылбектің әбден жазылған тақырыпқа бой ұруында. Бұған қоса ол туған жерге деген ыстық сезімді қарапайым ғана бейнелеп бергісі келген, сонылыққа сорап тартып жатпаған. Солай еткенде не болады? Әрине, жазушы әрбір адамның басынан өткен, сезім тербеген жайларды жазады. Зина секілді қызбен әркім де партада бірге отырған, әркімде де алғашқы махаббат болған, оның бәрінің ұқсас болатыны тағы шындық, т.с.с. Ендеше қаламгер еріксіз қайталауға барады. Бұған қарап бәрібір авторды ақтай алмаймыз. Автор балаң болсын, тәжірибесіз болсын – мұндай ежелгі, көп шиырланған тақырыпқа барғанда оған өте сақтық керек. Және ондай тақырыптан тың олжа табу аса қиын екенін де, бұл үшін тәжірибелілік, айналаға қарау қажет екенін де ескеру шарт.

Жақсы жазылған Т.Сәукетаев повесінде де бірсыпыра мін бар. Мәселен, кейбір детальдардың нанымсыздығы, жыл мезгілдерін шатастырып алу. Хасеннің – білімді, аңғарымпаз, ойлы, күрескер бала екені белгілі. Ендеше оның аяқкиім магазиніне барғандағы аңқаулығына (сән үлгісіндей әдемі киінген сатушы қызды көруге қойылған қуыршақ деп қалуына) сене алмасақ керек. Немесе атасы аулына ауданнан келген өкілдің сөзі де жасанды. Қазіргі кезде «Қар күрейсің деп ешкім айтқан жоқ болатын» (27-бет) дейтіндей әпенді өкілдерді арамыздан таба алсақ жақсы ғой. Сол сияқты 4 класта «Ана тілі» сабағы жүрмейтінін (8-бетте айтылғандай) де айта кетейік. Содан соңғы айтар жай – біз повесть басында-ақ уақыт қыс екенін білетінбіз. Міне, енді Хасен қысқы демалысқа шықты. Мектептегі қысқы демалыстың шамамен жаңа жыл басында – ақпанда болатынынан хабарымыз бар. Олай болса «үшінші тоқсанның аяқталуына бақандай екі күн бары» (21-бет) несі, «Қыс қабағын түйіп түнере» (26-бет) енді

ғана келгені қалай? Және осы жерде автордың іле өз сөзін өзі жоққа шығаратыны бар: «Жақсы жылдары ақпанда да болмайтын сүйек сорды сары аяз тісі сақылдап қарашадан сұлап жатып алды» (26-бет). Ендеше автордың қай сөзіне иланайық? Сондай-ақ Хасеннің қысқы демалыстан жаңа ғана оралғаны рас болса, 33-бетте айтылғандай, төртінші тоқсанның басталғаны да өтірік. Мектептегі төртінші тоқсан көктемде басталатын болса керек.

Атап айтуды қажетсінетін ендігі бір мін – сөз қолданыстардағы, сөйлем құраулардағы мін-мүлтіктер. Әрине, оның барлық қаламгерлерде дерлік аз болса да ұшырасуы заңды. Себебі, тіл – мәңгі ұшталар, жетілдірілер құбылыс. Шеберлік шексіз. Сонда да бұл көп кездесетін болса, оны аттап кетудің жөні жоқ. Сондықтан да біз Тұрысбектің өз тіліне қатты назар аударуы қажет деп білеміз. Рас, оның көптеген қолданыстары жатық, жаңа, ізденіс жемісі. Алайда төмендегідей сөйлемдердегі асты сызылған тіркестерді қоштай алмасақ керек: «Батып бара жатқан қызылшақа күн қарсы беттегі терезенің суретін үлкейтпей, кішірейтпей тура сол қалпында босағаның оң жағына *шаптай* (?) қойыпты» (7-бет). «Егер *папам* (?) жібі түзу, жұрт сияқты болса, біз өстіп *күйісіміз* (?) кетіп сорлап жүрер ме едік?» (18-бет); «Атамның жаңа ғана иненің жасуындай *жылтыраған* (?) жанары шарасынан шыға *шатынап* (?) барады» (22-бет). «Анда-санда телевизордың қос тармақ *антеннасындай* (?) танауынан аппақ бу *атқылата* (?) пысқырып қояды», «Аттаған сайын аяғының астындағы қар жүні күдірейген үлкен ақ төбет сияқты *ыр-ыр* (?) етеді» (29-бет), «*Спиртпен сұрткендей* (?) маңдайымнан аяз есіп жүре берді», «Білмеймін, – дедім *уығымды қағып* (?) (36-бет), «Тәттіқұмар баланың тісіндей *сойдыған* (?) ескі қабырғалардың қалқасы қайнаған қызық болып шықты» (44-бет). Байқап қараңыз, те-

резенің суреті шапталуы, Қанаттың күйісіміз кетіп деп сөйлеуі көкейге қонбай-ақ тұр. Иненің жасуындай жылтыраған жанар үлкейіп, шатынай қойса жақсы ғой. Ал танауынан атқылаған бу мен телевизордың қос тармақ антеннасының бір-біріне байланысы шамалы-ақ. Қабырғалардың тәттіқұмар балалардың тісіндей сойдиюы да, аяқтың астындағы қардың ақ төбетше ырылдауы да онша жарасымды емес. Төртінші класс оқушысы маңдайды спиртпен сүрткенде аяз есіп жүре беретінін қайдан біледі? Нақ осы іспеттес кемшіліктер жүлдегер басқа да авторлардың бірсыпырасының шығармасында кездесіп-ақ қалады.

Мұның бәрі айналып келгенде шығарманың тұтас бітімінің кенеулі, оның әрбір деталының маңызды буын болуына әрбір сөйлемі жанды, жайнақы болуына тіреледі. Мойындауымыз керек – біз детальдарға жүк артуға шорқақпыз; ойымыз тайыз, емеуіріміз әлсіз болып келеді. Осыны аңғару үшін, Айтматовтың бір-екі деталіне жүгінейікші. «Ақ кемедегі» Баланың шептер мен тастардың өзін бөліп, оларға ат қоюы қандай тамаша. Оның балық боп кеткісі келуі, портфельмен сөйлесуі соншалықты әсерлі, әрі нанымды. Шынында да бала деген осындай болады ғой. Немесе оның жеті атаны білуге байланысты ойлары қандай десеңізші:

«– Ау, немене, саған ең ар жағы жеті атаңның атын да үйретпеді ме?

– Үйреткен жоқ. Оның керегі не? Ештеңе білмесе де келіп-кетері шамалы, маған бәрібір. Онсыз да жағдайым жаман емес.

– Өз ата-бабасын білмеген адам оңбайды, – дейді менің атам.

– Неге оңбайды? Сонда біз бе оңбайтын?

– Әрине.

– Не үшін сонда?

– Ата-бабасын білмеген адам жамандықтан жер-

кенбейді, кейін олардың балаларының балалары да, барлық ұрпағы да нашар боп кетеді, жақсылыққа жаны құмарлар азаяды, ата-бабасының аруағын сыйлап, жақсы ісін алға апарушылар жоғалады, – дейді атам».

Осындағы ойларға үңіліңізші. Мейлінше терең, нұсқалы. Мұнда өткенді білуге, сыйлауға деген шақыру жатыр, шымырлаған шындық жатыр. Өз тарихымызды, түп-тамырымызды білудегі кенжелігіміз еске оралады. Расул Ғамзатов айтқандай: «Өткенге топырақ шашсаң, болашақтың саған тас ататынын» пайымдайсың. Бәрінен бұрын өз халқыңның – қазақтың ұлы мақалына бас иесің: «Жеті атасын білмеген, жетімдіктің салдары».

Міне, Айтматовтың Баласы кім? Қалай ойлайды, қалай түйсінеді, қалай күреседі? Үлкен өреде тұр. Бүкіладамзаттық биікке көтерілген. Сонда біздің балаларымыз одан кем бе? Неге бізде ондай балалар жоқ? Олар қашан сомдалады?

Біздің балаларымыз ше? Көбіне өз басынан артылмайды. Мысалға, Мараттың «Бақбақ басы толған күн» повесінің кейіпкерлері Заманбек пен Куба-Оқастарын алайық. Тәп-тәуір кескін, бедер тапқанымен, ой-өрісі әлі де төмен жатқан жоқ па олардың? Тентек. Опыртопыр төбелеседі. Бәрінен бұрын Қоқай шалға шарап ішкізуіне қалай иланарсыз?

Бұл ретте ештеңе жоқ деп аузымызды қу шеппен сүртсек, онымыз да орынсыз, әрине. Бастамалар, тәуір нышандар жоқ емес. Мысалға, Марат Қабанбаевтың «Пысық болдым, мінеки», Жақау Дәуренбековтің «Соғыс ойыны», Несіпбек Дәутаевтың «Ақ көгершін» повестерінің кейіпкерлері. Сондай-ақ біз осы арада Тынымбай Нұрма-ғанбетовтың Көктембайын да бөліп айтар едік. «Қош бол, ата» повесінің басты кейіпкері.

Оның сүйсінерлік ерекшелігі сол – жамандыққа қарсы тұруында, оған қарсы күресуінде. Тасбауыр

Толасбай, зорлықшыл Шодырларға ауыр үкім шығарады:

«Тыңдашы мені, ата... бұл мен ғой. Көктембаймын. Саған бүгін кімдердің келгенін білдің бе? Толасбай, Шодыр, көкем... Қабылдама олардың Құранын, ата, қабылдама. Тыңдама-да... Көкемнің бүгін мені қалай ұрғанын көрсең.

Ата, мен оларды жек көремін. Бәрін де. Шодыр өз тайқарымды өзіме бермейді, зорлықшыл. Мен әлі үлкейгенде оған көрсетемін.

Ата, Толасбайдың күмбездеп үй соғу керек дегенін естідің бе? Мен естідім, керегі жоқ. Керегі жоқ күмбездеген үйінің... Мына өзіңнің жұп-жұмсақ, таза топырағың-ақ жетеді...»

Шығарманың финалы іспеттес осы жолдарда Көктембайдың бүкіл жан дүниесі жарқырап тұрған жоқ па? Оның болашағы бүгінгі адал үні сендірмей ме?

Бізге осындай Көктембайлар көптеп керек. Бізге Көктембайлардың Айтматов Баласындай тұлғаларға айналғаны керек.

Ойлап қарасақ, бізде балалар бар-жоғы ойнап жүр, олардың өмірі қарапайым, онда күрделі не бар деп қарау үстем ұғым екен. Біз мұны мүлде теріс, адам төзгісіз түсініктер дер едік. Өйткені, балалар тек қана ойнап жүр ме? Жо-жоқ, олар өмір сүріп жүр. Олар болашақ азамат – күрескер болуға, қоғам құрылысшысы, еңбек иесі болуға қазірден даярлануда.

Олардың үлкендерге қарағанда ғажап артықшылықтары бар. Олар – пәк, адал, таза, арманшыл. Олар – шебер, еңбеккер, ізденгіш. Олар бәрін үйренуге дайын тұрады және үйренуде. Олардың кіршіксіз ары, нәресте жүрегі – асыл адамгершіліктің дәні. Сол дән өсіп, жапырақ жарып келеді. Ендеше оларды жамандықтан қорғау керек, оларға қасиетсіздік, арсыздық ұшығы сіңіп кетпесін. Балғын жандарын қарабайырлық, қараулық жараламасын. Оларға осы орайда үлкендер көмегі, аялы алақаны, жүрек

жылуы керек, бейбіт күн сәулесі, таза табиғат аясы керек, сусындар рухани нәр – әдебиет керек.

Көрдiңiз бе, олар ойнап жүрген жоқ – мiне, осылайша өсуде, қабылдауда, күресуде. Олар шындық мәңгi, ақиқат әрқашан бар деп ұғады; сол ұғымы үшiн күреседi, еңбек етедi, алға басады.

Егер шынын айтсақ, балалар тiптi де балалар емес – абзал азаматтар. Айырма – олардың жасы кiшi екендiгiнде ғана. Иә, олар – жасы кiшi замандастарымыз ғана. Олардың жан-дүниесiнiң тазалығы, қиялының асқақтығы, қабiлетiнiң молдығы, ойларының өткiрлiгi, сезiмдерiнiң мөлдiрлiгi осылай пайымдауға толық мүмкiндiк бередi. Олар достасады, бiрiн-бiрi ардақтайды, ата-анасын қадiрлейдi, өңiрдi, өмiрдi сүйедi, өзара ақылдасады, толғақты мәселелердi iзденiп шешедi. Олар өз қолдарымен каналдар қазады, сарайлар тұрғызады (терең емес, зәулiм емес демсек). Бұл пiкiрiмiзге Айтматовтың Баласы дәлел. Белорус драмашысы А. Макаеноктың «Пұшайман болған әулие» спектаклiн көрiп пе едiңiз, сондағы өзiн күллi ел басшысы, көсемi болуға лайық деп бiлетiн Бала тағы айғақ. Расында да, бала кезiнде кiм қаласа ақын, қаласа ғалым, қаласа көсем болмады дейсiң. Демек...

Айдай анық ақиқат та сол – бiз мұндай балаларды ойдан шығарып отырған жоқпыз. Олар – айналамызда, Бiз солардың ортасында өмiр сүрiп жүрмiз.

Солардың өмiрiне бүтiндей бет бұрайық.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘҢГІМЕСІ ХАҚЫНДА

Қазақ әңгімесінің қайта өрлеуі 1960 жылдардан басталды деген байламның жаны бар. Осы жылдарда Ғабит Мүсірепов, Тәкен Әлімқұлов, Тахауи Ахтанов, Сафуан Шаймерденовтар өндіріп жазып, «Өмір жорығы», «Қыран жыры», «Қайдан білсін», «Алтын сағат» секілді кемел әңгімелер дүниеге келген. Бұған қоса жаңа бір тегеурінді толқын әңгіме жанрына кие араласқан. Қалихан Ысқақовтың, Сайын Мұратбековтың, Мағзом Сүндетовтің, Тобық Жармағамбетовтің, Дүкенбай Досжановтың және басқалардың алғашқы сәтті әңгімелерінің тұсауы осы кезде кесілген. Ал, жетпісінші жылдарда бұл шоғыр молая түсті. Енді қазақ әңгімесінің жайын Дулат Исабековтің, Оралхан Бөкеевтің, Төлен Әбдіковтің, Бексұлтан Нұржекеевтің, Қажығали Мұханбетқалиевтің, Тынымбай Нұрмағанбетовтің, Смағұл Елубаевтың туындыларынсыз сөз етуге болмайтын еді.

Осы өрлеудің әдемі бір мысалы – «Жүздесу» таңдамалы әңгімелер жинағы.

Міне, сексенінші жылдардың экваторына жақындап келеміз. Сонда нақ бүгінгі таңдағы қазақ әңгімесінің жағдайы қалай?

Біздің ойымызша, қазір қазақ әңгімесі өз дамуының бұрынғы қай кездегісінен де жоғары деңгейге көтеріліп отыр. Оның тақырып-талғам аясы ғана кең емес, қол жеткізген әдеби-көркемдік, мазмұндық-пішіндік, психологиялық-философия-

лық, әдіс-тәсілдік ендіктері мен бойлықтары жан-жақты, биік те терең. Бұл сөзімізге дәлел ақсақал прозашыларымыз: қос Ғабең – Ғабит Мүсірепов пен Ғабиден Мұстафин қаламдарынан туған «Қарлы жаңбыр астында», «Атақты әнші Майра», «Ата мен бала», «Әзірейілмен әңгіме» секілді әңгімелер. Дәлел – Сейтжан Омаров пен Тәкен Әлімқұлов, Әбіш Кекілбаев пен Ғаббас Қабышев, Әкім Тарази мен Оразбек Сәрсенбаев, Марал Сқақбаев пен Дулат Исабеков, Оралхан Бөкеев пен Бексұлтан Нұржекеев, Тынымбай Нұрмағанбетов пен Сұлтанәлі Балғабаев, Берік Шаханов пен Мархабат Байғұтов, Дидахмет Әшімханов пен Серік Асылбековтердің жаңа әңгімелері.

Әйтпесе тек бір жыл 1983 жылды ғана алайық. Бұл жылы «Жалын» альманағы бетінде 25 әңгіме жарияланса, «Қазақстан әйелдері», «Мәдениет және тұрмыс» журналдары беттерінде 12–13-тен әңгіме жарияланыпты. Ал, әңгіме жариялайтын негізгі басылым «Қазақ әдебиеті» газетінде «Қо-жанасыр қоржынында» берілген ұсақ дүниелерді, аударма хикаяларды, жас талапкерлердің тырнақалды әңгімелерін есептемегенде, көлемді 44 әңгіме басылыпты. Бұған енді «Жұлдыз», «Пионер», «Балдырған» журналдарының да 7–8-ден әртүрлі әңгімелер жарияланғанын қосайық. «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас» газеттері беттерінде жарық көрген жекелеген әңгімелерді қосайық. Облыстық, тіпті аудандық газеттер де жаңа әңгімелер жариялап жатқан жоқ па? Сонда тек республикалық мерзімді баспасөз беттерінде ғана 1983 жылы 150-дей «үлкен» әңгіме жарық көргенін байқаймыз. Бір жылда – бір жүз елу әңгіме.

Сан негізгі көрсеткіш емес десек те, бұл қалай болғанда да қазіргі қазақ әңгімесінің арнасы терең, ауқымы кең, асуы асқар екенін айқындайтын бір фактор болса керек.

«Қазақстан әйелдері», «Мәдениет және тұрмыс» журналдары негізгі басылым ғана емес, сол әңгіме жанрының жай-күйін анықтап, жетістіктері мен кемшіліктерін ашып, өресі мен өрісін саралап отырған да бірден-бір басылым. Бұрын да осы жанр ахуалына селқос қарамаған газет бетінде жүйелі жүргізіліп келе жатқан «Қазіргі қазақ әңгімесі» тақырыпты дискуссия да міне, осының белгісі.

Бұл пікірлесуге көптеген қаламгерлеріміз бен сыншыларымыз үн қосты. Солардың ішінде өз басымызға қатты ұнағаны – жазушыларымыз Әкім Тарази, Тынымбай Нұрмағамбетов, Тәкен Әлімқұлов пікірлері. Олардың талғам-түсініктері тереңдігімен, тегеурінділігімен, өзіндік тұжырым парықтауларымен ғана тартып қоймайды, нақты ұсыныс-тілектерімен де көңілге қонады.

Мәселен, өзі де белгілі әңгімеші Әкім Тарази «Шағын жанрдың өрісі» атты мақаласында былай деп жазады: «Жазушы» мен «Жалын» баспалары ара-тұра әңгімелер жинағын шығарып қалады, бірақ бұл мәселе жан-жақты ойланған, жолға қойылған іс деп айту қиын, кездейсоқтық табы білінеді. Газет, журнал беттерінде биыл жарық көрген әңгімелерді келер жылы түгел (?) жинап кітап етіп шығарып тұруға болар еді ғой». Орынды ұсыныс. Біз осы арада өзіміз бірінші құрастырушысы болғандықтан «Жалын» баспасының бір құпиясын аша кетейік. Баспа 1983 жылдан бастап республикалық мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрген әрбір жыл әңгімелерінің тәуірлерін жеке жинақ етіп шығарып тұрмақшы. Осы серияның бірінші кітабына 1983 жылдың ғана әңгімелері керек дегеніне қосылмаймыз. Өйткені, мұның өзі іс жүзінде мүмкін емес, оған қоса жаман, жасық туындыларды қамтудың қажеті де шамалы.

Біз Әкім Таразидің екінші бір ұсынысын да қолдаймыз: «Әңгіме жанрына едәуір көңіл бөлетін басылымдардың бірі – «Лениншіл жас», ендеше, ондағы жолдастар да шағын да өтімді жанрдың өз орнын, берілетін күнін белгілесе ғой; сол орнынан сол күні оқырман іздегенін табатын болса шіркін». Шынында да 1983 жылы «Лениншіл жас» газетінің әңгімелерді аз жариялауы қынжыларлық.

Бірақ, екіншке орай Әкім Тарази төмендегідей құптамақ түгілі, еріксіз қарсы шығуына тура келетін пайымдаулар да жасапты: «Әңгіме жанрының дамуында сыңаржақтық сезіледі. Біріншіден, әңгімелеріміздің дені (бәрі десе де болғандай) ауыл өмірінен (?). Екіншіден кейіпкерлеріміздің басым көпшілігі – кемпір-шал, солардың іс-әрекетіне сүйсіну, соларды қорғаштау – әңгімелеріміздің негізгі арқауы (?). Бұл заңды құбылыс. Совет өкіметін орнаттықсан, Азамат соғысында қан кешкен, бесжылдықтарға бөлсене қатысқан, Ұлы Отан соғысының ауыртпалығын көтере білген тұтас бір буын өкілдері қазір азайып барады. Халқымыз қайта түлеу үстінде, мүлде жаңа буын, мүлде басқаша ойлап-сезінетін (?) ертеңіміз өсіп келеді, ендеше кешегі күн өкілдерімен бірте-бірте қоштасар кез де туған тәрізді. Сондықтан да әдебиетімізде шал-кемпірлер образының жиі ұшырасуы, олардың бейнесі аяулы, аянышты келетіні түсінікті. Бірақ тым көп егіліп, бір-бірімізге тым көп еліктеп (?) кеткен жоқпыз ба? Соның салдарынан шал-кемпірлеріміз бір-біріне тым ұқсап кеткен жоқ па? Салихалы, дана қарттар бейнесі стандартқа айналып бара жатқан жоқ па? Өстіп жүріп бұл тақырыптың тонын теріс айналдырып алып жүрмейміз бе? Сондай да қауіп бар екенін жасыруға болмайды. Нұрмағамбетов шалдарынан Сәрсенбаев шалдарының айырмасы қайсы, ол екеуінің шалдарымен Сүлейменов шалдарының айырмасы қайсы деген сұрақ туса, өз басым жауап таба алмай қалар едім...»

Таныс әуен. Егер бірінші рет айтылып отырса, мұндай байламға назар аудармай-ақ қоюға болар еді. Бірақ осындай жаңсақ ой бірталай қаламгерлеріміз аузынан шығып жүр немесе шығады. Оны айтасыз, оған баз бір үлкен сыншыларымыз да, тіпті кейбір москвалық әдебиетшілер де қосылады. Мысалға, И.Крамов жалпы қазақ әңгімесі туралы тартымды да ойлы мақаласында осы пікірге ыңғай береді. Біздіңше, ол мұндай пікірді кейбір қазақ қаламгерлерінің лебіздерін «естігендіктен» де айтып отыр. Өйткені, орыс совет прозасында «деревнялық проза» – жетекші бағыт қана емес, жемісті бағыт. Бірақ, оларда ауыл; «деревня неге жазылады?» деген қыңқыл жоқ. Екіншіден, Әкім Тарази айтқандай, әңгімелеріміздің дені тек ауыл өмірінен ғана ма? Кейіпкерлеріміздің дені кемпір-шал, салихалы, салдарлы, дана қарттар ма? Жоқ. Өзіміз түгелдей шолып, түбірлей қарастырған 1983 жыл әңгімелерін алып көрсек те, осыған көз жетеді. Бексұлтан Нұржекеевтің «Жолтөбелесі», Серік Асылбековтің «Сары қызы» студенттер өмірінен, демек, қала тақырыбы, кейіпкерлері қылшылдаған жастар. Ғаббас Қабышевтың көптеген сықақ әңгімелерінің, Мархабат Байғұтовтың «Дауыстың түсі», «Мұқадес Есламғалиевтің «Сүріну», Мейрам Асылғазиннің «Өзгеше бір күн», әңгімелерінің кейіпкерлері де – қала интеллигенттері, орта, егде жастағы адамдар. Ал, Кәрібай Ахметбековтің «Бес кәмпит, алты жаңғақ, он бауырсақ», Оразбек Сәрсенбаевтың «Сыйлы», Баянғали Әлімжановтың «Есепті дос», Жұмабай Шаштайұлының «Үй мен тұз», тағы басқа да көптеген әңгімелердің кейіпкерлері кемпір-шалдар емес және қалаға да, далаға да ортақ адамдар. Енді не керек? Оны айтасыз, қазақ әңгімесі 1983 жылы тарихи аңызды да, соғыс жылдарындағы жағдайды да, тіпті солдаттар өмірін де қамтыпты. Сонда Әкім айтқан қаптаған кемпір-шалдарымыз, дана қарт-

тарымыз қайда? Оны айтасыз, 1983 жылғы тікелей ауыл тақырыбына арналған әнгімелеріміздің өзінен де кемпір-шалдарды, олардың аяулы да аянышты бейнелерін, тым көп егілуді, «қоштасуды» таппайды екенбіз. Сонда Ә.Тарази айтқан қауіпті қайда қоямыз? Рас, ауыл өмірі – қазіргі қазақ әңгімесінде де басым, негізгі тақырып. Оны ешкім, оның ішінде біз де жоққа шығара алмаймыз. Бірақ бұл – кемшілік пе екен? Неге әдебиетімізде ауыл тақырыбының жетекшілігінен қорқамыз? Өзіміз ауылдан шыға отырып, ауылдың каладан гөрі табиғатқа жақын екенін мойындай отырып, неге оны көп жазуға қарсымыз? Қазір көп жағдайда ауылды қорғау табиғатты қорғаумен ұштасып жатқан жоқ па? Сондықтан да ауыл өмірі көп жазылып жатса, қуанбаймыз ба? Салихалы, салдарлы кемпір-шалдар көп жазылып жатса, оған қуанбаймыз ба? Әлде, ертең өзіміз де кемпір-шалдарға айналмаймыз ба? Бәлкім, онша көп уақыт өтпей-ақ, түкпірдегі ашық-шашық, бейқам ауылдар мүлдем азаяр, сонда «жаппай» қаладан шыққан қазақ жазушылары жабылып, қала өмірін жазудан да алға шығар. Бірақ сол кезде ауыл өмірі жазылмайды деп жыламасымызға, Сүлейменовтің «Қара шалын», Нұрмағамбетовтің «Қамқа кемпірін», Сәрсенбаевтың Қауғабаевын музейден де таба алмай қалмасымызға кім кепіл? Оның үстіне Әкім Таразидің талантты қаламгерлердің бір-біріне еліктемесін, әсіресе, Нұрмағамбетов, Сәрсенбаев, Сүлейменов шалдарында өзіндік даналық та, даралық та жеткілікті екенін ескермеуі және түсініксіз. Ол шалдарды егер Әкім ажырата алмаса, біз ажыратамыз, оқырман да шатастырмайды, бірден таниды деп білеміз. Содан соң желкілдеп өсіп келе жатқан жас буынды «мүлде жаңа буын, мүлде басқаша ойлап-сезінеді» деу бізді онша иландырмайды. Олар басқаша ойлағанда қалай ойламақ. Әлде олар «ескіше» жазатын Исабеков, Нұрмағамбетовтерді қа-

былдамай, оқымай қоя ма? Онда олар Б.Майлинді, тіпті олардан да «ескіше» (яғни, өз көзінше) жазған Чехов пен Алтынсариндерге мұрнын шүйірмек пе? Жоқ, шындық тіпті де бұлай емес. Жаңа буын қаншалықты жаңашыл, ерек, өзгеше болса да, әке-шешесі жолын жалғастырып, Жансүгіровті жатырқамасы, Досжановпен достасары анық. Бірақ бәрібір ауылға құштарлық, махаббат солғындап азаяр емес. Егер әдебиет дамуын тікелей өмірдің өзі туғызады десек, онда ауыл тақырыбының басты тақырып болуын өмірдің өзі қалап отырғаны да.

Оның үстіне біз қайсыбір қаламгер де өзі білетін, терең зерттеп игерген, өзін толғандырған тақырыбын жазғаны орынды, керек болса соны ғана жазуға міндетті екенін неге ұмытып кете береміз? Керісінше, әйтеуір жазғысы келгендіктен жазуды мансұқтауымыз керек емес пе? Қазіргі қазақ әңгімесінің соры да осы жазғыштық болып отырған жоқ па?

Әкім Таразидің тағы бір теріс байламы бар: «Мен әдебиет зерттеушісі емеспін, дегенмен, сіздер «жанр анықтамасы» деген соң айтар едім: «Әңгіме әбден сығымдалған, таза жонылған, артығынан арылған роман, – деп. Бұл пікіріме көпшілік келісе қоймайтынын да білемін».

Білетін себебі де сол – Әкім әдейі асыра айтып отыр. Әйтпесе әңгіменің тек әңгіме екені, оның ешқашан да повесть, роман орнына жүре алмасы, романның да тек қана роман екені баршаға мәлім әліппелік ақиқат. Рас, Әкім айтқандай: «ол шағын дүниенің де (әңгіменің де – Б.С.) негізгі ойының табылу процесі романның оңай емес. Рас, Төкен Әлімқұлов осы пікірлесуге үн қосқан «Жанр сыры» атты мақаласында («Қ.Ә.», № II, 18.03.1983 ж.) айтқандай: «романға бергісіз әңгіме болады». Бірақ ойланып көрейікші: «Әңгімеге бергісіз роман болады», немесе «Роман дегеніміз – әбден сығым-

далмаған, ешқандай жонылмаған, артығы асып-төгіліп жатқан әңгіме», – деп неге айтылмайды? Өйткені, кайсыбір жанрға да өз талабынан, төл табиғаты деңгейінен келген жөн. Өлде романға жеңілдік («скидка») бар да, әңгімеге жеңілдік жоқ па? Біздіңше, ешқайсысына да жеңілдік жоқ. Әңгіме – әңгіме де, роман – роман болуы керек. Ендеше біз неге әңгімені рабайсыз, қампайған романдарға қарап өлшейміз? Керек десеңіз, нағыз кемел әңгімеге төменқол романдар түгілі әңгімелер де өлшем бола алмақ емес. Шындық осыған сайса, Әкім анықтамасында қисын аздығы дәлел тілемейді.

Жас сыншы Тұрсын Жұртбаевтың «Қысқа жанрдың қырлары» атты мақаласы да пікірлесуге өзіндік үлес қосып, қазіргі қазақ әңгімесінің мазмұндық-түрлік байлығын бірсыпыра аңғартыпты. Ол көптеген әңгімешілеріміздің творчествосындағы ерекшеліктерді тап басып айта біліпті. Біз Т.Жұртбаев мақаласының ол жақтарына тоқталмаймыз. Тек бір пікіріне ғана назар аударғымыз келеді: «Тақырып жанр таңдамайды (?). Оны суреткердің талғамы, табиғи болмысы көңіл елегінде екшеп, таным таразысында (?) таразылайды. Мәселен, М.Әуезовтің «Хасеннің құбылыстарындағы» кесек оқиғалар әңгіме ауқымына сыйған». Сырттай қарағанда дұрыс ой сияқты. Егер тақырыпты жазушы туындысының тікелей нысанасы: белгілі бір оқиға, шындық, тартыс, адам тағдыры десек, ол неге жанр таңдамасын? Қоры аз кенішке кішкентай ғана өндіріс орнын сала алсақ, Жезқазған бассейніне алып комбинат қажет емес пе? Жазушының таланттылығы, ұлылығы, шеберлігі де сол нысана: өмір шындығына мейлінше сәйкес, лайық түр – жанр таңдап, таба білуінде. Демек, әйгілі романшы М.Шолохов «Адам тағдырын» повесть етіп жазса не болар еді? А.С.Пушкиннің «Өлі жандар» сюжетін өзі жазбай, Н.В.Гогольге бере салу себебі де осындай жағдайға қатысты.

М.Әуезовтің «Хасеннің құбылыстарын» тек әңгіме етіп жазу себебі де сол. Айтпақшы, тақырыпқа, иә, тек тақырыпқа байланысты роман, повесть немесе әңгіме жазу керектігі туады.

Пікір таласы – шындық анасы дейді. «Қазақ әдебиетінің» дискуссиясы да осы мақсатты көздегендіктен біз газет бетінде сөз алған басқа әдебиетші жазушылардың талай-талай тиянақ-тұжырымдарымен ой жарыстыра алар едік. Мәселен, Рәзия Рүстембекованың Т.Әлімқұлов әңгімелерінде кездесетін тілдік кемшіліктерге келтірген мысалдарын сәтсіз деп білеміз. Темірбек Қожакеевтің көп жағдайда белгілі жағдайларды қайталап ортаға салуын да құптай алмаймыз. Тағы сол сияқтылар. Бірақ гәп тіпті де өз басыңның барлық қосылмайтын жерлерінді тізімдеп, түгелдеуде емес. Егер біз Ә.Тарази пікірлеріне көбірек «тиісіп» кетсек, оның себебі – жазушы айтқандарының принципалды мәселелерге сайып жатқандығынан ғана.

«Бәрін айт та, бірін айт» дегендей, «Қазақ әдебиеті» газеті парасатты пікірлесу өрбітіп отыр. Осы пайдалы әңгіме жалғаса берсе игі.

Қазіргі қазақ әңгімесіне тән ұнамды ерекшеліктер қандай?

Бір сөзбен айтсақ, ол жан-жақты кемелділік, толыққандылық: тақырып аясының кеңдігі, көтерген мәселелерінің көкейкестілігі, айтар ойларының тереңдігі, түрлік пішіндерінің әралуандығы, көркемдік кестелерінің байлығы, жанрлық бітім-мүмкіндіктерінің кеңейе түсуі. Яғни, қазіргі әңгімеміз белгілі сыншы-ғалымымыз Зейнолла Қабдолов пайымдағандай талаптарға жауап берерліктей. Ал, ол талаптар төмендегідей: «Алдымен көлемі шағын. Ол жазушыдан барынша жинақы болуды талап етеді. Со-

дан соң оқырманды бірден үйіріп әкетуі үшін, сол шағын көлемдегі шағын өмір эпизодының өзі соншалық тартымды, сюжет желісі қызғылықты болуға тиіс. Сюжетке ене бастаған беттен-ақ оқырманның көз алдына іші-сыртын, мінез-кұлқын, іс-әрекетін аттаған сайын аңғартып, адам келе бастауы керек. Ол адам өзіне тән ең бір елеулі өзгешелігімен шұғыл даралана беруге тиіс. Адам тұл көрінбейді, оның өзін қоршаған айналасы айқын көзге түсуі, сол арқылы белгілі бір әлеуметтік топ, қоғамдық орта танылуы шарт. Әлгі адам – соның өкілі, типтік тұлға болуы қажет. Осының бәрі жазушыдан өмірді терең білумен қабат, шұрайлы сөз байлығын, жіті байқағыштықты, асқан талғампаздықты, тілдегі тамаша суреттілікті, бір сөзбен айтқанда, қалам тиген жерді өмірдің өзіне айналдырар нағыз шеберлікті, соған қоса кемел идеяға апарар терең білім мен биік мәдениетті талап етеді?». Қайталап оқып шығыңызшы. Мынадай әңгімеге қоса новеллаға да бүйрек бұратын қиын да күрделі талаптармен беттескен адам әңгіме жазбақ түгілі жалпы жазушылықтан бас тартып, безіп кеткендей ғой. Иә, мұндай дәлдік пен ықшамдылыққа, көркемдік пен құнарлылыққа шынайы таланттар ғана қол жеткізе алса керек. А.П.Чехов пен Г.Мопассан, М.Горький мен Б. Майлин – міне, осындай құдіретті дарындар. Қуаныштысы – қазіргі қазақ әңгімесінде де осындай талаптарға толық жауап беретін әңгімелер табылады. Мысал үшін, соңғы кездерде туған Ғ.Мүсіреповтің «Атақты әнші Майра», «Ана жыры», «Екі дүние – екі әйел», Т.Әлімқұловтың «Қара ой», «Текті қасқыр», «Қызыл қамшы», Әбіш Кекілбаевтың «Көлденең көк атты», «Ақырғы аялдама», Мұхтар Мағауиннің «Мұрагер», Марал Сқақбаевтың «Ұят туралы аңыз», Оразбек Сәрсенбаевтың «Қарасудың балығы», Ғаббас Қабышевтің «Алдар Көсе мен Қожанасыр кездессе...», Бексұлтан Нұр-

жекеевтің «Бір ғана махаббат», Дулат Исабековтің «Ақырамаштан наурызға дейін», Тынымбай Нұрмағамбетовтің «Сушы», «Шашубай», Мархабат Байғұтовтың «Дауыстың түсі», Сұлтанәлі Балғабаевтың «Қошқар баққан Байеке ақын», «Екінің бірі» әңгімелерін атасақ та жеткілікті.

Ғ. Мүсіреповтің «Ана жырынан» мына жолдарды оқып көріңізші!

«Төрт ұлы періштелер тізе бүгіп, бас иіп қалыпты. Ғазазілден басқа періштелер түгел соны істеді. Бас имеген, тізе бүкпеген жалғыз Ғазазіл басын жоғары ұстаған төкаппар қалпында тұра берді. Көздері жарқырап от шашады.

Құдіреті күшті Алла көздерін Ғазазілге қадап, қара шұбар жылан қамшысымен жерді нұсқады: бас и, тізе бүк дегені де. Ғазазіл басын бұрынғысынан да жоғары көтеріп, қарқ-қарқ күлді. Алланың өзі жасай алмаған әйел мүсінін жасап берген Ғазазіл басын неге исін!

– Лағынет! – деді Алла. – Лағынет! – Қара шұбар жылан қамшысы Ғазазілдің мойнына келіп оралды. Дүниеге келген бесінші сөз осы лағынет еді. «Алладан басқа Алла жоқ...» Бас ию, құлдық, құлшылық сөзі. Енді, міне, лағынет – құлдыққа көнбегенге қарғыс! Аллаңыздың мінезінде осындай қаталдық та бар екен!».

«Ана жыры» – символикалық әңгіме. Анаға гимн. Оның әрбір сөз-сөйлемдері шымырлаған қуатқа, әрбір штрих-детальдары қабат-қабат мағыналарға ие. Жоғарыдағы үзіндіден-ақ әңгімеге керектің бәрін табасыз: аңыз ғана емес, астар бар, тұспал ғана емес, философия, өмір жасампаздығын паш ету бар. Күрескерлік рухты жырлау, қандай да құлдыққа көнбеушілікке шақыру бар.

Немесе Хауаана мен Адаматамыздың «Білім» ағашының жемісін татқаннан кейінгі жағдайын байқайық. «Атамыз ұятын жапса да ұяла қоюға мойын-

даған жоқ. Екі қолын бірдей оңтайлап құшақтай алғысы келетін сияқты. Қыздың денесіне көзін қарай қарап қалыпты.

– Әй, сен не ойлап тұрсың? – деді Хауа қыз қазақша.

– Сен не ойласаң, мен де соны ойлап тұрмын, – деді Адаматамыз.

– Әй, ұятсыз! – деді Хауаанамыз.

Осыдан кейін Хауаанамыз бен Адаматамыз ерлі-байлы адамша шынар ағаштың көлеңкесінде күні-түні бірге тұра бастады».

Ғабең қаламының құдіреттілігі де сонда, біз Жер бетіндегі тұңғыш екі адам – Хауаана мен Адаматаның алғаш бір-біріне қазақша тіл қатысып, қазақша сөйлегеніне де, олардың жұмақтан сыртқа лақтырылғанда расында да Қазақстанға, Балқаш көлінің көк мұзына келіп құлап түскеніне де сенеміз.

Қысқасы: «Ана жыры» – тұтас алғанда да жинақтаудан тұратын, айтқаны көл-көсір, айтары одан да телегей, тұлғасы бір бөлігі әдебиет айдынында, тоқсан бөлігі өмір мұхитының тереңінде жатқан әңгіме.

Шеберліктің мұндай озық үлгілеріне орта, тіпті жас буын жазушыларымыздың тек 1983 жылы жарық көрген әңгімелерінен де нақты мысалдар келтіре аламыз.

«Жасқала жайсандарының денсаулығы үшіннен басталып, бірер жүз грамм өңешті құлдап жөнелгеннен кейін әңгіме жарықтық кеңірдекті өрлеп шығып, құйындап кеп кетті:

– Раушан, варенье қалай, неше құты қайнаттың? – деп Айшагүл алғашқы сұрақтың авторы болды.

– Біздің дача биыл жемісті көп берді. Жаңбыр көп жауса, жеміс те көп.

– Жидектен де қайнаттың ба?..

– Қарақаттарың көп еді, қырық-отыз құтыны қатарлаған шығарсың, иә?..

– Біздің дачада биыл әсіресе өрік керемет болып шықты...

– Біздің дачада малина просто ужас болды...

– Мен дачамдағы үйімді ендігі жылы кеңейтсем бе деймін, екі бөлме тар болып барады...

– Е, басында екі этажды үйі болмаған дача дача ма, тәйірі».

Бұл – Ғаббас Қабышевтің «Азаматтардың әңгімесі» атты сықақ әңгімесінен үзінді. Сырттай қарағанда, бұл диалогтер тұрған ештеңе жоқ. Кәдімгі карапайым сөйлесу. Бірақ, сәл ойланып көрсек ше? Ғ.Қабышевтің әңгімесінің атында үлкен мән жатқанын байқамаймыз ба? Міне, оқыған, әжептәуір қызметтер атқаратын, интеллигент азаматтарымыздың түрі. Негізгі мұң-максаттары – отбасы, ошақ қасының маңы. Жеміс қайнату. Дачаны оңдау... Яғни, құлқынның қамы, жеке бастарының жағдайын жақсарту. Ділдері – осындай болса, тілдері тағы шұбар. Автор осындай тоғышар замандастарымызды әдемі сынап, мақтамен бауыздап отыр.

«Нәзік келген көңіл күйін, ой толқынын, сезім ырғағын, психологиялық тартыс пен тайталасты тың тілмен, өзінше бір ораммен орайлап айтқысы келетін талаптар бар. Мұндайы болмаған жазушылықта жан жоқ, қасиет жоқ, жылылық, жарастық та жоқ», – деп жазады ұлы Мұхтар Әуезов. Біз осындай өзінше бір ораммен орайлап айтқысы келетін, кәміл айта алған талапты Бексұлтан Нұржекеевтің «Жолтөбелес» әңгімесінен де аңғарамыз.

Кәдімгі студенттік өмір. Дәлірек айтқанда, соның бір-ақ сәті. Жас кезінде кімдер шекіспеген? Сондай бір оқиға – төбелес деп айтатындай төбелес те емес, жай ғана ерегіс, теке тіресу, аз-кем жұдырық алмасу – лирикалық кейіпкердің, нақтылай түскенде, соның «достарының» басынан өтеді. Бұлар бірінші курсың бітірген жылы Ақмола облысына егін

жинауға барған. Енді қайтпақшы. Сол күні Әбді мен Сатыш кавказдық қос жігітпен карта ойнап, бірі ұтып, бірі ұтылып қалады да, жанжал шығарады. Әрине, бұл жерде екі жақ та кінәлі. Әбді мен Сатыш ептеп таяқ жеп қалады. Міне, бар шуға, мына әңгіменің жазылуына сол себеп.

Осындай кішкентай жай да үлкен әңгімеге өзек, немесе үлкен әңгіме жазуға себеп бола ала ма?

Болғанда қалай? Тек жаза білсеңіз.

Иә, жаза білуді айтасыз, әңгіменің тұтас бітімі, тұла бойы: әрбір сөз-сөйлемге жүк арту дейсіз бе, характерлер дәлдігі, шыншылдығы дейсіз бе, детальдарды ойната, пайдалана білу дейсіз бе, сюжет өрбуін өзіндік орам-айшықпен суреттеу дейсіз бе, қай тұрғыдан алсаңыз да, үлкен әріппен жазылар шағын жанр талабына толық жауап береді.

Шынында да Бексұлтан жолтөбелестің даму барысын, шарықтау шегін, шешімін тиянақты суреттеп қана қоймай, шынайы терең бейнелеген. Бейнебір көз алдымызда маңызды да зор баталиялық картина өтіп жатқандай. Және оның әрбір сәтінде бедерлі бір образ, жаңа оқиға, жарқын ой жатыр. Кейіпкерлер бір көрінсе де, бірнеше көрінсе де бекер жүрмейді: бірдеңе бітіріп, даму үстінде, өсіп жетілу үстінде көрінеді.

Автор лирикалық кейіпкердің болған оқиғаға, соған орай өздерінің кім екендіктерін әйгілеген. Сатыш пен Әбдіге, Әнеш пен Тәжіге, жіңішке кавказдық пен Жөкенге көзқарасы да айқын: «Содан бері сан жыл өтті, көп нәрсе ұмытылды, бірақ неге екенін, екінші курстағы жолтөбелес есіме жиі түседі. Бірге оқыған біраз жігіттердің мінезін мен әлі сол төбелеспен байланыстыра бағалаймын».

Осы келтірілген бірер мысалдан-ақ қазіргі қазақ прозасында Бексұлтан Нұржекеев атты шебер әңгімеші бар екенін байқамаймыз ба?

Қазіргі қазақ әңгімесіне не жетпейді?

Біздің ойымызша, бұл жанрдағы басты кемшілік сол – көптеген қаламгерлеріміздегі әңгімешілік талантының тапшылығы. Жоғарыда сөз ретінде 1983 жылы ғана республикалық мерзімді баспасөз беттерінде 150 «үлкен» әңгіме жарияланғанын айта кеткенбіз. Ал енді осы әңгімелердің үштен бірі – яғни 50-і мүлдем әлжуаз, әлсіз дүниелер, әңгіме жанрының талаптарына жауап бере алмайды десек, сенесіз бе? Олар көлемі жағынан көсіліп жатқанмен, көбіктік танытады, жақсылығы аз, қайталаудан аса алмаған, бір емес, бірнеше қайнауы кем дүниелер. Авторларының аты-жөнін тізейік пе? Әй, қажеті жоқ шығар. Оның мақаламыздың көлемін өсіргеннен басқа пайдасы шамалы. Енді сол әңгімелердің тағы бір 50-і алақол жазылған, жақсылығы мен жамандығы тең түсіп жатқан әңгімелер. Бұл міндер неден кетті, неге жіберілді? Оның ныспысын бір сөзбен түйіп айтсаң – жауапкершілік жетіспеуі, салдыр-салақтық. Рас, жас жазушыларда тәжірибе кемдігі, өмір шындығын білмеуден, терең зерттеп, игермеуден, асығыс жазудан, жазбаудан басқа мүмкіндігің қалмаған кезде барып жазбаудан кеткен кемшіліктер кездеседі. Тәжірибе аздығын, жалпы қалам табы балаңдығын кешіруге болар, бірақ асығыс жазуды, әйтеуір жазу үшін жаза салуды, өмірді зерттемеуді, шығарманы тек жүректен туғызбауды ақтауға болмайды. Сондықтан жазушының алғашқы әңгімесінің мықты болмауы да мін. Ендеше мұның өзі де жауапкершілік жетіспеуін көрсетсе керек. Ал, қалыптасқан, жасамыс, сақа жазушылар олпы-солпылық көрсетіп, ала-құла жазып жатса, мұны әдебиетті сыйламау, оқырманды былай қойғанда, алдымен өзін қадірлей білмеу демегенде не дейміз? Бұған да мы-

сал көп. Және бұған мысалдарды міндетті түрде келтіруге тиіспіз де. Өйткені бұл міндерді негізінен жібермеуге болатыны күмәнсіз. Танымал әнгімешілеріміздің қатарынан саналатын Өтебай Қанахиннің «Ең күшті дару» Жайсаңбек Молдағалиевтің «Ауыл адамдары» атты туындылары («Мәдениет және тұрмыс», №1,2 1983 ж.) олардың мүмкіндігінен төмен жазылғандығын дәлелдеу қажет бола қояр ма екен? Ө.Қанахин жалаң баяндауға көбірек сүйеніп, тереңдік танытпаса, Ж.Молдағалиев типтік емес, өтірік жайларды қиыстыруға күш салған. Әйтпесе, о заман да бұ заман Айшадай ақылды, есті, еркі мықты әйел де әлі үйіне түспеген, оған қоса әлден шайпау, ақымақ, сондықтан қадірсіз болашақ келінін басына шығарып қоя ма екен? Оны айтасыз, Жайсаңбек бұл үйге оның әкесін де «әкіреңдетіп», машинасына көз салдырып қояды. Әскен Нобиевтің «Қымбатты менің қарындасым» («Қазақстан әйелдері». №12, 1983 ж.) әңгімесі де маңдайы жарылған шығарма емес. Мезі еткен әуен, таптаурын тәсілдің жемісі ол. Бұл жылы Жәрдем Қейкиннің қаламынан бес әңгіме жаралыпты. Тәп-тәуір нышан аңдатып, бірсыпыра сөз байлығын, өмірді жақсы білушілік байқатқанмен, автор әлі де ортақолдылықтың о жақ, бұ жағында жүр. «Отелло», «Опырацейа» секілді әрлі-әлді әңгімелер жазған Роллан Сейсенбаевтың қаламынан «Досымның қарындасы» («К-Ә.», № 46, 18 ноябрь 1983 ж.) сияқты әрі-сәрі шашыраңқы, айтары аз әңгіме туғанына қынжылмасқа шара жоқ. Баққожа Мұқаевтың «Жезде» атты әңгімесін де нанымсыз оқиға әлсіреткен. Жартысына дейін жақсы, табиғи өрбіп келген әңгіме орта жолдан күрт бұзылады. Басқаша айтқанда, автор типтік шындықты емес, жасанды жайтты суреттеуді қызықтап кеткен. Бір не өңі, не өзі келіспеген Сахи деген жезде болады. Оның студент жігіт балдызы бар. Оның әпкесі, яғни әлгі жезденін әйелі Әйнек

әдемі де «адуын» би әйел. Содан балдыз жайлаудағы жезденің аулына қыдырып, таза ауа жұтып қайтуға шығады. Жезденің аулы біраз жер әрине. Сондықтан жезде мен балдыз қос ат мініп аттанады. Жолда олар мөлдір өзенге шомылмақшы болады. Балдызын суға түсіреді де, жездесі оның бар киімін жинап алып, атына мініп, мұның жиренін жетектеп жолға түседі. Содан не керек, жезде балдызын тыр жалаңаш, өкпесін өшіріп жүгіртіп, ұяттың шоғына қақтап (сонша жолда біреу-міреу көріп қоюы мүмкін ғой) талай жерге салпақтатады. Жыласа, баяғы итке талатқаныңды білесің бе деп күледі. Жүгірсе, желдіртіп жеткізбейді. Арагідік «жем» (ірімшік – Б.С.) тастап отырады. Сонда бұған да сенейік пе? Жездені әпенде-ақ дейік, ойыншыл-ақ дейік, бірақ та әйелінің інісін соншалықты шаршатқаны, қорлағаны, азаптағаны несі? Әйелі бұл үшін жанын көзіне көрсетпей ме? Әлде бұл жездеңіз соншалықты тасжүрек немесе саңылаусыз болғаны ма? Біздің ойымызша, бұл қисынсыз жайт: мұндай жезде совет заманы түгіл өткен ғасырда да болмаса керек. Төлеутай Ақшолақовтың «Перизат» әңгімесі де («Жалын», № 5, 1983 жыл) осындай ертегіге құрылған.

Жә, осы мысалдар да жетер.

Жауапкершіліктің жетіспеуінен кеткен кемшіліктерді:

- а) оқиға, ой, детальдар ысырабы,
- ә) кейіпкер табиғаты мен іс-әрекеті арасындағы қайшылық, қисынсыздықтар;
- б) тілдік мін-мүлтіктер деп саралауға болар еді.

Бұл айтылғандарға да жүздеп, тіпті мыңдап мысалдар келтіре аламыз. «Нағыз күшті, нағыз құдіретті проза жинақы проза, одан басы артық, айтпауға болатын жайдың бәрі алынып тасталған да, тек айтпауға болмайтын шындық қана қалған», – дейді К.Паустовский. Міне, бізге осылай жазуды үйрену

керек. Дәлірек айтқанда, жаза білуді үйренгеніміз сияқты, енді жазғанымызды сыза білуді, аямай өшіре білуді үйренуіміз керек. Өкінішке орай, бұған кейде тәуір, әдемі әңгімелеріміздің өзінен мысалдар табылып қалады. Әсіресе, бізде бір әдет бар. Ол – кейіпкерлеріміздің өткенін шолып, өмірбаянын айтып кету. Егер осының бәрі кейіпкерлеріміздің характерін ашып, өмірдің жаңа бір шындығын танытып, көркемдікті күшейтіп жатса, үндемес едік қой. Бірақ ол көбіне көп көлемді қампайтып, әңгімені әлсіретіп, шұбалаңқылықтың батпағына батырып жатса қайтесіз. Біздің ойымызша, ең асып кеткенде бір баспа табақ көлемде небір ғажап көркемдіктерді түзіп, небір құнарлы ойларды айтып үлгеруге болады. Бағамдап қараңызшы, Чеховта, Мопассанда, Майлинде, Мүсіреповте 25 беттен асып жатқан қандай әңгіме бар?

Егер Тәкен Әлімқұлов: «Әңгімеге автордың өз тілінен гөрі кейіпкердің тілі құнар бітірмек. Бейнелі сөз қарапайым халықта... Ауыз әдебиетіне жүгінсек, ертедегі қазақ: «Дарияның ортасында борық тұрған борықты қара балық сорып тұрған», – деген. Бұнда нақтылық бар. Ал, күні бүгінгі кейбір автордың балығы қамыс сорады. Яғни сыбызғының сыбағасын жейді», – десе, мұнда ащы шындық бар.

Төлеген Қажыбаев «Құлдан қырғыны» («Жалын», №5, 1983 жыл) атты әңгімесінде тәп-тәуір талап танытқан. Тіпті бұл әңгімені, белгілі тарихи аңызды негізге алды дей тұра, құлан өмірін тікелей суреттеген тұңғыш дүниеміз деуге болар еді. Бірақ осы әңгіменің тілі кедір-бұдыр: «Көсем (айғыр деген дұрыс шығар – Б.С.) құлан сылти басып *суық жортып* (?) келеді» (46-бет); «Құландар көсемі қарсыдан ескен самалды *қорқырата жұтқан* (?) сайын тер сіңді адамның қолқа қабар күлімсі иісін қапысыз шалған» (49-бет); «Болат тұяқтардың астында жаншылып, мерт болған құландардың, *жан түршіктіре кісінес-*

кен құйқа шымырлатар ащы үні осынау қанды ауыз ажалды ордың ішінде қыпшақ даласы естіп көрмеген бір сұмдықтың болып жатқанын жария еткендей еді» (50-бет). Құлтан айғырының суық жортуын қалай түсінеміз? Тіпті суыт жортса да келмейтін шығар. Мал бауыздағанда қорқырайтын еді, ал мына Төлегеннің құланы самалды қорқырата жұтады. Құлаққа қонбас «жаңалық». Содан соң әңгіме барысында ұққанымыз – қырғын табатын бір-ақ үйір. Автор жоғарыдағыдай етіп суреттегенде қазақ даласының күллі құланын қыруды бір-ақ үйірмен түгелдеп отырған жоқ па екен?

Тіл саласындағы тағы бір ерсі мүлтік – кейіпкерді жөнсіз орысша сөйлету. Рас, мұны бастаған кезінде белгілі драмашымыз Қалтай Мұхамеджанов еді. Бірақ ол жастарымыз арасында кездесетін тіл бұзушылықты сынау үшін Марфуғаны әдейі орысша араластырып сөйлетіп еді. Ал, ендігімізге не жорық? Мәселен, Айтбай Рамазановтың «*Көршілер*» әңгімесінде («Жұлдыз», №7, 1983 ж.) Жанна себепсізден-себепсіз қойыртпақ тілмен сөйлейді: «Қайырлы таң, Мейірбек аға! О, Зейнеп тәте тоже (?) осында. Сіздердің махаббат сұхбаттарыңызға не помешала я (?) *ha*, – деді Жанна күле сөйлеп» (157-бет); «*Ничего* (?). Мен мамашамен *переговорды* (?) күттім, – деді Жанна сырт киімін бөлмесіне шешіп, үстел басына сұрлана келіп отырып жатып. – *Как раз, кстату* (?) осы екі семья жандарымен сөйлесуім керек (144-бет). Ал... Сонда Жанна неге бұлай сөйлеп жүр? Қойыртпақ тіл оның характерін ашып тұр ма? Әлде бұл сөздердің ана тілімізде баламасы жоқ па? Кейде, осы әңгіме беттерінде-ақ, Жанна таза қазақша сөйлейді ғой. Оны айтасыз, бүкіл әңгімеде таза қазақша сөйлеп жүрген институт парткомының хатшысы Егор Петрович те аяқастынан орысша араластырып сөйлеп кетеді. Жанна, сен баспанасыз емессің. Еше (?) қандай

квартираларың (?) бар астанада! Ал, бұл пәтер ме-мелекеттікі, дәлірек айтсақ, институтқа бөлінген. Сондықтан біздің көшіп қонуымыз заңды. Рүстем Жасанович бұның бәрін біледі ғой. Қалайша ол саған дұрысын айтпайды. Вот (?) қызық...» – деді ол қатты кейіп» (144-бет). Сонда бұл не? Бұлай еткенде автор не айтпақ? Жалпы, осылайша тіл бұзып сөйлеу бізде типтік құбылысқа айналды демек пе? Олай болса орыс кейіпкерлерімізді тек орыс тілінде сөйлеткен жөн шығар. Олардың дені қазақша білмейді емес пе? Жоқ бұл жөн емес. Тіл бұзарлық тіпті де типтік құбылысқа айналған жоқ. Оның үстіне мұндай жағымсыз құбылысқа қарсы күресу – әдебиетіміздің қазіргі таңдағы басты міндеттерінің бірі деп білеміз. Бұл тек Рамазанов емес, талай-талай авторларымызға тән мін болғандықтан осылай қатты айтуға мәжбүрміз.

Жүз елу әңгіменің қалған елуі – баз бірі әлі де жекелеген ұсақ-түйек міндерден құралақан емес десек те, шын мәнінде тәуір, таңдамалы туындылар. Бұларды оқып отырғанда есіңе төмендегі тәріздес ән-өлең жолдары түсе берер еді:

Алма ағаштын гүліндей-ау,
Текеметтің түріндей-ау...

Енді мұндай ән-өлең жолдарының жадымызға оралу себебі не? Онын себебі – 1983 жылғы жақсы әңгімелердің де алма ағаштың гүлдеріндей әсемдік, әрлілік, текеметтің түрлеріндей алуан бояулылық, ажарлылық танытатындығында. Расында да олардың қай-қайсысы болмасын, пішіндік жағынан әдеби жарасымдылық, мазмұны жағынан әлеуметтік жаңалық байқатар еді. Қаншама қоғам – тіршілік тынысын, сұлу табиғат көріністерін, адам қарым-қатынастарының сырын алға тартады десеңізші. Ең бастысы – ешбірі де әрі-сәрі қалдырмайды: өмір-

ді тани түсіреді, жамандыққа қарсы тұрғызып, жақсылықтың сойылын соқтырады. Жүрегіңе сәуле еніп, адам екеніне мәртебеленесің.

Қазақ әңгімесінің де тамыры тереңде. Ендеше оның бастау көздері Абай қара сөздерінен, Шоқан очерктерінен, Ыбырай баяндарынан гөрі әріде, яғни мыңдаған жылдар арыда: «Ер Төстік», «Аяз-би» ертегілерінде, «Елім-ай», «Әпитөк» әндерінде, «Алпамыс», «Қыз Жібек» эпостық жырларында жатыр. Міне, сондықтан да 1914 жылы жазылған «Шұғаның белгісі», 1921–22 жылдары жазылған «Қорғансыздың күні», «Көксеректер» бірден керемет классикалық әңгімелер болып туған-ды.

Қазақ әңгімесі одан бері де талай даму кезеңінен өтті.

Міне, енді ол бүгінгі таңда «таза» фольклорлық дәстүрден, баяндауға көбірек сүйенуден мүлдем қол үзіп, ең алдымен шынайы, шымыр реализмге, психологизмге, философиялық парасатқа табан тіреп отыр. Типтік жағдайлардан тұлға, характер туғызуды, әрбір эпизод-бөлшектің нанымдылығын, сұлулығын дйттеген, дініне айналдырған бүгінгі қазақ әңгімесінің табыстары мол болуы түсінікті де.

Бір жылда 50 жақсы әңгіме. Бұл аз ба? Жоқ, аз емес. Қалай мақтансақ та жарасар жетістік. Бұл – қазіргі қазақ әңгімесінің ғана емес, күллі туған әдебиетіміздің бүгінгі жеткен биігін, шалқар айдынын, кемелденген кемелетін байыптатар көрсеткіш. Өмір, әсіресе әдебиет негізінен төменқол, ортақол дүниелермеч әлшенбейді десек, жыл сайын елу елеулі әңгіменің жазылып отыруы – көңілге зор қуаныш қонақтататын-ақ құбылыс, әрине.

Жас әдебиеттен кемелденген әдебиеттің талабы бөлек. Қазақ әңгімесі өскелең, қатты өркендеп отырған жанр болса, оған жауапсыз қарауға болмайды. Ізденген үстіне іздену әңгіме жанрының әлі де игерілмеген мүмкіндіктерін ашу – борышың. Қа-

зіргі қазақ әңгімесінде фантастикалық түр неге кенже? Қысқа, мөлтек әңгімелер жағдайы неге жақсы емес? Орыс әдебиетіне қарасақ, онын үлкен қаламгерлерінің өзі шағын әңгімелерді менсініп жүр. Ю.Бондаревтің «Қас қағым сәттер» («Мгновения») шоғырын, В.Солоухин «Камешки на ладони» («Молодая гвардия», 1982 жыл) атты кітап та шығарды. Оны айтасыз, кезінде заңғар Лев Толстойдың өзі титтей әңгімелер жазыпты. «Хотела галка пить. На дворе стоял кувшин с водой, а в кувшине была вода только на дне. Галке нельзя было достать. Она стала кидать в кувшин камушки и столько наклала, что вода стала выше и можно было пить». Міне, ұлы суреткердің балаларға арнап жазған бір әңгімесінің бар-жоғы осы. Рас, бізде Құрманғазы Қараманұлы алақандай әңгімелер жазып, «Қайраң өткел» («Жалын» баспасы, 1978 ж.) атты бір жақсы кітап шығарды. Бірақ ол жалғасын тауып отырған жоқ. Бізде де осындай, әсіресе балаларға арналған, немесе философиялық, этнографиялық сипаттағы мөлтек әңгімелер жазуға үлкен көңіл бөлінсе абзал. Сондай-ақ, табиғат жыршысы – қазақ Пришвині тудатын кез де жеткендей. Әйтпесе әңгіменің сюжетсіз түрін іздесек ше? Өлеңмен жазылған әңгіме және керексіз емес...

Қазақ әңгімесінің бүгінгі мазмұндық-идеялық байлығын, пішіндік-көркемдік түрлерін молайта беру, көтерілген биіктен төмендемеу, жыл сайын елу емес, жүз жақсы әңгіме жазуға жету – баршамыздың міндетіміз.

ХАЛЫҚ ТАҒДЫРЫН ЖЫРЛАҒАН

Ақын Мұқағали Мақатаевтың «Райымбек! Райымбек!» атты дастаны сәл ертеректе жазылған. Алайда жарық көруі 1981 жыл. Дәлірек айтқанда ол «Лениншіл жас» газетінің 1981 жылғы 26–28 ноябрь күндеріндегі үш санында қатар жарияланды. Мұның өзі талантты ақынның артта қалған асыл мұрасына деген шынайы жанашырлықтың көрінісі ғана емес, әдебиетіміз тарихындағы атап айтарлықтай оқиға болды. Бұған қоса дастанның бүкіл совет халқы дүбірлетіп атап өткен ұлы мүшелтой – қазақ халқының Россияға өз еркімен қосылуының 250 жылдық даңқты мерекесіне арналған лайықты, толымды тарту болғандығы да күмәнсіз.

Осы орайда ойымызға атақты ақынымыз, сезімтал сыншымыз Әбділда Тәжібаевтың «Моцарт. Жан азасы» туралы қатты қуанғаны, оны жақсы шығарма деп жанымен жалпақ жұртқа жар сала жариялағаны оралды: «Қасым Аманжолов соғыс алдында, соғыс кезінде де көп жақсы өлең жазды. Көзге ерекше түсті. Бірақ солардың бәрі Жерді айналшықтап шыға алмаған өлеңдер еді. Ал, «Ақын өлімі туралы аңызы» – ерекше, өзгелерге қара көрсетпей озған, тізгін үзген тұлпар туынды болды. Былайша айтқанда ол Жердің тартылыс күшін де жеңіп, ғарышқа шырқап кеткен шығарма еді. Әдебиет дамуында осындай да құбылыс болады. Сирек болады. Кейде оның дамуын осындай оқшау шығармаларға қарап бағалау керек. Жақында қазақ әдебиетінде тағы бір

осындай оқиға («Ақын өлімі туралы аңыздан» кейін екінші рет) болды. Ол – Мұқағали Мақатаевтың «Моцарт. Реквиемі!». Мен оны асыра бағалаудан аулақпын. Тіпті, оның кей жері кем, кей жері артық та болар. Бірақ ол тұтас алғанда айрықша көркем. Жердің тартылыс күшін жеңген, ғарышқа самғаған шырқау дастан-шығарма» («Лениншіл жас», №76, 14 апрель, 1976 жыл). Қазақстан жазушыларының VII съезі ашылуына орай айтылған бұл сөз қазір де дұрыс сөз, қазір де әділ баға.

«Райымбек! Райымбекті!» оқығанда, міне, осы бір жолдар еріксіз зердемізде жаңғырып, М. Мақатаевтың жаңа дастанына да лайық баға екенін байқатқан.

Бұл өзі жанарыңа жас келтіретін, бірде ысытып, бірде мұздатып, жігеріңді қайрайтын, қолыңды қаруға, немесе қаламға жүгіртіп, болашақта ерлік жасауға жетелейтін шығарма.

Енді біздің бұл баға, байламдарымызға дәлел керек пе? Дәлел – тұтас дастанның өзі. Оның бүкіл бірегей болмыс-бітімі. Ақын жүрегін жарып туған, жанып туған барша жаратылысы. Керек десеңіз, дастанда жасанды, жалған, жаңсақ бірде-бір жол жоқ дерліктей. Әрбір сөзі, сойлемі, әрбір бояу-беде-рі, тіпті үтір, нүктесіне дейін қызмет атқарып, мағына тауып шынайы көркемдікпен көрік, келбет түзген. От-жалынға оранып, нұрлы сезімге шүпілдеген. Философиялық парасатқа шүлен, күрескер ойға кенен. Тамыр-тамырды керней аққан қызу қандай қуатқа ие. Ақын жырының жүзі алмастай өткір.

Мұқағали Мақатаев екінің бірінің еншісіндегі тәтті, жеңіл, үйреншікті жайларды жазып отырған жоқ. Мыңның бірі ғана жырлар, жырлай алар жайтты өлеңіне қорғасын өзек еткен. Ақын нысанасы – тарих. Тарих болғанда да қазақ халқының жер басып, түгін түтеткелі бергі ғұмырындағы ең берекесі қашып, белі кеткен тұсы – бүкіл тағдыры, болашағы, жарық дүниеде тірі жүрер-жүрмесі таразының «өмір» және

«өлім» атты қос басына қалтылдап түскен сәті. Бұл – 1723 жылғы жоңғарлар шабуылынан кейін қазақ халқының «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаға» ұшыраған сәті. Қанішер де қатыгез жатжұрт шапқыншылары қылышынан мойны қиылып, найзасының ұшында басы кеткен сәті. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» – қазақ халқының тарихындағы ең қиын тағдыр тауқыметі. Қазақ халқы бастан өткерген ауыр да сұмдық трагедия.

Қаратаудың басынан көш келеді.
Қаражорға шайқалып, бос келеді.
Қара күнді жамылып, қара қазақ
Қара түнді басынан кешкен еді.
Қара қайғы көрсетпей ештеңені.
Қара жауы қанатын кескен еді.
Шұлғау болып қыздардың кестелері,
Талай қара шаңырақ өшкен еді...

Дастан осылай басталады. Таудан құлаған тасқынды өзендей ағызып, аясына тартып ала жөнеледі. Бірден жаныңды ауыртып, қабырғаңды қайыстырып салады. Шер-дастан болары, мұң өмірдің ширыққан шектерін шертері мәлімденеді. Әйгілі зарлы ән, запыран ән «Елім-айдың» бірегей бірінші жолы – бүкіл шығармаға алтын кілт, кірер есіктей. Дастанның да «Елім-ай» әні сияқты қазақ тауларының ақсақалы, атасы Қаратаудан басталуы тегін емес: «Қаратаудың басынан көш келеді». Жаудан кашқан, туған жерден босқан, қарындастан айрылып, қара кезден жас мөлтілдеп, «қара жорға шайқалып бос келе жатқан» көш. Сондықтан да жаралы, қаралы көш. Қара көш. Көш қана қара ма? Көштегі көңіл, көштегі өмір ғана қара ма? Жоқ, күллі ғұмыр, тіршілік, тауқымет-тағдыр қара. Көшпелі елде, «ердің қанаты – ат» болған елде сал мінер, сарбаз мінер қара жорғаның шайқалып бос келе жатқанынан өтер қасірет бар ма? Қайғы бар ма? Алайда «Елім-айда»:

«Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді» емес пе еді? Иә, солай-тын. Бірақ көшпелі елде тайлақтан гөрі қара жорғаның керегі мол, қадірі басым. Қара жорға – аттың жалындағы, түйенің қомындағы тіршіліктің тікелей тірек-тұтқасы. Ендеше әйгілі әндегі аталмыш жолды күшейте түсуге болады. Ақынның «Елім-айдағы» бұл жолды «Қара жорға жайқалып бос келедімен» ауыстыруында осындай мән бар. Ақын өз нысанасы – халқымыздың он сегізінші ғасырдың басындағы қысталаң, сұрапыл өмірімен мейлінше бетпе-бет келіп, оған терең үңілген. Ат төресі қара жорға шайқалып бос келе жатқанда боз тайлақтар мен ереуіл арғымақтардың ер-тоқымсыз «жетім» келе жатары өзінен-өзі түсінікті ғой. Бұл, енді, шар-болаттай шамырқанған, шыңғырған шындық. Бұл ғана ма? Мұқағали Мақатаев қаны сорғалаған қара шындықтарды, талай-талай тұздай ащы, топырақтай ауыр ақиқаттарды ашқан. Ашынып айтқан.

Қара шындықтарды, қайғылы ақиқаттарды өзі түстес, іспеттес қара бояу ғана жеткізе алса керек. М.Мақатаев сол себепті де қара сөзін қадала, қарымды қолданған болса керек. Бұл ретте дастан қара дастандай, қараханадай: қара тау, Қаражорға, қара күн, қара түн, қара қайғы, қара жау, қара шаңырақ, қара жұрт, қара жауын, қара қазан, қара орман, қара Орда – қара қазақ. Әрине, ақын өмірдің қара бояусыз болмайтынын, қара сөзінің де күн мен көлеңкедей екі астары, екі бедері барын білмей отырған жоқ. Қайта осыны білуі, қара өрнек-ажарларды қара бұлттай қаптатып, қолдануы арқылы қалам құдіретін танытып отыр. Қара қазақтың қара қайғылы өткен өмірінің өре-өрістерімен кең де келелі таныстырып отыр.

Қаратау – қасиетті тау! Қаражорға – қалаулы жылқы. Қара орман аман болса, қара Орда дүрілдеп тұрса, қара қазаққа одан артық не керек? Бірақ сол кезде жағдай дәл осындай болып тұр ма? Ақ күн

қара күнге айналып, қанатын қара жау кесіп, қара қазақ тайғанақ – тар тағдырдың қара түнінің аясында, қара қайғының панасында қаңырап қалған жоқ па? Аналар аңырап, баладан ес кетіп, бабалардан ақыл қашқан жоқ па? Қыз-келіншек қанжығаға байланып, боздақтардың желкесі қыршынынан қиылған. Жай қайғының өзі жеңіл емес. Төбеден де, табаннан да қара қайғы төнген соң не болсын! Қара жұртта бықсып шала қалды. Батырдың да, пақырдың да қара қанын қара дала сылқытып жұтып жатыр.

Сонда да ақынның арманы асқақ. Қара қазақ келешектен күдер үзбейді:

Көр болса да болса екен қазақ жері,
Қазақ жері болғасын – Атамекен!

Әсіресе, қарқарадай Қабай жырау шырылдап жүр. Пырдай боп жатқан өліктерден бір тірі жан таппаған соң боздақтарын құзғындарға қалдырып басы ауған жаққа беттеген еді. Қазақтың осылайша құрығаны ма? Жоқ, өмір жалғасады. Қабай жыраудың соңынан бір шырылдаған құлын дауыс жеткен. Баба жырау тағат таппай аттың басын бұрса, жұдырықтай бала. Сондағы кәрі ата қуанышын айтпаңыз. Үлкен үмітке жетелеген сөздері қандай керемет:

– «Сен ғанасың, құлыным, сен ғанасың,
Мен де көпке бармаспын, сен қаласың.
Ойран болған ордаңның орнына кеп,
Отау тігіп, оттарын сен жағасың.

Құлдыраңдаған, атқа шауып бұлдыраңдаған бала – өшпеген шырақ, сөнбеген, лып-лып етіп жанған үміт оты. Ол өсіп жігіт болғанша қай заман? Амал нешік, қара қазақтың күні осы балдырғанға қарап тұр. Ортадағы ұл – әке оталғанда ата немересін медеу етпегенде қайтеді?

Тарихта нақ Қабай есімді жырау болды ма, болмады ма, біз оны білмейміз. Бірақ осындай жауынгер

жыраулардың, болғаны анық. Дастанда ол – жинақты образ. Дана жырау. Өзі үшін емес, елі үшін шырылдаған баба жырау. Мұқағали Мақатаев – Қабай жырау тұлғасына көп міндет жүктеген. Ол қара қазақтың ақыл-ойы, сана-зердесі ретінде көрінген.

Батырлықтың анасы – жағдай. Адам батыр болайын деп бола салмайды. Тілек аз. Бойға біткен күш-жігер де жеткіліксіз. Жауының ту сыртын жармай өтін алар жүректілікті көрсететін жер бар. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» бірлікті, батырлықты қажет етеді. Мұндай қиын сәтте ерлік жасамаған, одан әрі жасай алмаған халық өмір сүруге, тіршілігін одан әрі жалғастыруға қабілетсіз. Қаншалықты қатал болғанмен шындық бұл. Қабай жырау міне, осыны түсініп шырылдайды. Шырқырайды.

Елінің есін кіргізер,
Жерінен малын өргізер.
Жауына зауал тәнгізер,
Қырықпышақ хандарды
Қылығына көнгізер.
Дегеніне сенгізер,
Соңынан жұртын ергізер,
Бар қазақтан – бір қазақ,
Тумас па екен, әулие!..

Жартыкеш болса да бір бақыт сол – бар қазақтан бір қазақ туыпты. Ол – он үштен енді асып бара жатқан өрен Райымбек.

Ақын дастаны – кешегі керуен-керуен батырлық жырларының жарқын жалғасындай. Бүгінгі «Алпамыс батыр» жыры тақылеттес. Дастанның бүкіл бітімі кесек. Жетім жырау, қаусаған қарт Қабай жыраудың сөзінің өзі қаһарлы, естіген елге ес берердей, қайрат дарытардай. Ет пен сүйектен жаралған, жер басып жүрген жан болғанмен, Райымбектің ойы да ірі, сөзі де салмақты. Ісі де ірі, үлгісі де төтен. Бірақ бұған қарап дастанның реалистік сипаты солғын

деуге болмайды. Керісінше онда драмалық ширьғыс мол. Керек десеңіз, ол – трагедиялық дастан. Себебі, басты кейіпкері – қайғылы халық. Жүнжіген халық. Сондықтан да Райымбек күллі еліне наразы. Кіжінулі. Қабай жыраумен кездескендегі ашынып айтқаны – соның көрінісі.

– Ата, біздің өлкені қара жаулар шаппады,
Жауларына біздің ел сөйгүлігін баптады.
Қойын сойып, қолдарын қусырды да сорлылар,
Аяғына бас ұрды, бірі садақ тартпады.
Тартпаған соң олар да әуреленіп жатпады,
Алды-дағы аларын, белімізден аттады.
– Жамандама жұртыңды, жамандасаң болмассың!
– Қатындардың ішінде өзім-дағы оңбаспын.
«Үні шықпас жалғыздың, шаны шықпас жаяудың»,
Мен де қатын болармын, сірә, батыр болмасын.

Райымбектің бұл сөздері – сұмдық сөз. Артса нардың қабырғасы қайысып, көтерсе адамның белі үзілердей сөз. Он үштегі өрен бір адамды, мың адамды ғана емес, күллі елді айыптап, қыжыртып отыр. «Көпті жамандаған көмусіз қалады», – десек, «Көп қорқытады, терең батырады» – десек, халыққа тіл тигізуге болмайды десек, Райымбектің мұнысы несі? Бейбастақтық па? Басынғандық па? Жоқ, елдікі теріс, ердікі жөн. Қандай масқаралық десеңізші. Бауырларын бауыздап, Қаратаудан қара көш өргізіп қойған қас дұшпанды қарсы алғандары қалай? Қолдарын қусырып, алдарына бас тартқандары қалай? Аяқтарына жығылып, сөйгүліктерін баптағандары қалай? Белдерінен аттанғандарына, құл болғандарына қуанғандары ма? Той жасағандары ма? Қайтесің, шындық. Күл. Жыла. Шашыңды жұл. Бәрібір шындық. Көр де көн. Көнбегенде қайтпексің. Сонда күллі елдің езге айналғаны ма? Барша еркек кіндіктерінің басына жаулық байлағандары ма? Күллі елдің өлгені ме? Тірі өлікке айналғандары ма? Енде-

ше Райымбектікі дұрыс. Райымбек әділ. Райымбекке бұдан да қатты, қатал айтуға болады. Иә, күллі «қатындар» ішіндегі оның да ер болуы екіталай.

Алайда жаны жаралы жас жолбарыс Райымбек айтса айта берсін, біз асықпайық. Елді ашулы ермен бірге сөгіп, күпір болып жүрмейік.

Ел тағы бір той жасап жатыр. Ат бәйгесі той емей немене? Жылқы жады Түке жалдас күреңі бәйгеден озып келмеді деп маңдайын тоқпақтаса, той емей немене? Ал Райымбек неге қуанбақ? Қас надан, түйтіксіз түлей болмаса, қалайша жағасы жайлауға кетіп бәйгеден келмек? Елдің бәрі көмбеден оралғанда араларында оның жоқ болуы сондықтан.

Желпіне барып желігін жұрт та басқан-ды,
Оқыс бір ғажап оқиға сонда басталды.
Жалғыз бір қара жұлдыздай ағып келеді,
Қараңғы түнде қақ жарып тілген аспанды.

Қу даладағы құйын ба дерсің ойнаған,
Қыран ба дерсің, қылт еткен құсты қоймаған.
Өз атын өзі ұрандап бала келеді,
Қамшы сабына жейдесін Ту ғып байлаған.

Жайына қалып өлі аруақ пен тірі аруақ,
Келеді бала есімін өзі ұрандап.
Тірілер шошып жағасын ұстап тұр аулақ,
Өлгендер көрде түскен де болар бір аунап.
Келеді қыршын есімін өзі ұрандап.

Доғара қойып ойын мен дырду, суықты,
Бір сәтке қауым ішінен тына қалыпты.
Он үшке толған Түкенің ұлы Райымбек
Албанға алғаш есітіп өзін танытты...

Оқыс та өрескел оқиға ма? Ел құлағы естімеген, көзі көрмеген сұмдық оқиға ма? Сырттай қарасаң солай да секілді. Бірақ ақын мұны сүйсіне, қоштай суреттеп отырған жоқ па? Ақындікі жөн. Бұл тіпті де жеті атаны жерге қарату емес. Бұл – шынында да құйын десең, құйындай соғу, қылт еткен құсты қағып

түсер қырандай самғау. Бала батыр Райымбектің алғашқы қимылының өзі осындай оқыс та озық еді. Сондағы оның мақсаты – тып-тыныш ұйып тұрған қараңғы түн – елді аспанды қақ жарып тілген найзағайдай бір жарқ ету, бір жарқырату болатын. Ұйықтаған жүректерін ояту, бір сілкінту болатын. Өз атын өзі ұрандаса – бабалары. Сырымбет пен Хангелдіні кем көргені, оларға тақымы толмағаны емес.

Өз атын өзі ұрандаса – өздерің аттандауға жарамасандар, жаумен жағаласуға жүректерің тітіресе, мен бармын, бала да болсам бас болам, соңыма еріңдер дегені. Өз атын өзі ұрандаса – ең артық кеткенде асаулығы, әйтпесе құрық үзіп кетем дегені де емес, аузына салып, періштенің дем бергені. Бір өзінің бір бәйге шапқаны. Бірақ ел, табанда тапталып жатқандарымен жұмысы жоқ, қаршадай баланы таптап кете жаздады. Араға баба жырау, дана Қабай жырау түсті.

– Жауына шапса өз атын өзі ұрандап,
Қолдамас па еді өлі аруақ түгіл тірі аруақ.
Есі бар тентек есейе келе ер болар,
Ерік беріңдер, неғыласыңдар бұғаулап...

Қорқып, артық кеттім-ау деп жүрген Райымбек жоқ. Қайта «Жүрегін жеген сөзін айтпақ боп талайғы, ...қауымға тіке қарайды». Әлмерек билерге, білегі жуан, ақымақ, шынжыр балақ шұбар төстерге айтары – төмендегідей сөз.

Күреңімен атылып шетке шықты да,
Айқайлап тұрып, анықтап, нақ-нақ ұқтыра;
– Дәрменсіз сорлы кедей-көпшікті бұқтыра,
Күшік тазыдай жылмаңдайсыңдар мықтыға.
Ата жауларың арқаңа, бәлем, шықты ма,
Әкелеріңнің көріне, бәлем, тықты ма?–
Деді де бала Күреңіменен самғады.
Өзі атын өзі ұрандауынан танбады.
Тетір де болса тентек баланың аруағы
Шашылып жатқан ауылды тегіс шарлады.

Бірінші кездескенде -- еліне ренішті, батыр болсам деген арманын үкілеп жүрген, ойлы, қайсар баланы көрсек, екінші жүздескенімізде – он үш жасар Райымбек әрекетке көше бастаған. Анық батылдыққа, қайтпас батырлыққа беттеген. Ал үшінші жүздескенде көреріміз – он сегізге толып, есейген, ержеткен Райымбек. Ойы толысып, мінезі қалыптасқан Райымбек. Тұрмыста – таза, қиындыққа – шыдамды, құлықта – қайсар, ірі Райымбек. Өзі елі сау, жері саламат болса да, Қаратаудағы, басқа жерлердегі қазақ жылап жатқан сон да тынши алмаған, өзегін намыс өртеп, санасын қорлану сансыратқан Райымбек.

Бірақ Райымбек жалғыз. Барары, ақыл сұрары – Қабай жырау ғана. Қабай жырау батырға бата да берді, ақыл да айтты, жол да көрсетті. Жоңғарлар – жасық, бір күнде жұмылып жаныштаса жеңіле салар жау емес. Қара құзғындай қаптаған, қара қасқырдай қайратты, айлалы жау. Олармен соғыс – күллі қазақ бірігіп, бір жұдырық болып түйіліп, білек пен жүректі қоса-қабат қаһармандықпен жылдар бойы жұмсағанда ғана жеңіске жеткізер соғыс.

Райымбек жалғыз. «Жалғыздың үні шықпас». Сондықтан да аттан салды. Бірақ ақсақалдардан бата, билерден рұқсат алмай бола ма? Асау Іленің жағасындағы бидің үйі. Ақсақал, қарасақалдар – алқалы топ жиналған. Батыр мен қауым билер кесімін күтулі. Бірақ төбе би кесімі екіталайлық байқатты. Райымбекті жаудан бұрын жарға айдап, бағын сынап көрмек болыпты.

Бет алыпсың халайық, бұрылмасқа,
Қалауыңды хақым жок, ұғынбасқа.
Бір шартым бар «батырға» қоятұғын,
Жамыраспа, беталды шуылдаспа.
Басын тартпас батыр ғой, несі кетсін,
Басын тартса, сөз басқа, есі кетсін.

Топ ішінен таңдаған атын мініп,
Мына жатқан Ілені кесіп өтсін...

Ол кездегі Іле – қазіргі момақан өзен бе екен? Көктемде су ішкелі еңкейе берген атты ала жөнеліп, құрдымына жұтып әкететін Іле. Долы қария Іле. Бұл енді билердің қиыннан қиыстырған қулығы, қатал сыны болумен бірге батырды тікелей өлімге айдауы еді. Арғы бетіне адам жүзіп аман өтіп көрмеген Іле тілсіз жаудан бірде-бір кем емес-ақ. Арғы бетке аман-есен жүзіп өтсе, Райымбек қол жинап, жауға аттануға ерікті де, суға кетсе сұрауы жоқ. Шегінетін Райымбек пе? Қазағын дұшпанға талатып, қайрат көрсете алмай қалқайып тірі жүргенінен гөрі Ілеге кетіп, өлгенін артық көретін ер емес пе ол? Күреңінің екі жанына қамыс теңдеп, қаймыққан атын қамшылап, шым-шым қайнап, ширьға шұбатылған тылсым дүлей ағысқа қойды да кетті.

Жүректілік жеңді. Тілсіз жауды арпалысып, айқасып жеңді. Күрең де, Райымбек те арғы бетке жүзіп өтті.

Бас бидің сондағы айтқаны мынау:

– Дауасы жоқ жан екен оты жанған,
Ілесіңдер осыған оты барлар!
Су жол берген батырға мен жол бермей,
Қамауда ұстап қыранды отыра алман.

Барыңдар, әкеліндер салға салып,
Сынайын сырттаныңды жауға салып.
Қияннан құйылып кеп қиратсын бір,
Қатарын бөрілердің қан-жоса ғып.

Дауасы жоқ жан екен жаратылған,
Тұлпар екен тұғырдан дара туған.
Қамауда ұстап қыранды отыра алман,
Ұшсын, кетсін жай атып қанатынан.

Хангелдінің сауытын кигізіңдер,
Қыннан алып қылышын сүйгізіңдер,

Сырымбеттің туының алдына әкеп,
Тәубе еткізіп басын да игізіңдер...

Жас қыран осылай түледі. Би кесімі – байқамағанға біліктілік көрінгенмен, амалсыздың, өз сөзінен айни алмауы, ерлікті мойындауы, «су жол берген» батырға жол беруі деп білеміз. Қанат-топшысы жетілген қыран осы самғауымсн қауымды өзіне ерті. Қара қазақ қолбасшы батыры Райымбектің қасына жиналып жатты.

Жиналмай бола ма? Бірікпей, бір халық тұтас бір жұдырық болып түйілмей бола ма? Шағын халық, шетінен батыр болмай бола ма?

Түптеп келгенде қазақ басындағы осы қанқасапқа, алапат апатқа кім кінәлі? Қасақы дұшпан жоңғарлар ғана ма? Қазақтың бойжеткенінің бұрымын кесіп, жүкті келіншегінің қарнын жарған, баласынан бабасына дейін қырып, тігерге тұяқ қалдырмауды, ұлы даланы босатуды, тартып алуды, басы бүтін иемденуді көздеген қатыгез жаудың қанішерлігі, геноцидтік саясаты ғана ма? Жоқ. Сырттан келген жаудан гөрі іштен шыққан жаулық, жамандық жаман. Бұл «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаның» болуына қазақтардың өздері де «кінәлі». «Адам адамға қасқыр» заманда қыран емес, қой болып қалуды ақтау қиын. Ақын сондықтан сол кездегі күллі қоғамға қоса тұтас қазақ халқын да айыптайды. Бірді-екілі бай-билер қарақан басының қамынан артылмаса, шырық бұзса, ездік көрсетіп, иттік жасаса, қалған қалың көпшілік қайда? Қоянша қорықса, жалғыз-жарымға бөлініп жортса, бастары бірікпесе, батырлыққа бел бумаса, өздері кінәлі емей кім кінәлі? Сол себепті де Мұқағали қаны сорғалаған қара шындықтарды, тұздай ащы, топырақтай ауыр ақиқаттарды аямай ашқан. Халықты сүйіп тұрып күйіп айтқан. Бетке біліп тұрып тіліп айтқан.

Ақтабан шұбырынды,
Ақ туың жығылулы.

Олақ қатын тоқыған алашадай,
Өрмегіңнің арқауы суырылды.

Жаннатыңды жамсатып жау орнады,
Жатқаны анау өртеніп қара орманың.
Туырлығы туралып тоқым болып,
Қаңқасы тұр қалқиып қара Орданың.

Ақтық байлап, табынып тал-қайыңға,
Өтті күнің сор қатып маңдайыңда!
Кетті қымыз жауыңның таңдайында,
Кетті қызың жауыңның борбайында.

Ақыныңа, серіңе, батырыңа,
Туысыңа қимаған, жақыныңа,
Тұяғымен ор қазған тұлпарларың
Тулап кетті жауыңның тақымында.

...Пайдаланып былығың-шылығыңды,
Жауың кеп шырылдатты шыбыныңды,
Жау да, өзің де ластап тұнығыңды,
Жаяу ұстап қолыңа құрығыңды.
Қайда босып барасың, қайда, қайда?
Ақтабан шұбырынды!
Ақтабан шұбырынды!
Ақтабан шұбырынды!

Бұл сөздерге – аяздай шымыр, алмастай өткір ақиқаттарға түсініктік керегі шамалы.

Бұлайша тұтас халықты айыптау – асылық емес пе? Артық емес пе? Асылық та емес, артық та емес. Ақынның жазып отырғаны – шыққан күндей шындық, ыңқылдатқан дерттей рас болса, қалайша асылық болады, артық болады? Қайта халық ақынының айтқандарынан қорытынды шығаруы керек. Халық мұндай ақынына тек қана алғыс айтып, оны сүйеге тиіс. Ал мұндай дәрежеге жету, осындай Ала-тау биікке көтерілу – ақынның күрт өскенін, жердің тартылыс күшін жеңіп, ғарышқа самғағанын көрсетеді. Ұлылыққа өріс ашқанын көрсетеді.

Өкініштісі – осындай дарқан дастан, қазіргі кезең «Құлагері» аяқталмапты. Жартылай ғана жазылғандай.

Қуаныштысы – тар өрісті былық-шылық, алтыбақан алауыздық, тағы басқа да қарабайырлық, құл болуға көну – қазақ халқының негізгі қасиеттері емес. Қазақ – табиғатында дарынды, таза қаһарман халық. Қиын-қыстау кездерде жол таба білген қандай да бір қас дұшпанға қарсы тұра білген халық. Жол таба біліп қоймай, үнемі жарық күнге шыққан, қарсы тұра біліп қоймай, дәйім тас-талқан етіп жеңіп жүрген халық. Жоңғарлар шабуылына дейін де солай болған. Ең сұмдық тарихи-табиғи апат – «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» кезінде де солай болды. Ақырында қазақ халқы жеңіп шықты. Сонысы арқылы қара қазақтан ата қазаққа айналды.

Иә, Райымбегі, Райымбектері бар халықтың құл болып қалуы мүмкін емес.

Жауынан жеңілуі де мүмкін емес.

Жер бетінен жойылып кетуі де мүмкін емес.

Ата қазаққа айналғаны емес пе – осыдан 250 жыл бұрын қуатты орыс еліне өз еркімен қосылып, даналық, көрегендік танытты. Ұлы дос, сенімді серік дос тапты.

Ата қазаққа айналғаны емес пе – қазір қазақ халқы туған жерін Жерұйық өлкеге айналдырып, ұлы Совет елі құрамында бақытты шаңырақ көтеріп, шалқыған түтін түтетіп отыр.

Бізге М. Мақатаевтың осы дастаны сияқты ірі шығармалар көп керек.

АҚИҚАТТЫ АЙТА АЛСАҢ

Көркем әдеби шығарма – мейлі, ол қандайбір тақырыпты қозғаса да, мейлі, ол қандай бір түр-пішінде жазылса да – өміріміздің шынайы шындығын кібіртіктемей ашық, жарқын айтуға тиіс екендігі баршамызға белгілі қағида. Бірақ оны айту оңай ма? Әуелі оған батылдык, ерлік керек. Өйткені, шындық – шөкердей бал болумен қатар, тұздан да ащы, мақтадай жеңіл болумен қатар корғасыннан да ауыр; жұмсақ болғанмен қылыштан да өткір. Сондықтан да оны екiнiң бiрi емес, еңiреген ерлер ғана, ақ берен ақындар ғана айта алып жүр. Сонымен бiрге әңгiме – жазушының шындықты бiлуiнде және тек айтуында ғана емес, қаншалықты және қалай айтуында. Демек, бұл мәселе қаламгердiң сөз өнерiнде өз соқпағын, өз жолын табуының басты өлшемі де болса керек.

Жазушы Төлен Әбдiков өзiнiң повестер мен әңгiмелер жинағын «Ақиқат» деп атапты. Несi бар, жаксы ат. Бірақ Т. Әбдiков неге кiтабына осындай атты қойған жауапты атты таңдап алған? Кiтабы атына лайық па? Содан соң оның айтқаны қандай ақиқат? Жазушы кiтабының «затын» оқып отырғанда, бiз осындай сауалдарға жауап iздедiк.

Жинаққа екi повесть пен үш әңгiме енгiзiлген.

Беташар алғашқы повестiң аты да – «Ақиқат». Оған iшкi мазмұндық табиғатына-пiшiнiне орай фантастикалы повесть деген айдар тағылыпты. Қысқа қайырғанда шағын шығарма ақша, мансап,

дүниеқұмарлық билеген капиталистік қоғамда мәдениеттің адамзат санасын улап, оны адам емес, жай ғана механизмге айналдыратынын бедерлеген. Әрине, бұл процестің бірер келелі көріністері арқылы.

Туындыдағы басты тұлға – телепат Роберт. Ол – көріпкелдігі бар адам, ерекше қабілет иесі. Бірақ жекеменшік үстемдік өткен қоғамда, мемлекет, полиция, зорлық негізін құраған қоғамда оның еркін болуы, онын қабілетінің жан-жақты өріс ашып, гүлденуі мүмкін бе? Ол қарақан басының мүддесін көздеген профессор мен полицияның шылауына айналды, қылмыстар мен ұрлықтарды әшкерелеп, табушыға ғана айналды. Бас тартып көрсінші – мемлекеттік іске көмек беруден қашқаны. Мемлекеттік қылмыскерлерді көрсетуден жалтарғаны. Оларды жасырғаны – өкіметке жаулықпен бірдей. Мұндай жағдайда ол сотталуға, жазалануға тиіс... Роберттің шегінер жері жоқ. Осынау лас істен құтылар шарасы жоқ. Ол бұдан басқа істерге араласа да алған жоқ. Тек қулық-сұмдықтардың ізін бағу – жаны ізгі жаратылған адамға жеңіл тиер ме? Содан да оның ерекше артықшылығы өзінің қасіретіне айналды. Сана-сезімі жоғары дамыған Роберт өз басына түскен жағдайларды сезінбей, ойламай тұра алмайтын еді. Ақылдан туған азап дегеніңіз де осы емес пе?

Роберт қарапайым қатардағы адам болып жаратылғанда ше? Осының бәрі, осы азаптың бәрі жоқ-тын. Ақиқаттарды, әсіресе, жанға ауыр тиетін ақиқаттарды білмес еді ол. Сосын да мүлгіп күн кеше берер еді. Бақытты болар еді. Жұмыр басты пенделерше қарны тойғанын, үсті бүтіндігін қанағат етіп, соған ыржалақтап, бейуайым күн кешер еді.

Амал қанша, Роберт ерекше жан болып жаратылыпты. Асылы, қандай бір нәрсе де өз шамасында болмаса, орташа дәрежеде берілмесе, қатерлі:

не бақ, не сор – адам басына қонса, әсіресе не шарықтатып аспанға шығарады, өзгелерден артық, күшті етеді, бақытқа шаш-етектен кенелтуі де мүмкін; немесе надандықтың мазағына ұшыратып, қорлықтың құрбаны етіп, жер құштырады. Иә, бойдағы қасиет-қабілетті қажетті мөлшерде, деңгейде ұстап, пайдалана білу – арманның арманы. Роберт те нақ сондай жағдайға тап болды. Ол қабілеттен азап көрді. Ақиқаттарды көп білуі – оның қайғысына айналды.

Оған бақыт болып қонар қабілеттің керісінше қасіретке, қайғы болып жабысуына кім кінәлі? Осының бәрінен азап тартуына кінәлі кім? Қоғам, капиталистік-әлеуметтік қоғам. Адамдар бір-біріне жау, қасқыр күйге жетсе, күштілер әлсіздерді тонап, талап, жеп жатса – сезімнен баян, адамгершіліктен ардақтылық кетсе – ақиқаттар ауыр, ащы, сұмдық болмағанда не болады? Оған өндеше жаны ізгі, таза Роберт секілді жандардың төзе алмауы заңды.

Ақиқаттың да ақиқаты бар. Оны білудің де шегі бар. Екіншіден, ақиқатты кім қалай көреді, мәселе соған байланысты. Роберт – өмірді біржақты көріп, түсінетін жан. Соған қоса ол шындықты өте көп біліп, көріп қойды. Оның: «Мен ашуға болмайтын есікке басымды сұқтым. Енді мен білмейтін шындық жоқ. Енді мен бәрін де білем. Ағайын, мен бәрін де білемін... бәрін де», – деуінде растық бар. Сонда не білді ол? Адамдардың бірі ғана емес, бәрі де арам екенін білді. Мысалға, профессор, Ол: «Сіз туралы мынау ғылыми еңбегімді тамамдап барып өлсем, содан басқа тілегім жоқ» – десе, онысы: «соңғы тілегім – саған басқа профессорлардың идеяларын, ойларын ұрлатсам», – дегені. Ол Робертке: «Сенің халыңды білуге кеше келмек болып едім», – десе, онысы тіпті жалған; кеше келу онын қатеріне де кірмеген. Енді кімге сенуге болады? Биязы да момақан, тақуа дін адамы священникке сенерміз.

Сөйтсек, ол да сұмның бірі екен. Енді кімге сенуге болады? Өзін сүйетін, қойынында жатқан қатынына сенуге болатын шығар? Сөйтсе, ол да адал емес екен. Мұның көзіне шөп салыпты.

Сонда әлсіз, боркемік жан Робертке не істеу керек? Бар сенімі күйреп, барлық медеуінің жібі үзілді. Жер басып тірі жүрсе де жоққа бара бар емес пе? Роберт өзін-өзі асып өлтірді.

Жазушының айтпағы осы ғана ма? Жо-жоқ, сол ақиқаттар арқылы туындар салдар ақиқаттарды айту. Роберт – келісті кескінделген бейне. Бірақ ол – кесек тұлға да емес, үлгілі жан да емес, күрескер де емес. Өмірге келді, кетті... Бізге керегі – оның бастан кешкен ақиқаттары. Біз оларға немқұрайды қарай аламыз ба? Жоқ, әрине. Тіпті де бейтарап, селқос қала алмаймыз. Профессордың мансапқұмарлығындай мансапқұмарлық, священниктің екіжүзділігіндей екіжүзділік, Роберт әйелінің опасыздығындай махаббатқа адал еместік біздің өмірімізде де азды-көпті кездеспейді емес. Төлен соларды – сол ақиқаттарды айтып, ашып отыр. «Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда» деген сыңайлы. Әйтпесе капиталистік қоғам болмысын суреттеген шығарма неге керек? Кімге қажет? Адамды адам қанайтын қоғамның сұмдық шындығын білумен ғана шектеліп қалмақпыз па? Бізге екінші керегі – Роберттің айтқан, сезген, түйген ой-ақиқаттары. Рас, көбісі дерлік сыңаржақ. Дегенмен, қажетті, адамға бәрібір ой салатын, сындарлы ақиқаттар олар. Мысалы: «Адам баласы өмір бойы ақылды болғысы келіп, ақыл тапқысы келіп, ал өзі өмір бойы сол ақылдан азап шегіп өтетінін түсінбейді. Санадан туатын азапты санап тауысу мүмкін емес...» (23-бет), «Адам – жыртқыш қой. Ең қатерлі жыртқыш. Жер бетіндегі парасат санасы төменгі дәрежедегі хайуандарды өзіне кіріптар етіп, торда ұстайды, бұғаулайды, көлік етіп жегеді, өлтіріп еттерін жейді (24-бет).

«Шындықты тек осы жерде ғана (жындыханада – Б.С.) айтуға болады. Шындықты баска жерде айта алмайсыз. Шындықты бала мен жындылар ғана айтуға тиісті. Біз – жындылармыз...» (42-бет).

Роберт өзінің сау емес екеніне қуанғандай, осындай ақиқаттарды айта алғанына, ашқанына риза секілдідей. Бірақ ол жынды ма еді? Керісінше сол қоғамдағы ең сау адам сол еді. Шынында да оның сау өмірден, безіп, жындылар арасына келуінде ащы шындық – өмірдің сұмдық ізгісіздігін, нашарлығын айғақтау бар. Шынында да қылмыстардың бәрін жындылар емес, сау адамдар жасайды ғой.

Шындық – қайшылықта. Ақиқатты әрбір адам өзі іздеп тапса ғана құнды. Төлен Әбдіков өз кейіпкері Роберт айтқан осынау пікірлерді қолдап, құптап отырған жоқ. Ол бұрыс-дұрыстың басын ашуды оқырманның өз еншісіне қалдырып отыр. Повесте айтылған бар ақиқаттарды ойлап, өз бастарымен қорытып, сараптап, керегін ғана алсын деп отыр.

Повестің санаға салмақ салып, ойлануға итермелеуі – оның айрықша атап айтарлық жақсы қасиеті, құндылығы, болса керек.

Осы тұрғыдан байыптасақ повесть фантастикалық туынды да емес секілді. Расында онда фантастикалық дер не бар? Тіпті ғылыми бір арқау – телепаттық қасиет сырлары ашылып, әңгімеленбейді де; қиялдан туған да түк жоқ; қайта бәрі де кәдімгі ақиқаттар, өмірдің шымыр, шынайы шындықтары емес пе? Ендеше Төлен туынды жанрын фантастикалық деп шартты түрде ғана атай салғандай. Сондықтан да автор өз мақсатына жету үшін, ащы, ауыр ақиқаттарды қаз-қалпында, бояуын солғындатпай, бетке басып айту үшін осы түрді әдейі таңдап алған дейміз. Иә, Төлен өз шығармасына орталық арқау-тұлға етіп, жай адам емес, ерекше ғылыми, қияли адамды – телепатты алғандықтан да осындай ауыр, ащы ақиқаттарды көре алып, айта алды

ғой. Бұдан шығатын түйін-туынды тіпті де фантастикалық повесть емес, реалистік шыншыл повесть.

Жинақта осы повеспен табиғаттас, туыс тағы бір тамаша әңгіме бар. Сол себепті де біз екінші кезекте «Әке» повесіне емес, осы әңгімеге тоқталуды жөн көреміз. Оның ныспысы – «Оң қол». Ал енді екі туындыдағы туыстық неде? Ол тағы да ерекше жағдайды желі етуде. Яғни әңгімеде де ерекше құбылыс – организмнің, ішкі тұлғаның екі жарылуы тілге тиек етіледі. Атап айтқанда бас кейіпкер он жеті жасар қыз Алманың оң қолы оның өзіне бағынбайды, дербес қимылдайды. Оң қол әрқашан да Алманы қылғындырып өлтіруге әрекеттенеді. Ақыры ол өз мақсатын жүзеге асырады да.

Автор мұнымен не айтпақ болған?

Тағы да ақиқатты. Қандай? Психикалық ерекше ақиқатты. Ал, негізінен сол құбылыстың салдар ақиқаттарын. Мұның өзі оқырман үшін де қажетті, білуге тиіс шындықтар, әсерлер дей аламыз.

Психиатриялық аурухана. Мұның емделушілері – тек жындандар, тағы да ақыл-есінен айрылғандар.

Біздің кейіпкер дәрігеріміз жындыларды жанындай жақсы көреді. Үйренбегендіктен бе? Бұл да бар шығар. Бірақ ең негізгі себеп – ол жындыларды түсінеді; олардың науқастан азап шеккен бөлекше жадау жүздері, былайғы жұртқа қорқынышты көрінетін оғаш қылықтары, сөйлеген сөздері бұған соншалықты ыстық. Себебі – олардың ешкімге ешқандай зияны жоқ. Әдетте тәні ауыратындарды көрсек, дереу жанымыз ашиды; ал жаны ауыратындарды көрсем өзіміздің ондай дерттен аман екендігімізге қуанамыз. Бұл – қаскөй қуаныш, әділетті қуаныш емес ойлап көрсек. Барынша аялы алақанды, сүйіспеншілікті тілейтін сол жан-жүйкесі кеселге шалдыққандар емес пе? Ғаріпті сүйсеңіз, аясаңыз – ал-

дымен ақыл-естен айрылғандарды сүйіңіз, аяңыз. Олардың ешкімге, ешқандай зияны жоқ.

Осы ауруханаға балғын бойжеткен Алма келіп түсті. Ата-анасының айтқаны: қыздың өзін бірнеше рет қылғындырып өлтірмек болғаны. Маңындағылардың араласуымен аман қалған. Қыздың өз айтқаны бөлек: «Маған қастандық жасаушы – оң қолым. Бұл – менікі емес, мүлде бөтен қол, мені өлтіргісі келіп жүр». Аңғарарың – қыздың бойында екі түрлі жан иесінің кезектесіп, немесе қатар өмір сүретіндігі. Бұл дерт пе? Бәлкім, дерт шығар. Бұл – бәлкім, мидың әлі ашылмаған бір сыр-құпиясы шығар? Ғажап емес.

Әйтеуір, ақиқаты – қыз жынды емес. Қыз – сұлу ақылды. Ол тек әлгі оң қолдан азап шегуде. Бойжеткен шағында мұндай күйге тап болу, әрине, адамды өзгертеді. Тұйық, үнемі үрей үстінде жүреді ол.

– Қорықпа, – дейді дәрігер тағы да бір қалыпты баяу дауыспен. – Бұл сенің өз қолың...

– Жоқ, – деп шыңғырып жібереді Алма. – Жо-жоқ менікі емес.

Неге оң қол өз иесін – Алманы өлтіргісі келеді?

Бұл туралы дәрігердің топшылауы қызық, ойланарлық: «Өзіне қанша түсініксіз болғанмен, өзін-өзі өлтіру ниеті қыздың миында бар деген сөз. Бірақ ол ниет кімнің ниеті, қайдан келген? Алманың бүкіл өткен өмірін, мінез-құлқын, адамдармен қарым-қатынасын зерттей келіп, мұны өз басынан туған ниет деуге себеп таба алмадым. Бұл – қалайда қанмен тұқым қуалап келген ниет. Науқастың шешесі, я әкесі, я әкесінің әкесі бір кезде өзін-өзі өлтірмек болған. Енді олар әлдебір құпия заңдылықпен Алманың санасында тұрып, өздерін-өздері өлтіргілері келеді. Бірақ олардың өздері жоқ. Санасының иесі, қыз өлуге тиісті. Әлгі ниет қыздың организмі толық тыныштыққа енген кезде таңғажайып қатерлі рефлекс арқылы оянып, оң қолға сигнал береді».

Алма – жападан-жалғыз; қиындық та осында. Ол мынау трагедиясын ешкіммен де бөлісе алмайды. Оған ешкім және көмектесе алмайды. Ол соны біледі. Соншама адамдар ішінде жүре тұрып, рухани жалғыз болу қаншалықты ауыр десеңізші.

Дәрігердің махаббаты Алмаға уақытша уаныш болды. Шын сүйді ме? Сұлу қызды, әсіресе, жаны сұлу жас қызды шынымен-ақ сүйген шығар, бәлкім, жанын түсініп, серік болған шығар... Бәрібір Алма өзін-өзі өлтіріп тынды.

Адамның өз денесінің өзіне жау болуы – дау жоқ, үлкен бақытсыздық. Алайда «адамның өзіне-өзі жау болуы – соншалықты сирек оқиға ма? Сот залына барып, айыпталған адамдардың қателіктерін тізіп көріңіз, бәріне де өздері кінәлі. Кісі өлтіруден бастап ұрлық істеу, ақша жеу, арақ ішіп, төбелесу, маскүнем болу, әйел зорлау, кісі балағаттау, содан кейін түрмеге түсіп, өмірін қор қылу өзіне-өзі жаулық емей немене? Наполеонды құртқан Россия емес, ең алдымен Наполеонның өзі емес пе? Егер ол Россияға шабуыл жасамаса, Россиядан жеңілер ме еді? Яғни Наполеонды өзіне қастандық ойлаушы Наполеон жарға жықты». Адам бойындағы өзәзілдік жаңағы оң қолдан несі кем?.. Жаңағы оң қол...

Автор өзінің пышақ ұстап отырған оң қолына «үрейлене» қарайды.

Төлenniң жинаққа енген екінші повесі «Әке» деп аталады.

Алдын ала айтар пікіріміз – бұл туынды да әлсіз, нашар шығармалар санатына қосылмайды. Адал да ақжүрек, аңқылдақ еңбеккер әкенің – Сейсеннің тұлғасы тәп-тәуір сомдалған. Әке өлім аузында жатқанда ұлы өткеннің бәрін еске алады. Әкенің айтқандарын, онымен кезектескен мұның еске алулары, әке көңілін сұраушылар мен арадағы әңгімелер, әке қазасы, оны ақырғы сапарға жөнелтіп салуды суреттеу көп жайды аңғартып, Кеңес өкіме-

тінің орнап, қаз басу, буын тігу сәттерін біршама тереңдікпен алға жайып салады. Сондай-ақ повесте халықтың әдет-ғұрып салттары, естірту, келін түсіру, көңіл айту, өлімді жөнелту жол-жоралары жақсы бейнеленген. Повестің этнографиялық-танымдық әсері де мол деп айтуымызға болады.

«Жат перзент» әңгімесіне бір шағын жайт қана өзек етілген.

Адамның өз перзентінің өзіне жат болуы мүмкін бе?

Мүмкін екен?

Кәрім Рүстемнен кек алмақшы. Өйткені, Рүстем мұны бір шалып, құлатып кеткен еді. Бірақ Кәрімге кек алудың реті көпке дейін келмеді. Санжардың той-шілдеханасында қағысамын ба деп еді, оған Рүстем келмепті. Сосын әйелі Зәурешке көз салды. Оны айналдыру арқылы Рүстемді мққатпақшы.

Кәрім әнді жақсы айтатын. Сонысы, сол арқылы шілдехананың басты тұлғасына айналуы көмектесті. Оның үстіне арақ ішкендіктен қызып алуы, батылдығы тағы сеп болды. Сөйтіп, Зәурешті қармағына түсірді. Осылайша әйелінің көзіне де шөп салды. Кешікпей екеуі де тыйылды.

Кәрім де, Зәуреш те – мықты, ұнамды жандар емес. Әлгі қылықтары – жалт еткен жақсы сезімдері болар, бәлкім. Бәлкім, жеңілдіктері шығар.

Ал, сол қысқа ләззаттың ауыр сабағы болады деп кім ойлаған? Кәрім көп жылдан бері көрмеген Рүстемге жолығып қалды. Күтпеген жағдай есеңгіретіп жіберді мұны. Оның қасындағы жеті жасар бала мұның ұлы еді. Өзі жасаған қылмысының бір куәсін көріп қалғанына абдырағаны ма, жоқ әлде лап етіп оянған әкелік сезімі билегені ме? Әйтеуір қорқыныш емес, өкініш жанын өртеді Кәрімнің. Ұлы мұны өмір бойы танымай өтеді, танығысы да келмейді. Бұған мәңгі жат.

Енді ойлайды бұл: «Зәурешті шын көңіліммен

ұнатыппын. Бірақ мен алғашында мұны мойындағым келмеді. Өйткені, мұның бәрі өзімізді қоршаған ортаның қағидасына мүлде қайшы еді. Сондықтан мен де көңілімдегі шынайы сезімді жалған деп тануға мәжбүр болдым. Сонда менің жіберген ең үлкен қатем қайсы! Зәуреш пе? Жоқ, бүкіл қалған ғұмырым ба?»

Иә, оның ең үлкен қателігі қайсы! Зәурешке деген сезімі ме? Жоқ, бүкіл қалған өмірі ме?

Біз бұған жауап іздемей-ақ қоялық. Мүмкін жауап бере де алмаспыз. Мүмкін, автор да ештеңе айта алмас (Оған жауап беру үшін әңгіменің ең кемі повеске айналуы, не тіпті қайта жазылуы, кейіпкерлер келбеті кемелдендіріліп, өзгертіліп бейнеленуі шарт).

Білеріміз – Кәрім жаңағыдай сезімге, шын махаббатқа лайық адам емес. Ол махаббаттан қорқады, ол алаңсыз беріліп ұзақ уақыт сүйе алмайтын жан.

Білеріміз – соңғы кезде Кәрімнің түсіне ылғи баласы кіреді.

Жинақтағы соңғы әңгіме «Мансап» деп аталғанымен, ол мансап туралы сөз қозғамайды, негізінен, махаббат туралы толғайды.

Махаббатқа кіршік жұқтырмауың керек, ал, жұқтырсаң...

Ася Естаймен қатты қақтығысқа келіп кетіп бара жатып мынаны айтты: «Біздің арамызда ешқандай махаббат болып көрген емес. Сен менің әкеме үйленгенсің. Саған ақша, атақ, лауазым керек болды...» Осы сөзде шындық бар ма? Бар еді. Ася профессор Мырзағалиевтың қызы болатын. Содан да Естайдың көңіліне арам ой, мансап келіп еді. «Қатын алма, қайын ал» деген мақалға иек артты, сосын Асяны айналдырды, оған үйленді. Ойлағанындай болды – Астанада қалды, үй алды, аспирантураға түсіп, кандидаттық қорғады, жалпы жағдайы жақсарып сала берді. Алғаш семьядағы сыйластық, сүйіспеншілік те айтарлықтай-тын.

Қолға таққан алтын сағаттың көз үйренгеннен кейін сәндік мағынасы жоғалып, заттық пайдасы – уақытты көрсету мағынасы ғана қалатыны сияқты бұлардын арасында да алғашқы балаңдық, таңсықтық, тәттілік жойыла бастады да, көдімгі тұрмыс ағысымен ығуға түсті. Енді ренжісіп қалатын да болды. Сондай кезде Естайдың ойына Асяға мансап, атақ, дәреже, жағдайды ойлап үйленгені орала кететін-ді. Осы бір алғашқы пиғылы, осы бір өзезіл өз түбіне жетуі мүмкін екенін түсіне бастады.

Сол түсіну – өзезіл енді мұны баурап, кеміріп жей бастады. Профессор әсерінен, аясынан құтылмай болмайтындай. Содан Естай ол сыйға тартқан гарнитурды сатып жіберіп, құртты. Ал әперген үйді басқасына айырбастап тынды. Ал Ася мен екеуінің арасына профессордың түсуі мұның ширығуын тіпті өршітіп жіберді. Ақыры бұлар ажырасып тынды. Естай профессор шеңгелін енді көрді, моральдық азғындағаны үшін жұмыстан шығарылды, партия мүшелігіне қабылданбай қалды. Беделден жұрдай болды. Сосын ауылға кетті.

Бірақ Асяның кетіп бара жатып айтқан сөзі онша шын емес еді. Араларында шынайы махаббат барды. Естай оны баяғыда өзі тастап кеткен Кәмшаттына жолыққанда барып анық сезінді. Өйткені, Кәмшатты сүйдім-ау деп келсе, онысы алдану екен. Бұл Асяны сүйген екен. «Тек екеуінің махаббатын алғашқы дүниауи бақай есеп, профессордың атағы, лауазымы, байлығы қорлап тұншықтырып келген екен, мұның өзезіл қылығы – мансапқа ұмтылуы тұншықтырып келген екен. Соның құрсауынан босап шыққан кезде Асяны шексіз сүйетінін ұқты». Өйткені, тек махаббатты сезінуге енді ешқандай кедергі жоқ-ты.

Адасқан Естай өз жолын, өз жарын қайта тапқысы келді. Асяға, үйіне қайтып оралды. Алайда Ася тұрмысқа шығып кетіпті. Соны көзімен көрді.

Мәңгіріп қалғандай. Жанарын жас жуды. «Мен... мен кінәлімін», – деді тұншыға сыбырлап. – Махаббат мешітіне кіре беріп, көңіліне арам ой алып қойсаң, біттің. Сол ой сені құртпай тынбайды. Өзәзіл шайтандай бүкіл өміріңді улайды, ұрлайды. Кәдімгі жекеменшік Мефистофеліне немесе Тулатына айналады» (180-бет) екен.

Естайдың күйініштен арақ ішкісі келді.

Мөлдір махаббатыңа кіршік жұқтырдың ба, өмірің осылай бүлінеді. Бұл – баршамыз мойындар, кімге де сабақ болар бір ащы ақиқат.

Енді жазушының осы жинағындағы кемшіліктерге келейік. Олар әр алуан, түрлі ыңғайда көрінеді. Мәселен, оның тамаша повесі «Ақиқатта» да ойланатын жайлар, түзер тұстар біраз. Роберттің ауруханаға түсіп, қалыпқа келгеннен кейінгі кейбір іс-әрекеттері қалай? Бақылау сұрақтарына мүдірмеген, Свифттің ағылшын жазушысы екенін, ұзақ жыл жындыханада жатқанын, өлерінде ақыл-есінен айрылғандарға он мың стерлинг ақша мұраға қалдырғанын жадына түсіре алған оның профессор мен әйелінің өзіне қаншалықты қатысы болғанын білмеуі, сәлемдескенде қол беру қажеттігін ұмытуы сендіре ме? Содан кейін Роберт сестрадан неге соншалықты қорқады? Бұл да мәлімсіздеу. Повестегі барлық кейіпкерлер дерлік ақылды, ойшыл болып кетуі де ойлантады. Профессор, бас дәрігер, Роберт, священник. Бәрі бірдей философия толғайды. Бәрінің бірдей логикалары күшті. Енді осы жайдың нанымдылығын санаға салып көрсек ше.

«Әке» повесінің қандай екені – біздің шолақтау қарастыруымыздан-ақ көрінсе керек. Жоғарыда айта кеткеніміздей, ол жалпы жаман дүние емес. Бірақ автордың өзге дүниелеріне қарағанда оның тұтас ересі төмен жатыр. Онда күрт кернеулі толқындар тегеуріні аз. «Таныс» жайларды бірсыдырғы тәуір бейнелеу ғана бар. Ондағы шұбалаңқылық та көзге

түсердей елеулі. Оқиға желісін жеткізудегі әнгіме, еске алулар кезектестігі түр-пішінді жандандырғанмен, сюжеттік сонылық, сезім серпіні, детальдар жұмырлығы жеткіліксіз.

Повесть өзегі бір адамның басынан кешкенін ұзақ-сонар тізбелеп, баяндауға құрылғандай. Түбірлі тартыс, ширыққан арқау тағы жоқ. Нақ осы нәрсе болмағандықтан да, повесті шорт қысқартса да, әлі соза берсе де ештеңе етпейтіндей. Сондай-ақ адамды өртеу сәті іспеттес детальдар да (бұл қазақта бұрын-соңды болып көрмеген жай, болуы да мүмкін емес-ау деп сенеміз) мүлдем иландырмайды. («Адам деген пышырлап дүниеде ұзақ жанады екен. Таң атқанша өртедік» (54-бет).

Төлenniң әңгімелеріне орай айтар мұндай ескертпелеріміз жоқ.

Ал, Төлен Әбдіковтің тұтас творчествосына байланысты және бір айтарымыз – кейде онда ой безеу, пікіршілдік басым. Ойлылыққа, философияға құрам деп керексіз тереңдеп, кейде жөн таппай жайылып кетеді. Сондай сәттерде бейнебір көркем әдебиет емес, басқа ғылыми-социологиялық дүние оқып отырғандай сезінесің.

Қысқасы, кішкентай ақиқатпен үлкен ақиқаттарды айту, бір ақиқатпен басқа да ақиқаттарды жеткізу, немесе соларды оқырманның өзіне іздетіп тапқызу, сездіріп аңғарту – қайсыбір жазушының да басты мұраты. Төлен Әбдіков, міне, осы мұрат биігінен барлық шығармаларында дерлік көріне алыпты. Әдебиетіміз үшін де, оқырман қауым үшін де, ең игісі осы – осы ақиқат. Ақиқатты айта білсек, одан артық не керек.

БҮЛДІРШІН КҮННЕН БІР КҮЛСЕМ

Әдебиетте кездейсоқ құбылыс жоқ.

Әлжуаз, жасық, сүреңсіз шығармалар, дәлірек айтқанда, шығармасымақтар болмаса, қандай да бір елеулі туынды, қандай да бір алып тұлға өмірге себепсіз, елеңсіз өзінен-өзі келмейді. Дау жоқ, бұл ретте сөз өнеріне талабы бар адамның бойындағы талант дәнінің нәрлі-нәрсіздігі, қуатты-қуатсыздығының, оның дер кезінде өніп, өсіп-жетілуінің, жеміс беруінің көп мәні бар. Алайда, осы талант көктеуін әлеумет қарсы алып, қабылдаса ғана, өнер құбылысы тұсау кеспекші. Яғни жазушы аңсары халық мұратымен сабақтасып, шығарма автор тілегіне қоса қоғамдық қажеттіліктен жаралса ғана – ырыс.

Әрине, бұл ретте қоғамдық-әлеуметтік құрылыстың даму дәрежесі мен әдебиеттің нақты көркемдік деңгейі де – маңызы зор фактор. Міне, сондықтан да ерте дәуірлерде Б. Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожасы» тууы қандай мүмкін емес болса, бүгінгі таңда «Керқұла атты Кендебайлар» нақ солайша тумайды. Демек, қазақ балалар жазба әдебиетінің атасы, өткен ғасырдағы «дала қоңырауы» Ыбырай Алтынсариннің сөз басын:

«Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!» –

деп бастауы әрі орынды, әрі кемеңгер көркемдік еді. Әлі білім қайнарынан қанып сусындамаған,

озық мәдениет үлгілерінен жыраң, қараңғы қазақ елінің жас ұрпағына ол еріксіз: «Кел, балалар, оқылық!» деген болатын. «Талаптың пайдасын» сосын айтып, «өнер-білім бар жұрттармен» сосын таныстырды. Сөйтіп, ол өз борышын орындады: қазақ балалар жазба әдебиетінің мектебін ашты.

Енді осы мектептеп түлеген жаңа қалам қайраткері уақытпен бірге алға басты. Октябрь революциясының шұғыласын елге шашты. «Қалың малға» қарсы күресті. «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн» болды. «Бала Шоқандармен» таныстырды. Олардың шынайы шығармалары қазір де осылайша өмір сүріп, жаңа жас ұрпақтарды тәрбиелеп жатыр.

Осылайша көрікті көш түзеген қазақ совет балалар әдебиетінде толқын-толқын таланттар бар. Сәбит Дөнентаев, Сапарғали Бегалиндер көшбасшы үркер топтың үлкен өкілдері болса, бүгінгі балалар қаламгерлері Бердібек Соқпақбаев, Мұзафар Әлімбаевтар олардан кейінгі белді буынның белгілі өкілдері.

Біз осы таланттардың ішінен айтулы ақынымыз Мұзафар Әлімбаевтың творчестволық тұлғасына тоқталсақ, оның халық балалар әдебиетінің дәстүріне берік, С.Бегалин мен Ө.Тұрманжановтардың жарқын жолын жалғастырушы, қашанда өз кезеңі талабынан табылып, заманымен аяқты бірге алып келе жатқан қаламгер екенін көрер едік. Ең негізгісі – ол совет дәуірінде оянып, өзгелермен теңескен, сабақ сайын ғылыммен кеңескен, бақыт және еңбекпен төл өскен, қазақ елінің жас ұрпағына Ы.Алтынсаринша тек «Кел, балалар, оқылық!» дудің уақыты өткендігін терең түйсініп, қазіргі таңда тіпті Ө.Тұрманжановша:

«Кел, балалар, күлейік,
Күлкіменен түлейік», –

деудің де жеткіліксіз екенін кәміл түсінеді. Сол себепті де оның осыған дейін айтқан, қазір де айтып келе жатқан басты мұрат-ұраны:

«Бүлдіршін,
Бүлдіршін күнмен бір күлсін!»

Иә, бүгінгі балдырғандарға ғылым әліппесін ұғып қою аз. Күлу, күлкімен түлеу тағы аз. Олар күнмен бір күлуі, халқының келешектің кішкентай күндеріне айналуы міндет. Міне, сондықтан да ақын Мұзафар Әлімбаев кеше әрбір туындысын, жас жеткіншектердің көңілін көркейтіп, өмірін қуанышты ете түсу үшін жазса, бүгін де әрбір жаңа туындысын өске-лең ұрпақтың көңілін өсіріп, өмірін бақытты ете түсу үшін жазып келеді.

Мұзафар Әлімбаев 1923 жылы 29 октябрьде Павлодар облысының Шарбақты ауданындағы Маралды ауылында туылған.

Ақынның тырнақалды туындысы 15 жасында Павлодар облыстық «Қызыл ту» газетінде жарық көреді. Содан былай оның өлеңдері мерзімді баспасөзде тұрақты көріне бастайды. Ұлы Отан соғысының отты жылдары ақын үшін үлкен өмір мектебіне айналады. 1948 жылы армиядан оралғаннан кейін ол «Пионер» журналында 1956–1958 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінде бөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары болып қызмет істейді. Ал, «Балдырған» журналы шыға бастаған 1958 жылдан 1986 жылға дейін ол осы балалар басылымының бас редакторы міндетін атқарды.

Ақынның алғашқы кітабы «Қарағанды жырлары» 1952 жылы баспадан шығады. Содан бергі жылдар ішінде бірнеше ондаған кітабы, бірнеше дүркін таңдамалылары жарық көрді. Шығармалары 20 тілге аударылған. Соның ішінде орыс тілінде 6 кітабы,

түрікмен тілінде «Мен – түрікмен мейманы» (1963 ж.), қырғыз тілінде «Жолдар. Ойлар. Жырлар» (1966 ж.) жинақтары жарияланған. Сағдидің «Бостанын», Петефи мен Тоқтағұлдың, Аполлинердің таңдамалы өлеңдерін, Ю.Фучиктің «Дар алдындағы сөзін», Орбелианидің «Гибратнамасын» және Пушкин, Лермонтов, Маяковский, Ғ.Тоқай, М.Жәлел, Фирдоуси, Зелили, Х.Әлімжандардың бірсыпыра өлең-жырларын қазақ тілінде сөйлеткен.

М. Әлімбаев – поэзия, балалар әдебиетінің дамуы, тіл тазалығы, жекелеген қаламгерлер творчествосы, т.б. мәселелер туралы жүздеген мақала, эсселердің авторы. «Өрнекті сөз – ортақ қазына», «Қалам қайраты», «Көңіл күнделігінен» – қаламгердің сыншылық сындарлы талаптың айғақтаған келелі кітаптар.

М.Әлімбаев бұларға қоса бірегей еңбек – «Маржан сөз» атты аударма мақал-мәтелдер жинағын шығарды. Оның коммунистік тәрбие мәселелері де үнемі толғандырады. Жүз сексендей әнге текст-өлең жазғаны және бар.

Ең бастысы, Мұзафар Әлімбаев қазіргі қазақ балалар әдебиетінің көрнекті қайраткері. «Менің ойыншықтарым» атты 1953 жылы шыққан шағын кітаптан басталған бұл саладағы сүрлеу-соқпағы кейіннен «Балдәурен, шіркін, балалық» (1973ж.), «Ақсерек те көксерек» (1976 ж.), «Аспандағы әпке» (1982 ж.) секілді үлкен жол-кітаптарға ұласты. Балалар ақынына соңғы жинағы үшін 1984 жылы Қазақ ССР-інің Абай атындағы мемлекеттік сыйлығы берілді.

Көріп отырсыз, Мұзафар Әлімбаев – сегіз қырлы, бір сырлы қаламгер. Және оның бұл қырларының қай-қайсысы да – қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар, мәуелі бұтақтар. Үздіксіз әрі дәмді, мол жемістер беріп келе жатқан бұтақтар. Шындығын айтсақ, бізге үлкендер ақыны, аудармашы, сыншы, очеркші, ән-өлеңші, педагог, редактор М.Әлімбаев-

тың қай-қайсысы да қымбат. Алайда әсіресе соңғы жиырма шақты жылда, қаламгер есімі аталса болды, алдымен балалар ақыны М.Әлімбаевтың ойға оралары бар.

Сөз жоқ, мұның өзі бекер емес. Әрине, мұның себебі – қазақ балалар әдебиетінің ерте туғанмен кенжелеп қала беретін әдетінде, немесе топ жарған таланттары аз, жалпы кадрларының көп емес екендігінде де жатқан жоқ. Ол – Мұзафар Әлімбаевтың: «Балаға арнап неге аз жазғаным» деп өкінгенмен де, сол аз шығармаларының өзі саз екендігінде. Міне, сондықтан да 1970–1980 жылдардағы қазақ балалар әдебиеті аталған М.Әлімбаев есімі еріксіз еске түсетін болса керек.

Ақынның өз куәлігіне, өмірдегі өнер жолына бақсақ, ол бірден балалар ақыны болып кетпеген. Бәлкім, ересектерден гөрі жеткіншектерге жазу көп қиын екенін сезінген ақын ерте тәуекел жасамаған. «О басында мен балалар ақыны болсамшы деп армандамаған адаммын...» – деп, жазады өзі бұл туралы. – Бөбекке арнап жазған бірінші өлеңім есімде қалмапты. Күлдібадам құнсыз сөз болған ғой деймін. 1949 жылы мен өзіммен қызметтес Мұхамед ағайдың үйіне барсам, кішкентай қыз баласы Ләйлә бұрышта қуыршақ ойнап, жансыз қуыршақтармен сөйлесіп отыр екен. Бір кезде ол жатқа өлең айтты. Бұл – менің соғыстан кейіп туған екі бауырыма ермек үшін шығарып берген жеке-жеке шумақтарым ед». Осының аз-ақ алдында ғана «Пионер» журналында «Менің ойыншықтарым» деген атпен басылған. Енді бірде балабақшаға барып жүрген сәби аузынан алғашқы жұмбақтарымды естідім... Шынымды айтсам, осы екеуі «Балаларға арнап жазсаң, сенен бірдеңе шығады екен», – деген үміт отын жандырғандай болды».

Әдебиетте, әсіресе балалар әдебиетінде алғашқы қадамның орны бөлек. Алғашқы қадамның

сәттілігі жақсы жоралғыдай, ақынға қанат бітіреді; ал сәтсіз қадам – құлап қалып, беті қайтқан бөбектің қайта жүруге көпке дейін дауаламайтыны сияқты сыр сездіреді. Ал Мұзафар Әлімбаевтың «Менің ойыншықтарымында» қадамның құттылығы бар.

«Жүрмейсің бе абайлап,
Болмасаңшы ұрыншақ!
Асыр салып көп ойнап,
Ақсап қалдың құлыншақ!

Ашытпайды көзіңді,
Шомыла ғой, балақай!
Қарашы, енді өзіңе,
Аппақ болдың, алақай!

Түсті түймең үзіліп,
Неге қадап алмайсың?
Тұр ғой өне ине-жіп,
Неге ұқыпты болмайсың?

Мектебіне ертемен
Баратұғын бала аз ба?
Апарамын ертең мен
Машина тұр гаражда.

Шырылдама, әндетпе,
Бұлбұлым, ертең жырларсың.
Папам келді қызметтен,
Ұйықтап біраз демалсын.

Тиіспе, күшік, қоянға,
Тентектікті қойыңдар!
Кикілжің жоқ араңда,
Тату-тәтті болыңдар!»

Қандай бір шаруаны қолға алса да шегелеп, тындырымды атқаратын М.Әлімбаев, бәлкім, бұл өлеңіне кейін қайта оралып, қырнаған да шығар. Бірақ қалай болғанда да әдемі, әсерлі өлең бұл. Ақын кішкентай кейіпкерінің психологиясын жетік

біледі, ойыншықтар әлеміне соның көзімеп қарап, тіл бітіріп жіберген. Бала-кейіпкер үшін құлыншақтық ұрыншақтығы басты белгісі болса, балақай шомылып, тазаруы, үзілген түймесін де өзі қадап алуы керек; сосын оны сабаққа машинасымен апармақ. Ал бұлбұлдың сайрамай қоя тұрғаны жөн, өйткені, жұмыстан шаршап келген папаның біраз ұйықтап дем алғаны дұрыс. Бұдан кейін бала-кейіпкер қоянға араша түсіп, тентек күшікке ұрсып та алады. Ақын балаға лайық сөзбен сөйлейді. Өзінің күллі ойыншықтарын тәртіпке шақырып, оларға тату-тәттілік тілеген бала-кейіпкер тілегі – ақын-автордың да тілегі.

Айтарыңның ажарын ашар айшықты, асыл ойлар өзіңе дейін айтылып қойса, қалайда өз түсінік-ойыңды айту қажет жағдайда болмаса, тыңнан тұжырым, қанатты сөз іздеп шаршаудың жосығы жоқ. Балаларға арналғап өлең, ертегі, жұмбақ, жаңылтпаштар – жалпы, шығармалар қандай болуы керек? Міне, мұны өзі де балалар әдебиетінің білгір сыншысы, зайыр зерттеушісі М.Әлімбаев кім-кімнен де артық болмаса кем білмейді. Ендеше, бұл ретте оның өз сөзін алға тартып жүгіну ешбір артықтық етпейді: «Бала өлеңінде де тартыс, күрес конфликт, қарама-қайшылық болуы шарт. Әйтпесе тартыссыз өлең бөбекті қызықтырмайды... Бала өлеңі оқиғалы, белгілі бір адамның немесе хайуанаттың әрекетін – адалдығын немесе арамдығын, батырлығын немесе бостығын, достығын немесе қастығын суреттейтіндей оқиғалы болғаны абзал. Бала өлеңі ойынға құрылса құба-құп. Диалогпен берілген өлеңдер әсіресе ойынға бейім. Бала затпен ғана ойпамайды... Бізде ойын-өлең, сөзбен ойнау әзірше тапшы. Өлең-жырдың әуенділігін, әнге бергісіз әсем болуын қалайды бала... Балалар өлеңінің әр шумағына, тіпті егіз – қос жолына бір-бір сурет салынатындай болғаны – оның көркемдік

құндылығына айғақ?». Міне, балалар өлеңдеріне осындай қиын да нәзік талаптар қойылады. Дау жоқ, осы талаптардың үдесіне шыға алмаған ақын жас жеткіншектер жүрегіне жол таба да алмақ емес. Ал М.Әлімбаев – осындай талаптарды айтып қана қоймай, көбіне-көп осы сөздерін жүзеге асырып, шымыр да жұмыр, шыншыл да ғибаратты жырлар жаза біледі.

«Қоян, оян,
Келе жатыр қасқыр!
Қоян – Ноян!
Тұр, қасқырды басқа ұр!»

«Қоян мен қасқыр» деп аталатын бұл өлеңнің бар-жоғы осы. Он бір сөз – төрт жол, – екі үтір, бір нүкте, үш леп белгісі. Соған қарамастан ақын едәуір өмір өрнегін, қоян мен қасқырдың қарым-қатынасын ашып үлгерген. Ой да, оқиға да, саз да, сурет те бар. Қысқа да нұсқа өлең дегеніңізге әдемі бір мысал осы. Керек десеңіз, леп белгілерінің өзі қосымша мағына үстеп, дабыл қағып, елеулі қызмет атқарып тұр.

«Айдың беті аппақ,
Аяның беті сатпақ.
Неге олай?
Ол былай –
Аунамайды жерге,
Шомылады көлге».

(«Ая мен Ай»)

«Екі бала таласты,»
Едірейе қарасты:
– Жылқышы –
Ол кісі, –
Деді Арнұр.
– Жылқышы –
Көл құсы,–

Деді Жаннұр.
– Кім жаңылып, бұрыс айтты?
– Екеуі де дұрыс айтты».
(«Жылқышы»)

«Жүгірді жол, жүгірді,
Бір жерлерде бүгілді.
Бір жерлерде бұрылды,
Желаяқтай жүгірді.

Ойлау жерде қайқайды,
Дөңдеу жерде шалқайды.
Сүзіп шықты бір елді,
Көлге келіп тірелді.

Жоғалды ма жол оңай,
Суға кетті-ау!
Ойбай-ай!
Іздеп жүрсек жап-жақтан,
Сүңгіп шықты ар жақтан».

(«Жол қайда жоғалды?»)

Үш түрлі өлең. Үшеуі де үрдіс үлгілі өлең. Үш тақырыпты бейнелеп, үш идеяны шынайы жеткізген өлеңдер. Ақын үшеуінде үш түрлі тәсіл қолданған. Бірінші өлеңде автор Ая меп Айдың беттерінің тазалығын салыстыру арқылы оқырман бөбектерге оңды тағылым берсе, екінші өлеңде жылқышы деген мамандық пен жылқышы деген құс та бар екенін танытады. Демек, бұл өлеңді оқыған бала білім алады. Үшінші өлеңде таным тағылыммен ұштасқан. Жолға жан бітуі, тірі образға айналуы баланы еріксіз еліктіріп, оның жолмен бірге жүгіріп, қиналып, қуануын туғызған. Автор тапқырлығы – балаға ғана емес, баршамызға да ырыс-игілік болып шыққан.

Балалар әдебиетіне қойылатын талаптар, сөз жоқ, жоғарыда М.Әлімбаев айтқан бітім-ерекшеліктермен бітпейді, керісінше басталады. Өйткені, суреткерлік шеберлікте шек жоқ екенін айтпағанда,

балдырғандарға арналған сөз өнері де – сол балалардың өзіндей, сол балалар ғана емес, айналадағы қоршаған орта, табиғат, қоғамдық өмірдің өзіндей кең де күрделі болуға тиіс. Демек, балалар шығармасы ең алдымен тақырыптан басталады. Егер әдебиеттің басқа салаларында «тақырыбын айтпа, татымын айт» дер болсаң, ал балалар әдебиетінде тақырыбын да айт дейміз. Рас, мұнда да оны игеру, көркемдік қуат шешуші маңыз атқарады: алайда, бөбек, балдырған өспірімдер дайындығы, білім қоры бар, өмір мен өнерге өзіндік көзқарасы қалыптасқан оқырман емес. Өсіп келе жатқан жас бала әрбір өлең сайын тағылым алып, сұлулыққа кенеліп қана қоймай, міндетті түрде білім алуы, таным аясын кеңейтуі шарт. Сондықтан да олар үшін тақырыптың, әсіресе жаңа тақырыптың орны ерекше. Бір қуаныштысы – М.Әлімбаев осы ерекшелікті ерекше ескереді. Оның шығармалары тақырып байлығымен оқшаулана көзге түседі. Тіпті, талай-талай тақырыптарда М.Әлімбаев ізашар, тұңғыш түрен салушы десек әділ. Мысалға, қазақта жалпы спорт жөнінде өлең аз болса, Әлімбаевтың «Шынықсаң – шымыр боларсың» суретті кітапшасы сол олқылықтың орнын кәдімгідей толтырғаны даусыз. Әйтпесе әдебиет саласындағы Мемлекеттік сыйлықты алған кітабына есімі берілген өлеңін алыңыз – «Аспандағы әпке».

«...Сыйлаттырмай қоймайды,
Сыйламаймыз текке біз.
Көптің қамын ойлайды,
Аспандағы әпкеміз».

Бұл – кім? Стюардесса.

«Жалқау бір винт жасынан,
Жылжып болттың қасынан,
Түсіп қалды қырсығып,
«Тоқтасын, – деп, – машинам!»

Оған несін қарасып?!
Бұрап алып жаңасын.
Жүріп кетті машина
Шарлап совхоз даласын.

Жапанда винт тек жатыр,
Жаңбыр – батыр, жел – батыр.
Жарамаған кәдеге
Көк темірді жеп жатыр».

Бұл – «Жалқау винт» деп аталатын өлең. ФТР ғасыры әкелген, бүгінгі өмір тынысы енгізген жаңалық (тақырып) өлең. Автор балалар психологиясына сай жазған.

М.Әлімбаевтың мүйізтұмсық, жираф, арфа, аквариум, құмырсқа жер, т.б. туралы өлеңдері де осындай танымдық мәні бар өлеңдер.

Мұзафар Әлімбаевтың көптеген өтірік өлеңдері, ертегілері де осындай тақырып, таным жаңалығынан ерекшеленеді. Мысалға, «Қарағай неге ұзын, жыңғыл неге жатаған, тобылғы неге қызыл болған?» деген ертегісі – бүгінгі күн ертегісінің бір тәуір көрінісі. Ертеде бір елкеде қарағай, жыңғыл, тобылғы қатар, төл өседі. Бір күні қарағай мен жыңғыл көрісіп қалады. Ренжіскен олар әр басқа жаққа: қарағай тауға, жыңғыл құмға қашыпты. «Ол қайтіп жатыр?» деп қарағай көру үшін мойнын созса, жыңғыл көрінбейінші деп бұға түсіпті. Тобылғының татуластырғанына көнбейді.

«Екі арада ит-әлек –
Сондай қыжыл болыпты:
Жатаған да тәпенек
Содан жыңғыл болыпты.
Дәу қарағай содырлы
Содан ұзын болыпты.
Ұялыпты тобылғы –
Содан қызыл болыпты».

Жаңа тақырып өзі-ақ жаңа, тың ғой. Ондай өңірлерден көп адамның олжалы қайтуы (тосын жердің ой-шұқыры көп десек те) бек мүмкін. Ал таланттың өзінің шын талант екенін кәміл көрсетер жері – көне тақырып. Талайлар барлап-шарлап, кенін қазып алып кеткен жердей жаңа қазына табу – тек төл қазынаңды табу оңай емес. Ол сол тақырыптағы ілгері-кейінді жазылғандармен түгел танысқан білімділікті, еңбексүйгіштікті, тапқырлықты, мақсаткерлікті, көңіл көзі көрегендігін қажет етсе керек. Мәселен, толассыз жырланып келе жатқан бір тақырып – Ұлы Октябрь. Ақын осы тақырыпты төрт-ақ жолмеп тартымды игереді.

«Көшеде тулар самсаған,
Көктемнің қызыл гүліндей.
Октябрь тойып қарсы алам,
Өзімнің туған күнімдей».

Бұдан әрі жазудың, бірдеңе қосып-алудың керегі жоқ.

Кемеңгер көсеміміз Ленин бейнесін қалай бедерлеген жөн? Әрине, өзіңше жырлау, жаңа қырынан келу керек.

Ақын М.Әлімбаевтың, М.Әлімбаев балаларының өз Ленині бар.

«Оқушы мәз ұстаз сөзін тоқыса,
«5» пен «4»-ке оқыса.

Мәуелеген бақша өсірсе бағбан,
Еңбегіне шадыман.

Қуанады әркім солай тер төккен,
Бақыт тауып еңбектен.

Дүниеде кім ең бақытты – білемін:
Ол – атамыз Ленин.

Ленин ата бастап әкеп жарыққа,
Күн сыйлаған халыққа».

(«Ең бақытты адам – Ленин»)

Әйтпесе Әлімбаевтың халық әдебиетінде бар, Ө.Тұрманжанов жырлаған тақырыпты игеруін алайық. Атап айтқанда, ол қой мен ешкі айтысуын өнеге ете отырып, бірақ оған өзгеше қырынан келеді. Яғни кейіпкері етіп қошақан мен ошағанды ала отырып, балаға қызық табиғат құбылысын танытады, географиялық-биологиялық білім береді:

«Қошақан:

– Әй, ошаған, ошаған!
Қоймаушы едің түйремей.
Неден жұмсап босаған
Тікендерің инедей.

Ошаған:

– Келе жатқан жаңбыр бар,
Өн бойымды алды ылғал...

Қошақан:

– Әй, ошаған, ошаған!
Бүгін қалай қадалдың?
Қастығың ба жасаған,
Қадалғаннан қан алдың?!

Ошаған:

– Ашық болса, күн жаумай,
Қатаямын жұмсармай.
...Жаумай ма, әлде жауа ма,
Қандай болмақ күн бүгін –
Тікеніме қара да,
Ауа райын біл бұрын».

Мұндай өлеңдерді оқи отырып көз жететін нәрсе – үлкенді-кішілі, жаңа және ескі қайсыбір та-

қырыптың да өз құпиясы, кілті бар екендігі. Яғни қанша тақырып болса, сонша ерекшелік бар. Ақын соншама кілт-ерекшеліктердің ең дұрысын, ең қолайлысын тапса, жаңа жыр, жаңа туынды жазды дей беріңіз. М.Әлімбаев – көбіне-көп осындай зерделіліктің, зергерліктің үлгісін көрсетіп жүрген ақын.

«...Балалар жазушысы болып қалыптасу қиын, арнайы туу керек», – деген Белинский сөзін бәріміз де білеміз. Бірақ соны көбіміз тек үлкеннің балалығы – балалар өмірін, психологиясын білуі, балаға айналуы деп түсініп жүрміз. Әрине, балалар қаламгеріне бала болмай, бала бола білмей күн жоқ. Бірақ бұл – мәселенің бір жағы ғана. Өйткені бала ой-өрісі төмен, аласа, зердесі қарапайым деп білу – қарабайырлық. Өйткені, сол Белинский өз сөзін: «Мұнда талант қана емес, сонымен бірге өз алдына даналық та керек», – деп неге жалғастырған дейсіз. Шынында да, бала аңғал, аңқау ғана емес, қиялы қанатты, аса аңғарымпаз да: ол тіпті өмірдің ұңғыл-шұңғылын да түсіне, түйсіне біледі.

Иә, сөйтіп, балалар ақынына балалық та, даналық та қажет. Бұлар – құстың қос қанатындай егіз бітуге тиіс қасиеттер. Ал М.Әлімбаев творчествосында осындай балалық та, даналық та баршылық. Яғни бала бола білгендіктен де М.Әлімбаев шығарма жазғанда жас ерекшеліктерін қатты ескереді. Сондықтан да оның өлеңдері бүлдіршіндерге, балдырғандарға, өспірімдерге арналған болып айқындалып, айрықшаланып тұрады. М.Әлімбаев және дана бола білгендіктен де оның өлеңдерінде мол білім, алуан өмір шындығы, әдіс-тәсілдер түрлі-түрлілігі, жанр байлығы кездесіп отырады. Бұған жоғарыда талданған туындылары бір куә десек, таразыланбаған талай-талай ертегі, аңыз, ойын-өлең, өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаштары тағы айғақ.

Мәселен, ақын «Октябраттың тақпағы» деген өлеңінде былай дейді:

«Үлкен аға пионер,
Алға бізді бастаңдар!
«Кімдер бар, – деп – сүйенер
Біз тұрғанда саспаңдар».

Аты ғана емес, заты да октябрат өлеңі бұл.

«Ескек ескен Есенкелді ағамыз,
Асау Ертіс айдынында ағамыз».

(«Сөз мәнісін айыра біл»).

Екі-ақ жолдан тұратын бұл өлеңнің бөбектердікі еместігі, октябрат, пионерлерге арналғаны айдан анық.

М.Әлімбаев творчествосындағы жанрлар байлығын төмендегідей татымды жұмбақтар, жақсы жаңылтпаштар, логогрифтер, метаграммалар, басқа да ойлы ойын-өлеңдер жеткілікті аңғартса керек.

«Жұлдыз болып жетеді,
Су, мұз болып кетеді».

(«Қар қиыршығы»)

«Көк шатырда қол орақ,
Өмірі ормас ол орақ».

(Ай)

Тәуір де жұмыр жұмбақтар.

«Ұшы үшкір ұшқыр үш жебе алдым,
Үшеуі де үшкір, ұшқыр деп алдым».

* * *

«Олжаланыңқырағандағың да бар болсын,
Қалжаланыңқырағандағың да бар болсын».

Мықты екенсіз, жаңылмай оқып көріңіз.

«Қалың ағаш бір алап,
Жап-жасыл боп жайнайды.

«Р»-ды қоссақ сыналап,
Құс болып та сайрайды».
(Тоғай – торғай).

Жаңа заман жұмбағы – логогриф үлгісі бұл.

«Бастапқым – төтті шырын де,
Екіншім – қатқан суым де,
Үшіншім – белгі, таңба де.
Үшеуін қосып оқысаң,
Осыдан төтті бар ма де».
(*Бал-мұз-дақ*).

Жаңа заманның тағы бір жұмбағы – шарада осындай болады.

Қарап отырсаңыз, өлең ғылымға, қисын қисапқа да ұласып бара жатқан жоқ па?

Балалар ақыны М.Әлімбаев қаламынан туған жаңалықтар мұнымен шектелмейді. Оның өтірік өлеңдері мен ән-өлеңдері де – арнайы әңгімелеуді тілейтін ауқымды салалар десек, ақын «адас атаулары» ден «қарама-қарсы қызық сөздерінде» де талап биігінен табылады.

Бұл айтылғандарға қарап, әрине, балалар ақыны Мұзафар Әлімбаевтың творчествосы тек табыстан тұрады, кемшіліксіз, мінсіз екен деген қорытынды шықпайтыны өзінен-өзі түсінікті. Өйткені, өзгелердей «сүйек пеп еттен жаралған» Мұзафар ақын творчествосында да өсіп-өрлеуге, жетіліп, қалыптасуға тән процестің бәрі бар. Рас, М.Әлімбаев көп өлең жазғанмен, көбік өлең жаза қоймаған шығар; алайда, оның да алуан түрлі сәтсіздікке ұрынғаны рас. Кейде құлағы қылтиып тұрған құнды ойды қимау шабытсыз жазу кейде қиын тақырыпты еркін игеруге ізденіс пен дайындықтың жетіспеуі «қырық үш күннің кемдігі» – ақын творчествосында бірсыпыра әлсіз талай-талай ортақол өлеңдерді қоздатқан факторлар десек асыра айтпаймыз. Бірақ

бұларды іздеп, әндетіп айту – басқа бір әңгіменің еншісі болса керек.

Қысқасы, Мұзафар Әлімбаевтың поэзиялық әлемі – байыпты, бай әлем. Оның төмендегідей жолдарын оқып,

«Қыранға қия тау керек,
Бұлбұлға жасыл бау керек.
Балыққа мөлдір көл керек,
Батырға туған ел керек,
Осыны білген қор болмас,
Осыны білген ер зерек».

екенін білген бүлдіршін, октябрат, пионер, комсомолдар осыны білдіріп тұрған балауса жыр да, оның авторы ақын Мұзафар Әлімбаевтың өздеріне не керек екенін жақсы біледі.

Жақсы біледі де, төл ақындары Мұзафар Әлімбаевтың тағылымды да танытқыш, тапқыр да толыққанды туындыларын іздеп жүріп оқи береді.

БҮГІНГІ КҮННІҢ БЕЙІМБЕТІ

Бүгінгі күн дегеніміз – түсінікті. Ал Бейімбетіміз – кім еді? Кәдімгі Майлин. Қазақ Кеңес әдебиетінің көшбасшыларының бірі, XX ғасырдың жиырма-сыншы-отызыншы жылдарында жемісті еңбек етіп, өрелі өлеңдер, романдар жазған, әрлі әңгімелер мен кемел повестер тудырған Б.Майлин. Қазақ сөз өнерінің бір өзі бір кезеңі болған атақты, алып Б. Майлин. Сонда бүгінгі әдебиетіміздің осындай суреткеріне ұқсас өкілі, замандас Бейімбетіміз кім?

Біздіңше, ол – Тынымбай Нұрмағамбетов.

Бұлай деуге хақымыз бар ма? Әбден бар.

Алдымен, Тынымбай ұлы жазушымен тақырыптас. Сүйсініп, сүйіп суреттері – негізінен, ауыл өмірі. Кейіпкерлері – қарапайым ауыл адамдары, адал еңбек иелері, ақкөңіл қарттар мен ақпейіл балалар, кетпен мен қамшы ұстаған ауыл қыздары мен жігіттері. Тынымбай олардың тыныс-тіршілігін жан-жақты бейнелейді, арман-мұратын алға тартады, мінез-құлықтарын ашып, іс-әрекетін бедерлейді.

Әрине, тақырып бірлігі – сыртқы ұқсастық. Бұл Нұрмағамбетовті Майлинге балап, салыстыру үшін тым аздық етері сөзсіз. Сонда негізгі ұқсастықты неден іздеп, қайдан табуымыз керек? Ол – біз сөз етіп отырған жазушының суреткерлік болмысында. Өмірге, тақырыпқа көзқарас, өмірді – нысана тақырыпты барлап, игеру табиғаты, сол ретте қолданылған көркемдік құрал-тәсілдер... Міне, Тыным-

бай Нұрмағамбетов нақ осы негізгі: қаламгер үшін ең басты, ең керекті жайттарды ұлы суреткермен туысқандық танытады.

Ал Б.Майлин творчествосына тән негізгі ерекшеліктер қандай еді?

Бірінші – тақырыпқа адалдық, өліл-өшіп сүйген нәрсесін, жетік білетін жайын ғана жазу. Ұлы жазушының қайсыбір үлкенді-кішілі шығармасын алмайық, тек осыны көреміз. Бейімбет ауыл өмірін терең білетін, ауыл халқын, табиғатын қатты сүйетін. Сондықтан да ол тек ауыл өмірін, өз замандастары өмірін жазды, терең жазды.

Екінші – қарапайымдылық, дәлірек айтқанда, ұлы өнерге ғана тән қарапайымдылық, яғни қарапайым жайлар арқылы үлкен, күрделі өмір қатпарларын ашып, кішкентай нәрселер арқылы ірі, замандық ойларды айта білу. Б.Майлиннің қайсыбір шығармасын алмайық, тағы да тек осыны көреміз.

Үшінші – табиғи да қарымды, нәзік суреткерлік. Б.Майлин ештеңені де ойдан шығармайды, әдейі әсірелеуге, шарттылықтарға бармайды, күшенбейді, бардан алып тастамайды, жоққа жанынан қоспайды. Мұны, әрине, дәлме-дәл, қарабайыр мағынасында түсінбеу керек. Ол – табиғи талант, тұла бойы тұнған табиғи суреткерлік. Ол – бар болғаны өмірді қарапайым бейнелейді, соның өзі-ақ жеткілікті, жазушы қаламы тиген өңірдің бәрі жасанып, жаңғырып сала береді, өнердегі өмірге, немесе керісінше өмірдегі өнерге айналып сала береді.

Бұл сөзімізге де жазушының кез келген шығармасы дәлел бола алады. «Шұғаның белгісін», «Сары ала тонды» алыңыз. «Раушан – коммунист», «Құсайын Құлбековті» алыңыз. «Азамат Азаматычты», «Қызыл жалауды» алыңыз. Өнерге ғана емес, өмірге сәйкес. Кейіпкерлері бекер сөйлемейді. Әрбір іс, ой, оқиға сайын алға басып, жаңа қыр-сыр танытып

отырады. Тың характер байқатады. Жазушының әрбір штрихы, деталі, эпизоды көркемдік бітім, нышандарға ие.

1914 жылы 20 жасында жазған «Шұғаның белгісі» атты атақты алғашқы әңгімесінде-ақ? Бейімбет тыңнан жол сала біліп еді.

«...Ой, шіркін, өзі де Шұға десе, Шұға еді-ау», – деген қанатты сөздің халқымыздың күнделікті тіл қолданысына кіріп кеткені қашан?

«...Күрең жорғаны болыскей ер-тұрманмен ерттеп мініп, Тұтқыш өріске қарай теңселдіріп бара жатыр.

– Уа, Тұтқыш, жол болсын!

– Өрістегі малды айдап келіп, қазір бөліске саламыз! Білектей қамшымен Күреңжорғаны жамбасқа тартып жібергенде, жорғаның тұяғы жұмсақ топырақты уыстап лақтырғандай болды...»

Жазушының жиырмамыншы жылдардағы қазақ аулы шындығы шебер бейнеленген «Сары ала тон» атты әңгімесі осылай аяқталады. Сейпен бай кәмпескеге ілініп, ит-жеккенге айдалып бара жатыр. Кедейлердің құдайлары беріп тұр. Кешегі тесік-өкпе жалшы Тұтқыш Сейпен байдың би әкесіне ақ патша сыйлаған сары ала тонды киіп қана қоймай, айдарынан жел еседі. Б. Майлин бір тапқыр деталь қолданған: Тұтқыштардың тасы өрге домалауын Күреңжорғаның тұяғынан түйдек-түйдек ұшқан топырақ та үстемелей жеткізіп тұр.

Ұлы жазушы «Құсайын Құлбеков» повесін былай бастады: «Құсайын Құлбеков «атқамінер» атқа ие болды да кетті. Қалай ие болғанын кім білген, адам елегендей де болған жоқ. Қылжақтап жүруші еді. Әке-шешесі ерте өлді де, одан қалған құрым үйге, бір-екі қараға, екі інісіне қожа болып, «Құсайын Құлбеков» болып ауылнайдың тізбегіне тіркелді. Екі інісін екі байға жалдады. Бір-екі қараны сатып, сойып, оның да көзін бітірді. Құрым үй бір-екі жылдай Байтудың үйінің қыстауында жатып, еріккен шөпшілер,

егіншілер құрымын олай да былай сүйреп, ақырында о да тозып бітті. Шаңырағын Дәметкен ұрлап апарып, самаурынға азық қылды.

Бірақ Құсайын Құлбековтің өзі бар. Дәктеген қара домбырасы бар. Домбырасы Байтудың үйінде тұрады. Өзі көрінген үйді мекендейді. Қолы тиіп үйіне бір соғып кетсе, қара домбыраны қолға ұстап безілдетеді келіп...

«Құдай-ау, малды алсаң да, басты алсаң да,
Қимайтын қыршын өмір жасты алсаң да:
Жар берші, жаным, сүйіп құшақтайын,
Жалғанның басқасынан бос қалсам да!..»

дейді Құсайын. Бірақ «құдайекесі» мұның зарын тыңдап, іздеген жарын бір кездестірмейді.

Құсайынды атқа мінгізіп жүрген Нұртай ғой...»

Классикалық бастау. Осы үзіндінің өзінде-ақ Құсайынның бүкіл болмысы тұр. Әпенділеу адам. Жарлының «тырашы». Берекесізі. Қожайыны Нұртай байдың ақымақ етіп жүргенімен жұмысы жоқ. Басындағы барынан, байлығынан қалай оңай айрылса, Нұртайдың солай жеңіл басыбайлы жетегінде жүргені. Оның қос күрең атының «билігі» осында, соған мәз. Бір жаққа барғысы келсе, бұдан «рұқсат» сұрайды, соған төбесі көкке сәл жетпей қалады. Күләш сияқты қызбен сөйлесіп, мырзасына сөз тасиды, соған мархабаттанып қалады. Сондай Құсайын повесть барысында да сол Құсайын. еке-німен көзге түседі. Бұл – жазушы шеберлігінің бір көрінісі болса керек. Жазушының қалам табы қарапайым, бірақ қарымды. Шымыр, шынайы реалистік қуат танытады. Бейшара Құсайынды жек көріп те отырған жоқ, бірақ әдемі бір юморға, мақтамен бауыздаған үнсіз күлкіге ерік береді.

Отыз сегіз жастағы кемелденген Бейімбет Майлиннің қалам сілтесі осындай.

Біз жазушы Тынымбай Нұрмағамбетов творче-

ствосынан да, міне, осы үш басты сипатты: қарапайым бірақ қарымды да құнарлы қасиет-ерекшеліктерді көреміз.

Асылы, бірінші қасиет-ерекшелік, біздіңше, қандай бір қаламгерге де тән болуы тиіс. Себебі, қалаған тақырыбына адал болмайынша, жақсы білетін және жақсы көретін жайын жазбайынша, қаламгер шынайы әдеби-көркем шығарма жаза да алмайды және жазушы болып қала да алмайды. Бұл өзі – қаламгерлік өнердің алғашқы қана емес, ең басты да заңы. Ал тақырыпқа адалдық сол тақырыпта айтарың болудан басталады да, сол айтарыңды мейлінше адал және қалтқысыз, жан-жақты сарқа айтуыңмен, айта білуіңмен аяқталады. Бұл неден туады? Тағы да махаббаттан ғана. Өмірді сүю, өнерді қадірлеу жоқ жерде ештеңе де жоқтығы және дәлел тілемесе керек. Сондықтан да адалдық пен махаббат егіз нәрсе ғана емес, жазушылықта бір-ақ нәрсе, автор – адамға бірге кездесіп, бірге даритын бітім.

Т. Нұрмағамбетовте, міне, осы өмірге, өнерге адалдық, махаббат бар. Дәлірек айтқанда, бүгінгі ауыл өміріне, ауыл өнеріне... Ол ауылды сүйеді, оның әрбір адамына ғашық, ағашына дейін бас иеді. Ауыл – Тынымбай үшін өзі туып-өскен туған жер ғана емес, талай-талай замандас абзал адамдардың анажұрты, қария Қаратемірлері («Жалғыз шартық» әңгімесінен) мен бала Көктембайлар («Қош бол, ата» повесінен) өсіп-өніп, ой кешіп, еңбек етіп жатқан құтты мекен, карлығаш құстар қалықтап қанат қағып («Қарлығаштың ұясы» повесінен), Ай-мүйіз сиырлар («Атақоныс» әңгімесінен) бұзау өргізіп жүрген атақоныс. Ол осы ауылдың самал желін сүймей, бұрандап аққан бұлақтарын суреттемей тұра алмайды; осы ауылдың қожанасыр Шашубайлары («Шашубай» әңгімесін) мен антей азаматтары Нағашыбайларын («Бойтұмар» повесінен) жақсы көрмей, жазбай тұра алмайды.

Қазірдің өзінде оның ауыл туралы жазғаны аз емес. Жазары бұдан да көп. Бұл жақсы ма? Дау жоқ. Алдағы уақытта да оның жазары тек ауыл болып қалуы мүмкін. Бұл ше? Бұл одан да жақсы. Оның себебі – әдебиеттің басты талабының бірі, тіпті бірегейі: жазушының білетін тақырыбын жазуына және де оны жазбаудан басқа амалы, мүмкіндігі қалмаған кезде барып жазуына сайса, мұның өзі Тынымбайдың тек солай етіп жүргенін, әлде де солай ете берерін, мұның өзі оның табиғатына біткен қасиет екенін көрсетпей ме?

– Айтарын тауысып, жазарын сарқып алып тоқтап жүрген, немесе өмірдің өзіне тосын қырынан ұрынып, зерттеп жүрген жазушыларды түсінбеймін, – деп еді ол бірде. – Өмір қандай шексіз, күрделі болса, ауыл тақырыбы да сондай шексіз, күрделі. Түстен кейін танысып, зерттеуден зерделегенің бала кезде бастан кешкеніңе, нақ бүгінгі күні болмысыңмен бойыңа сіңіргеніңе жете ме? Мен ауыл өмірін зерттемеймін, сол ауылда өмір сүремін. Сондықтан да менің ауыл өмірінен жазарым әлі көп. Жаза алмай жүргенім қаншама? «Мені жаз, мені жаз», – деп жүрген мәселелер қаншама?

Бұл – қосып-алуды қажет етпейтін лебіз.

Тынымбай да – «қазір» отыз сегіз жаста. Яғни «Сары ала тон» әңгімесін, «Құсайын Құлбеков» повесін тудырып үлгерген Бейімбет Майлинмен құрдас, қатарлас. Балалық үйрену, жастық тәжірибесіздік кезеңінен өткен, кемелдену шағында ол. Толыққан үстіне толысу үстінде. Бүгінгі күнге дейін қазақ тілінде жеті, орыс тілінде үш кітап шығарып үлгеріпті. Өзбек, қырғыз, эстон, украин, чех тілдерінде шыққан кітап, сөйлеген шығармалары тағы бар. Қазіргі таңда оны республиқамызды былай қойғанда, Одақ көлеміне танылып қалған қаламгерлеріміздің бірі десек, қателесе қоймаспыз.

Басқа тілдерде шыққан кітап, сөйлеген шығар-

малардың аударма үлгілер екені анық. Ал ана тілімізде жеті кітап шығару – әрине, осал, аз табыс емес. Оның үстіне бұлар сандық көрсеткіштер емес, тікелей сапалық көрсеткіштер болса қайтесіз. Иә, олардың қай-қайсысы да әйтеуір жарық көрген кездейсоқ, немесе кезекті кітаптар емес. Жас автордың үлкен әріппен жазылатын Жазушыға айналуын байыптататын, оны айтасыз, соңғы кездердегі – жетпісінші-сексенінші жылдардағы қазақ прозасының өсу дәрежесін, өрлеу деңгейін байқататын кітаптар десек те асыра айтпаймыз. Иә, шындық солай. Қазіргі таңда Нұрмағамбетовтің қазақ әдебиетінде өз отауы, төл әлемі бар. Нұрмағамбетов шығармалары жеке-дара бір жарқын құбылыс болып отыр. Нұрмағамбетов прозасынсыз, қазіргі қазақ прозасының жай-күйін сөз ету мүмкін де емес, Нұрмағамбетовті елемей қалдырып кетсек, ұят қана емес, ақиқатқа жасалар қиянат та болар еді.

Енді сол кітаптарды нақтылай түссек, олар мыналар:

1. «Қауын иісі» («Жазушы», баспасы, 1971 ж.)
2. «Қош бол, ата» («Жазушы» баспасы, 1972 ж.)
3. «Қарлығаштың ұясы» («Жазушы» баспасы, 1975 ж.)
4. «Атақоныс» («Жазушы» баспасы, 1977 ж.)
5. «Тұнық су» («Жалын» баспасы, 1980 ж.)
6. «Дарияның арғы беті» («Жалын» баспасы, 1981 ж.)
7. «Бәйтеректер» («Жалын» баспасы, 1987 ж.)

Бұл кітаптарға «Қош бол, ата», «Қарлығаштың ұясы», «Үшінші кластың жетекшісі», «Он төрт жасар жігіт», «Түкпірдегі ауыл», «Көгілдір аспан», «Дарияның арғы беті», «Тұнық су», «Бойтұмар», «Көзәйнек» секілді он повесть және «Қауын иісі», «Әже», «Мазасыз түн», «Жүрек жылуы», «Жалғыз шартық». «Менің інілерім», «Атақоныс», «Өлі шалдың қыздары», «Сушы», «Шашубай», «Қорашылар»,

«Таңғы жауын», «Екі мая шөп», «Бөрібайдың тұмағын ит алып қашқан қыс», «Жаздың қысқа түндері», «Тойдан кейін», «Жәрдемші», «Нақақ үшін», «Бұқа» секілді және басқа да әңгімелері енген. Жалпы, жазушы қаламынан қырықтай әңгіме туғанын аңғарамыз.

Бұлардың бәріне тән ортақ сипат – сапалылық. Қай-қайсысы да өз тақырыбын жете игерген, үлкен жүк көтеріп тұрған туындылар. Рас, өзара салыстырғанда олардың баз бірінің балаңдық, біршама төменқолдылық, сәл қалыңдылық танытуы да мүмкін. Бірақ, бұл – негізінен, жазушының өз басының эволюциясына, жас жазушыдан жазушыға айналу жолына байланысты. Осы өрлеу, қалыптасу, шеберлік ұштау – әрине, өз табын, ізін қалдырмайды емес. Солай дегенмен де, Тынымбайдың алғашқы шығармаларының өзі жап-жақсы болып тууы оның табиғи талант, туа суреткер екенін байқатады. Ендеше, әдебиетке келген 20 жылдай уақыт ішінде жақсы он повесть, қырық әңгіме беру – қанағат сезімін, ризалық сезіміп туғызатын табыс, келелі жетістік болып табылса керек.

Опың үстіне Т.Нұрмағамбетовтің сегізінші кітабы – алғанқы романы баспа портфелінде жатқанын ескерсек ше?

Бір қызығы, әдебиетте талаптану, оқу-іздену, тер төгу зор рөл атқарғанмен, тіпті кейде жазушылықтың тең жартысы еңбекпен келеді дегенмен, адам жазушы болып жаратылады. Ендеше, Т.Нұрмағамбетовтің бүгінгі Бейімбет Майлиніміз болып отыруы да – оның туа бітті болмысынан. Жаңа ғана айтқанымыздай, суреткерлік өнерге тырысу, іздену, барынша еліктеу – бар-жоғы тыраштыққа, зорығуға ғана апарса, Тынымбай да бүгінгі Бейімбет болайыншы деп талпынған жоқ. Бар-жоғы – алдымен әдебиеттегі, өнердегі өзін іздеді. Өзін іздеп тауып еді, Бейімбетпен бітімдес екені табиғатта екені се-

зілді. Содан соң сол қалпында – өзі болып алға басты. Соның нәтижесінде Нұрмағамбетов атты қаламгер болып қалыптасты.

Б. Майлин алғашқы қадамынан-ақ таланттылық танытса, бұл Тынымбай Нұрмағамбетовтің маңдайына да жазылыпты. Ол тырнақалды әңгімелерімен-ақ әдебиет жұртшылығын елең еткізсе, алғашқы повесімен-ақ жүзден озып, бәйге алды. Бұл – қазіргі дәстүрлі конкурс: Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі Мемлекеттік Комитетінің Қазақстан Жазушылар одағымен, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетімен бірлесіп «Жалын» баспасының жанынан өткізіп келе жатқан жастар мен балаларға арналған үздік шығармалардың республикалық бәйгесі тұсау кескен 1971 жылы еді. Осы жылы тұңғыш жарияланған конкурстың тұңғыш бас бәйгесін алған «Қош бол, ата» повесі Тынымбайдың есімін бірден танытып қана қойған жоқ, оның Б.Майлин тектес жас жазушы екенін де ә дегеннен-ақ аңғартқан.

Бұған бір дәлел – конкурс сарапшылар алқасы мүшелерінің лебіздері болса, екінші дәлел – осы конкурс қорытындыларына арналған белгілі сыншы Серік Қирабаевтың мақаласы. Ол осы мақаласында: «Жұртшылық бұл авторды бірден Бейімбетті ауызға ала мақтасып еді», – деген пікір білдіреді. Өкінішке орай, С.Қирабаев осы мақаласында повестің бойында жоқ кемшіліктерді іздеп тауып, оған «ауылды қалаға қарсы қояды»» деген айып тақты. Бұл – ешбір негізі жоқ, сын көтермейтін дәлелсіз пікір еді. Одан да өкініштісі – С. Қирабаев осы жалаң, жадағай пікірін Т. Нұрмағамбетовтің кейінгі кездегі бір шығармасы «Тұнық су» повесін талдағанда тағы қолданды. Соны пайдаланады ма, Тынымбай творчествосынан әйтеуір бір ілік тауып, қалайда мұқатқысы келгендер осы бір ұшқары пікірді төбесіне ту етіп көтереді. Мұның бір көрінісі

– «Қазақ әдебиеті» газетінде «Қалаға неге қырын қараймыз?» (№ 2, 1984 жыл) деген тақырыппен жарияланған Қанат Жүкешев атты автордың сауатсыз мақаласы. «Тұнық су» – Т.Нұрмағамбетовтің бесінші кітабы. Кітаптың аннотациясында көрсетілгендей, жазушы жаңа кітабында ауыл өмірі, қарапайым жандардың арманы, мүддесі, мінез-құлқы жайлы жазады. «Тұнық су» повесінде бала психологиясы, оның өмірге, өзін қоршаған дүниеге деген пәк сезімі шынайы берілген. Автор алып отырған тақырыбын жақсы біледі. Нені жазса да суреткерлікпен, нақпа-нақ, нанымды бейнелейді. Бұл рас... – деп алады да, Қ.Жүкешев Тынымбай қалаға қарсы деген байбалам жасайды: «Егер Нұрмағамбетов ауыл өмірін жазып қана қоймай, қалаға тиіссе, ауылды қаланың есебінен ұпай жырын берумен көтермелемек болса, барлық шығармасы «қала жаман, ауыл жақсы» деп айқайлап тұрса, қаланы даттап, ауылды жақтау автордың творчестволық кредосына айналып кетсе, сайып келгенде, осының бәрі ұлттық мәдениеттің мүддесіне қайшы келіп жатса, сонда да қала мен даланы қарсы қою жоқ дегеніміз бе?» Көрдіңіз бе, Қ.Жүкешев осыдан соң Тынымбайдың қасына Ж.Түменбаев сияқты қалаға қарсы бірер қаламгерді тауып қосады да, Ә.Тарази мен Д.Досжановты тек позицияларың күңгірт, әйтпесе...» деп бастан сипайды да, бір ғана Мұхтар Мағауинді мақтап, артынан Тынымбай Нұрмағамбетовті, Т.Нұрмағамбетовшілерді былай мүсіркейді «Жоғарыда аталған авторлардың дені таланттан құр алақан емес, көркемдік шеберлікті әрқилы меңгерген, кейбіреулері танымал жазушылар. Біз бұлардың келешекте тамаша шығармалар беретініне сенеміз. Мақаланың алып отырған объектісі, шығармадағы әлеуметтік мәселелердің қойылуы болғандықтан таза көркемдік ерекшеліктері туралы сөз етуді мақсат тұтпағанымызды сөз соңында ес-

керте кеткеніміз жөн сияқты». Міне, сыншымыз қалай-қалай қиғаштайды? Әдебиет шығармасының ең басты өлшемі – оның көркемдік ерекшеліктері болса, оны аттап кетіп, орағытып өтіп, сол әдебиет туындысының бар-жоқтығын біліп алмай, қалайша ол туралы сөз етуге болады? Содан соң Қ.Жүкешевтің аса кеш білдірілген сеніміне не дейміз? Т.Нұрмағамбетов және басқа да «аты аталғандар» әлдеқашан танылып, тіпті дені Одақ келемінде мақталып, мойындалып жатса, бұл енді үміт күтеді. Бір Қанат Жүкешев білмейді, түсінбейді екен деп, қаланы «арашалады» екен деп, ақиқатты белінен сызып тастаймыз ба? Оның үстіне ол алдын ала-ақ, Т.Нұрмағамбетовтің «нені жазса да суреткерлікпен, нақпа-нақ, нанымды бейнелейтінін» мойындап отырса, мына мақаласымағын не үшін жазып отыр? «Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақтың» кері ме, өзі ме? Бір емес, екі рет өзін-өзі жоққа шығарған адамның сөзінде не мән-мағына бар онда? Ендеше, оны басқаша тиісе алмайтын болғандықтан (яғни Нұрмағамбетовке талант, суреткер ретінде, көркемдік ерекшеліктер жөнінен жасалған байбалам, құр арамтер болу, далбаса деп білеміз де.

Жә, онда Қ.Жүкешевтің көлдей мақаласында құлаққа қонар, көңілге кірер бірде-бір жанды пікірдің, дән-түйірдің болмағаны ма? Өкінішке орай, иә. Бұдан өзінен-өзі шығатын қорытынды Қ.Жүкешевтің мақаласы әдебиетке де, әдеби сынға да, ақиқатқа да, оқырман қабылдауына да қатысы шамалы дүмбіпез дүние.

Сонымен, Т.Нұрмағамбетов творчествосынан қалаға қарсылық, іздеу әдейі ұйымдастырылған, пікір аласы – шындық анасы дегенді жамылған қазақбайшылықтан, күндестіктен, қызғаныштан туған әрекеттен басқа түк те емес. Себебі... әңгіме өз басымыздың Т.Нұрмағамбетов творчествосын қаты қабылдап, қадірлейтіндігімізде емес. Әңгіме –

ақиқатта. Т.Нұрмағамбетов шығармаларының болмысында, табиғатында. Жалған сөйлеуге болар, жүрегіңнің дегенін жасыруға болар, әртістік көрсетіп, мұндай шығармалар маған ұнамайды деуге және болар. Бірақ одан жазылған, өмір сүріп жатқан, халық жүрегіне жол тапқан шығарма өзгере ме? Жоқ, өзгермейді. Ол сол табиғи мықты шығарма қалпында қалады. Міне, Нұрмағамбетов шығармаларының өнер туындысы екендігі де, өміршеңдігі де осында. Күннің бетін қолыңмен көлегейлей алмайсың, жер төсін жарып шыққан бұлақты қайта көзіне сіңіріп жібере алмайсың. Алғашқы шығармаларынан бастап елді қуантқан, әрбір кезекті шығармасымен жұртшылықты елендетіп келе жатқан Тынымбай Нұрмағамбетов шығармалары да тиісті өз бағасын алуға тиіс.

II

Осыдан жүз жылдан астам уақыт бұрын француздың ұлы оқымыстысы Дени Дидро былай деп жазыпты: «Бір кәсіпте бірге қызмет істеп жүрген әріптесінің табысына шын ниетімен қуанатын адамдар аз, өте аз. Бұл – жаратылыстың сирек ұшырасатын құбылысының бірі». Сонда осы сөздің қазір де рас болғаны ма? Соған жуық. Әйтпесе Тынымбай Нұрмағамбетов әдебиетте белсене еңбек еткен жиырма жылда ол туралы түгел сөз «портрет» түгіл, жекелеген түйдек сөздердің пікір, мақалалардың аз айтылуын немен түсіндіреміз? Кейде жазушының атына жылы сөз түгіл, қырын сөз салқын сөз айтылып жататыны бар. Мұның өзі қазақ әдеби сынының самарқау, салғырттығымен бірге, біраз реттерде атақ, абырой, шен-шекпенді айналшықтап, талантты жастар, жасамыстар жөнінде «Жас қой, жақсы сөзді естіп үлгереді немесе оған осындай үлкен сөз айту әлі ертерек емес пе екен,

тасып, менмендікке салынып кетіп жүрер», – дейтін жалған теңгермешілдік төңірегінен тізгін үзіп шыға алмай жүргенін көрсетеді.

Ал шындық бәрібір өмір сүріп жатыр.

Бірақ бәрібір шындық дер кезінде тануды, өзін қолдауды, өзі үшін күресіп, салтанат құрғызуды талап етеді. Және мұның маңызы ете зор. Мәселен... Кемеңгер А.С.Пушкиннен айрылып қалған соң, Дантесті айыптаудан Пушкинге қандай пайда бар? Марқұм Мұқағали Мақатаев өзі өлген соң айтылған тамаша сөздердің ең құрығанда оннан бірін естігенде тірі жүре тұрар ма еді?!

Сонымен, басы ашық жайт – мықты жазушы көбіне алғашқы адымымен-ақ ірілік танытады. Небәрі 27-ақ жас өмір сүрген М.Ю.Лермонтовтың тұңғыш өлеңдері осал ма? С.Ерубаев 23 жасында «Менің құрдастарымды» жазды емес пе? Олай болса Нұрмағамбетов те елді алғашқы әңгімелерімен бекер селт еткізген жоқ. Әсіресе, оның қаламынан 1970 жылдардың басында туған «Қош бол, ата» повесі кесек повесть, құбылыс шығарма еді. Сол себепті де қазылар алқасы оған бірінші сыйлық беріп, Бейімбетті ауызға ала тамсанысқан.

Ғажабы – «Қош бол, ата» повесі көпке дейін Тынымбай Нұрмағамбетовтің ғана емес, жасөспірімдер мен балаларға арналған күллі қазақ прозасының бір шоқтықты белесі болып қалды.

Міне, осы кезде-ақ біз қазақ әдебиетіне жақсы жазушы, Бейімбет Майлиннің лайықты ізбасары келді де ойлағанбыз. Тек қазақ әдебиетіне тән жалған сыпайыгершіліктен аса алмай, ойымызды ашық айта алмай кідіре бергенбіз. Оның үстіне ол кезде біздің мұндай пікірімізге құлақ аса қояр жан, газет-журналдың да табыла қоюы қиын еді. Ішімізден қатты қуанып, ағаларымыздың ішінен бір прозашы И.С.Тургенев, жас жеткіншектерін әділ бағалап жүрген ақын Ә.Тәжібаев табылса ғой деп үміттен-

генбіз. Табыла қоймады. Міне, бұл – өкінішті дәстүр, теріс әдет. Ал мүйізі қарағайдай, атақты, алып жазушы кезінде Иван Сергеевич Тургенев алғашқы «Детство», «Отрочество» повестерімен көрінген жас жазушы Л. Н. Толстойды қалай қуанып қарсы алды десеңізші: «Міне, бәріміз көптен зарығып күткен Гогольдің ізбасары, жолын жалғастырушы дүниеге келді». Ал біздің ағаларымыз Д. Исабеков, Б. Нұржекеев, Қ. Қараманұлы, С. Балғабаев секілді жазушылар әдебиетке келіп жатқанда осындай сөзін айтса артық болар ма еді? Оны айтпағанда, оқи ма десеңізші олар?

Туысқан орыс совет әдебиетінде жағдай бұлай емес. Олар таланттарды жас-кәрі деп жатпайды, дер кезінде танып, қадірлей біледі. Соның бір айғағы – осы әдебиет өкілдерінің Тынымбай творчествосына ілтипаты. Тынымбай 1975 жылы Отанымыздың астанасы Москвада өткен жас жазушылардың Бүкілодақтық VI Кеңесіне қатысты. Сонда «Литературная газета» осы кеңеске арнайы бет арнап, алты-ақ жас қаламгердің творчествосына лебіз білдірді. Соның бірі – Т. Нұрмағамбетов болды. Дәлірек айтқанда, Одақ совет әдебиетінің көрнекті өкілі, СССР және РСФСР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты Анатолий Алексин: «Быт казахской деревни воссоздан в повести с такой любовью, со столь точным знанием всех деталей и особенностей, с таким умением оттенить колорит и своеобразие, что право мне кажется будто я бывал в той деревне и лично знал тех людей...» деп жазды. Ал біздегілер бұл повестен қалаға қарсылық тапты. Сонда қалалық қаламгер А. Алексиннің де қалаға қырын қарағаны ма? Сондай-ақ Жүкешев «Қазақ әдебиеті» газетінде түкке тұрмайды деп бағалаған «Тұнық су» повесін Москваның «Детская литература» баспасы керісінше тәуір туынды («Чистая вода», 1983 ж.) деп қабылдап, басып шығарды,

Талантты замандас орыс жазушысы, Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты, Бүкілдүниежүзілік балалар және жасөспірімдер жазушылары ассоциациясының президенті Альберт Лиханов та «Тынымбайдың орыс тіліндегі тұңғышы «Запах дыни» («Жазушы» баспасы, 1979 ж.) кітабына жазған алғы сөзінде жазушы творчествосына жоғары баға берді және оның творчествосындағы Б. Майлин творчествосымен үндесетін басты ерекшеліктерді дәл тап басты: «Доброта – вот слово; которое владеет Тынымбай. И в повести «Прощай, ата», и в рассказе «Запах дыни», не вполне, на мой взгляд, завершеном, и в прекрасном рассказе «Шатаубай», и в других вещах, собранных под одной обложкой Тынымбай Нұрмагамбетов еще тогда, в пору VI Всесоюзного совещания молодых, был писателем, выделяющимся среди своих товарищей по семинару. Я не хочу говорить, будто прошедшие годы он окреп, вырос. Просто новые работы прозаика расширили в моем личном представлении тот круг земли, на которой он прочно стоит. Любопытно: именно земля, не в прекрасном, а в прямом значении слова, интересна Тынымбаю прежде всего, а с ней и ее люди. Старик Нуржан, обессилевший от старости, больше всего боится. остаться оторванным от земли, и каждый взмах по кетменя, каждый его прерывистый вздох дороги читателю, как собственная жизнь. Ленивец и неумеха Шашубай – вроде бы фигура героическая, но как же он правдив, этот образ, и как по-хорошему народен...»

Бұған не қосып, алуға болады? Әдемі айтылған, дөп басып айтылған. Тынымбайды Бейімбетпен бауырластырып жатқан да осы қасиеттер. Өрбір шығармадағы жазушылық туған жерге деген құдіретті махаббат, атақоныста аяқты нық басып тұру, еңбек адамдарының толық қанды тұлғаларын мү-

сіндеу, терең реализм мен психологизм, нұрлы ирония арқылы қарапайым, халықтық характерлерді ашу – бұл бірінші кезекте қажетті де құнды қасиеттер, қымбат та қарымды ерекшеліктер болса керек.

III

Тынымбай алғашқы шығармаларын мектепте оқып жүргенде (жоғары кластарда) жаза бастаған болуы керек. 1965 жылы Қызылорда пединститутының студенті болып жүргенде облыстық «Ленин жолы» газетінен оның «Менің жеңгем», «Боранда» атты алғашқы әңгімелерін оқып едік. Бұл – балаң, әлсіз әңгімелер болатын. Тек жас талапкер бойындағы жақсы талап, ниетті ғана танытқан. Көп ұзамай-ақ сол ниет, жақсы талап өз жемісін бере бастады. «Мазасыз түн», «Менің інілерім», «Әже», «Құдаша» секілді әңгімелері (бұларды әрлі, әлді әңгімелер деп айтауға әбден болатын) жарық көргенде, ол жиырманың үш-төрттеріндегі жас жігіт еді. Тынымбай «Қош бол, ата» повесін жазғанда-ақ жазушы болып қалыптасып үлгерген болатын.

Міне, сол кезден бері ол өз тақырыбы бар, айтары бар жазушы болып келеді. Тіпті, оны былай қойғанда, ол осы «Қош бол, ата» повесінен бастап концепциялы суреткер болып келеді. Ол не концепция? Ол – жоғарыда айтылған туған жерге деген сүйіспеншілік. Қарапайым еңбек адамдарының ұлылығын жырлау. Сол себепті де оның негізгі кейіпкері – пәк, таза, ойлы жеткіншек, басына тағдыр тауқыметі түскен, өмірдің жол айрығында тұрған Бала (Көктембай – «Қош бол, ата», Шорман – «Қарлығаштың ұясы», Елжан – «Тұнық су»), осы Бала бүгініне, болашағына алаң туған жер топырағына тәу етіп, ел-халық дәстүрін жалғастырып, адамгершілік, ар, жақсылық жеңісі үшін бас тігіп жүрген Қарт (Жекең – «Қош бол, ата», Нұржан – «Қауын иісі»,

Қамқа кемпір «Жүрек жылуы», Тәуекел «Тұнық су», тағы басқалар), кетпенге қоса тіршілік жүгін көтеріп, өмірдің, көңілдің өрге басуын қамтамасыз етіп жүрген, сан қилы мұрат, мінез иесі Азамат (тракторшы Шоқатай – «Қарлығаштың ұясы», шофер Қиғашбек, келін Нәзилә – «Түкпірдегі ауыл», сушы Жаманқұл – «Сушы», тағы басқалары). Осындай басты кейіпкерлердің төңірегінде жүргендер, әрине, әртүрлі жандар, әсіресе ұнамсыз кейіпкерлер: олар ауылдан шыққан қалалық тасбауыр Толасбай («Қош бол, ата»), қаладан шыққан қазықаяқ, от басын ірітіп жүрген Сәлия («Тұнық су»), тікелей ауылдық бригадир, бала Көктембайдың қодығын тартып алған Шодыр («Қош бол, ата»), ауылдың мектеп директоры Жайраңғали («Үшінші кластың жетекшісі»), тағы да басқалар болуы әбден мүмкін.

«Тыңдашы, мені, ата... бұл мен ғой, Көктембаймын. Саған бүгін кімдердің келгенін білдің бе? Толасбай, Шошыр көкем... Қабылдама олардың құранын, ата, қабылдама. Тыңдама... Көкемнің бүгін мені қалай ұрғанын көрсең...»

Ата, мен оларды жек көремін. Бәрін де... Шодыр өз тайқарымды өзіме бермейді, зорлықшыл. Мен әлі үлкейгенде оған көрсетемін.

Ата, Толасбайдың күмбездеп үй соғу керек дегенін естідің бе? Мен естідім, керегі жоқ. Керегі жоқ, күмбездеген үйінің... Мына өзіңнің жұп-жұмсақ, таза топырағың-ақ жетеді...»

Жер құшағында жатқан атасы моласының басында отырған бала Көктембай үлкендердің екіжүзділігіне ашынулы. Осы ретте өз көкесін де аяп отырған жоқ. Қадірлері – туған жердің тап-таза, жұп-жұмсақ топырағы.

Осы терең ой, ақиқат пікір Тынымбайдың бүкіл творчествосына асыл арқау болып тартылғанын көреміз. «Қарлығаштың ұясы», «Үшінші кластың жетекшісі», «Көгілдір аспан», «Дарияның арғы

беті», «Түкпірдегі ауыл», «Тұнық су», «Бойтұмар» повестерін де, жазушының барлық әңгімелерін де көтеріп тұрған күш-тірек – туған жер, Тынымбайдың осы творчестволық концепциясы деуге болады. Оларды оқи отырып, енді Тынымбай Нұрмағамбетовтің бұл көзқарасы кредоға айналып, өз алдына бір бас-аяғы, миы мен жүрегі бар жүйеге – алтын өзекке айналғанын көреміз. Бастарына қандай күн туса да, жаңбыр түгіл, бұршақ жауса да, Тынымбай кейіпкерлері туған жерден кетпейді, ауылды айнала береді. Басқа басқа, мектебі жабылған, Қиғашбек, Қалдарбек секілді азаматтары үлкен ауылдарға жұмысқа кеткен алақандай Жиделіні Өлібек, Нәзилалардың тастап кетпей отырғанын алыңыз. Оны айтасыз; аядай ауыл ақсақалы Тәукебай былай десе, оған. сенесіз: «Қайтып келмеспін дейсіңдер ме? Келесіңдер. Жүз рет келерсіңдер. Мың рет келерсіңдер. Тым болмаса мен өлген күні бір рет келерсіңдер. Бұл Жиделінің аты өшіп, түтіні сөнгенше не заман». Әкесі кетіп қалған, жылуы қалмаған астанадағы үйін тастап, Мұңсызбай аулына қашып келген бала Елжан анау: ...«Бала өзен суының ағысына үнсіз қарап, ұзақ отырды. Әбден шаршаған денесі дел-сал болып көзіне ұйқы тығылды. Сонан соң шегініп барып, шалғынға шалқасынан жата кетті. Ол аспанға қарап жатып, Мұңсызбай жақтан жылжып келе жатқан құс қанатындай ақ бұлттарды көрді». Басқа басқа, әлі де мектепке бармаған, әке-шешесі Айбарша мен Есенжол сәби кезінде-ақ әжесіне тастап кеткен, енді сол жалғыз панасы әжесі өліп, қытымыр Шабаркүл, Қиянбектердің қолында қалған, Қарлығаштан басқа досы жоқ бала Шорман ренжімейді, туған жерді тірек-медет етеді.

Тынымбайдың қарапайым бала, жігіт-қыз, егде-ересек, шал-кемпір кейіпкерлерінің бәрі дерлік – дара, дана адамдар. Халықтың қалың ортасынан шыққан өкілдер, типтік жағдайдан жаралған типтік

тұлғалар. Қазақы, халықтық характерлер. Ұнамсыздарында пасықтық, бақай есеп, тайыздық, тарөрістілік, құлқын қамынан аса алмаушылық қандай оңды көрінсе, жақсылық жағындағыларда кең мінез, дарқандық, адамгершілік, абзалдық, жан жарқындығы, жүрек байлығы сондай бай, айқын да ажарлы көрінеді. Қауыншы Қаратемір, қария Тәукебай («Түкпірдегі ауыл») еңбеккер Нағашыбайларды («Бойтұмар») былай қойғанда, әпенді, кержалқау Шашубай, сәл нәрсеге бәркі қазандай болатын Қабылдардың («Жәрдемші») жан дүниесі қандай жарық, жылулы десеңізші. Осындай қызық та қыртысты, әр алуан да бай, қанық та қарапайым характерлерді көргенде, Тынымбайдың бағыты дұрыс, байқағаны байсын, тапқаны көл-көсір екенін бағамдайсың. Қалам-бұрғыны қат-қат қазыналы кенге салу дегеніңіз де осы болса керек. Осыған орай данышпан жазушы Лев Толстойдың мына бір сөздеріде ойыңа орала береді екен: «Если хочешь найти пример для подражания, то ищи его среди простых людей. Только там истинное, не только не выставляющееся, но не создающее себя величие». Осы бір дана кеңесті Б.Майлиннен кейін бейне бір Т.Нұрмағамбетов естіп қойғандай, мұрат тұтынып, жүзеге асырып жүргендей екен.

«Тұнық су» повесінің иринципті өзгешелігі, аса маңыздылығы – бала Елжанның суық бауыр анасы Салияны, сұлу астананы тастап, Мұңсызбай аулына келуінде де емес; ол – повестің жас ұрпақты туған жерді, Табиғат-ананы сүюге баулитындығында. Жазушы мұны жалаң айтпайды. Онда үгіттеу, жадағай шақыру жоқ. Ол туған жердің тамаша табиғатын тамаша бейнелейді, көзге елестетіп, көңілге көрсетеді. Елжанның қаланы тастап, ауылға қашуы – сылтау, фактор ғана. Ол қала жаман болғандықтан қашқан жоқ. Өгей шешедей Салияның салқындығы, баланың сүйікті, бірден-бір тірегі әке-

сін үйден қуып жіберуі бір себеп болса, оған қоса балдырған, бал шағын өткізген аулы (емшектен шыққан соң, дәлірек айтқанда, алты айлығынан бастап үш жасқа дейін Елжанды ауылдағы Гүлжан апасы тәрбиелеген-ді) Мұңсызбайға «қауіп» төнуі (бұл жерден кен табылып, үлкен қала орнамақшы екен) екі себеп болып еді. Осы ауылға кетпегенде қайда бармақшы енді? Оның үстіне бұл ауылдың табиғаты қандай десеңізші. Кішкене Құлахмет айтса айтқандай: «Мұңсызбайдың өз көбелегі бар. Көбелек түгілі, өз күні бар, аспаны бар. Дүниедегі ең тұнық өзен – Бұрым». Оның үстіне: «Мұңсызбайды ұмытып кеткен күнде бұл жұрттың есінде не қалмақ? Кім қалмақ? Шөп екеш шөп те өскен жерінде қурайды...», – дейді Ұлбике әже де. Міне, Мұңсызбайдың – туған жердің ең ғажап байлығы – осы абзал адамдары: Гүлжан ана, Жанқабыл көке, бала Нақыпберділер емес не? Осылайша жазушы Елжанның ауылға – аулына оралуын мазмұндық-мағыналық тұрғыдан да, рухани-көркемдік тұрғысынан да жан-жақты дәлелдеп көрсеткен. Және нақ сол арқылы...

Бір сөзбен айтқанда, бұл повестің әрбір эпизоды, оқиғасы, барша детальдары мен пейзаждары, диалог, монологтары Тынымбайдың қарапайым, кішкентай нәрселер арқылы түбегейлі үлкен мәселелер көтеріп, кесек образдар сомдап, әлеуметтік-көркемдік ірі, күрделі ойлар айта білгендігіне дәлел.

Және бір мысал: «Елжан, сен өзің де келсейші. Оқу жылы бітуге айналды ғой. Кел. Жарай ма? Бульдозерлер сыпырып тастамақ болып келе жатса, біз Құлахмәт, сен үшеуіміз, ауылдың сыртында кеудемізді тосып: «Өтпейсіңдер! Жібермейміз! Ол – біздің ауыл!» – деп тұрып алайық. Келші, Елжан... Мақұл ма? Сөйтеміз. Өткізбейміз. Үшеуіміз ауылды аман алып қаламыз». Әзірше балалықпен ауыл

астынан табылған асыл кеннің маңызын түсінбей, өлеріміздің алдына сүйегімізді сүйретіп басқа жаққа кетпей-ақ қойдық деген үлкендердің тілегіне қосылып жүрген, туған аулы Мұңсызбайды сұмдық сүйетін, осылай ойлап, осылай әрекет еткісі келіп жүрген жеткіншек Нақыпбердіні қалайша осал кейіпкер дей аламыз?

Бір қызығы, «Қош бол, ата», «Тұнық су» повестерінің басты кейіпкері балалар болса, «Бойтұмар», «Көзәйнек» повестерінің басты кейіпкерлері – ересектер, орта жастағы адамдар. Мұның өзі де жазушы творчествосындағы бір ерекшелікті, игі бетбұрысты байқатса керек.

«Түкпірдегі ауыл» – құрылымы қызық, тұтас алғанда да арам етсіз, бұлшық еттей түйілген шымыр шығарма, Онда дәстүрлі тартыс, конфликт жоқ, жағымсыз кейіпкер кездеспейді. Шағын ауылдың төрт түрлі атпал азаматын алу арқылы жазушы шалқар өмір шындығын алға тартқан. Повесть кереғар да қызықты, қатпарлы да күрделі характерлер сомдауымен құнды.

Мұндағы бригадир, ауыл бас көтерері Әлібек, қиғаш, қысық, бірақ ер, мәрт мінезді жігіт Қиғашбек, ерке, ақылды тентек келін Нәзила, ауыл ақсақалы, Жиделінің жұлыны мен даналығы тектес Тәукебай қарт бейнелерін Тынымбай творчествосында ғана емес; қазақ прозасындағы тың, тосын, құнарлы мінез-характерлер, Нұрмағамбетов тұңғыш ашқан жаңалық-жандар ашылым-адамдар десек орынды.

Бұл байламымыздың ақиқаттығын төмендегі бірер эпизод» детальдың өзі-ақ жеткілікті дәлелдейді деп ойлаймыз.

Әлібектің інісі Қалыбектің пышақтың қырындай жұп-жұқа кітап шығарғанына көңілі толмайды. Сол себепті де екінші інісі кітап жазбақшы болғанда айтқаны: «Менің айтқанымды тыңдасаңдар... екеуің өуре болмай-ақ қой дер едім. Жүгері егіп, су суарып,

біз де дүние жиып, бала-шаға асырап жүрміз ғой. Пәлен жерде жазушы жетпей жатыр дегенді әзірге естігем жоқ». Бұл – Әлібектің інілеріне қоса біздегі баз бір «жазушыларға» да жасар құлақдағыс қой.

Нәзила күйеуіне қатты еркелейтін. Соны ауыл ерсі көріп, мұны Тәукебай: «Сен бұл ауылға құдаша емес, келін боласың...» дел жеткізгенде Нәзила: «Ойнасақ, өз байымыз ғой. Сендердікі не?» – деп қайтарып тастайды. Осы сөзінен-ақ біз Нәзиланың кім екенін біле бастамаймыз ба?

«Келіншек оймен келе жатып, шелегіндегі судың анда-санда шылп-шылп төгілгенін де аңдаған жоқ». Бұл – Нәзиланың жүрек сезімін, өмір өзгерісін жеткізіп тұрған сәтті тұспал, әдемі деталь емес пе?

Табиғи, қарапайым, бірақ қарымды да нәзік суреткерлік дегеніміздің өзі де осы болса керек.

Бұл – Тынымбай творчествосында кемшіліктер мүлдем кездеспейді деген сөз емес. Біз барлық ірілі-ұсақтыны тәптіштеп термесек те, автордың ойлануын қажет ететін үш нәрсені атап айтар едік.

Біріншісі – жазушының «Көгілдір аспан» повесі секілді жекелеген шығармаларының әлсіз жазылуы. Мәселен, осы повесть автор мүмкіндігінен төмен жазылған. Қызығы, онда нақ мынадай кемістіктер бар, сол себепті повесті нашарлау шыққан дей қою қиын. Сонда да оның Тынымбай тудырған басқа шығармалардан көркемдік деңгей-дәрежесі көп олқы екені байқалады. Астарлы сыры бар көгілдір аспан образын жетілдіре, шығарма өзегіне жымдастырып, етене ете түсуге болады. Шашыраңқылық, арқау селкеулігі де жоқ емес. Мұның өзі бұл шығарманың жалпы өресінің биік емес екенін дәлелдесе керек.

Екіншісі – Тынымбайдың бірсыпыра шығармаларында ұқсас жекелеген желілер, ұқсас кейіпкерлер, эпизодтар кездесіп қалады. Әрине, бұл үлкен нұқсан келтіріп тұрған жетімсіздікке жатпайды.

Дегенмен, авторға осы ретте толғанар жайлар баршылық. Мысалға, Тынымбай туындыларында ақсақалдар мен балалар көп кездеседі. Солар бір-біріне әрқашан ұқсамай ма, олар Тынымбай творчествосының өн бойында нендей бітім, характер, мұрат-лебіздерімен ерекшеленеді десек, ойланyp қаларымыз анық. «Қауын иісі» әңгімесіндегі шал мен «Жалғыз шартақ» әңгімесіндегі ақсақалды алайық. Екі шал да – қауыншы. Іс-әрекеттерінде, сөздерінде ортақ сілемдер бар. Әрине, сүрген өмір, атқарған кәсіп ұқсас болғандықтан қашып құтыла алмайтын ортақ сәттер кездесуі мүмкін. Бірақ осы ортақтыққа жол бермегенге не жетсін! Немесе осы екі әңгімені сабақтастырып, бір шоқ дүние жасаған жөн бе? «Қош бол, ата» повесіндегі Толасбай бейнесін алайық. Әлі шалдардың қыздарының, Жасболат өмірінің бір-екі сәттері Толасбай тіршілігінің бір-екі сәтіне ұқсап кетпей ме? Қысқасы, бұл тұрғыда жазушының қабырғасымен кеңесер нәрселері аз емес.

Үшіншісі – тіл саласындағы ұсақ-түйек түйткілдер, жалпы, Тынымбайдың тілі таза, қарапайым, бай тіл. Жазушы өз кейіпкерлерін мінез, психология, характерге орай сөйлету жағына шебер. Бірақ, неге екенін қайдам, Тынымбай кейде қазақша баламасы бар сөздерді орысша қолдана береді. Райком, вечер, каникул, день рождение, месткомның председателі, замечание, типография, роддом, т.с.с. сөздерді аупартком, кеш, демалыс, туған күн, жергілікті комитеттің төрағасы, ескерту, баспахана, перзентхана деп неге бермеске? Рас, баз бір жұрт, немесе кейбір кейіпкерлер осылай да сөйлейді, бірақ жазушының солай қабылдап, жазуға келгенде ойланғаны орынды. Сондай-ақ, іздер болсаң, жазушының қайсыбір шығармаларынан сирек ұшырасса да, ұғымдық, стильдік жаңсақтықтарды да тауып алар едік. Нұрмағамбетовтей шебер сурет-

кер үшін мұндай міндерді жібермеу жарасатынын айтып жату артық.

Бозбалалық, жастықтан өтіп, кемел шаққа қадам басу – өмірдің ғана емес, өнердің де заңы. Жазғытұры – көктемнің басталуы, Жастық шақ – адам ғұмырының тікелей көктемі. Суреткерлік өнердің де сондай көктемі бар. Ол көктем кейде ұзақ, кейде қысқа болады. Т.Нұрмағамбетов бұл көктемнің басталуын тез өткеріп, сәуір, мамыр айымен тез табысты. Іле жазушылық жазымен де жүздесіп үлгерді. «Қош бол, ата», «Қарлығаштың ұясы», «Көгілдір аспан» повестері, «Қауын иісі», «Әже», «Мазасыз түн», «Бір үйдің бақыты», «Таңғы жауын», «Жалғыз шартақ» әңгімелері сол көктемнің жарқын нұрлы жемістері болса, «Тұнық су», «Түкпірдегі ауыл», «Көзәйнек», «Бойтұмар» повестері мен «Ата қоныс», «Сушы», «Шашубай», «Әлі шалдың қыздары», «Қорашылар», «Екі мая шоп», «Жәрдемші», «Бәйтеректер» жазушы жазының жомарт туындылары. Нақтылай түскенде, Тынымбайдың нақ осы шығармаларынан есеюді, кемелденуді – тереңдікке, көң өріске, биік асуға беттеуді – үш өлшемде де өсіп, өркендеуді көреміз. Тынымбайдың алғашқы шығармаларынан азды-көпті үйрену іздерін, Бейімбет Майлинге еліктеуді, Шыңғыс Айтматов әсерін көрсек, кейінгі туындыларынан Нұрмағамбетовтің өзін ғана көреміз. Тынымбай «Қарлығаштың ұясы» повесінде аңыз-ертегілерді көркемдік тәсіл ретінде пайдаланса, оның кейінгі шығармаларында мұндай «балаң әдіс», таныс амалдарды, әдебиетте бұрыннан бар, пайдаланылған арсеналдарды қолдану жоқ. «Түкпірдегі ауылда» таза реализм, психологиялық зерттеу алға шықса, «Тұнық суда» тағдыр тартысы, драматизм! қоюланып, ащы да ауыр шындық, терең реализм билік алып, Елжанды – қаршадай баланы тығырыққа тіреген. Оған табиғатты ая-ауқым ретінде, көркемдік кесте-реңк ре-

тінде суреттеу, адамдар мінез-құлқын, психикасын қазбалай, қадағалай ашу қосылғанда шығарманың шынайылығы, шымырлығы арта түсетіні өзінен-өзі түсінікті. Ал Тынымбайдың жарық көрген соңғы шығармасы «Бойтұмар» повесі мүлдем тың сапа, өзгеше өрелі бітім танытады. Мұнда жоғарыда айтылған реализмге, психологизмге, философиялық пайымдауларға, адам жанын рухани зерттеулерге қоса трагизм бар. Басты кейіпкер – арбакеш, дарқан жанды ауыл азаматы Нағашыбай үлкен баласы үйленіп, тұңғыш қуанышына үлкен той жасап, бауырларын: екі інісі мен қарындасын шақырады. Бұларды ол аға болып қана емес, әке болып өсірген, оқытқан, жетілдірген. Міне, қазір олар түрлі жағдайда, әр қилы мансап иесі. Үлкен інісі Базыл кезінде әжептәуір қызмет істеп, қазір сол жұмыс жағынан да, тұрмыс жағынан да (семья жағдайы мәз емес) құлдырап, араққа салыныңқырап жүр. Ал екінші інісі Жалғас қазіргі таңда аудандық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі. Ал қарындасы Майсагүл тіпті дәуірлеп тұр: облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары. Нағашыбай, міне, осы бауырларының басын қосып, баяғысын еске алмақ, ең бастысы – қуанышын бөліспек. Сөйтсе, бауырлары өзгеріп кетіпті. Ең негізгісі – адамгершіліктен ауытқи бастапты. Мұның тойына қарындас, інілер емес, қызметкерлер, пенделер, мансап құлдары келіпті. Майсагүл анасы жасап, тігіп берген, тіл-сұқтан, ауру-кеселден (жан – жүрек дертінен де) сақтайтын, бойтұмарды ұмытыпты. Бірге туған үшеуінің бір-біріне, бұған дейін мейірі, пейілі есепке құрылыпты. Ал Нағашыбай болса бұларды бауыр, асқар тауы көріп жүрген... Осылайша бар медетінен айрылған, құлазыған, өз тойында өмірі ішпеген арағын ішіп, сәл де марқая алмаған Нағашыбай поезға түсіп өледі. Повесть трагедиямен аяқталып тұр. Кез келген адамның кез келген қимыл-әреке-

тін, психологиялық процесс-өзгерісін дәлелдеудің өзі оңай емес болса, адамның өлімге баруын – трагедиялық күйін дәлелдеу қиынның қиыны, жазушы үшін қыл көпірден өтумен бірдей емес пе? Тынымбай, міне, осы ауыр міндетті үлкен шеберлікпен атқарып шыққан. Бұл – Тынымбай Нұрмағамбетов атты жазушының кемелденгенін, енді оның қандай да бір күрделі, кесек міндетті де орындай алатынын көрсетеді.

«НЕМЕНЕҢЕ ЖЕТІСІП КҮЛЕСІҢ»

Өмір деген жатқан жалғастықтан, сабақтастықтап тұрады. Мәселен, Алатауды еске алсаң, Алматы ойға оралады. Ілияс Жансүгіровті «Құлагер», «Дала» дастандарынсыз көз түгіл, көңілге елестету мүмкін емес. Гүлдің сынын танытатын – сұлулық десек, шеңгелдің әуелі тікені шалғайға жабысады. Нақ сол сияқты ақын Оспанхан Әубәкіровтің атын атағанда күле бастамайтын қазақ жоқ. Яғни Оспанхан Әубәкіровті еске алғанда ойыңа бірден күлкі түседі. Бұл – әрине, сатирик ақынның бақыты.

Бірақ біздің есімізге, неге екенін қайдам, сықақшы Оспанхан Әубәкіровті ойлағанда алдымен ән түсті. Және ол анау-мынау ән емес. Әйгілі «Біздің ағай тамаша»,

«Біздің ағай қызық адам тамаша!
Қызығы бар, сан жетпейді санаса.
Жеңгемізді сыйлайтыны соншалық,
Томпаң қағып жүгіреді балаша.
Жеңгей кетсе қыдырып,
Кеш келеді күн жүріп.
Ағай үйде отырар,
Шолпылдатып кір жуып,
Біздің ағай, біздің ағай, тамаша...»

Бала кезімізден бәрімізге таныс ән-өлең. Ғажабы, сол кезден құлағымызға құйылып, зердемізде қайта-қайта жаңғырып-жаңарып келе жатқан ән-өлеңді халықтікі деп ойлайтынбыз. Ес біліп, етек

жиған шағымызда ғана бұл тамаша туындының әуенін Нұрғиса Тілендиев, өлеңін Оспанхан Әубәкіров жазғанын білдік. Осыны айтқанымызда оқығаны көп, тоқығаны одан да мол кейбір жігіттер сенбеп еді. Ал елге бара қалғанда, сөз реті келгенде айтсақ, қарапайым еңбек адамдары тіпті таңданады, барлығы бірдей бұл әнді халықтікі деп келгенін мағлұмдайды.

Авторы бар шығарманың халыққа телінуі. Бұл жақсы ма, жаман ба? Біздің ойымызша, жақсы. Рас, адамдардың белгілі бір шығарманың иесі кім екенін білмеуін онша ақтай қоюға да болмайды. Алайда, оның көпшілік көңілінен шығуы, еңбектеген баладан бастап еңкейген кәріге дейінгі елдің өз шығармасына – халықтық туындыға айналуы анық жақсылық. Бұл кез келген автордың, керек десеңіз, үлкен талантты суреткерлеріміздің бәрінің бірдей маңдайына қонбаған бақ. Егер мұндай бақ қонып жатса, кемегер түгіл, кеше де ренжімес еді деп ойлаймыз. Айтпақшы, ойды ой қозғайды. «Біздің ағай тамаша» әнінің тамаша өлеңі Әубәкіровтікі екені анықталған соң, халықтық туындыларға айналған, бірақ Оспанхандікі екенін де ұмытылмаған басқа ән-өлеңдер де еске түсе бастайды: «Айналайын, балдызым», «Өнерлі шаштараз», «Аспан қызы», «Бойдақтар әні», «Айнагүл-ау, Айнагүл», «Мұңайма» т.с.с. Бәрі де белгілі. Күлкілі ән-өлеңдер. Ал олардың сазын мүсіндеген композиторларымыздың қатарында Нұрғиса Тілендиевпен қатар Базарбай Жұманиязов, Әбілахат Еспаев, Әсет Бейсеуов бар. Әсіресе Оспанханның Әсетпен ынтымағы жемісті болыпты.

Басқа басқа, Оспанхан Әубәкіровті ел осы әндерге жазған текстерімен-ақ жақсы біледі.

Демек, мұндай ән-өлеңшілік те – Оспанхан Әубәкіровтің әдемі бір қыры.

Сонымен, Оспанхан Әубәкіровтің творчествосын байыптағанда есімізге алдымен ән-өлең түсуі

де бекер емес екен. Өйткені, бұл ән-өлеңдердің де ең басты қасиеті – күлкі болып шықты. Және жайдақ, жай күлкі емес. Көңілді де күміс күлкі. Шырайлы да шынайы күлкі.

Бұл енді, расында да, сирек те сері қасиет, қымбатты да ғибратты ерекшелік. Неге дейсіз ғой? Оның себебі – жалпы күлкісіз өмір, күлкісіз өнер жоқтығында ғана емес. Күлкі – әдебиеттің ажары. Күлкі – көңілдің нәрі. Адамға Отанды жаудан қорғап қалып, табиғатты апаттан құтқару үшін ерлік жасап, қан мен тер төгуі керек болса, күлкінің маңызы да бұлардан бір мысқал кем емес. Адам дүниенің дидары ашықтығын сақтап, отбасының да берекесін уыздай ұйыту үшін қалай жүрегінің жылуын төгіп, кейде ашуланып, жылай білсе; нақ солай күле де білуі керек. Өйткені, өнуді тым-тырыс қарсы алудан гөрі күліп қарсы алу нұр үстіне нұр болса, өлімді қайсарлықпен қасарып қарсы алудан күліп қарсы алу күштірек. Құдіреттірек те қаһармандырақ.

Тіпті гәп мұнда да емес. Күлкі, күле білу – өнерге қоса өмірдің де заңы. Сол себепті де Карл Маркс былай деген-ді. «Бүкіл дүниежүзілік тарихи форманың ақырғы базисі – оның комедиясы. Бір жолы Эсхилдің «Бұғауланған Прометейінде» қасіретті халде өле жараланған грек құдайлары Лукианның «Сөйлесулерінде» күлкілі халде қайтадан өлуге мәжбүр болды. Тарихтың бұлай жылжитып себебі не? Адам баласы өз өткенімен күліп қоштасып отырған; себебі – сол». Міне, бізге неліктен күлкі керек? Біз неліктен күле білуіміз керек? Ұлы көсем айттып отырған өткеннің өзі де шартты нәрсе? Өткеннің жақсысы еш уақытта да таза тарих еншісі болып қалмайды, бүгіннің болмысына бірге бітіп, адамның өмір сүріп жатқан ұрпағына тікелей қызмет етеді. Сонда өткеннің өтешегі не? Олар – адам мен қоғам бойындағы барлық әлеуметтік-рухани кемшіліктер мен мін-мүлтіктер. Олардың баз бірін жаңа кезеңнің

(заманның) өзі тудыруы мүмкін десек те, денін өткен шақ мұраға қалдырады. Әдебиеттің қарсы шығып қажет болса күлкінің алуан түрін қолданып: зілсіз қалжыңдап (юмор), немесе келемеждеп (ирония), немесе ащы мысқылдап, жанға батыра сынап (сарказм), немесе аямай әжуалап, жойып, жоқ қылып жіберуді көздеп (сатира) күліп, күресері де нақ осындай олқылықтар мен қилы-қилы сорақылықтар.

Рас, біз қазір тапсыз, жекеменшіксіз, ілгерішіл қоғамда өмір сүріп отырмыз. Совет халқы қайта құруды қауырт өрістетіп, социалистік қоғам құрылысын кеңінен жетілдіру үстінде. Бірақ осыған қарап біздің бүгінгі өмірімізде кем-кетіктер аз дегуге бола ма? Жоқ, әрине. Өмірдің дамуының өзі қарама-қарсылықтардың бірлігі мен күресі екенін айтпағанда, арамызда арамшөптей кездесіп қалатын жаны сірі тоғышарлық пен тоңмойындықты, надандық пен немқұрайдылықты, арамдық пен аярлықты, жалқаулық пен жағымпаздықты, маскүнемдік пен мәдениетсіздікті қайда қоямыз. Сөз жоқ, бұларға қарсы ымырасыз майдан ашу керек. Міне, осы орайда...

Күлкі – өмірді түзетудің, өнерді өрге бастырудың нәзік те қуатты құралы. Оспанхан Әубәкіров, міне, осы шылықтар мен былықтарға, «...лықтар» мен «...дықтарға» қарсы қаламымен күрескен сатирик ақын. Өзгелерді өзгелерге және өзгелерді өздеріне өздерін күлдіре білді ол.

Оспанхан күліп қана қоймайды, көбіне-көп-ақ салмақты да сындарлы сауалдар тастайды: «Кімге күлесің? Неге күлесің? Қалай күлесің?»

Енді Оспанхан Әубәкіровтің кейіпкерлері мен оқырмандарының көздері мен сөздеріне, ауыздары мен жүздеріне қарар болсақ, күлкінің нешеме түрін көрер едік: шын күлу, өтірік күлу, жарқылдап күлу, қарқылдап күлу, жымыып күлу, жылмиып күлу, ішті басып құлап қалу, рақаттанып жылап қалу.

Оспанхан куәлігіне бақсақ, осыдан он бес-он алты жыл бұрын Алматыда бір қызық оқиға болды. Атап айтқанда, астанамызға «Адам жетектеген Адам» келді.

«Ботасып боздатып,
Түйесін сатып;
Құлынын шыңғыртып,
Биесін сатып;
Бұйырса осы ақша жетед деп,
Басабай баласын жетектеп,
Алматыға кеп күмп ете түсті.
Түскен жері дүңк ете түсті.
– Басеке, конкурс болады!..
– Конкурс болмақ түгіл...
Төңкеріс болса да,
Білеміз ғой...
Жөн-жоба оң-теріс болады, –
Деп Басабай қасақана тамсанады.
Бұл тамсаныс біреулерінің
Тура асқазанына барып өн салады.
– Баланың түсінік-түйсігі қалай?
– Ертең айтатын сөзіңді
Бүгін біліп отырады,
– Химия, физика дегендеріңіздің
Текеметін тіліп отырады. –
Десіп бұлар қызып қалды.
Ертесіне қызық болды,
Бөден сыннан күліп келді,
Жағрапияның «текеметін тіліп» келді.
Жоқ, байқасақ, тілмепті,
Түктің де жөнін білмепті.
Мұғалім әрі амалдапты,
Бері амалдапты.
Ал Бөден албасты картадан
Алматыда тұрып...
Алматыны таба алмапты...»

Бұдан шығатын қорытынды не? Ол айтпаса да түсінікті. Алматыға «адам жетектеп келген адам»

ауылға «адам жетектеп» қайтты. Бала адам бола алмағанда, мал қайдан адам болсын? Қайтіп оқуға түссін? Енді бұған күлмегенде неге күлеміз? Кімге күлеміз?

Ал Әубәкіров бейнелеген мына бір ғажап оқиға астанаға да, ауылға да ортақ. Оспанхан осы өлеңді жазған жылы мол еді, қазір сауда орындарының «мәліметіне» сүйенсек, Әубәкіровтің сықағынан кейін күрт азайғап сияқты.

Әділ болайық деп таразы жасадық,
Таразы жасап,
Кейбіреуді таразыға наразы жасадық.

Неге?

Өйткені?
Бұ түрің құрғыр
Таразы кейде тең тартады.
Кейде «ұялғанынан» кем тартады.

Бұған мысал, дәлел керек пе?

Таразыға ет өлшедік,
Сол баяғы сеніңкіремей,
Бір өлшеген етті жеті өлшедік.
Білінер-білінбес кем тартады.
«Әй, бұл қашан тең тартады?» – деп,
Сап-сары ғып май өлшедік.
Көз сенсе де,
Көңіл сенбейді.
Күн өлшедік, ай өлшедік,
«Ауру қалса да әдет қалмайды».
Сонда да төрт-бес грамм алдайды...

Апырау, енді не істеген жөн? Таразының қамқорлығы осылай жалы жығылмай жалғаса бермек пе? Лирикалық кейіпкер тығырықтан шығар жол іздеп, енді салмақсыз зат тартады. Онысы – сөз.

Таразының бір басында:
«Ыразы»,
Бір басында «Наразы».
Шамасы «ойлағаны» болар,
Көп теңселді таразы.
«Ыразы» жағы басып кетті,
Тарекенің қулығы асып кетті.
Бұл жерде ақыл түзу, ес анық.
«Наразы» бақандай алты өріп,
«Ыразы» болса бес өріп.
Қалай ғана шындықты қаңтарып... –
Деп едім,
– «Наразымен» шатасқанша,
«Ыразымен» адасайын дегені.

Таразы тағы жеңіп кетті. Сонда шындық, әділет қайда қалмақ? Лирикалық кейіпкер енді таразының көзін бақырайтып қойып, ең соңғы амалды қолданады. Дәлірек айтқанда, салмақты сөз – мақал өлшейді.

Таразының бір басында:
«Ебін тапсаң екі аса»,
Екінші басында:
«Таразыдан жеген – тасбақа».
Осыны дұрыс тартпаса,
Не таразы қате,
Не тас қате.
Тағы да оңбады.
Бірінші мақал басып кетті.

* * *

Ал екінші мақал ұялғанынан
«Құдайдан қорықпағаннан қорық», – деп
Жерге түкіріп қашып кетті.

Енді бұған күлмегенде неге күлеміз? Кімге күлеміз? Оның үстіне Оспанханның мысалға келтірілген

бұл екі өлеңі де мазмұнына қоса пішіні жөнінен де парасатты дүниелер. Қарапайым да қарымды болумен бірге толық қанды да тапқыр сықақтар. Өмір танытуы ерен. Тағылымы терең. Сондықтан да бұларды бүгінгі қазақ сықақ өлеңдерінің келісті үлгілері, классикалық туындылар десек те асыра айта қоймаспыз.

Біз Оспанханның алғашқы туындысын қашан жазғанын білмейміз. Бәлкім, ол лирикалық бірер шумақ болар. Әйтпесе шағын суреттеме шығар. Себебі, Оспанхан Әубәкіров жалғыз-ақ қырлы талант емес. Ол – көп қырлы талант. Оның лирикалық сипатты шығармалар жазуға да қабілетті болғанын «Сағыныш екен бала кез» секілді шымырлаған ән-өлеңдері бір танытса, балаларға арналған тамаша тақпақтары екі танытады. Оған қоса Оспанхан – тәржіменің де танымал шебері. Әзиз Несиннен жасаған ажарлы аудармалар, Распенің «Мюнхаузен хикаяларын» өз Қожанасырымыздың бастан кешкен оқиғаларындай жатық та жарқын жеткізуі – осы шындыққа айғақ. Тіпті Оспанхан арагідік сын да жазған. Оған басқаны айтпағанда, «Лениншіл жас» газетінде осыдан отыз жылдай бұрын жарық көрген «Неменеңе жетісіп күлесің?» атты мақаласы дәлел.

О.Әубәкіров, міне, осы кездері – 1960 жылдардың басында «Күлеміз-ау» деген кітап шығарып, «Неменеңе жетісіп күлесің?» деген сұмдық сұрақты алғаш рет қойып еді?

Міне, сол кезден бері жиырма бес-отыз жылдай уақыт өтті. Жас ақын О.Әубәкіров балалар ақыны Оспанхан Әубәкіровке айналды. Үлкен ақын, үлкендер ақыны Оспанхан Әубәкіровке айналды. Талғампаздық, табиғатын қалыптастырып, сықақшы прозашылық қырын тағы танытты.

Көп қырлылық – талант көзін кең ашқан Әубәкіров суреткердің айрықша бір белгісі болса, тағы

да қайталауға тура келеді, сықақшылық – осындай талант Оспанханның басты қыры, негізгі болмысы. Ол балалар ақыны болып тақпақ жазса да, ересектер прозашысы болып шақпақ шақса да, күлкісінен жазбайды. Оның үлкендерге арналған туындылары көп жағдайда балаларға да базарлық болып жатса, керісінше, балаларға арналған туындыларын үлкендердің де бас алмай оқитыны бар. Бұл – шынында да, қажет, құнды ерекшелік, қайсыбір қаламгер де армандап жүрген қасиет, көп қаламгерлерімізге жетпей жүрген қасиет.

Мәселен, ақынның «Ңөң» атты ертегісі – осы байламымызға келелі айғақ. Ол – шын мәніндегі балалар ертегісі. Сонымен бірге ересектер де ертегісі. Бүгінгі замандық ертегі. Онда қатпарлы философиялық ой-астарға қоса, балаларды әліппе әлеміне саяхаттатуға қоса, үлкендерді – назардан қалыс қала берер қатардағы қаһармандардың еңбегін бағалай білуге шақыру, «тәрбиелеу» жатыр.

«Ң» әріп боп туғалы,
Қалам алып қолына
Өнер жолын қуғалы:
Әшекейлі,
Өрнекті,
Кебежедей көрнекті.
Жолбасынан бастайтын
Бас әріп боп көрмепті.

«Жуастан жуан шығар» дегендей, бір күні бар шатақ осы «ң» әрпінен шығады. Елге сіңірген еңбегі кем болмағандықтан оның да бас әріп болғысы келеді. Қарап отырсаңыз, айтқанының жаны бар:

«Жалаңаяқ жер кешіп,
Қызылаяқ қар кешіп.
Боламын деп Бас әріп,
Мен қақпаған бар ма есік?..

Табанымыз тілініп,
Көзімізден жас ағып.
Еңбек етіп жүрсек те,
Бола алмадық Бас әріп.

Жан-жағыңа қарасаң,
Жұрттың бәрі Бас әріп.
«Бас әріп боп тудық», – деп
Бет бақпайды қасарып.

Қол-аяғы имиген
«Г»,
«Ғ», деген аш-арық,
Шамасына қарамай
Бұлардағы Бас әріп...

Менің жаман бауырым,
«Н» деген де Бас әріп.
Бола қалса Бас әріп,
Сөз сөйлейді шашалып...

Бір басымда санасаң,
Өнер,
Білім – тегіс бар,
Болмайтұғын Бас әріп
Қай жерімде кеміс бар?»

Осылай деген «Ң» әрпіне басқа әріптер: «Қазақта «Ң» әрпінен басталатын бірде-бір сөз жоқ», – деген уәж табады. Алайда, «Ң» әрпі бұған да көне қоймайды. Айсбергті қазақтар ертеде «Ңең» деген», – дейді. Мұның анығын білмеген, ақ-қарасын ажырата алмаған әріптер тілден қалады. Ал автордың айтары:

«Ңең» деген сөз қазақта
Жоқ десең де еркінде:
Қарыз сұрап тұрғам жоқ,
Бар десең де еркінде.

«Ңөң» деген сөз қазақта
Жоқ десөң де еркінде:
Бар десөң де дәл содан
Бұзылмайды көркің де».

Ақын шешімді бала, үлкен оқырмандардың еркіне қалдырған. Сол оқырманның бір өкілі, біздің айтарымыз – «Ңөң» деген сөз бұрын жоқ болса да, Оспанхан Әубәкіровтің мынау ертегісінің құрметіне бар деу.

Мұндай ертегі-өлеңді, сықақ-сырды бас ақын, үлкен ақын ғана жаза алса керек.

Біздің байқауымызша, талант көзін кең ашқан О.Әубәкіровтей ірі суреткердің ендігі бір белгісі – өзге үлкен әріптес тұлғаларды еске түсіруі болса керек. Біз бұған айғақты Әубәкіров творчествосынан жеткілікті табамыз. Мысал үшін сатириктің «Күншіл көкек» сықағын оқып көрейік:

«Кезекті бір гастрольде
Бұлбұл сайрап басты рөлде,
Мың құбылтып ән салыпты.
Тыңдаушылар тамсаныпты.
Ду қол шапалақ!
Ең аяғы,
Әнге түсінбейтін жапалақ:
«Бис! Бис!» – деп, ысқырыпты.
Біреулердің делебесі қозып:
– Үніңе болайын!
Деп мойнып созып,
Жер тепкілеп қышқырыпты.
Тек күншіл көкек
Бұлбұлды кекеп,
Былай деп дауыстапты:
– Бұлбұл өмірден алыстапты.
Әнші емес,
Бос көмей екен,
Айтатынын ұдайы
Баяғы бір «угайы».

Кезікпей жүр байғұсқа
Мен секілді құдайы.

* * *

Дос өнерін күндеме,
Өзінде жоқ па –
Үндеме».

Мықты мысал. Мұны оқып отырғанда есіңе бірден ұлы орыс сықақшысы И.А.Крыловтың «Есек пен бұлбұлы» түседі. Өйткені Оспанхан да әйгілі мысалшыл жазған жайтты жазып отыр. Яғни тақырып бір. Бұлбұл ән салады. Оны Крыловта есек сынаса, Әубәкіровте көкек кекейді. Тәсіл де – таныс тәсіл. Салыстыру. Содап түйін шығару. Бірақ Оспанхан бұдан 180 жылдан астам уақыт бұрын жазылған мысалдың көлеңкесінде қалып қоймаған. Өзіндік үн танытқан. Өлеңіне бүгінгі күннің талабын, тынысын да дарыта білген. Сөйтіп, асыл байлығы алынған жерден тағы маржан тапқан.

Крыловтың есегінің есерлігі бала кезден есімізде емес пе:

«Бұлбұл болды, тосып тұр есек сөзін,
Есек жерге қаратып екі көзін:
«Екенсің ән салуға сен дағы епті,
Сен біраз өтеш әнін үйрен», – депті.

Бұл сықылды сыншының сөзіп естіп,
Көз көрмеске бұлбұл да ұшып кетті».

Оспанханның көкегінің көкуі де бірден жатталып, жадында қалып қояды. Оның себебі – сықақтың «іші алтын, сырты күміс, тілге жеңіл, жүрекке жылы тиген» жұп-жұмырлығына қоса, өмірлік негізінің мықтылығында жатыр. Өйткені біздің қазақ әдеби сынында да шені-шекпені жоқ бұлбұлдың

сыбағасын пысық қызметкер, ұйымдастырғыш, күншіл көкектер тартып алып жүрген жағдай кездеспейді емес.

Тек Әубәкіровтің түйіні ғана көңілге қонбайды. Ол онсыз да мәлім жайды қайта айту болып шыққан. Өрі мұндай көкектердің ешкімге дос бола алмайтыны, сондықтан үндемей қала алмайтыны және белгілі.

Қысқасы, Оспанхан Әубәкіров – сегіз қырлы, бір сырлы талант. Бұған жоғарыда айтылған жайларды былай қойғанда, Оспанханның айшықтау құралдары да дәлел бола алар еді. Оспанхан әсіресе әсірелеуге шебер. Сондықтан да ол не айтса да, қандай «өтірік» айтса да, имандай сеніп отырасың. Өйтпесе, төмендегідей таңғажайыптарды басқа айтса, басқалар түгіл Эзоп, Крылов, Жүсіп Алтайбаев айтса да, нанбас едің.

«...Сосын біреуі
Аяғыңды тұсап алды.
Сала құлаш пышақ алды.
Тұспалдап, тұспалдап,
Жүрегіме тақай ұрды.
Қарнымды қақ айырды.
Өкпемді жұлып былай қойды,
Бауырымды сылып былай қойды.
Өлдім де қалдым...
– Сонда ішіңнен не тапты?
– Бір асымдай ет апты.
Бір шүйкедей жүн шығыпты,
Біруыстай құм шығыпты,
Көрдіңіз бе тіршілікті?..»

(«Соқырішек хикаясынан»).

Немесе:

«Шырқыраймыз,
Шұрқыраймыз.

Бір-бірімізге кіжініп бұрқыраймыз.
Қойдың біразы сайда жүреді,
Біразы Айда жүреді,
Біразы шыңырау құзда жүреді,
Біразы сызда жүреді,
Ал, қане, жиып алшы».

(«Шала шопаннан»).

Талай қызықты естіп жүрсек те, мынадай «сұмдықтарды» бірінші рет естіп отырмыз. Кім қарнын жарғызып, рудимент (қалдың) мүшесін кестірмей жүр? Бірақ Көдектің айтқыштығы бәрібір жағанды ұстатады. Сонда да сенесің. Көдектің көңіліне қарағандықтан емес, Әубәкіровтің ақындық шеберлігі бұлтартпағандықтан сенесің. Сондай-ақ, қараусыз қалған қойдың бір жердегі сайдан, тіпті аспандағы Айдан «табылып» жатқанына да Әубәкіров таланты, ақындық шеберлігі иландырады.

Сонымен, Оспанхан Әубәкіров – сегіз қырлы, бір сырлы талант. Бұған жоғарыда айтылған жайларды былай қойғанда, Оспанханның өзге қазақ сатирашыларына әсері, жас әріптестеріне ұстаздығы және дәлел бола алар еді. «Бәріміз де Гогольдің «Шинелінен» шықтық», – деген қанатты сөз орынды айтылып жүргендей, біздің біраз қалыптасқан сықақшыларымыз да өзін Әубәкіровтің шәкіртіміз деп есептейді. Әсіресе жас сықақшыларымыз мұны ашық айтып жүр. Айтпаған жағдайда да олардың өлеңдерінен Оспанхан Әубәкіров ықпалын, бедер-белгілерін көрер едік.

Халқымыз айтқандай: «Судың да сұрауы бар» болса, сөздің сұрауы одан да үлкен. Халық тілінде құнсыз да қадірсіз сөз қалай кездеспесе, ақын-жазушы тілінде де мәнсіз сөйлем, мағынасыз ой солай кездеспеуі керек. Бүгінгі таңда қазақ әдебиетінде ойып алған өз орны, өсірген өз орманы бар қаламгер Оспанхан Әубәкіровтің суреткерлік әле-

мінде кенеусіз пікір, көбік пайымдау жоқтың қасы. Егер ол ұзын саны ондаған мақала, жүздеген әңгіме, 15000 жолдай өлең жазды деп есептесек, соның азды-көпті керексізі шамалы, күлкісізі аз. Бұл – дау жоқ, О.Әубәкіровтің жомарт талантының жемісі. Қоғам, халық, сөз өнері алдындағы жоғары жауапкершілігін сезіне білуінің, тынымсыз ізденісінің алға басуының, толассыз тер төгуінің жеңісі. Оспанхан қаламынан туған әлсіздеу, әрсіздеу – салыстырмалы түрде алғанда, әрине – кейбір ортақол өлеңдердің өзі баз бір тапшы таланттардың еншісіне тисе, олардың таңдаулы, тамаша дүниелері болып шыға келері сөзсіз. Бірақ, өкінішке орай, олар авторы Оспанхан Әубәкіров болғандықтан да, бізді – оқырман қауымды қанағаттандырмайды. Бұған қоса, олар әдебиетті – өміртану өнерін және жасампаздандырып жібермейді. Алда өткен алыптар: Гоголь мен Асқар Тоқмағамбетовтерге жету, қолдан келсе асып кету – мұрат болса мұрат шығар. Бірақ ешкімге де Салтыков-Щедрин, Қалтай Мұхамеджанов болу шарт та емес, міндет те емес. Әркімге ең әуелі өзі болуы керек, өз мүмкіндігінің шегіне жету, шеңберіне көтерілу міндет. Міне, нақ осы тұрғыдан байыптасақ, Оспанхан Әубәкіров творчествосындағы осы өз дәреже-деңгейінен табылмаған туындыларды да таңбалай кеткен жөн. Иә, қашанда адамға алдымен өзін-өзі жеңу шарт, өзінен-өзі озу міндет. Мұның өзі «бүгінгі» қырықтағы Оспанхан Әубәкіровтың кешегі, немесе отыздағы Оспанхан Әубәкіровтен кейде соншалықты оқшау қара үзіп кетпегенінен болса керек. Әйтпесе, «Насыбайды неден жасайды?», «Түк түсінсем бұйырмасын», «Жеңешемнің қолы бос» іспетті сықақтарды «Жағымпаздар үшін жаттығулар», «Молданың намазы», «Қытық», «Сыбыр», «Амандық хат», «Аңыз туралы аңыз», «Жеті ата», «Эксперимент» («Тәжірибе» дегенде ғой), «Бәйгеден келген жү-

ген», «Екі есікті мәғазін», «Қауын мен қарбыз» іспетті үздік сықақтармен салыстыруға ойланып қалмаймыз ба? Сондықтан да Әубәкіровтің өз шәкірті, талантты сықақшы Көпен Әмірбеков «Оспанхан-ның намазында» айтқан құлаққағыстың жаны бар:

«...Күллү күфиян шайтан ірәжім,
Кейіпкердің әкелдім мен біразын.
Ассалаумағалейкүм,
Бөден,
Таутан,
Кедір,
Пәштуан,
Дырдан!
Ассалаумағалейкүм,
Ит,
Шыбыш,
Қарға,
Тарақан,
Бүрге!...
Пысмылла!
Пысмылла!
Кенесары түсіндей
Барамын ба ұсақтап?
Иә, осымен намазымды тауысамын,
Енді кеуделі кейіпкерге ауысамын,
Әумин!..

Кезінде 1977 жылы Көпен осыны айтқанда («Аты жоқ кітап», 59-бет) әуминнің Алланың құлағына шалынсын дегенбіз. Бірақ оның Алладан гөрі адамның – Оспанханның құлағына шалынғаны пайдалы еді. Расында да, Оспанхан өзінің көптеген өлеңдеріне ортақ кейіпкерлер тудырып, оларды соқталы сомдауда елеулі еңбек етті. Амал қанша, Оспанхан осыны көзі тірісінде жеріне жеткізіп, аяқтай алмады. Әйтпесе Мимырт пен Бөдендер, Зымзия мен Тотиялар, көкектер мен шошқалар, қаңбақтар мен қарбыздар дамытуды, жүйелі түрде жан-жақты

зерттеп, қайта оралған сайын тосын тұстан терең танытып, кесектендіруді тілеп тұрған персонаждар болатын. Сонда Мимырт бүгінгі күннің Мырқымбайына, Бөден бүгінгі күннің Бөдендеріне айналар да еді-ау? Асылы, қандай бір қарымды ақын да өзінің күллі кешелі – бүгінгі – келешек творчествосын үлкен бір түбегейлі мақсатқа бағыштамай, терең де табанды концепциялық бағытқа көшпей, яғни жүйелілік пен тұтастыққа жетпей, өз апогейіне көтерілмек емес. Нақ осы себептен де кейде Оспанханның тек өзі күлуі кездеседі деп білеміз. Ешкім ермеген жағдайда, күлкінің тек автордың өз күлкісі болып қалуы күмәнсіз. Оның үстіне Оспанханға өзі күлгенде өмірдегі кейіпкерлері мен оқырмандары күлуі де аз, жеткіліксіз. Бұл – небәрі «неге күлесің, кімге күлесіңнің» жауабы. Ал шын мәніндегі қорғасындай салмақ, қамшыдай қуат «неменеңе жетісіп күлесіңнің» уәжінде жатыр. Оны автор ғана емес, кейіпкер өзіне-өзі берсе, әрбір оқырман өзіне-өзі берсе, міне, шын мәніндегі Күлкі, сықақтық-сатиралық Күлкі, ұлы Күлкі нақ осы жерден, межеден басталмақ...

Қуаныштысы – Оспанхан Әубәкіровте осындай күлкі де бар. Таразы туралы өлеңдегі күлкі – нақ осындай күлкі. «Молданың намазындағы», «Адам жетектеген Адамдағы», «Сүт қалай ұйидыдағы», «Ңөң» ертегісіндегі, «Күпшіл көкектегі», тағы басқа талай-талай туындылардағы күлкілер де – нақ осындай күлкілер емес пе?

Біз Оспанхан Әубәкіров жайлы жазған мақаламызды аяқтарда сықақшының «Арбаның арманы» атты әрқашан жаңа күлкісімен жүздескіміз келеді.

«Арбакеште арман жоқ,
Алдында – аты,
Аузында – Алласы,
Астында – арбасы,

Қалтасында – шақшасы,
Шақшасында – «бақшасы».
«Атымды алсаң, ал, құдай,
Арбамды алма», – деп,
Асықпай
Аяңдап мәңгіп келеді.
Атын – жыр,
Арбасын – әп қып келеді».

Бұл – ақынның бірінші кейіпкері. Адам кейіпкері – арбакеш. Қалжасын көріңіз де, қандай жан екенін пайымдай беріңіз.

Ақынның екінші кейіпкері – арбакештің аты. Оған ақын небәрі екі-ақ жол қиыпты.

«Бұған аты мәз болып,
Жорғалаған боп арбаңдап келеді».

Көрдіңіз бе, атта да арман жоқ. Қалжасын көріңіз де, қандай жануар екенін пайымдай беріңіз. Шынында да, оған осы екі жол-ақ жетеді.

Енді мына ғажапты қараңыз. Екі тірі жан былқ етпегенде, арба тамаша «ерлік» көрсетті:

«Ал, арба ше,
Арба адамша армандап келеді.
«Дариға-ай, неғылса да,
Аспанда ай менен күн шағылса да...»
Енді бір қырық доңғалақ табылса ма?
Арба боп азбай,
Терте боп тозбай,
Атын да тастап,
Адамын да тастап,
Жаңа өмір бастап,
Пойыз боп кетер едім.
Өмір бақи жетпеген жеріме
Бір-ақ күнде жетер едім».

Арбаның адам мен аттан озғанына еріксіз күлесіз. Бірақ сұрақ туады, «Неменеңе жетісіп күлесің?»

Осыдан өзің амансың ба?» Біздің айтарымыз: аман болсаң да, болмасаң да, автордың түйінін ұғып ал деу: «Арбаң болмаса болмасын, Арманың болсын». Көрдiңiз бе, бiзге не жетпейдi?

Бiр қызығы, сықақ өлең жақсы шығарманың бойына бiтер қасиетпен ат пен арбакеш түгiл, оқырман – адамдар түгiл, өз авторын да аямай «соғып» жiбередi. «Кетпеннiң басын бассаң сабы маңдайыңа тиедi» деген осы. Көрдiңiз бе, авторға– Оспанхан Әубәкiровке де жетпегенi – осындай асқақ арман екен. Ақын творчествосын талдаудағы бiздiң күллi айтып отырғанымыз да осыған саяды екен.

Баршамызға АРМАН керек. Ақындарымызға өз болмысына сәйкес, iрi де iргелi талантына сай қимылдау керек. Қазiрге дейiн жазғандарың жақсы, кейде тамаша болғанмен, бұл – аз. Өйткенi, жоғарыда байқағанымыздай, Оспанхан Әубәкiровтi оқығанда кiлең Эзоп, Крылов, Әзиз Несин, Қалтай Мұхамеджановтар еске түседi. Неге керiсiнше емес. Ал бұл – сатирашыларымызға үлкен сабақ. Ендеше, Оспанхан Әубәкiров қатарластары, шәкiрттерi өзгелердi оқып отырғанда, атап айтқанда Эзоп, Крылов, Әзиз Несин, Қалтай Мұхамеджановтарды оқып отырғанда өздерi еске түсiп отыратындай етiп жазсын.

Таланттарымыз бар ма? Бар. Тапшы емеспiз.

Сондықтан талантты қазақ сықақшылары алдағы уақытта Оспанхан Әубәкiров жолын жалғастырып, қазақ сатирасыпың көкжиегiн күрт кеңейтiп, Күлкi жанрының космосына көтерiледi деп сенемiз.

Байқаймын, кiтаптан менiң мақаламды оқып отырғанда, бiреу күлдi. Оған да қояр менiң сұрағым:
– Неменеңе жетiсiп күлесiң?

ЖЕТІ ЖҮЗ ЖҰМБАҚ ПА, ЖОҚ ЖЕТПІС ЖҰМБАҚ ПА?

Әдетте біз: «Теңіздің дәмін тамшысынан білуге болады» деп жиі айтамыз. Мұның табиғатта ғана емес, өмір-өнерде де ақиқат екені ешбір дәлел тілемесе керек. Мәселен, өз нысанамыздан келсек, соңғы кездері туған соқталы да сындарлы туындыларымыз – Ғ.Мүсіреповтің «Жат қолында», Ә.Кекілбаевтың «Үркер», М.Мағауиннің «Аласапыран» романдары, Ә.Тәжібаевтың, Х.Ерғалиевтің, С. Мәуленовтің, Ф. Оңғарсынованың жыр кітаптары, Т.Ахтановтың, Қ.Ысқақовтың, А.Сүлейменовтің, Т.Нұрмағанбетовтің жаңа пьесалары күллі қазақ әдебиетінің, қала берді, совет әдебиетінің қазіргі таңдағы даму деңгейін, қол жеткен өрісі мен өресін танытпайды дей аламыз ба? Дей алмаймыз. Нақ сол сияқты типтік нашар шығармаларымыз да күллі сөз өнеріміздің даму деңгейін, қол жеткен «өрісі» мен «өресін» атап айтқанда, бүгінгі қазақ әдебиетінің көлеңкелі тұстары мен аяқтан тартып отырған оралғы олқылықтарын аңғартады. Өйткені бұлар да – қанша өкінсек те, жасырып-жапсақ та – құтыла алмайтын бақталайымыз.

Ендеше «Жалын» баспасы кейінгі уақытта шығарған «Жеті жүз жұмбақ» атты жинақ та – өзінің жақсы жақтарымен әрі әлсіз, әрсіз тұстарымен қазіргі қазақ балалар әдебиетінің хал-ахуалынан хабардар ететін кітап десек орынды. Жұмбақтың ең бірінші және ең басты қасиеті – қысқа да нұсқалылық екені анық. Демек, кітапқа жеті жүз туындының

енуінің өзі көлем молдығын сездіретін бір игі құбылыс болса, баспа мен құрастырушы Әдібай Табылдиевтың балаларға қалам тербеп жүрген барлық ақындарымыздың соңғы кездерде жазған тәуір жұмбақтарын түгел қамтуға тырысып, 51 ақынның 557 жұмбағын ұсынуы – екінші игі құбылыс болса керек.

Байқайсыз ба! 51 ақын! Тікелей балаларға жұмбақ жазатын осыншама ақын бар екенін білудің өзі неге тұрады.

Бақандай 557 жұмбақ! Егер санға сапа сай болса (осылай етуге мүмкіндік барлығы да көрініп тұрған жоқ па), мұның өзі анық ажарлы кітап, қыруар құнды қазына екені даусыз.

Бірақ...

«Жеті жүз жұмбақты» оқып шыққанда алғаш байқайтынымыз – жинақтың екіұдайлығы, оның екі түрлі кереғар сыр-сипат танытатындығы, тіпті ол бөлек-бөлек қос кітаптан тұрады десек те болғандай.

Обалына не керек, кітаптың көркемделуі жақсы. Баспаларымыздың кітап шығару өнеріне жетіле бастағаны қуантады. Кітапқа қатты мұқаба берілуі, оның ойластырылып безендірілуі, ішкі беттерге балғын оқырман қауым қиялын оятарлықтай түрлі суреттер салынуы құптарлық жайттар. Бұл ретте суретші Ағымсалы Дүзелхановтың еңбегі ерекше атап айтарлықтай.

Енді мұндай кітаптан еріксіз сыртқы сұлулығына сай ішкі мазмұн, нәрлі мағына күтесіз ғой. Осы тұрғыда кітаптың сүйсінтерлік сәттері де баршылық. Бірақ бұл көбіне-көп, кітаптың бірінші «Халық жұмбақтарынан» тарауына тән ырыс-игілік.

Бұл айтқанымыздың шындығын беташар жұмбақтан бастап-ақ көруге болады:

«Белең, белең белең ат,
Белі қайқы күрең ат.

Таудан түссе, таймас ат,
Талау тисе, өлмес ат».

Бұл не? Құмырсқа.

Кітаптың неліктен құмырсқа туралы жұмбақтан басталғаны түсініксіздеу болса да, халық шығарған бұл жұмбақ – аталмыш жанрдың үздік үлгісіне жатады. Өйткені шағын ғана төрт жол өлең – жұмбақ жанрына қойылатын қиын да қызықты талаптарға толық жауап береді. Біріншіден, оның түрлік-пішіндік жарасымы мінсіз. Екіншіден, жұмбақ тұтас алғанда да жұтынып тұрған образ-бейнелеулерден түзілген. Үшіншіден бала оқырманға (бала оқырманға ғана ма!) табиғат-өмірді танытатын қуатқа да ие. Төртіншіден, бояу-бедерсіз өлең жазылмайды десек, жұмбақ өлең бояу-бедерлердің бояу-бедеріне, теңеулердің теңеуіне, салыстырулардан туатын салыстыруларға құрылады. Жай өлеңді өмірдің көркем оқулығы, табиғаттың суреті деп білсек, жұмбақ өлең өмір-табиғаттың күрделі кескіні, атап айтқанда, өмір-табиғаттың қисабы, арифметикасы. Бесіншіден, ол өмір-табиғаттың әйтеуір күрделі кескіні, көркем есеп-арифметикасы ғана емес, аса дәл де нәзік, қиыннан қиысқан кескін-арифметикасы. Себебі өнердің өзі – балама, салыстырмалылықтан тұрса, жұмбақ нысана өмір-табиғаттың ең дәл, ең сәйкес, ең негізгі ерекшеліктерінен туған есеп-арифметикасы болуы керек. Демек, жай өлеңді оқу, жүрекпен ұғу жеткілікті болса, жұмбақ өлеңді оқып, жүрекпен қабылдауға қоса ми-сапамен қабылдап, саралап шешу шарт. Олай болса жұмбақшы ақын тек ойлы суреткер ақын емес, ғалым, оқымысты да ақын. Алтыншыдан, бұл жұмбақтың тәрбиелік тағылымы да терең дей аламыз.

Кітаптағы халық жұмбақтары – түгелге жуық осындай шарт-өлшемдерге жауап беретін жұп-

жұмыр жұмбақтар. Сөз жоқ, бұл – кітаптың жақсы бір табысы, ұнамды сипаты:

«Көк көйлекті жеңешем,
Көлбең-көлбең етеді.
Желмен ұшып кетеді,
Жер түбіне жетеді».

Түтін – көк көйлекті жеңешеге: адамға салыстырылып отыр. Әбес пе? Керісінше әдемі, әсерлі. Кестелі, келісті көркемдік бейне болып шыққан. Оның үстіне таза ұлттық, қазақтық бедер түзген.

«Апан, апан,
Ескі шапан.
Иір қобыз
Жарық жұлдыз».

Төрт түрлі зат. Апан, ескі шапан, иір қобыз, жарық жұлдыз. Әшейінде басы қосылмас төрт түрлі зат бірлесіп, түйені көрсетіп отыр. Ғажап па? Ғажап. Апан-апан теңемесі түйенің ойқы-шойқы тұлғасын білдірсе, ескі шапан түйенің былтырдан қалған, қырқылмаған жүн-шудаларын білдіреді. Иір қобыз – мойыны болса, жарық жұлдыз – көзі. Образдар «орманы» дегеніміз де осы.

Кітапқа енген халық жұмбақтарының білім қоймасы, бояу қазынасы екенін мысалға келтірілген осы екі-үш жұмбақ жеткілікті айғақтайды. Халық жұмбақтарын оқып отырғанда зердеңе: «Ақ сандығым ашылды, ішінен жібек шашылды» (*күннің көзі*), – деген жұмбақ өлең жолдары еріксіз оралатындай. Себебі, халық жұмбақтары, шынында да, екі-ақ жол болсын, төрт, асып кеткенде алты жол болсын, кішкентай бір ақ сандық – алтын сандықпен тең. Ашып қалғанда қай-қайсысының да ішінен жібек: ақыл-ой, сезім-түйсік сәулелері шашылатындай. Әрине, бұл рухани байлыққа қол жеткізіп,

қанығу үшін, оны кілтін тауып аша білу – шеше білу керек.

Бір тамашасы – XVIII—XIX ғасырларда жеке ақындар аренаға шығып, жазба әдебиеті дүниеге келген соң да, әдебиетіміздің бұл нәрлі де нәзік саласы суалып қалмай, сылдырлаған жылға тартып, жалғаса түсті. Енді оны халық емес, аты мәлім ақындарымыз туғызды. Мысалы – ұлы ақынымыз Абайдың үш жұмбағы, Сапарғали мен Нұржанның жұмбақ айтыстары. Оларға Шораяқтың Омарының, тағы басқа да ақындарымыздың, тіпті атақты әртісіміз Қаллекидің – Қалибек Қуанышбаевтың да бірлі-жарым жұмбақ шығарғанын қоссақ, Совет өкіметі орнағанға дейінгі аралық дәуірдегі әдебиетіміздің де жұмбақ сандығы онша орта емесін аңғарар едік.

Ал жазба әдебиетіміздегі жұмбақ жанрының ең өрлеп отырған кезеңі – бүгінгі уақыт десек ешбір қателеспейміз. Оның дәлелі – осы жинаққа еніп отырған ақындарымыздың жақсы жұмбақ өлеңдері.

Көш басында – аға ақынымыз, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Мұзафар Әлімбаевтың жұмбақ өлеңдері тұруы заңды. Бұл аға ақын қаламымен өз еңбегімен еншілеген орын.

«Өзі – көзі,
Көзі – өзі».

(Күн)

«Көк шатырда қол орақ,
Өмірі ормас ол орақ».

(Жарты ай)

«Табан, табан, табан ат,
Қашан көрсен, жарау ат.
Өрге салсаң, шабан ат.
Қара жерде табандап,
Омбы қарда шабады-ақ».

(Шаңғы)

Қысқа да нұсқа, танытары көп, тағылымы да мол жұмбақтар бұлар. Олардан ақынның халықтық дәстүрді жалғастыруы да, өзіндік өрнектері де айқын байқалады.

Қалған авторлардан Жақан Смақов, Мұбарак Жаманбалинов, Қадыр Мырзалиев, Қастек Баянбаев, Оспанхан Әубәкіров, Нұрхан Жанаев, Ермек Өтетілеуов, Сұлтан Қалиев, Жарасқан Әбдірашев, Ескен Елубаев секілді ақындарды бөліп атауға болады. Себебі бұл ақындардың туындылары, негізінен, көңілден шығып, жақсы жұмбақтар болып бітім тапқан.

«Киіміммен суға түстім,
Бірақ әлі құрғақ үстім».

(Судағы бейне)

Бұл – Ж.Смақовтың жұмбағы.

«Жеген асы шығады желкесінен»
(Сүргі)

Бұл – Қ.Мырзалиевтің жұмбағы.

«Тарағым бар – Таранбаймын.
Орағым бар – Ора алмаймын.
Сақалым бар –
Ал бірақ
Мен ақсақал бола алмаймын».
(Қораз)

Бұл – М.Жаманбалиновтың жұмбағы.

«Қолтығыма кіреді,
Қызуымды біледі»

(Градусник)

Бұл – О.Әубәкіровтің жұмбағы.

«Қос ішекке қонақтаған қаланы,
Қара тұлпар алға сүйреп барады».
(Поезд)

Бұл – Қ.Баянбаевтың жұмбағы.

Жә, осы мысалдарымыз да жетер. Керемет демесек те, сәтті, қазіргі қазақ жұмбақтарының қарымын байқататын, қауқарын аңғартатын өлеңдер. Бұдан бізде балалардың біраз жұмбақшы ақындары бар екенін де көреміз. Егер осы ақындарымыз қатты мән беріп, аталмыш ауыр да ауадай зәру жанрмен шындап айналысса, халық жұмбақтарымен деңгейлес, қазіргі заманымыздың талабына үн қосатын, шырын да шымыр жұмбақ өлеңдерді көптеп тудыратынына көз жетеді.

Қысқасы, бірсыпыра ақындарымыздың тәуір жұмбақтарының берілуі, Абай мен Сұлтанмахмұттың жұмбақтары қамтылып, жұмбақ айтыстарының үлгілері ортаға тартылуы – кітаптың екінші бір табысы, жақсы сипаты.

Біздің халқымыздың жас ұрпақты тәрбиелеу үшін ғажайып асыл сөз мұраларын қалдырғаны баршамызға мәлім. Есті алар ертегілерден, жаңылтпаштар мен жұмбақтардан қайсымыз сусындап өспедік? Байқап отырсаң, зор алтын көмбенің қазынасын еркін пайдаланып, жетіліппіз ғой. Сондағы бір тәнті болып сүйсінетінің – халқымыздың шандоз ақындығын былай қойғанда, фантазиясының асыл бай екендігі, жұмбақтардың өзін қырық құбылтып жасағандығы. Ой, түйін, сұлулық байлығын айтпағанда, жұмбақтардың сыртқы пішінінің өзі еліктіріп, ертіп әкетпей ме.

«Шидім, шидім, шидім құс
Ши басына қонған құс».

(Шыбын)

«Ұзын, ұзын, ұз келді,
Ұзын бойлы қыз келді».

(Жылан)

Осы жолдардың мазмұнын былай қоя тұрып, сыртқы дыбыстық келісіміне үңілейікші. Ши, ши... Ұз, ұз... Сазды емес пе. Тіпті сөз музыкасы деген де осы болар. Шынында да, халық жұмбақтарынан аллитерация мен ассонанстардың небір үлгілерін табар едік. Оны айтасыз, халық дыбыс, үндестік қуалап отырып, жаңа жарасымдармен соны сөздер де жасап жібереді. Мәселен, шидім. Титтей деген мағынаны білдіретін «жаңа» сөз. Ұз. Жарты мағыналы сөз. Бірақ керексіз бе? Ол да бір ұғымды білдіріп тұрған жоқ па.

Бала кезде әжелеріміз айтқан жұмбақтардың, ертеректе жарық көрген «Халық жұмбақтары» атты кітаптың әсері ме, жұмбақ айтысып отырып, кейде өзіміз де жұмбақтап кететін едік. Балалардың творчествосы дегеніміздің өзі осы шығар. Расында да, шынайы халықтық, үздік шығармалар бала көңілінде осылай жалғасып жатуға да тиіс қой.

Бір қызығы – осындай инерцияны, сабақтастықты алдымен ішінде жұмбақ сөзінің өзі кездесетін жұмбақтар туғызатын.

«Жұмбағым жұтылды,
Оңға қарай құтылды».

(Құйын)

Осы халық жұмбағы кітапта былай ұсынылыпты:

«Жұмбағым жұтылды,
Өрге қарай құтылды».

Құйын өрге қарай «жүзе» ме, ойға қарай сырғып, ойысып кете ме? Қайсысы оның табиғатына көбірек тән.

Біздіңше, бұл жұмбақтың табиғи нұсқасы осы шындықтан өріліп жатыр.

Бала кезімізден еске түсетін тағы бір нәрсе – жұмбақты жылдам және дәл шешуге тырысатынымыз. Содан соң, әрине, көп жұмбақ тауып айтушының мәртебесі биік. Қызды-қыздымен сен де жаныңнан жұмбақ шығарып айтсаң, оның сәтті, сәтсіздігі бірден әшкере болатын. «Қой, мынауың келмейді», – деп балалар бірден айтатын. Тіпті кезекті жұмбақтар кейде:

«Жұмбағым жұты қара,
Оны таппаған адамның көті қара».
(Тұтқыш)

болып келіп, намысқа тиюге де сайып жататын.

«Жеті жүз жұмбақты» мұқият оқи отырып, есімізге орала берген тағы бір нәрсе – осы жұмбақ жолдары:

«Жұмбағым жұты қара...»

Қазақ халық жұмбақтарының өте көп те кенен екені белгілі. Іздесек қазіргі ақындарымыздың творчествосында да жақсы жұмбақтар баршылық. Шындық солай болса, мына кітаптың жақсы жұмбақтарға жұтаңдық танытуы несі? Авторы бар жұмбақтардың жұтаңдығын айтпағанда, халық жұмбақтарының өзі аз әрі онша іріктелмей, бұрмаланып, кейбір реттерде жаңсақ берілуі неліктен? Халық жұмбақтарынан да, ақындар жұмбақтарынан да таңдауға, маңдайларынан шертіп жүріп алуға мүмкіндік бар болса, аталмыш кітаптың қарын ашырарлық кедейлігін қалай түсіндіреміз?

Біз осы себептен де мақаламызға «Жеті жүз жұмбақ па, жоқ жетпіс жұмбақ па», – деп ат қоюды жөн көрдік.

Ақиқаты сол – бұл кітапта жақсы жұмбақ аз. Бұл айтқанымызға мысалдар және жеткілікті. Басқа түгіл, «Халық жұмбақтарынан» тарауынан-ақ талай түйткілдер табуға болады.

2. «Басса, ізі жоқ,
Сойса, қаны жоқ».

(Қара шыбын)

31. «Текшелеп тебен арттым тамашаға (?)
Тамашам (?) жүгіреді оңашада».

(Кіргі)

38. «Түрі көркем (?) түр кілем,
Түгі жоқта кір кілем.

Жайы, жайы, жай кілем,

Жайылып жатқан бір кілем».

(Көктемдегі жер)

47. «Өздігінен жүрмейді, жарыспайды,
Кісі мінсе, жарыстан қалыспайды.

Аяғы екеу болғанмен ізі жалғыз,

Сағатта талай жерді ғарыштайды» (?).

(Велосипед)

51. «Мұрны – пасос, кран да(?)

Таңғаламын бұл аңға».

(Піл)

66. «Көтерейін десем, ауыр кілем,

Көтермейін десем, тәуір кілем».

(Жер шары)

71. «Тарпаң, тарпаң (?) тарбиған,

Түрі жамап жарбиған».

(Тасбақа)

84. «Бойы бір қарыс,

Айдары екі қарыс» (?).

(Жүгері)

«Халық жұмбақтарынан» тарауынан алынған осы мысалдарға қанағат етейік. Екі санымен нөмерленген жұмбақтың қайшылығы – шыбынның қазір қаны барлығын ескермеуі. Бәлкім, жұмбақ халық шығаруында осылай-ақ болар. Өйткені соңғы жылдарға дейін шыбынның қансыз болып келгені рас. Бірақ, мүмкін, FTP заманының әсері, шыбын да кейінгі кезде қан сорады. Мұны білетін бүгінгі жеткіншек «мынауыңыз өтірік» демей ме? Бұл – бір. Екіншіден, біздің білуімізше, бұл жұмбақтың шешуі қайың болуы да («Жүрсе ізі жоқ, сойса қаны жоқ») ғажап емес. Ал 31, 38, 47, 73 жұмбақтардың жаңсақтығы емлелік қателерден туындаған тәрізді. Өйткені кірпі ешқандай тамаша бола алмаса, онсыз да көркем түрді халық көркем деп жатпаса керек. Велосипед қанша ұшқыр болса да, ғарыштап (космосқа көтеріліп) кете алмайды. Тасбақа тарпаңдайтын ат немесе тарпан; (жабайы жылқы) емес. Ендеше, бұл эпитеттер мен баламалардың дұрысы – томаша (томар емес), түгі көркем, қарыштайды, тарбаң-тарбаң. Және бір қосарымыз – «Түгі көркем түр кілем...» болуы да мүмкін. Мұндай күмәнді алға тартып жатқан себебіміз – кейбір халық жұмбақтарында бәлкім баспа, бәлкім басқа тарапынан ептеген өзгерту, редакциялаудың да ізі бар секілді. Мәселен: «Қарқарада (?) қара құс» (4-бет), «Тақиям толған сөк, таңертең тұрсам, дым да (?) жоқ», «Аяғы жоқ, жүреді, аузы жоқ сөйлей біледі (?)» (18-бет), т. б. Біздіңше, бұлардың дұрысы – Алматы облысындағы (Қарқарадағы) құс емес, қарқарадай құс; «...таңертең тұрсам дым да жоқ» сөйлеміндегі да шылауы артық; «аузы жоқ, сөйлейді». Бұлай болуы – бұрын шыққан «Халық жұмбақтары» кітабында осылай жазылғандықтан ғана емес, логика, қисын бойынша да жөн. Ал халық жұмбақтарын, жалпы ертеректе дүниеге келген шығармаларды ешбір редакциялауға болмайтыны басы ашық

мәселе. Енді мысалдарымызға қайта оралсақ, 51 жұмбақтың нағыз бүгінгі жұмбақ екені даусыз. Оның авторы да бар болуы мүмкін. Ал, 66-жұмбақтың шешуі жер шары емес, жер болуы керек. Сол сияқты, біздің ойымызша, «бойы бір қарыс, айдары екі қарыс» жүгері емес, басқа нәрсе. Жүгерінің аршылмаған собығын алсақта келмей тұр.

Халық жұмбақтарының жағдайы осылай болғанда жеке ақындар жұмбақтарының халі қалай дейсіз ғой. Әрине, төмен. Енді оларға тән ірілі-ұсақты, алуан түрлі типтік кемшіліктерді жинақтап айтатын болсақ, олар:

1. тың ой, тосын да тамаша образдардың тым аздығы;
2. ақындық қиял қанатсыздығы;
3. өзіндік өрнектің әлсіздігі, ұқсастықтар мен қайталаулардың молдығы.

Бұл айтқандарымызға да дәлел, айғақ баршылық. Бұл ретте жас, шарқы ақындарды былай қойғанда, жасамыс, ірі ақындарымыздың өзі ақсап, ойсырап жатқанын айтар едік.

«Ауаға шықса ауырады (?),
Су ішінде сауығады».

(Балық)

Сәтсіз жұмбақ. Авторы белгілі балалар ақыны Қабдыкәрім Ыдырысов. Балық судан сыртқа шыққанда өліп қалмай, ауырып қана қалса жақсы ғой.

«Жез қораның ішінде,
Темір құлын кісінеп,
Қайта келіп ісіне,
Кіріседі кісі көп».

(Қоңырау)

Айтпақ ой да, салыстыру да дұрыс. Бірақ осы жұмбақ қаншалықты қанатты? Темір құлып тоқта-

усыз кісінеп тұрғандай сезілсе, қайта келу сөзі және керексіздеу. Рас, бұл жұмбақтың авторы – жас ақын Қадыр Мырзалиев. Бірақ бұл – бәрібір ақын Мырзалиев мүмкіндігінен төмен жазылған әлсіз жұмбақ.

Осы кітапты құрастырушы Ә.Табылдиев өзіне де талап қойып жетістірмепті:

151 «Қаратаудай буралар,
Қара бұйра шудалар.
Бура жерге шөгеді,
Бұлау теріп (?) төгеді».

(Бұлт пен жаңбыр)

Байқап отырсаңыз, осы жұмбақта тың ой бар ма? Жоқ. Жаңа образдар бар ма? Жоқ. Таныс, таптаурын теңеулер. Ақынның қиялы және қанатсыз. Бураның жерге шөгуі – бұлт төмендеуін бере алмаса, бұлау тер жаңбырдың орнынан жүріп қарық қылмайды.

Табылдиевтың тағы бір жұмбағына тоқталайық:

«Қабырғасы шойыннан,
Омыртқасы шойыннан.
Жылыту үшін бөлмені,
Үй ішіне қойылған».

Мұның несі жұмбақ? Шешуі – жылу батареясы екені өзінен-өзі белгілі емес пе. Жалпы, бұл ақында екі жерде екі төрт дегенді жұмбақтау жиі кездеседі екен.

Өкінішке орай, мұндай жербауырлаушылық, қиял қанатсыздығы қалған ақындарымызда да жетіп артылады.

«Түн жамылып ұшқан,
Қанаты бар тышқан».

(75-бет)

Оразақын Асқар жарқанаттың «летучая мышь» деген орысша атын аударып, өлеңге айналдыра салған ба? Немесе ол халықтың: «Әкесі – тышқан, шешесі – құстан» дейтін жұмбағынан (кітаптың 14-бетін қараңыз) үйренген дейміз бе.

«Киім деуге жатпайды,
Киімді кірден сақтайды».

(Алжапқыш)

Ісләм Шұғаевтың ойынша, алжапқыш киім емес. Сонда ол немене? Бәлкім, қолғап, желең, шәлілер де киім емес шығар.

«Көк аланы көгенде көрдім,
Көгеннен қиып,
Жегенде көрдім».

(Қауын)

Әбен Дүйсеков осылай дейді. Көк аланы екі рет көріпті ол. Бірақ қиып жегені несі? Үзіп жесе қайтеді?

Екіншіден, бұл халық жұмбағы: «Көк лағым көгенде жатып семірдінің» (кітаптағы 119-жұмбақ) солғын көшірмесі емес не?

Айтпақшы, көшірме – төл шығарма бола қояр ма екен? Көшірме дегеннен шығады, «Жеті жүз жұмбақта» – жымқыру, ұрлық дейміз бе, еліктеу, аса алмау дейміз бе, ұқсастық, қайталау дейміз бе – осылардың қай-қайсысына да жататын, жаңа емес жұмбақтар да молшылық екен. Бұл – сөз жоқ, жұмбақ жаза алмаған, жұмбақшы ақын бола алмаған авторларымыздың кінәсі. Олардың талант кемдігінен, талапты әлсіреткенінен, терді аз төгуінен кеткен кемістіктер бұлар.

Рас, кейде мұнда құрастырушының еңбегі де бар болуы мүмкін. Әйтпесе төмендегідей егіздікті қалай ұқпақпыз?

27. «Ортасында ақ көлдің,
Қара көлге тап болдым».
(Көздің ағы мен қарасы)

Бұл жұмбақтың авторы – халық.

168. «Ортасында ақ көлдің,
Қара көлге тап болдым».
(Көздің ағы мен қарасы)

Бұл жұмбақтың авторы – Мұзафар Әлімбаев.

Сонда жұмбақ біреу, автор екеу болғаны ма? Әрине, халық пен Әлімбаевтың біреуі ғана оның авторы екені анық. Ал мұны құрастырушы неге байқамаған?

Енді төмендегі жұмбақтардың «жұмбағына» – егіз қозыдай ұқсастығына, нағашы-жиендігіне авторларды кінәламасақ, басқа кімді кінәлаймыз? Мысал үшін тақырып ортақ – кітап деп білейік:

5. «Қабат-қабат қаттама,
Ақылың болса аттама».
(Шешуі – *кітап*, авторы – *халық*)

679. «Қабат-қабат қаттама,
Қаттамадан аттама.
Ақылын оның ала бер.
Айтқан сөзін жатта да».
(Шешуі – *кітап*, авторы – *жас ақын Мылтықбай Ерімбетов*)

Көріп отырсыз, екі жұмбақтың айырмашылығы шамалы.

15391. «Судан шығып келеді –
Суға салса, өледі».

Белгілі ақынымыз М.Жаманбалинов болса осыны сәл-ақ өзгертіп еншілеген:

270. «Өзім судан өнемін,
Суға салса, өлемін».

Енді тақырып – *үтік* болсын. Халық:

46. «Тұмсыры мықты
Қыр мен ойды тегістеп шықты».

деп жұмбақтаса, О.Асқар мен Ә.Асылбеков өзіндік ой, өң, өрнек іздеп әуреленіп жатпайды.

419. «Көрмедім еш үйінді,
Қолданбас бұл бұйымды.
Жазып қыртыс-тыртысын,
Қонымды етер киімді».

(О.Асқар)

422. «Болсын мейлі киімің,
Болсын мейлі бұйымың,
Жатқызады тігісін,
Жатқызады қыртысын.
Тоқпен ғана (?) – тіл алар,
Қажетті зат жұрт үшін».

(Ә. Асылбеков)

Тақырып – бесік, велосипед, пияз болсын. Тағы да осындай көріністерге куә боламыз. Енді халықтан, немесе әріптесінен ой, ұйқас қымқырған мұндай авторларды қандай ақындар қатарына қоспақпыз?

Сонда бүгінгі балаларымыз әдебиетіндегі жұмбақ жанрының шын мәніндегі жағдайы осындай болғаны ма? Иә, бір жағынан осындай. Қанша өкінішті, ащы болса да шындық бұл. Ал мұның себебі неде? Жаппай талантсыздықтан ба? Жоқ, әрине. Өйткені жоғарыда келтірілген жақсы жұмбақтар – көп ақындарымыздың аталмыш жанрдың жүгін көтеруге шамасы еркін жететінін көрсетеді. Әлде бұл ақындарымыздың жаппай жиендікке салы-

нуынан кеткен олқылық па? Жоқ, әрине. Көбіне-көп олардың байқамауынан, халық жұмбақтарынан үйреніп, тәлім алмауынан. Өзіне дейінгі жұмбақтарды ең болмаса түгел, қадағалап оқымауларынан. Содан және алған тақырып ортақтығынан барып «амалсыз» қайталауға ұрынады олар. Бұған ізденбеу, тақырыптың бірден бадырайып көзге түсетін белгілерімен ғана қанағаттану қосылса, яғни жауапкершілік жетпеуі қосылса, әрі-сәрі, ортақол, өзіндік келбеті жоқ, көріксіз жұмбақтар топырлап тұрмағанда қайтпек? Әрине, алтынның сирек кездесетініндей, жақсы жұмбақтардың жаңбырша «селдеп» жапырлап туып жатуы мүмкін де емес сықылды. Оның үстіне жұмбақ – жеңіл жанр емес. Алайда, кемшілік субъективті себептерден кетіп жатса, жібермеуге болатын, түзеуге болатын кемшіліктер кетіп жатса – мұның өзі төзгісіз жайт. Таңдамалы жұмбақтардан ғана түзілуге тиісті «Жеті жүз жұмбақта», міне, осындай жетімсіздіктерге жөнсіз кеңшіліктер жасалған.

Сөз жоқ, бұл ретте басты кінә – құрастырушы мен баспа қызметкерлерінде. Құрастырушылыққа да қабілет керек болса, Ә.Табылдиев бас ауыртпай, тек авторлардың ұсынған жұмбақтарын алумен шектеліп, елдің бәрін разы етуді көздеген сыңайлы. Баспа да сол «принципті» құп көргендей. Әйтпесе, жекелеген жұмбақтардың екі рет енгізілуін, бадырайып тұрған қайталаулар мен ұрлықтарды, мағынаны мүлдем өзгертіп жіберетін қателерді көрмеуді басқаша қалай, немен түсіндіреміз? Басқа басқа, осы кітапта келтірілген халық жұмбақтары-ақ бұлтартпас айғақ: мәселен, халық жұлдызды қанша рет жұмбақтаса да, өзін-өзі ешбір қайталамайды. Әрқашанда соны, әрі сәтті сұлулықтар мен салыстырулар ұсынады. Осындай алуан ажарлылықтан ақындарымызға неге үйренбеске? Талант пеп жауапкершілік! Жұмбақты жазғанда да,

іріктегенде де, кітап етіп шығарғанда да ескеретін ең басты екі өлшем-таразы осы. Талаптану, тер төгу жетіссе, біздегі М.Жаманбалинов, Қ.Баянбаев, А.Сопыбеков секілді басы ашық таланттар, жұмбақшы ақындар түгілі, басқа ақындарымыз да жұмбақтарды жақсы, жарқыратып жаза алады деп білеміз. Мысалға, Әнес Нарымбетов ныспылы іргелі балалар ақынын әлі ешкім білмейді. Міне, осы ақынның кітапқа небәрі екі-ақ жұмбағы еніпті.

«Асқар таумен таласа,
Ұшады бір алаша».

(Бұлт)

«Көк майсадан пүлішті,
Көз жауын ап гүл ұшты».

(Көбелек)

Екеуі де әдемі жұмбақ. Ұшып жүрген алаша. (Алаша түрлі-түсті болатындықтан, «ұшады ақ алаша» деп нақтылағанда автор тіпті ұтар еді.

Сонда ақ алаша асқар таулардың сәлдесі қазбауыр мақта бұлттарды айнытпай елестетер еді. Ұшып жүрген гүл. Еріксіз сүйсіндіретін суреттер.

Сонымен... Бізде жұмбақ жанрын өркендетуге мүмкіншілік мол. Өйткені, ірі де тамырлы таланттарымыз бар. Өзімізге де, өзгеге де талап қоя білейік! Тер төгейік! Желкілдеген жас ұрпақты әрқашан нұрлы да сырлы жұмбақтармен жүздесіп отырайық!

1985 жыл

ТАС БҰЛАҚТЫҢ СУЫНДАЙ

Өткен жылдың аяғында ғана «Мектеп» баспасынан «Мектеп кітапханасы» сериясымен «Сылдырап өңкей келісім» атты жыр кітабы жарық көрді. Жеке ақынның немесе ақындар тобының жаңа өлеңдері мен поэмалары емес, 53 ақынның бұрын жарияланған өлеңдері мен дастандарының жинағы. Құрастырған – соңғы кездері балалар әдебиеті мәселелеріне белсенді араласып жүрген сыншы Құлбек Ергөбеков.

Байқасаңыз, жаңа кітап жарық көрді деп отырған жоқпыз. Иә, қайта басылым. Бірақ біз оны тек кезекті жаңа кітап қана емес, жаңалардан да жаңарақ кітап деп танығымыз келеді. Неге дейсіз ғой! Себебі кейбір кітап-шығармалар осыдан бірер күн бұрын жарық көрсе де ескі, ал кейбір кітап-шығармалар бұдан мың, жүз, он жыл бұрын жарық көрсе де жаңа. Мысалы, Гомердің «Иллиадасы» мен Шекспирдің «Гамлеті», Пушкиннің «Евгений Онегині» мен Абайдың өлеңдері әрқашан жаңа, мәңгілік шығармалар. Керісінше қазіргі Одақ және қазақ әдебиетіндегі көп-көп жасамыс-жас авторлардың шоң-шоң кітаптарының оқылмай, оқылса да жалғыз парақтаудан артыққа жарамай ескіріп қалып жатқанын білеміз. Демек, тарих теперішінен тозбаған, уақыт сынынан өткен кітап-шығармалар ғана, немесе бүгінгі таңда дүниеге келген, келіп жатқан кітап-шығармалардың ішіндегі анық шынайылары ғана көптің көңілінен шығып, заман талабына жауап

бергендері ғана қайта басылуға хақылы. Солар ғана қайта басылып жүр. Тағы талай рет басылады да. Сондықтан біз «Мектеп кітапханасы» сериясымен, әйтпесе қайта басылып жатқан басқа да кітаптарға «Е, ол қайта басылым ғой» деп самарқау, салғырт қарауымызды дұрыс емес деп білеміз. Өйткені, ішінара жарамсыз, жасық шығармалардың қайта басылып кетіп жататынын айтпағанда, кейбір қайта басылымдардың бірінші кезекте назар аударып, өділ де жіті бағалауды қажет ететіні және бар.

Міне, «Сылдырап өңкей келісім» – сондай басылым. Оның сондай қажет, әрі үлкен мәні бар басылым екеніне кітаптың, «Баспадан» деп берілген алғы сөзіне үңілсек те көз жетер еді: «Сылдырап өңкей келісім» атты өлеңдер меп поэмалар жинағы оқушылардың кластан тыс оқып, таным аясып кеңейту үшін құрастырылып отыр. Құрастыру кезінде оқулықтар мен оқу құралдарынан өмірі мен творчествосы тұрақты орын алған авторларды кеңінен қамтуды мұрат тұтпадық. Қайталауға айналып кетпес үшін олардың оқулыққа енбеген өлеңдерінен қысқа көлемде ғана енгіздік. Керісінше оқулыққа енбегенмен, қазақ совет поэзиясына елеулі үлес қосып жүрген ақындар есімін оқушыларға жеткізу көзделді... Таңдалынған өлеңдер әрбір ақынның творчестволық бетін, өсу, қалыптасу эволюциясын анықтауын да ойладық. Жинақ бұл ретте қазақтың таңдаулы ақындарының таңдамалысы секілді».

Кітаптың беташары ептеген тілдік кібіртігі бар демесек, дәл де дұрыс жазылған. Алғы сөздегі үш тұс қатты көңіл аударуды тілер еді. Атап айтқанда, кітап: 1-ден, оқушылардың кластан тыс оқып, таным аясын кеңейтуге арналған; 2-ден, жалпы әдебиет сүйер қауымға, әсіресе оқушылар мен ұстаздарға жаңа да жақсы ақындар творчествосын таныстыруды мақсат еткен; 3-ден, қазақ халқының

совет дәуіріндегі таңдаулы ақындарының таңдамалысы болуды көздеген.

Көріп отырсыз, кітаптың құрастырылу принципі мейлінше құптарлық. Және әлеуметтік, танымдық-мазмұндық тұрғыдан алғанда да, эстетикалық, әдеби-көркемдік тұрғыдан алғанда да, педагогикалық, тәрбиелік-тағылымдық тұрғыдан алғанда да аса маңызды, кітаптың атына заты сай болуын қамтамасыз ететін принциптер. Мұның өзі құрастырушыға – сырттай қарағанда, кітапқа кіргізер ақындары көп, талдайтын туындылары жеткілікті көрінгенмен – зор жауапкершілік, нардың жүгін арқалатқан міндеттер. Әрине, құрастыру жеңіл өлшеп-пішкенге оп-оңай көрінеді. Ал іс жүзінде құрастыра білу де – талант. Теңіздің түбінен інжу теріп алғандай, көп оқып, ізденудің, кірпияз талғампаздықтың жемісі. Аталмыш жинақты оқи отырып та біз осы жағдайдың ақиқат екенін аңғарамыз. Қ.Ергөбеков, шын мәнінде де көп еңбек етіп, талғампаздық пен мұқияттылық танытқан.

Кітаптың жүз жасаған Жамбылдың әйгілі «Ленинградтық өренім» атты өлеңімен ашылуы да заңды. Бұл – көшегі сұрапыл соғыс жылдарында бомба боп жарылып, листовка болып таралып, ұлы Ленин қаласын жаудан қорғаған жауынгер жыр. Тоқсанның төртеуіндегі қалтыраған қарт жыраудың қаһармандық жыры.

«...Жасағам жоқ өмірді
Жау сойқанын көргелі.
Төккенім жоқ терімді
Шер қылғалы кеудені.
Жасалған жоқ салтанат –
Жаудың болуға ермегі.
Жауда қалып Ленинград
Жаралған жоқ көнгелі!
Жасағамын өмірді –

Жау біткенді жеңгелі.
Саудыратып сүйегін
Топыраққа көмгелі.
Қазақстан жерінен
Тұтанғандай ел кегі,
Сендерге дем бергелі».

Міне, осындай ерекше ерлік жыр қуатын, Қазақстанның қолтықтап сүйеп, кектене дем бергенін көрген жазушы-драматург Всеволод Вишневский еріксіз: «Біз бұл өлеңнің қуатын өзімізге көмекке тағы да бір күшті жауынгер жасақ келгендей сезіндік. Қазақстан халқы бізге достық пен сүйіспеншілік, туысқандық сәлемін жолдады. Біз күшімізді еселеп, ұрысқа аттандық», – деп жазған болатын. Бұрын да сан рет оқылған өлең жаңа бір жүздесу-інде нені аңғартар еді? Ешқандай да ескірмегенін, қайта жарқырай түскенін аңдатып, жаңа қыр-сырларын алға тартар еді. Жауға деген өшпенділік, бұрқаған ашу-ыза, Ленинградқа, ұлы қала өрендеріне деген бауырмалдық қандай. Жамбылдың аталмыш жырға жанын сіңіріп, қанын құйғанын, Жамбылдың ғажайып ақын, жаңбыр талант екенін байқар едік. Иә, «Ленинградтық өренім» – қазір де сапта тұрған, мәңгі жасай берер сарбаз, патриоттық, интернационалистік өлең.

Жамбылдан кейін кітапта қазақ Кеңес әдебиетін өрлетіп қана қоймай, күллі совет әдебиетінің өркендеуіне де өзіндік мол үлестерін қосқан классиктеріміз, алуан ажарлы таланттарымыз Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқанов, Асқар Тоқмағамбетов, Әбділда Тәжібаев, Саттар Ерубаев, Тайыр Жароков, Әбу Сәрсенбаев, Мариям Хакімжанова, Жұмағали Саин, Қасым Аманжолов, Ғали Орманов шығармалары берілген. Бұлардың өлеңдері мен дастандарын оқып отырғанда Шыңғыс Айтматовтың «Біз Пуш-

кинді ұдайы ашамыз», – дегені еске түседі. Бәлкім, біздің көптеген ақындарымыз Пушкинше: «Тіл біткен жүрер менің атымды атап», – дей алмас, бірақ жер бетінде қазақ халқы барда олардың жасай берері, оларды біздің ұдайы жаңадан ашып, үлкенді-кішілі төл, қайталанбас поэтикалық әлемдерімен әрқашан жүздесіп отырарымыз кәміл. Әдебиетімізге Жансүгіров, Аманжоловтармен бірге Тұрманжанов, Саиндардың да мейлінше керектігі ақиқат. Қазақ жырының заңғар қабырғасының «Көкшетау», «Құлагер», «Ақын өлімі туралы аңыз» сияқты тамаша поэмалармен, «Сыр сандық», «Мәңгілік өмір туралы жыр», «Ақша бұлт» секілді белестік өлеңдермен ғана емес, «Азбай күткен жар алтын», «Е.М.Масловаға». «Жаз шебер» тәрізді туындылармен де бой көтергені мәлім.

Сондай-ақ қазіргі қазақ поэзиясын Қалижан Бөкхожин, Хамит Ерғалиев, Жұбан Молдағалиев, Сырбай Мәуленов, Қуандық Шаңғытбаев, Мұзафар Әлімбаев, Әбдікәрім Ахметов, Қосжан Мүсірепов, Ізтай Мәмбетов, Әнуарбек Дүйсенбиев, Мұқағали Мақатаев, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Жүмекен Нәжімеденов, Төлеген Айбергенов, Мұхтар Шаханов, Фариза Оңғарсынова, Бекен Әбдіразақов, Сағи Жиенбаев, Қастек Баянбаев, Оспанхан Әубәкіров, Сабырхан Асанов, Жүсіп Қыдыров, Сәкен Иманасов, Мұбарак Жаманбалинов, Жақан Смақов, Жәнібек Кәрбозин, Құдаш Мұқашев, Меңдекеш Сатыбалдиев, Дүйсенбек Қанатбаев, Өмірзақ Қожамұратов, Қайрат Жұмағалиев шығармаларының да елестете алмас едік. Едәуір ұзақ тізім. Біздің мұндай ұзақ тізімге барған себебіміз – бір жағынан, кітапқа енген ақындарымыз кімдер екенін байқата кету болса, екінші жағынан, олардың ақсақал, аға жастағы және алуан бағыттағы алуан айшықты, әрі қай-қайсысының да кездейсоқ емес, қазақ балалар мен жасөспірімдер әдебиетінде өзіндік әлемдері

бар ақындар екенін де аңғарта кету еді. Бүгінгі әдебиеттен хабардар, көзі қарақты оқырманның мұны айтпай-ақ өздері білері сөзсіз.

Тағы бір игісі – кітапқа кейде әдеби сында әлі де жастар қатарына жансақ қосылып жүрген, бірақ қазір қазақ поэзиясының негізгі, өнімді буынына айнала бастаған соғыстан соң туған ақындардың да жекелеген өкілдері енгізіліпті. Олар, дәлірек айтқанда, төрт ақын: Темірхан Медетбеков, Күләш Ахметова, Жарасқан Әбдірашев, Исраил Сапарбаевтар. Құрастырушы таңдауы талғамы тағы да деп. Бұлар – шынында да, талантты және бір-біріне ұқсамайтын, әртүрлі бағыттағы, стильдегі ақындар. Бүгінгі әдебиеттен хабардар, көзі қарақты оқырманның бұл ақындар творчествосын да біліп, сүйіп оқитыны даусыз.

Айтпақшы, нақ осы кітапқа келгенде – мақала көлемі қаншама көтермейтінін біле тұра – бұл жинақтағы ақындардың бәрі талантты да танымал ақындар және олардың бұл жинаққа енгізілген өлеңдері мен дастандары да жалпы жұртқа мәлім шығармалар ғой деп тоқмейіл пайымдаудың әділ де жөн еместігін және айта кетер едік. Оның себебі: бұл кітаптың негізгі оқырманы – мектеп оқушылары мен мұғалімдері. Міне, осыларды – оқырман қауымға басқа дауымыз болмағанмен – осы кітапқа енген ақындар мен шығармаларды онша біле бермейді. Өйткені талай-талай мектеп мұғалімдері мен оқушыларының денінің программадан тыс жайларға салғырт, самарқау екенін, міндеттелмеген нәрселерді онша қажет дей қоймайтынын күнделікті көріп жүрміз. Оның үстіне оқып-білмеген, жақсы екенін түйсініп-түсінбеген нәрсесіне жалпы адам, әсіресе жеткіншек-шәкірт қызыға қояр ма? Ендеше, оларға программаға енбегенмен, қазіргі қазақ поэзиясында үлкен орындары бар, сырлы да сұлу өлемдері, тартымды да тәлімді туындылары бар

ақындарды таныстырмау күнә емес пе? Мәселен, қазіргі таңда Сырбай Мәуленов, Тоқаш Бердияров, Мұқағали Мақатаев, Қадыр Мырзалиев, Жұмекен Нәжімеденов, Төлеген Айбергенов, Оспанхан Әубәкіров, Өмірзақ Қожамұратов, Фариза Оңғарсынова есімдерін естімеген, шығармаларын оқымаған жас ұрпақ өкілдеріне дұрыс мектеп оқушысы, қоғамымыздың келешек лайықты құрылысшысы деп қарай аламыз ба? Бұларды былай қойғанда, көптеген білім ұялары шәкірттерінің программада бар үлкен ақындарымыздың өздерінің жаңа шығармаларынан мүлдем хабарсыз екені тағы жасырын сыр емес. Оны айтасыз, сапармен жол түскенде кейбір мектептердің биолог, математик емес, әдебиетші мұғалімдерінің «Белинский ағып тұрған лирик қой», «Мырзалиевтің әңгімелері тартымды» дегеніне куә болғанымыз бар. Тағы бір мектепте қазақ тілі мен әдебиет пәнінен отыз жыл сабақ беріп жүрген тәжірибелі мұғалімнің Ахматова мен Гамзатов сияқты ақындар есімін енді естіп тұрғанын естігенде еріксіз жағамызды ұстаған едік. Ендеше, мектеп үшін бұдан артық қандай сұмдық, жан төзгісіз жағдай бар? Бүгінгі күні өміріміздің барлық саласында бетбұрыс жасалып, қайта құру процестері жедел де пәрменді жүріп жатса, ол ең алдымен мектепті, оның мұғалімдері мен оқушыларын қамтуға тиіс екендігі күмәнсіз. Себебі, нақ мектепте Бүгініміздің болмысы бедерленіп, Келешегіміздің келбеті кескінделіп жатыр. Бүгінгі ұстаздар дәрежесі қандай болса, болашағымыз бет-бейнесі де сондай. Демек, біздіңше, қазақ мектептерінің мұғалімдерін аттестациядан өткізгенде осынау қосымша оқу құралы – «Сылдырап өңкей келісім» нақты бір өлшем, басты бір білім-білік таразысы болса әділ. Керек десеңіз, Қазақ ССР Халыққа білім беру министрлігі бұл кітапты бір міндетті сынақ құралына айналдырса орынды. Себебі, бұл кітапты таныстыру арқылы

мектеп мұғалімдерін өлең уызымен, әдебиеттің әсем әлемімен сусындатып қана қоймаймыз, олардың рухани деңгейін, ақыл ой, білім-білік өрісін анықтап қана қоймаймыз, әлеуметтік өмірдегі, әдебиеттегі аса қауіпті бір кеселді дерттің алдын аламыз, ұстаздарымыздың шын мәніндегі ұстаз – жан-жақты да жарасымды жетілген, шын мәдениетті, озық замандас болып қалыптасуына әсерлі ықпал жасаймыз. Ал мұндай ұстаздардан дәріс, тәрбие алған шәкірттердің дені дертсіз жаны сұлу адамдар болып жетілері тағы анық қой. Ендеше, мұндай дер кезінде шығарылған қосымша оқу құралы» – тандаулы ақындардың таңдамалы туындылары кітабын оқушылардың кластан тыс оқып, таным және жан аясын кеңейтуге де, жалпы әдебиет сүйер жұртшылық пен педагогтер қауымын жаңа да жақсы ақындармен жүздестіруге де сәтімен пайдалануымыз керек-ақ. Демек, бұл кітаптың әрбір үйде болмаса да, әрбір мектеп кітапханасында, әрбір мұғалімнің қолында болар реті бар. Ендеше, аталмыш кітап үшін 7000 дана тираждың тым аздығы дәлел тілемесе керек.

«Сылдырап өңкей келісімді» міндетті түрде мектептік оқу құралы ретінде пайдалану дегеннен келгенде аталмыш кітапты жетілдіріп, жақсарта түсуге болатыны да анық. Алайда, атап айта кетеріміз – бұл ескертпелер аталмыш кітаптың тікелей кемшіліктеріне жатпайды, ойласу ретінде айтылар, жайлар. Мәселен, осы кітаптағы әрбір ақын өмірі мен творчествосы қысқаша таныстырылып, жинақтағы туындылары қысқа да нұсқа талдана кеткенде дұрыс еді. Өйткені, оқушыға асылдың қандай асыл екенін айтып, оның қайнар көзін көрсете кетсек, олар өздері-ақ алтын шыққан жерді белден қазбай ма? Керек десеңіз, бұл жол-бағдар мұғалімдердің өздеріне де әбден керек емес пе? Екіншіден, мектеп оқушыларын шәкірт оқырман ретінде қалай де-

генде де екіге бөліп қараған жөн. Себебі, балдырғандар мен орта мектеп оқушыларып (4–5–6 кластар) таным-талғам тұрғысынан бірге алуға болғанмен, жоғары кластар (бұларға 7–8 кластарды да қосуға болады) ой-өрісі ересектерге ұштасып-ұласып жатпай ма? Барша жақсы шығармалар, барша балаларға ортақ дегенмен, С.Маршак, А.Барто, Ж.Смақов, М.Жаманбалинов ертегілері тақпақтарын, мазақтамаларын, негізінен, төменгі кластар шәкірттері оқитынын, ал жоғары кластар шәкірттеріне махаббат шығармалары да жат емес екенін ескерсек, осы «Сылдырап өңкей келісімді» «таза» балалар шығармалары мен жоғары кластар шығармаларына бөліп, екі кітап (том) етіп шығарған да теріс еместей. Бұл – әрине, алдағы уақытта «Сылдырап өңкей келісім қайта шығарылғанда ескерілер жағдай. Мұндай жағдайда еншісі бөлінген екі кітапты толықтырып, әдемі безендіріп әрі түсініктерімен шығаруға да мүмкіндік бар. Және мұның өзі аталмыш кітаптың кемшілігіне жататын толымсыздық – жекелеген тамаша шығармалар мен кейбір келелі ақындардың қағыс қалуына да жол бермес еді. Бұл, мәселен, кейінгі кездерде жазылған Ә.Тәжібаевтың «Адамы», С.Мәуленовтің «Әрбір үйде бір-бір Ленини» тәрізді белестік өлеңдерді, Ж.Молдағалиевтің «Мен – қазақпыны» секілді сом дастандарды кіргізуге жол ашып, Абдолла Жұмағалиев, Төлеужан Исмаилов, Өтежан Нұрғалиев, Адырбек Сопыбеков, Есенбай Дүйсенбаев, Иранбек Оразбаев, Нұрлан Оразалин, Дәуітәлі Стамбеков тәрізді жақсы ақындардың шет қалуын болдырмас еді. Тіпті отыздың үстіндегі Е.Раушанов, Б.Серікбаев, Ұ.Есдәулетов, С.Ақсұңқарұлы өлеңдері енгізілуін де қамтамасыз етер еді. Біздіңше, нақ осындай шығармалар мен ақындардың кірмей қалуы – «Сылдырап өңкей келісімнің» нақты да елеулі кемшілігі. Баспа сәл ғана көлем қиғанда, бұл кемшілікке жол берілмесіне сөз жоқ.

Кітапта бұдан басқа кемшіліктер бар ма? Бар. Бірақ олар – кітапқа елеулі нұқсан келтірмейтін (әріне, жіберілмегені жөн-ақ) ұсақ-түйек мін-мүлтіктер. Мысалға, С.Сейфуллиннің 12-беттегі атақты өлеңінің аты «Ленин Ордені» екеніне күмәніміз бар. Енді С.Мұқановтың «Егделік туралы» өлеңін оқиық:

«Көңілім де, денем де жас деп жүріп,
Егде тартып қалыппын абайсызда:
Мысалы, жас шағымда ызғар, мұзға,
Ұйықтай қалсам оянғам бойым жылып.

Ал қазір белім тисе, бәлкім (?) сызға,
Беліме байланады шойырылма.
Егделікке айналып бой ұруға,
Саябырлау тартыпты ойым қызба!..»

Асылдың көзіндей жолдар. Онша жаман да емес өлең. Бірақ осы кітапқа «кәдімгі Сәбит Мұқановтың» мұндай ортақол өлеңінің енетін орны бар ма? Немесе талантты ақындарымыздың бірі – Исраил Сапарбаевтың «Гүлмайдан» атты өлеңін алайық:

«Көгершіннің теретіні – ыңғай дән,
Баладан да, басқадан да қыңбайды ол (?).
Құйтақандай немересін жетектеп,
Әжелердің келетіні (?) – Гүлмайдан.

Саумал сәуле себезгілеп түнде айдан,
Шымыр-шымыр өтер күндіз күн бойдан.
Қол арбаға бөлеп алып бесігін (?)
Аналардың келетіні (?) – Гүлмайдан...»

Осы өлең де онша осал туынды емес. Соңына қарай ширап, тіпті күшейе түседі. Алайда, Гүлмайдан деген немене – жердің аты ма, жоқ, – Ана – Бала – Көгершін одағының ақын ойдан туғызып отырған поэтикалық бейнесі ме – түсінбедік. Сәтті

де сырбаз өлеңдері көп Израилдың осы туындысы да жинақтан тыс қалса теріс емес еді. Дау жоқ, мұндай өлеңдердің «Сылдырап өңкей келісімге» кірмегені әбден орынды. Сондай-ақ А.Тоқмағамбетов өлеңдерінің жанры көрсетілгені де дұрыс-тын. Сондай-ақ Тоқаш Бердияровтың:

«О бастан әке-шешем жоқ болса да,
Обыр көз жетімдікті жоққа сана.
Маған төр – Отанымның шалғай шегі,
Үстінде жұмыр жердің жоқ босаға!» —

деп басталатын атақты «Отан» атты өлеңінің Қосжан Мүсіреповтікі (122–123-беттер) болып кетуі де ыңғайсыз. 91-беттен С.Мәуленовтің мынадай өлеңін оқимыз,

«Көкке бойы өрлеген,
Көк шатырлы мектебім.
Өткізіп ем сенде мен
Өмірімнің көктемін.
Бойды билеп қуаныш,
Саған алғаш барып ем,
Дүниеге тым алыс
Жас кезімді (?) салып ем».

«Мектебім» атты бұл өлеңді өз басымыздың бастауыш кластарда жүргенде оқығанымыз есімізде. Бала шәкірттің өмірбаянындай сезілгендіктен бе, әлі ұмытылмай жадымызда жаңғырығады. Неге екенін қайдам, нақ осы өлең қазір бастауыш кластар оқулығында жоқ. Осындай әсем өлеңнің өттеген-айы «жас кезімді» тіркесінің «жас кезімді» болып кетуі. Міне, мұндай майда міндер де мектеп оқушысын жаңсақтыққа ұрындырары анық.

«Бәрін айт та бірін айт» дегендей, енді кітаптап алған әсер, туған ойларымызды түйіндерде ай-

тарымыз не? «Сылдырап өңкей келісімнің» атына заты сай кітап екендігі. Ол – «Мектеп» баспасының мұғалімдер мен шәкірттерге татымды тартуы. Бұл кітапты оқыған адамның «тас бұлақтың суындай» жырлардан сусындап, шөлін басары; ұлы Абай:

...«Кірленген жүрек өз ішін

Тұра алмас әсте жуынбай», – деп айтқандай, жүректердің «сылдыраған өңкей келісімдермен» өз ішін жуары хақ.

ОРТАҚОЛ РОМАҢДАР ОРТАСЫНДА

Алтын орта атты ұғым бар. Ортасы орта, алтыны несі? Бұл дұрысы осы, жақсысы осы дегенді білдіру болса керек. Шынында да жұрт қатарлы болу – көптен озып кетпесең де, көштен қалып қоймау аз нәрсе емес. Оған жету үшін де біраз ақыл-қабілет, қайрат-жігер керек. Еңбек етіп, тер төгу кажет. Әрине халықтың калаулысы, елдің алды болғанға не жетсін. Бірақ ол – баршаның басына біткен бақ емес, баршаның қолы жетер мұрат емес. Ол – топ жарған Талаптың, тұлғалы Таланттың еншісі. Кемеңгерлік кез келгеннің қолынан келе бермейді. Өз мүмкіндігіңді біліп, соны жүзеге асыру да – қияға қанат қағып көтерілу. Демек, барыңды базар ету – береке, көппен көрген ұлы той. Біреуден ілгері, біреудең кейін – жұртпен бірдей, олардан қалыспай күн кешіп, күресіп, қоғам өміріне араласып, атсалысу қанағат. Ортанқолдай азамат атанатын адамың да сол. Айтылып жүрген алтын орта да осы болса керек.

Иә, өмірде алтын ортаға жетудің өзі – жақсылық, жарқындық, жасампаздық.

Алайда алтын орта ұғымы орташа, ортақол деген сөздердің бодауына жүре алмайды.

Мұның өнерде, тіпті, басы ашық.

Әдебиет те – бір байтақ бәйге. Қолына қалам ұстап, сөз өнері ауылын аттағандардың бәрі еріксіз жарысқа қосылады. Онда жүзден озған жүйрік жүлдегерлердің ғана айдарынан жел еседі, ал-

дынан алтын күн қарсы алады. Шаң жұтып, барлығып артта қалғандар – тұяққа есепке жатпаса, қараны көбейтіп, әйтеуір бір кезде көмбеге жеткендер – тұғыр санатында ғана. Ал, тұғырларды бәйгеге қоспайтынын күмбе-күнгі өмірімізден көріп те жүрміз.

Әдебиетте оларды неге бәйгеге қосамыз ендеше?

Рас, қаламгердің бәрі Әуезов емес. Қазақ әдебиетіндегі романдардың бәрі «Абай жолы» эпопеясы емес. Солай болса да Ғабит Мүсреповті, «Оянған өлке» романын, Ғабиден Мұстафинді, «Дауылдан кейін» романын неліктен кем қадірлемейміз? Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясын, Сәкен Жүнісовтің «Ақан сері» дилогиясын лайықты бағалап отырған жоқпыз ба? Оларды айтпағанда кейінгі толқын – Төлен Әбдіков повестері, Тынымбай Нұрмағамбетов әңгімелері ше? «Абай жолымыз» бар деп, Ахтанов повестері, Әлімқұлов әңгімелері бар деп бұларды сызып тастаймыз ба? Жоқ. Неге? Себебі, олар өз арналарында, өз реттерінде талантты туындылар, шынайы шығармалар. Өзіндік айшықты ажары, көркемдік кемері, төл тұрпат-тынысы, әдебиетімізде өз орындары бар шығармалар.

Сондықтан да әдебиет әлемін жиналған жүйріктердің барлығы бір кезең, бір сәтте жапа-тармағай алға құйғытатын кәдімгі бәйге деп қарабайыр ұғынбау керек.

Бұған дейін озып келгендер де, енді озып келетіндер де тек шашасын шаң шалмас Шалқұйрықтар емес. Құлагермен қатар Тарландар, Тайбурылдармен бірге тай тұлпарлар.

Ендеше осы бәйгеге тұғырлар қалай қосылып кетеді?

Бұған жауап – көптеген жүйріктеріміздің озуға тырыспайтындығы, тер үгіп, тұяқ шыңдамай, жа-

рысқа қосыла салатындығы. Жан қинауды, жұмыс істеуді сүймейтіндігі. Топ жармауға тәсілденіп, еттері үйреніп кеткендігі. Сонда тұғырлармен бірге сөреге салпылдап жетпегенде не істемек олар?

Сіздің осындай жарыстың (онда да құнан бәйге, бесті бәйге емес, аламан бәйге – романдар жарысының) ортасына түсіп қалғаныңыз бар ма? «Тұлпарлардың» (таланты барлығын байқағанмен озғанын көрмеген соң, амал жоқ, тырнақшаға алуға тура келеді) тұғырлардың алдына түскеніне ғана қанағат жасағанына куә болғаныңыз бар ма?

Ал біздің мұндай жарыстың ортасына бір рет емес, бірнеше рет түсіп қалып, қатты қиналғанымыз бар. Әрине, оған көрермен (оқырман) ретінде.

Енді соның бірнешеуін алдарыңызға тартайық.

1. ӨРДЕ МЕ, ЖОҚ ЕҢІСТЕ МЕ!

«Қаратай кабинет есігін (?) тарс жапты да, кеңсе жанында тұрған бульдозерге келді. Оны бір айналып өтіп (?), моторына қол салды. Әлдененің (?) шегін суырғандай қайысты тартып қалғанда мотор гүр етіп, жыланбауырға жан біткендей қалш-қалш етті. Кабинаға отырар-отырмастан рычагтарды қозғай бастап еді, бульдозер орнынан жылжи жөнелді...».

Белгілі жазушымыз Қалмұқан Исабаевтың «Өрде» деп аталатын жаңа романы осылай басталады. Бастау қалай? Жаман емес.

Бірақ біздің бұл жердегі айтпағымыз – осы бастаудың біршама тәп-тәуір екендігі емес; жалпы алғанда шығарманың осы бастаудағыдай бітім-бедерге, өзінің басты кейіпкерлерінің бірі Қаратайдың нақ осы жердегі қарекет-қимылы сияқты қимыл-қарекетке ие екендігі. Сөз жоқ мұның өзі – сүйінішті нәрсе, романның құптарлық бір көркемдік қасиеті. Алайда асты сызылған сөздерге назар аудары-

ңызшы. Қаратай кабинет есігін емес, кеңсе есігін жапқан жоқ па? Себебі, кабинет кеңсе ішінде болады, ал шығар есік – тек кеңсенің сыртқы есігі ғана. Содан соң әлігінде кеңсеге кірерде ақаусыздығы анық тракторды бір айналып өту Қаратай үшін керек пе екен? Автор үшін де бұл – Қаратайды бульдозерді бір айналдырып өткізу – басы артық нәрсе емес пе? Әлдененің деген тіркес екі сөз емес, бір-ақ ұғым, олар бірге жазылуға тиіс.

Біз роман басталмай жатып, неге мұның бәрін тәптіштеп айта қалдық?

Баршамызға белгілі ақиқат – романда, жалпы, қандай да бір көркем туындыда үлкенді-кішілі барлық бөлім, бөлек, бөлшектер дерлік мәнді, маңызды. Онда мүмкіндігінше олқы оқиға, солпы сурет, әрсіз әрекет, сиықсыз сөз, тіпті жөнсіз қойылған үтір, нүкте де болмауға тиіс. Осы тұрғыдан байыптағанда аталмыш шығармада туындылық табиғат, тіл кемшілігі нақ бастаудағыдай біраз әртүрлі тарапта, түрлі тұрпатта екенін аңғарамыз. Яғни осындай жаман емес дей алғанмен жетімсіздігі көп, екіұдай болмыс-бітім романның бүкіл өн бойына тән десек артық айтпаймыз. Сөзімізді «Өрде ме, жоқ еңісте ме?» деп бастауымыздың сыры да осында жатыр.

Иә, роман тақырыбы жөнінен – өрде. Кәдімгі керектігі айтыла беретін өзекті тақырып – өндіріс, жұмысшы өмірі. Атап айтқанда, кешегі сұрапыл соғыс кезіндегі Қарағанды қаласынын тыныс-тіршілігі алынған. Осы қаланың шахтерлар қауымы мен интеллигенциясының егде, жас өкілдерінің тылдағы еңбек өмірі мен майдандағы от кешуі бейнеленеді. Басты кейіпкерлер – су маманы Байдәулет, бейбіт күнде бульдозерші, соғыста танкіші Қаратай, ұстаз, партия ұйымының хатшысы Гүлшира, тағдыры бұралаң Төретай, жалынды жастар Тәжібек, Ләззат, Петр, Мерген тұлғалары да біршама сәтті бедерленген. Олардың іс-әрекет-

терінде, мінез-құлықтарында тәуір тұстар, жарқын жақсылықтар да бар. Әсіресе, Байдәулеттің ба-салқалылығы мен байсалдылығы, су проблемасына байланысты зерделілігі, Төретайдын партизандық пайым-парасаты, Қаратайдың тәнкішілік ерлігі, Мергеннің төбені алудағы тапқырлығы, Гүлшираның жүрек жылылығы разы етеді.

Сөйтіп, бұл романды қазақ әдебиетінде бұрыннан бар, – әрі біраз игерілген өндірістік тақырыпқа біршама өзінше үлес қоса алған шығарма деп қарауға болады. Расында да Саттар Ерубәев, Ғабиден Мұстафин және басқа да белді сөз зергерлері қалам тартқан бұл тақырыпта жарқын жаңалық табу, соны көркем-әдеби өлкелер ашу қиын. Сол себепті де жазушының Қарағанды тақырыбында біраз біліктілік көрсетуіне сүйсінеміз.

Дегенмен, қолда барға қанағат етіп, жоққа салауат айта салу – біздің салтымызда жоқ. Олай болса бұл роман жазушы мүмкіндігі мен қабілетінен төмен бе, деңгейлес пе, жоқ жоғары ма деп сауал қоюға хақылымыз. Сондай-ақ ол қазақ әдебиетінің осы өндірістік салада алған асулары мен жайлаған өріс-өресі тұрғысынан келгенде қанағаттандыра ма дегенге де ойлануымыз қажет.

Бірден ашығын, ақиқатын айтсақ, бұл роман – жақсы жақтары, жетістіктері бар болғанымен де, өрден емес, негізінен еңістен табылатын туынды. Себебі, оның қазақ әдебиетінің өндіріс тақырыбындағы алған асулары мен көркемдік деңгейі тұрғысынан кеп төмен екендігін айтпағанда, жазушының өз мүмкіндігінен, талантынан да көп төмен жазылғандығын дәлелдеу қиын болмаса керек.

Біздіңше, автордың ез романын «Өрде» деп атауының өзі дәл емес, тиянақсыз. Ол неге «Өрде» аталған? Өмір өрінде, өндіріс өрінде, еңбек, ерлік өрінде дегенді меңзеу ме? Ондай жағдайда тым жалпылама, жалаң, жадағай қойыла салған ат бо-

лып шығады. Өйткені, романда соған орай, сай табиғат, тұлға, тұрпат аз. Романда негізгі арна – Темірқазық ортақ идея, мақсатты даму, бірегей бағдар, түбегейлі тартыс жоқ. Оның оқиғасы кез келген жерде жүре береді: бірде Қарағандыда өрбіп жатса, бірде майданға кетіп қалады, бірде Тайга арасына ауысады. Яғни кейіпкерлері қайда болса, романның өрбуі де сонда. Егер Байдәулет Қарағандыда жүрсе, оқиға су құбырын тарту, көмір ошағын сумен қамтамасыз ету маңында жүреді. Байдәулет Сібірде ағаш кесіп жүрсе, оқиға да сол жаққа көшеді; ол Алматыға аттанса, оқиға да астанадағы Қаныш Сәтбаевпен сұхбатты төңіректтейді. Төретай, Қаратай, Мергендерге байланысты да жағдай осылай. Мейлі, бұл дұрыс-ақ делік. Автор кейіпкерлерін жан-жақты сомдау үшін оны әр қилы жағдайда көрсетуге, оны түрліше тұрпатта бедерлеуге ерікті. Алайда осылардың бәрінің басын біріктіретін нәрсе не? Міне, гәп осында. Романда ондай нәрсе жоқ. Сондықтан да әйтеуір оқиғаларды тізбелеуге, қайдағы-жайдағыларды жаппай суреттеуге, хронологиялық деректер жиынтығына еріксіз орын беріледі. Ал, одан қандай пайда бар? Көлем өседі, кітап қампияды. Бірақ бұдан кейіпкерлер келбеті келелі кескінделіп, идея шынға шырқап шындалмайды ғой. Мәселен, Қарағандыдағы Байдәулетті Байдәулет-ақ делік. Ал, Сібірдегі Байдәулетті Жайдәулетпен ауыстырсақ немене өзгерер еді? Ештеңе де. Сол сияқты Қарағандыдағы өмір (негізгі нысана да осы) мен майдандағы Төретай, Қаратай, Мерген, Петр өмірі арасында қандай байланыс бар? Жоққа жуық. Демек бұл да оқиғалардың басын әйтеуір біріктіре салу емес пе? Төретайдың бұрын шахтада еңбек етіп кеткенінен, Мергеннің Байдәулеттің баласы, Қаратайдың Байдәулеттің інісі болуынан романның күретамыр тынысына, көркемдік келесіне не сеп тиіп жатыр? Ендеше майданда суреттелген

олардың басындағы жағдайлар – майдан туралы, тайгадағы ағаш кесу туралы өз алдына дербес, бөлек бір шығармалар, немесе соларың үзінділері сияқты. Оған қоса зерделей қараған жан романда негізгі нысанадан (Қарағанды өмірінен) гөрі басқа желілер мол, басым қамтылғанын да аңғарар еді. Қысқасы, сюжет шашыраңқылығы, желілер арасындағы бірлік, байланыс әлсіздігі, яғни орталық арна жоқтығы – Қалмұқан Исабаевтың осы романын өрден құлатып, еңіске түсірген басты фактор болып табылады.

Осындай болмыс-бітімге ие болғандықтан да Қ.Исабаевтың аталмыш романының аяқталған немесе аяқталмаған шығарма екені білінбейді. Автор өзі ештеңе демепті. Соған қарағанда бұл романның екінші кітабы, яғни жалғасы жоқ болуы керек. Десек те мына тәсілдің «пайдасы» сол – ол романды жалғастыра немесе ұлғайта беруге мейлінше ерік береді. Былайша айтқанда, нақ осы романның жазылған тұстарының өзін жөндеп, өңдеп, желілерін қайта тартып жатпай-ақ, «Байдәулеттің бастан кешкен мына бір оқиғасы қалып кетіпті қосайын», «Төретайдың тағы да мынадай бір ерлігі бар еді, қосайын», – деп айы-күні, реті бойынша романның тиісті жерлеріне жаңа эпизодтар мен тарауларды, тіпті томдарды қосуға мүмкіндік жасайды. Мәселен, автор Байдәулеттің Алматыдан Қарағандыға сергек сезіммен аттанғаннан кейінгі өмірін тек бұрқыратып қағазға түсіре берсе жетеді немесе Төретайдың Тобжанның сиқын біліп, Бәтжанмен қосылуын баяндап, Ғалым, Сәлім, Сәулелердің балалық шағын, есеюін, тағы басқа да өмір жолдарын тізіп жаза берсе болды. Сонда романның екінші, бәлкім үшінші, төртінші кітаптары жазылар.

Романдағы ендігі бір елеулі кемшілік – одан штамп, схематизм ізі, жасандылықтар сезіледі, логикалық қайшылықтар аңғарылады. Әсіресе, бұл

басты кейіпкерлер тұлғасын сомдаудан анық көрініп тұрады. Қаратайды алайық. Ол – жігерлі енбек иесі, майталман механизатор, тарлан танкіші. Бульдозерді қалай ойната білсе, танкіні де солай менгереді. Жаттығу-байқауда ғана ерекше көзге түсіп қоймай, соғыс сәттерінде де ерен ерлік жасайды. Дегенмен, оның осындай бейнесіне көлеңке түсіретін эпизод-детальдар баршылық. Мысал үшін ол роман басында өз бастығы айтқанына көнбей, су құбырын көмушілерге көмекке барады. Мұны сен борышты түсінушілік, абзал, шын пейілді патриоттық сезім деп түсінесің. Алайда автор айтуынша оның бұл ісінде ондай ізгілік жоқ, тек көзге түсуді көкसेген өзімшілдік, жасанды қылық бар. «Шынын айтқанда Қаратай Нұра – Қарағанды құбырын салушыларға көмекке барамын деп Тобажанмен ұрысып жүргенде осы бір игілікті іске, не қылсаң да, қолқабыс тигізейінші деген ойдан аулақ еді... Қырықтан асса да көңілінен балалық кетпеген (?) жігіт ағасы тек трактормен келсе ғана жұрт қошеметіне бөленіп, құрметіне ие болатынын білген. Таң атпай сонау қияннан техниканы ала қашқызған да осы ой» (9-бет). Сонда мұндай жанмен кейінгі керемет Қаратай бір адам ба? Немесе Төретайды алайық. Ол – алғаш әйгілі енбеккер, стахановшы шахтер. Іле-шала маскүнем. Оған себеп – тергеуге түсуі. Өзіне ор қазып жүрген ағайыны Тобажан екенін сезбей, Байдәулеттен жөнсіз күдіктенеді. Бұл жерде ол – ерік-жігері әлсіз, дәрменсіз біреу. Енді сол Төретай майданға барып, содан кейін қоршауда қалып қойып еді, парасатты партизан болып шыға келді. Ақылды, тапқыр, ер. Тіпті командирлік қабілеті де күшті екен. Елге оралып еді, тағы да озат болып көзге түседі. Бірақ қайта тергеуге түсіп еді, жас балалары алдындағы, өлген әйелі алдындағы борышын ұмытып, тағы да маскүнем, бейшара біреу болып шыға келді. Кім бұл сонда. Бір

Төретай ма, әлде екі Төретай ма? Біздіңше, бұлар бір-бірінен болмысы бөлек, әр басқа қасиетті, екі жан. Яғни, бірі – батыр, стахановшы, еркі күшті адам да, екіншісі – әлсіз, маскүнем, жігерсіз біреу. Автордың осы сыйыспас антиподтарды ажыратып, өз еншілерін беруі керек-ақ. Бір адамның әрі ер, әрі ез, әрі ақылды, әрі ақымақ – яки табыспас, бастары бірікпес, от пен судай қарама-қайшылықты жан болуы мүмкін бе?

Осындай мысалдарды басқа да кейіпкерлерге байланысты көп келтіруге болар еді. Бірақ ірі-ірі кейбір мысалдарға тоқталсақ та жетер. Тұрақты, бір мінезді инженер Тәжібектің Гүлшираның әйелдерден шахтаға түсетін бригада құрамыз деген өтінішіне мызғымай отырып, Ләззатті көргенде «қабағы кенеттен жазылып, жүзі жылып жүре беруі» (40-бет) қалай? Қоршауға түскен бір топ совет жауынгерлерінің «жауға қайрат қылуы былай тұрсын, жұмған ауыздарын ашудан да қалуы» (46-бет) қалай? Бұрын бетіне қарап сөйлеп көрмеген Рымжанның ағасы Тобажанға кенеттен қарсы шығып, ауыр создер айтуы (117-бет) қалай? Байдәулеттің Ертіс суының жартысындай суы бар Чулым өзенінің өз басын қайдан алатынын іздеп, арна жағалауы қалай? Ақылды адам дайын карта тұрғанда ұзын өзенді өрлеп, қайдан басталатынын табам деп өуре болмаса керек. Шахта бастығы Карповтың үнемі, иә үнемі күдіктене беруі қалай? Рымжан өлгенде балаларының қараусыз далада қалуы қалай? Ол жұмыс істеген коллектив қайда? Көрші-қолаңдар ше? Осының бәрі ойландыратын немесе күмәнді, сенімсіз жайлар.

Мына бір жайтқа де назар аударайықшы: «Қазақтың Қарағанды деген жерінде Совет Одағынын көмірден үшінші ошағы бой көрсететін болып, республика Халық Комиссарлар Советінің бөлімдері маңдай алды мамандарын осылай қарай жөнел-

те бастағанда Байдәулет те семьясымен келген еді... Гүлшира мектепте мұғалім, Қаратай тоспа құрылысында бульдозерист (?) болып істеді. Бұл құрылыс станциясында табандатқан бес жыл (?) жүрді» (7 бет); «Сол ғана деп ойлауға болмайды, – дейді Байдәулет – Қарағанды Отанымыздың үшінші отын ошағы деп қаулы алынғаннан кейінгі жарым жыл (?) ішінде қала халқы сексен мыңға (!) жетті. Қазір (?) толық жүз мың (!)...» (10-бет); «Қарағанды облыстық партия комитетінің бірінші секретары түрегеліп: – Қарағанды сияқты қауырт өскен қала дүниежүзінде, сірә, бар ма екен. Жұмысшыны шахтаға шақырған алғашқы гудогы 1931 жылы дауыс берсе, содан бергі он жыл (?) ішінде бұл екі жүз мыңнан астам халқы (?), көптеген кәсіпорны бар ірі өндірісті облыс орталығына айналды» (55 бет). Үш түрлі мысал – үш түрлі сөз: автор сөзі (біріншісі), кейіпкер Байдәулет сөзі (екіншісі), партия өкілі – бірінші хатшы сөзі (үшіншісі). Үш түрлі сөз – үш түрлі жағдай. Үш түрлі сөз уақыты жағынан аса алшақ болмаса да, дерегі-дәйегі жөнінен аса алшақ, тіпті қайшы, қарама-қарсы. Байқауымызша, осы үш сөз де 1941 жылы айтылған. Енді Байдәулет, Қаратайлардың Қарағандыға келгеніне 5 жыл болғанына сенейік-ақ. Сонда олар 1935–1936 жылдары шамасында келген. Олай болса Қарағандыны Отанымыздың үшінші отын ошағына айналдыру туралы қаулының қашан қабылданғаны? 1941 жылдың басында ма? Өйткені, Байдәулет (қаулы алынғаннан кейінгі жарым жыл ішінде қала халқы 80 мыңға жетті. Қазір толық жүз мың», – деп анық айтып тұр ғой. Осы жерде тағы бір кереғарлық бар. Кейінгі «жарым жыл» мен «қазір» бір-ақ ұғым, бірақ-ақ мезгіл. Ендеше қосымша 20 мың халық қашан қосылып үлгерген? Ал, бірінші хатшы Қарағанды гудогы 1931 жылы алғаш үн қатты деп қана қоймай, қазір (яғни 1941 жылы) ол 200

мыңнан астам халқы бар ірі өндірісті қала болды деп отыр. Сонда кімге сенеміз? Байдәулетке ме? Бірінші хатшыға ма? Қарағандының халқы 100 мың ба, жоқ 200 мың ба? Сөз жоқ, бұл «жұмбақ» – автор тарапынан кеткен кемшілік. Мұны да тарихи шындыққа сәйкес түзету керек-ақ.

Романда соғыстағы біраз жеңістерге оп-оңай қол жететіні де бар. Автор немесе кейіпкер қаласа бітті-ау деген ойға да келіп қаласың.

Сол сияқты Байдәулетті Абрам Соломонович шақырғанда (246–253-беттер) ол күйбектеп кетеді. Тым қорқа береді. Бұл да – жасанды эпизод. Автор түбі қайыр болатындықтан да оны әдейі көп қорқынышқа салып, алдын ала қайғыға аямай батырып жіберген. Сол сияқты Құсайын мен Ләззат үйленуі де оп-оңай шешіліп (қисынсыз тәсілмен), осы көзбе-көз жасалған «зорлыққа» парторг Гүлшираның бірден кене кетуіне, оның өз келіні Бәтжанды үгіттеп, Төретайға қосылуға көндіруіне не демекпіз? Сол сияқты ғылыми еңбек емес, көркем шығармаға соншама ұзақ су туралы сыр (233–237-беттер) неге керек? Өкініштісі сол – осындай бұл қалай, сол сияқтылар романның талай-талай жерінен андағайлап тебе керсетер еді.

Романдағы тағы бір елеулі кемшілік – тіл саласында. Оның шет жағасын жоғарыда көрсете кетсек те, арнайы тоқталу қажет секілді. Себебі, әдеби шығарманың бірінші элементі, кірпіші – тілдің мінсіз, мұнтаздай болуы міндетті:

а) Романда лайықты баламасы бар және аударылуға тиісті бөгде тіл сөздері біраз кездеседі. Мысалға, олар кадр (6-бет), бөгеу замоктары (7-бет), новый город (10-бет), прогул, (14-бет), десятник, плен, проходчик, порода сияқты сөздер. Бұлар қазақша нұсқалары тіліміздің қорында ежелден бар немесе еркін аударуға болатын сөздер емес пе? Сол сияқты автордың Бәкеннен басқа кейіпкерлер-

ді орысша сөйлетуіне қосылмас едік. Қазақ тіліндегі романда мұндай тіл шұбарлаулардың қажеттігі шамалы.

ә) Орынсыз қолданылған сөздер мен жарасымы жатық емес сөйлемдер: «ғылым уағызынан (?) тысқары құбылыс болуы мүмкін емес» (11-бет); «Ұсақ балалар зыр жүгіріп, шулап жүрген (?) мектеп мұғалімдерін көрді» (32-бет). Көрген кім? Автор айтқандай Гүлшира ма? Жоқ, ұсақ балалар мектеп мұғалімдерінің зыр жүгіріп, шулап жүргенін көрді ме? «Бәтжан пальто (?) түймесін ағытып, қыз баланы өңіріне сұғып (?) жіберді» (35-бет); «Жазық далаға шыққан шиқандай (?) төбешік» (135-бет); «Орта жолда (?) аласа жол (?) болатын» (136-бет); «Сағатқа бергісіз азапты минуттар өтіп жатты. Қарт генералдардың шашы түсті (?), жас генералдардың шашы ағарды (?)» (170-бет). Бұл – Курск иініндегі ұлы шайқастың басталар сәті. Жау шабуылға шығу керек. Соны күтіп отырған генералдар шашының халі әлгіндей, Сөз де буынсыз ғой, шіркін! «Төке, – деді. Анау да мұның ерекше бірдеңе айтатынын сезіп, бағжаң (?) етті – Бәтжанға үйленсеңіз қайтеді?» (258-бет). Осындағы асты сызылған, сұрақ белгісі қойылған сөздердің қолданылысы мен мағыналық мәніндегі олқылықтар мен оралымсыздықтар өзінен-өзі айқын болса керек.

* * *

Қазір республикамызда әдеби-көркем дүниелер шығаратын екі баспа; «Жазушы» және «Жалын» бар екені белгілі. Олар басқа шығармаларды: әңгіме-повестерді, поэзиялық, драмалық, сыни туындыларды қоспағанда жылына қанша роман шығарады? Біз соңғы жылдарды ғана байқап көргенде тек қазақ тілінде 20–25-тей роман жарық көретінін байқадық. Рас, мұның ішінде қайта басылғандары

да бар. Соның өзінде кейінгі уақытта жазылып, тұңғыш рет жарық көретіндері 15–20-дан кем түспейді. Мысал үшін 1978 жылды ғана алсақ, «Жазушы» баспасынан Т.Әлімқұловтың «Ел мен жер», М. Әбдіхалықовтың «Жердің асты – жеті қат», С. Досановтың «Тау жолы», І. Есенберлиннің «Маңқыстау майданы», «Аманат», Қ. Исабаевтың «Өрде», Ш.Мұртазаевтың «Қызыл жебе», С. Сма-таевтың «Елім-ай», М. Сүндетовтың «Қызыл ай» тағы басқа да романдар басылып шықса, «Жалын» баспасынан З. Ақышевтің «Жаяу Мұса», С. Алда-бергеневтың «Ерте келген күз», С.Сарғасқаевтың «Қайсар», Ж.Молдағалиевтің «Алғашқы қоңырау» іспетті романдары басылып шыққан. Жылына 20 роман!

Аз ба, көп пе?

Көп емес. Сан өзін-өзі-ақ айтып тұр. Ұлы В.Г.Бе-линский осы заманның эпосы деп санаған роман-дар туған тіл өнерімізде жылына жиырмалап туып жатуы – дау жоқ сүйініш. Бес жылда 100 роман. Же-келеген жазушылары жүздеп роман жазған, ежелгі дәстүрі бар, баяғыдан өсіп-өрлеп келе жатқан жазба іәдебиеттермен теңесудің әзір төбесі көрінбесе де қуанарлық көрсеткіш бұл! Қалай дегенде де мұның өзі әдебиетіміздің көкжиегін кеңейтетін құбылыс бо-лып табылса керек.

Бәрібір саннан сапа туса игі. Сонда ғана бұл құбылысқа жүрек жарыла қуансақ жарасады. Амал қанша, бұлай қуануға рет жоқ. Бізде жағдай кері-сінше, саннан сапа тумай сандар ғана туып жатыр. Жалпы, әдебиетті, жазушы еңбегін карабайыр өл-шеммен таразылау жөнсіз. Соған қарамастан ша-малап айтар болсақ, сол романдардың 80 проценті – ортақол, тіпті одан да төмен дәрежедегі шығар-малар дер едік. Әрине, әдебиет тек қана табыстар-дан тұрмайды. Кемшілікке қарсы керемет күрес жүргізілсе де, оның ақұл-тақұл таусылуы қиын.

Бірақ әңгіме – оның мүмкіндіктен өте көп болуында. Мәселен, жоғарыда талданған «Өрде» романы да дұрыс жазылғанда жақсы романдар қатарына қосыла алар еді. Оған қоса бізде романдар ортақолдылығын мүлдем азайтып, жойып жіберуге де жағдай бар. Ортақол романдарды 20 процентке дейін төмендетіп, сапалы нағыз романдарды 80 процентке дейін өсіруге болар еді.

2. ЖЕЗ ТАУЛАР МА, ЖОҚ ТАС ТАУЛАР МА?

«Жазылмас жан құсасын құшақтаған (?) жігіттің жүрегі қазір ауыр шерге толы. Ол бұл отыз жасында ылғи бір өмір өксігін (?) кешкендей? Татқан қызығы тым аз, мына жаңа атып келе жатқан (?) таң шапағының (?) болмашы алауы (?) тәрізді. Бірақ, бұл – анық атқан (?), арайлы (?) таң. Оның нұр (?) шашар сәулесі (?) ұзақ. Ол ешуақытта енді (?) қайтып өшпек емес. Адамды еліктіре шақырған сол алдағы бақыт күннің алтын беліне талмай көтерілуі үшін Таңатарға енді (?) адастырмайтын бір берік Темірқазық (?) керек. Ойласа, онысы көк теңіз бен Қоңырат төрінде екен» (217-бет).

Жазушы Әмен Әзиевтің «Жез таулар» аталатын романы осылай аяқталады.

Аяқтау қалай?

Жаман емес. Әсіресе, ниеті жақсы. Автор жас жігіт өмірі, анық атқан таң, алға шақырған Темірқазық арқылы үлкен түйінді ишара еткен.

Бірақ біздің айтпағымыз – осы аяқтаудың біршама тәуір екендігі емес, романның жалпы алғанда осы аяқтаудағыдай бітім-бедерге не екендігі, өзінің басты кейіпкері Таңатар өміріндей қызығы тым аз тынысқа, болмашы алауға ие екендігі.

Неге бұлай дейсіз ғой?

Алдымен осы аяқтаудағы ой ағынына, тіл толықынына-ақ зер салып көрейікші. Қайшы ой, қа-

быспаған сөздер тіркесі бірден көзге ұрады. Адам жан құсасын құшақтай ма екен? Таңатардың романдағы өмірін осы аяқтаудағы түйінді сөйлеммен салыстырып көрсек ше? «Ол бұл отыз жасында ылғи бір өмір өксігін кешіп» келіп пе? «Татқан қызығы тым аз, мына жаңа атып келе жатқан таң шапағының болмашы алауы тәрізді» ме? Жазушының бұл байламына қосыла кетуге ойлану керектей. Енді осы сөйлемде «жаңа атып келе жатқан таң» іле, екінші сөйлемде «анық атқан, арайлы таңға» айналып кетеді. Бұл қалай? Яғни Әмен Әзиев жаңа атып келе жатқан таңды толық атқызып алмастан, бізге «анық атқан, арайлы таң» деп айтса болғаны ма? Оның үстіне таң шапағы мен алау бір мағыналас, тектес сөздер, ендеше шапақтан алау тудыру жарасымды ма, «таңның болмашы шапағы» десек те жетпей ме? Нақ сол секілді таңның сәулесіне нұр шашқызу қалай? Сәуленің өзі нұр емес пе? Сонда бұл сөйлемді «таңның нұр шашар нұры ұзақ» іспетті жаңылтпаш десек те жөн болғаны ғой. Содан сон автор айтып отырған Темірқазық немене? Жай темір қазық па, жоқ мақсат жұлдызы Темірқазық па? Ол жұлдыздың аты болса бас әріппен жазылуға тиіс қой. Сондай-ақ алты сөйлемнен тұратын аяқтауда енді сөзінің екі рет қолданылуы да жарасып тұрған жоқ.

Біз роман аяқталысымен неге мұның бәрін тәптіштеп, тиянақты айта қалдық?

Оған себеп – біз бұған мәжбүр болдық. Сонда роман қалай аяқталса, оның басталуы да, өрбіп дамуы да, шиыршық атып «шырқауы» да солай болғаны ма? Иә, солай. Басқалай шығармаларды қайдам, ортақол шығармаларға жағдай осылай екен.

Сонымен біз аяқтаудан мен мұңдалап тұрған қандай кемшілікті көрдік әуелі? Тіл кемшілігін.

Мынадай сөйлемдерге, сөз қолданыстарға, тіл «сұлулықтарына» не айтуға болар еді?

«Ауылға қарап, тағат таппай сүйген қызын күткен Таңатар үшін биылғы мына (?) сарала күз (?) шын мәнісіндегі қызу жастық көктеміне ұқсайды. Әйткенмен, дала реңінен салқын, дымқыл леп білінеді. Жер бедерінің жазғы көркі (?) бұрынғыдай емес» (3-бет).

«Мына» деген сөз артық тұр. Мезгіл сарала күз болса, жер бедерінде жазғы көрік қайдан жүр?

«Жұлдызы сиреген (?) шалқар көк бозғылдана түсті. Түн ортасының анық хабаршысындай ауыл өтештері кезектесіп, дағдылы сарындарына (?) басты. Бұлақтың төменгі жағындағы құрағы көп, жалпақ саздан құрбақа шұрылдады (?)» (4-бет).

Сәулесі мол ай аспан әлемін билігіне алғанда жұлдыздар сиремек түгілі жоғалып кетуі де мүмкін. Өтештер сарынына құлағың үйренбей жатып, құрбақаның құрылдамай шұрылдағанын естігенде еріксіз таңғаларсың. Құрбақалардын өзі емес, аш қарындары шұрылдаған шығар бәлкім.

«Қыраттағы шөп қуаң тартып, қыстау маңындағы сызатты, салқын өлкелер (?) балауса болып піскен (?) кез» (58-бет).

Көрдiңiз бе, шөптер емес, өлкелер балауса болып пісіп жатыр.

«Русаковтың керуені екі күн өткенде Тоқырауының орта сағасындағы Ақ тоғайға өзер жетті. Бұл ара (?) – Арқадағы суы тұщы, жылғасы кең, шектен шұбатылған өзендердің бірі (?)» (88-бет).

Бұл ара дегеніміз – осы ара (жер). Сонда өзеніміз қайда?

«Жүргіншілерді бөлектеу қонған бес киіз үйдің орта тұсынан өң-түсі қайыстай (?) бозарған Әрінбек қарсы алды» (127-бет).

Қайыс бет бозара қойса жақсы ғой.

«Зығырданы қайнаған қарулы жігіт есеңгіреген дұшпанына тез ұмтылып, тұмсыққа кемситіп (?) кеп жіберді» (277-бет).

Кемситудің не екенін автор түсіндірмесе біз ұға қоймадық.

Бұлар аз десеңіз:

«Таңатарға қарай бара жатып, жол бөгеген, сүйек кемірген (?) арық қызыл құнажынды ырсиған қанқасынан шықпыртып, тартып кеп жіберді» (50-бет);

«Бірақ үрейі ұшқан Алевтина бұлқынған ашу үстінде аузын, тырнағын жұмсап қатты айбат шеккендіктен (?) екеуі де тереңге бір батып, бір шықты» (158-бет).

«Шөлдеп жаураған (?) адамдарға жауынгерлердің қалайы құтыларындағы ішілмеген сулары жеткізілді» (168-бет);

«Қазір құстар жамырап (?) сыйқырлы өуенге басқан» (188-бет).

Жазушы біраз жаңалықтар ашқан тәрізді. Сүйек кемірген сиыр, ит сияқты қатты айбат шеккен әйел, шөлден қаталаған емес, жаураған тоңған адамдар, мал сияқты жамыраған құстар туралы, бәлкім, тұңғыш рет біліп отырған шығармыз.

Бұл айтқандарымыз – тек автор тіліндегі жекелеген міндер. Олар келтірілген мысалдармен аяқталмайды, жалғасады. Олар – жазушы баяндауында, суреттеуінде кездесер түрлі ыңғайдағы топ-топ тіл кемшіліктерінің өкілдері ғана. Кейіпкерлер тілінде кемшіліктер тағы аз емес. Әсіресе, өздеріне сөздері сай бола бермейді. Жасандылық жеткілікті.

Әрине, мұның өзі – басты мін. Үлкен мін. Бірақ бұған қарап жазушыны мүлдем тіл білмейді деуге болмайды. Оның ой-ниеті құнарсыз емес. Алайда «асығыстық» танытқан. Ойланбаған. Сөз сараламаған. Десек те автордың сезім пернесін дәл басып, нәзік шерткісі келген төмендегідей: «Енді ол суы зәмзәм күміс қайнардың ай шұғыласымен шағылысқан, сыңғырлаған төменгі ағысына көңіл аударды. Ол не дейді?.. Ол Айбикенің ашық

сыңқыл үні емес пе екен? Тынымы, тоқырауы жоқ ерке қалыпта, асқан нәзік (?) дірілмен сылқылдап аққан мөлдірдің үні жігіт жүрегін керемет бір рақатқа бөледі. Шырқаудағы әсем айдың уыздай ақшыл жүзінен көзге көрінбейтін күміс жаңқалар ұшып түсіп, барынша араласып, шымырлаған бұлақ үнін үнемі жаңғыртып, өрбітіп тұрғандай» (4-бет), – секілді жолдарына сүйінуге болар еді. Әрине, бұл жолдарда да мүлтік барлығы байқалады. Жазушы тым әсемдеп, жылтыратып жіберген.

Тіл жоқ жерде көркем-әдеби туынды жоқ екені дәлел тілемейді. Тіл – шығармадағы барлық сюжеттің, кейіпкерлер характері дамуының, өмір, табиғат суреттерінің, сезім ағыны мен психологиялық талдаудың негізі (арнасы, ажары, айшығы). Демек, аталмыш романның ортақолдық қасиеттері, жақсы да емес, онша жаман да емес дүбәра дәрежесі, Таңатар өміріндей қызығы тым аз тынысқа, болмашы алауға ие болмыс-бітімі жазушының орама-оты кем ортақол тілінен туындап жатыр десек асыра айтпаймыз.

Бірақ сол ортақол тіл неден туады?

Орташа мақсат-мұраттан. Ортақол ой-сезімнен. Орташа талпыныс, талап, тер төгуден. Тым қанағатшылдықтан. Қазақтың «Қанағат қарын тойғызады, қанағатсыздық жарлының жалғыз атын сойғызады» деген мақалы әдебиетке жүрмейді. Сол жалғыз атты да сойғызған қанағатсыздық қарқындалған жерден талант, табыс басталады.

Әмен Әзиев бұлай етпеген. Оңайға жүгінген, даярға ие болған. «Осы романымды неге және қалай жазып жатырмын?» дегенді ойына алмаған. Өзгелерді қайталамау, қазақ әдебиеті қол артқан биіктерден төмендемеу, төл қолтаңба таныту, бір жаңалық әкелуді ерекше ескермеген. Өмірлік материалдарды, жинап алған, зерттеп тапқан деректерін тоғыта тізіп, топырлатып жазған да өте шыққан.

Тіл кедейлігі – ой-сезім кедейлігі. Ой-сезім кедейлігі – оқиға, образ жарлылығы. Оқиға, образ жарлылығы – романның талант, талап, талғам биігінен табылмағандығы.

Әмен Әзиевтің романында осының бәрі бар.

Басқаны былай қойып, жоғарыда мысалға келтіріліп, тілі мақталған айлы түн ажары – табиғат суретін-ақ алайық. Сондағы негізгі кемшілік неде дейсіз ғой. Ең бастысы – сол айлы түн суретінде нақтылық жоқ. Кейіпкер қабылдауында, автор бедерлеуінде уақыт табы, мезгіл жігі білінбейді. Психология астары аңдалмайды. Жиырмасыншы жылдардағы қазақтың санасы оянған зерделі жігіті Таңатардың ай сәулесі себездеген түнді, ай астындағы бұлақты қабылдауында қандай сыр-сұлулық бар? Туған даласында жаңа өмір орнап, жалшы-кедейлер бел алып тұрған кезде оның ай сәулесі себездеген түнді, ай астындағы бұлақты қабылдап-сезінуінде өткен он тоғызыншы ғасырдағы, жиырмасыншы ғасыр басындағы қазақтың жігіті қабылдап-сезінуіне қарағанда үлкен айырмашылық, алға басу, сапалық сипат барлығы анық. Оның үстіне Таңатар тек махаббат иесі емес, таптық сезімі оянып, әлеуметтік күреске араласа бастаған жас. Демек, оның табиғатты қабылдауында осындай рухани жан-жүрек деңгейі, көңіл күйі өзгерістері аңғарылса, аңғартылса абзал. Жазушының мұның бірінде де жұмысы болмаған.

Осы орайда атап айтатын ақиқат сол – жазушы шығармасында табиғат суреттерінің оқиғаға, сюжетке, кейіпкерлер тыныс-тіршілігіне тікелей қатысы шамалы. Табиғат, пейзаждар, қыс пен көктем, жайлау мен таулар өз алдарына бір бөлек дүние де, адамдар бір бөлек әлем. Автор барды барша суреттеп, баяндай салады. Табиғат суреттеріне көркемдік қуат, тұспал, кесте дарытпайды. Мысалға романның алдағы беттерінен ай әлі талай рет сәу-

ле құяды. Бірақ әйтеуір көкте күліп тұрған ай ол. Жел еседі. Өзен ағады. Таулар төсін кереді. Алайда олар да тек өз бастарын жарылқауда. Көктем шыққасын – өзен аға салған. Жел ескісі келгесін – соға салған. Тасын Таңатар, Русаковтар басқасын – тау кітап ішіне ене салған.

Дегенмен, бұл – табиғат пен адамның бір-бірінен дербестігі ештеңе де емес. Бөлімдердің, адамдардың өздері бір-бірінен бөлек. «Сағымды дала» атты бірінші бөлім өз алдына бір жеке шығарма – повесть тақылеттес. Ондағы оқиғалардың да, ауылда жүріп жатқан өзгерістердің де, тап күресінің де екінші «Мыс жорығы», үшінші «Қазына төрінде» бөлімдеріне байланысы шамалы. Ал, «Жез таулар» деп аталатын романға келсек, ол осы екінші бөлімнен басталып, үшінші бөлімде жаңа ғана қанат жаяды. Мына тұрғысында ол әлі жалғасуға тиістей. Өз дамуының орта тұсына келіп тоқталып қалғандай. Сонымен, біздің бірінші бөлім мен екінші, үшінші бөлімдердің арасына сына қағуымызға себеп те – осы сюжет бөлектігі, нысана, кейіпкерлер әрбасқалығы. Басты кейіпкер Таңатардың мыс жорығына селсоқ қатысуынан, немесе Қаныш Сәтбаев, Михаил Петрович Русаковтардың Таңатар аулына жол-жөнекей соғып кетуінен екі бөлек туынды «Сағымды дала» повесі мен «Жүз таулар» романы біріге қалмайды.

Бөлек-бөлектік тек осы айтылғандармен тынса жақсы ғой. Тынбайды. Сол екі бөлек шығармада бөлек-бөлек тағы біраз оқиғалар, эпизодтар бар, басы артық кейіпкерлер жүр. Мысалға Құспанның ат туралы сыны (17-бетте), қыран туралы әңгімесі (23—25-беттерде), автордың Шалғынбайдың Қанқажы байдың әкесі Омар төре алдына кіруін суреттеуі керексіз. Ортақ желіге де қатыссыз, кейіпкер келбетін ашуға да септігі тиіп тұрмаған эпизодтар. Қаныш Сәтбаев өмірбаяны да (200-бет) осының

керін құшқан. Шынында да: «Алғашқыда ол Семей семинариясында оқыпты. Елде сот болыпты. Одан жиырма алтыншы жылы Томскі шаһарында жер қоймасын зерттеуге машықтандырған арнаулы оқуды бітіріпті. Сол оқудан оралған кезден бастап жыл сайын жаз айларында Арқаның батыс белегіндегі Торғай, Ұлытау, Қумола, Кеңгір бойларын шарлайтын бопты...», – дегендей деректердің қажеті қаншалық? Оспан – Қарлығаш арақатынасы (187-бетте) айтылатын (Оспан Қарлығашқа орамал сыйлайды) тұстың да түкке керегі жоқ.

Ал, 153-бетте Дыбенко деген біреу аяқастынан шыға келеді де, 158-бетке дейінгі жерді ен жайлап алады. Айтпақшы, ол қарақшы Бейсектер ұстап алып, ұрып-соғып, молаға қамап қойған Танатар мен Сарычевті құтқарады. Үңгір есігін бекіткен дәу тасты аудара салғанын «міндет» қылады ма, өз адамдары – қарақшылардан қашып отырып кеп (Балқаш) жағасына барып жасырынады. «Сегіз жылдай Ганкеге еріп, әбден адасып, қашқындықпен, ит-қорлықпен ғұмыр кешкен жігітті» тәңірі жарылқады ма, әлде автор аяды ма, оның алдынан алдыңғы жылы қайтыс болған приказчик Афанасий Кошелевтің жас жесір әйелі Алевтина айдай жарқырап жалаңаш шыға келеді. «Дыбенконың көзі мұны шалғанда ес тандыра құтыртқан ыстық, соқыр сезім көкірегіне құйылды. Он жылға жуық көрген барлық ауыртпалық азаптарын бір-ақ сәтте ұмыттырған белгісіз құмарлыққа итермеленген асау тілек кеудесін жарды» (156-бет). Сосын тығылып отырған жерінен атып шығып, аппақ аруға айтады:

«...Көйлекшең тұрған бейненді, шешінген сұлу мүшенді көріп, ұмытылып кеткен рақат сезімдерге бөлендім. Тап қазіргі сәтте сен мен үшін көктен түскен су перісіндейсің. Құшайын, сүйейін. Қорықпай қасыма кел.

– Ұяттан безген, құтырған кәрі сайтан!.. Жоғал көзімнен...

– Жаным-ау, талай жылдан көксеген аяулы жарқыным-ау, бос сөзді қойсаңшы. Шыдамымды тоздырмай кел бермен. Бол, жағаға шық!..

– Әнені, төбет иттей қыңсылап, құйрығын бұлақтатып үздігуін. Аулақ, аулақ жүр!..» (157–158 беттер).

Дыбенко бұған көнсін бе, шешініп суға қойып кетіп, әйелді су ішінде құшты. «Сақал-шашы малшынған, ашық, сұрғылт көздері отша жанған, арыстандай айбатты еркектің берік құрсауынан енді құтылмасын Алевтина да білді. Қайта мойнына, бетіне жанасқан Дыбенконың сақалы, мұрты ішкі жан әлемін ұйтқытқан қасиетті жібектей сезілді» (158-бет).

Романға он қайнаса сорпасы қосылмайтын Дыбенко не үшін керек? Алевтина үшін керек болыпты. Бірақ одан бізге – оқырманға не пайда? Қайта әдепсіздігін көрсетіп, «теріс» әсер етті. Романның негізгі желісінен назарымызды басқа жаққа аударып, біраз әлекке түсірді ол.

Дыбенконы қойшы, ол аяқастынан шыға келіп, жоқ болып кеткен кездейсоқ кейіпкер ғой. Ойлана қарасақ, Қаныш Сәтбаев сияқты кейіпкерлерден де айрылып қалатын сияқтымыз. Расында да ол кім романда? Екі рет көрініп жоқ болып кететін кейіпкер. Оның негізгі желіге де, мыс жорығына да, Қоңыратқа да қатысы жоқтың қасы. Маңдайы кере қарыс келісті жігіт екенін көрдік. Тірлігі мәнді екен. Өмірі сәнді екен. Әңгімешіл, жарқын жас екен. Сонымен біткені ме? Иә, біткені. Жалт етеді де жоқ болады. Шындығы да сол – Қаныш Сәтбаевты шығармаға араластырмаса да, одан ешбір нұқсан келмейді.

Сонда романда ұстап тұрған нәрсе не? Таңатар ма? Жоқ. Ол – «Сағымды дала» повесінің ғана басты тұлғасы. Русаков па? Жоқ. Өйткені, оның

да бейнесі жартылай жасалған. Енді не нәрсе? Біздіңше ол – оқиға, шаруашылық, өндіріс. Себебі Әзиев кейіпкерлері шеттерінен дерлік тағдыр тәлкегіне тап болған адамдар. Олар тағдырды билемейді, өмірді өрлетпейді. Тағдыр оларды билеп, өмір оларды алға сүйрейді. Сондықтан да... Басты кейіпкер, жалынды жас Таңатардың өзі – негізінен, дәрменсіз біреу. Романның өн бойында оның ең болмаса бір рет кесек ісін, жүрек ерлігін көреміз бе? Жоқ. Айбике Әрінбекке «жем» болып кеткенде, таяқ сүйретіп барып бір қайраттанып еді, шамасы итті сабауға ғана жетті. Басқа жағдайларға келгенде де ахуалы сондай оның. Мұны өзі де, автор да мойындайды: «Ес білгеннен бергі сезінген, көрген, кешкен жас ғұмыры – түк тұлдыры жоқ, құр алданып, сәкеку (?) дүние» (34-бет); «Өлі отызға жетпеген осы санаулы жасында ол не көрмеді? Барлық шеккен жан азаптарының ішінен оның қабырғасын күйреткен екі түрлі азалы, ауыр оқиға бәрінен алабөтен танылады. Сүйген жардан, туған әкеден айрылу жігіттің жүрегін жаныштап, көңілін ұзақ уақытқа жетімсіретіп кеткен-ді» (151-бет). Енді осыған ашынған жігіт қайралып, шыңдала түсуі керек қой. Таптық санасы толық оянып, күрескерге айналуға тиіс қой. Жоқ, керісінше ол Әрінбектің өліміне (оны інісі Ошақбай атып өлтірген) өзі өлтірілгендей қиналады. Сол өлім жанын жеп, алаң етеді. Ендеше оның өмірінде қызық тым аз екеніне таңданатын не бар? Жарқырап атқан таңнан болмашы алау ғана алуы да заңды ғой.

Басты кейіпкер Таңатардың жағдайы осылай болғанда қалғандарға не жорық?

Айбике де – аз көрінген кейіпкер. Өлсіз жан. Табанға тапталған, байғұс біреу. Өмірінде жарық жоққа жуық. Махаббатқа жаңа қолы жетіп еді, зорлық-зомбылықтың көкпарына айналды. «Мына ата-енеден ешбір қолдау, не мүсіркеу көрмеген сор-

лы пақыр аттандап қайда барсын? Жан ұшырған сәттегі бар тапқан әрекет-айласы – бүрісіп, өксіп жас төгу» (53-бет), Таңатар қолын созса тағы талпынбайды. Кері итереді (Бұл қылығы авторға болмаса бізге мүлдем түсініксіз). Ақыр соны оқ та соны тапты. Бақытына қолы жете бергенде өлім құшты.

Қайратты, тілді шал – Шалғынбай еді. Ол да өкінішпен көз жұмды. Бандылардың қолынан қорлықпен қаза тапты. Қаныш болса, жоғарыда айттық, екі-ақ рет, онда да «кездейсоқ» келіп кеткен қонақ кісі.

Русаков та көбінесе сөз, сапар үстінде көрінеді. Рас, ғалымдық парасатын, геологтық еңбеккерлігін, азаматтық жүрек жылуын көзбен көріп, көңілмен түсінбесек те автор баяндауы, хабарлауы бойынша біраз аңғарарымыз бар. Тегінде, романдағы негізгі, тақырыпқа тікелей қатысты бірден-бір кейіпкер де осы.

Қанқажы, Құспан, Қырмызы, Әрінбек, Әкім, Тақуабай, Жаңқаш, Топатай, Байболсын, Бейсек, Мейрамбек, Смайыл, Оспан, Мұқыш, Слепцов, Сарычев, Ганке, Оразбай, Алтынбек, Дәния, Қарлығаш, тағы басқалар – бұлар қосалқы, немесе эпизодтық кейіпкерлер. Өз дәрежелерінде көрінбеген, баржоғы төбе көрсетіп, жүз танытқан адамдар.

Көріп отырсыз, романда бірде-бір толыққанды мүсінделген кейіпкер жоқ. Және де, бәрі дерлік – орта, тағдыр, жағдай құлы.

Жасанды эпизодтар, нанымсыз детальдар тағы молшылық. Мысалға, бүркіт өткір бәкіні ет-метімен жұтып қойып өлмей тірі калады. Оны айтасыз, Құсекең, (Құспан) оны құстың «жемсауын саумалай сығып, іле шығарып алады». Бәкі құстың тамағын кеспепті, қайт бүркіттің бөтегесі оны «кесіп», жасытып жіберіпті (25-бет). Жалшы-кедейлер малын тартып, алғанда, төбесіне шыққанда,

материалдық, рухани қысым жасағанда Қаңқажы, Әрінбек, Әкім мен Тақуабайлар әшейін қайғырып жүреді де, тек шабындығын Шалғынбайлар алып қойып, орып жатқанда ғана шын күйінеді. «Бұл жолғы олардың кеуделерін керген – өрекіген қызулық емес, немесе ежелгі қақасу пиғылы да емес, мына көзге, көңілге ыстық қасиетті тау-тас, шұрайлы өлке, асыл топыраққа байланысты тұтанған нағыз терең күйікті сезім» (61-бет). Міне, автор осылай дейді. Неге сенбеске оған? Қаныш Таңатарға біресе сен (76-бетте), біресе сіз (78-бетте) деп сөйлесе де, келісе бересіз. Тағы сол сияқтылар.

Сонымен, мұның бәріне кім кінәлі? Кейіпкерлердің өздері ме? Әлде роман сюжеті, оқиғалар ма, негізгі нысана – өмір, тағдыр тартыстары ма? Жоқ, автор. Жазушы Таңатарды, Айбикені, Русаковты және басқаларды өз болмыстары, мінездері тұрғысынан дамытпай, қақпалап, олардың сөзін де өзі айтып, олардың әрекетін де өзі жасап беріп отырса, көне бермегенде, нашар, ортақол сомдалмағанда не істемек кейіпкерлер? «Кейіпкер – қойдан да жуас». Мұндайда олар автор – өз жаратушысы дегеніне көне береді де. Соның нәтижесінде тағдыр тайраңдап, оқиға ойрандап, ойларына не келсе соны істеген. Адамдарды қалағандарынша билеп-төстеп, илеген. Ендеше басты кейіпкер – оқиға да, тағдыр да, шаруашылық-өндіріс те емес, автор Әмен Әзиевтің өзі болып шығады ғой.

Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды да белгілі. Өз кейіпкері Русаков Қоңырат төрінен мол мыс көзін тауып, жез таулар тұрғызуға жаңа бет түзесе, жазушы жағдайы да солай. Оның тапқаны – Өмір. Адамдар жан-жүрегіндегі жез таулар емес, әзірше тас таулар. Бойында кені бар болғанмен қазынасы әлі аршылмаған, ақтарылмаған тас таулар. Тас таулар не деп тіл қатушы еді?..

Ортақол роман атты ұғым бар. Ол қандай болады? Оған жауап – жоғарыда біз ортасында қалып қойған Қалмұқан Исабаевтың «Өрде», Әмен Әзиевтің «Жез таулар» романдары. Бір қызығы – олар да (ортақол романдар) егіздің сыңарындай ұқсас болады екен. Сыры, сипаты, сұлулығы бірдей. Біз қаншама басқаша талдап, соны қырларынан келуге тырысқанмен аталған романдар бір-біріне «туыспын» деп тарта берді. «Тақырыбымыз ағайын» дейді. «Тапқанымыз да бір» дейді. Ақиқаты да солай екені рас. Өндіріс өмірі, жұмысшы табының жан дүниесі – ортақ тақырыптары болса, айырмасы: бірі – жиырмасыншы жылдардағы Жезқазған жағдайын, екіншісі – қырқыншы жылдардағы (соғыс кезіндегі) Қарағанды қам-қарекетін, қарастыратындығында. Бірақ сюжет шашыраңқылығы, желілер арасындағы байланыс әлсіздігі, схематизм салқыны, жасандылық жарқындығы, ортақол қаһармандар, тұтқыр тіл – міне, оларды ойсыратқан «ортақ» олқылықтар. Демек, бұдан әрі сөз қозғап, тағы бір орташа романдарды тілге тиек етіп жатудың қажеті бар ма?

Роман қадірін түсіріп, қатарын жөнсіз көбейтіп жүргендер де – осындай ортақол романдар.

Қаламгер қасиетін кемітіп, абыройын артқа тартып жүргендер де – осындай ортақол романдар.

Жазушы Қалмұқан Исабаев та, Әмен Әзиев те қаб-летсіз емес. Оған дәлел – олардың осы романдары бетте-рінен-ақ табылады. Біз оларды аттап өтпей, ретінде мысалға келтірдік те. Сондықтан да бұл романдарды тамаша тақырыптарды игеруге аз да болса өзінше үлес қоса алған шығармалар дегенбіз. Тағы да солай дейміз. Алайда бұл қанағат па? Әрине, қанағат емес. Тіпті өз кезінде-ақ алып Абай былай деп ажарлы айтып кетіпті: «Жаманға салысып жақсы бола ма? Жақсыға салысып жақсы

болады-дағы. Жүз ат бәйгеге қосылса, мен бәйге алдым деген сөз болса жарар, алдында неше ат бар деп сұрар, артында қалған ат нешеу деп сұрағанның несі сөз? Мен бес аттан, он аттан ілгері едім дегеннің несі қуаныш?» (Жиырма үшінші сөзінен). Демек, оқырман да қаламгерлерден өз талант, мүмкіндіктеріне орай тамаша, тәуір туындылар күтеді. Біз де осы талап биігінен табылып, талдауға тиіспіз.

БЕСІК ЖЫРЫ – БАСТЫ ЖЫР...

Алып Абайдың мына бір жыр жолдарын бөріміз де кішкентайымыздан жаттап өстік:

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең...

Бұл – қашаннан қазақ өміріне тән, етене болмыс. Қашаннан қазақ өмірінде тал бесік пен тас табыттың арасын өлең алып жатыр. Бірақ осы ғажайып өлең өлемінің төл басы, тұңғышы қайсы? Сөз жоқ, Бесік жыры:

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат бөпем...
Жағадағы құндызым,
Аспандағы жұлдызым.
Айыр қалпақ киісіп,
Ақырып жауга тиісіп,
Батыр болар ма екенсің?
Күндей жайнап маңдайың.
Тақылдаған таңдайың
Шешен болар ма екенсің?..

Иә, есте жоқ ерте кезден-ақ қазақ баласы анасының әлдиі арқылы Бесік жырымен ауызданған. Олай болса, осы ұлы өлең – қазақ балалар әдебиетінің ғана емес, күллі тіл өнеріміздің тұңғыш туындысы емес пе? Бұдан аңғарарымыз: Бесік жыры – біздің әдебиетіміздің бастауы, қайнар көзі,

бесігі. Ал, бесіксіз айдарлы бала да жоқ, азамат Баһадүрлер де жоқ. Ендеше «Керқұла атты Кендебай», «Қаңбақ шал» ертегілерін, «Алпамыс батыр», «Қыз Жібек» қиссаларын айтпағанда, асқар Абай мен қызылсұңқар Сәкен Сейфуллин, жүз жасаған Жамбыл мен ұлы Мұхтар Әуезовтердің де анасы – бесік жыры, балаларымыз әдебиеті. Демек, қазақ балалар әдебиетінің ерте туған, әлдеқашан қалыптасқан, қазіргі таңда да бірінші әдебиет, басты жанр екендігінің басы ашық.

Бірақ кейде бірінші, басты жанрдың да даму дәрежесі төмен, көтерілу биіктігі аласа бола береді екен. Қазіргі таңдағы балғындарға арналған әдебиетіміздің жағдай-күйі осыған дәлел. Бірақ, бұл – біздің ойымызша, уақытша ахуал.

Әдебиет деген сөз – араб сөзі. Ана тілімізде асыл сөз деген мағына береді. Демек, әдебиет шығармасы атаулының бірінші белгісі – жақсы жазылу. Ал бұл шарт балалар шығармасына екі есе керек. Неге бұлай екенін, біз бұл жерде тоқтап, дәлелдеп жатпасақ та, өзінен-өзі түсінікті деп білеміз.

Сонымен, балалар әдебиетінің ең бірінші және ең басты ерекшелігі – жақсы жазылу, тек қана жақсы жазылу десек, оқырманның жас ерекшелігін ескеру – екінші басты ерекшелігі. Шынында да балалардай әрқилы, алуан түрлі оқырман жоқ. Солай болса да оларды мектебіміз бөлгендей оқытады. Демек, бала оқырмандарды да бөбек-балғындар, бастауыш мектеп жасындағы балалар (октябрияттар), орта мектеп жасындағы балалар (пионерлер), жоғары класс оқушылары (комсомолдар) деп топтастырсақ орынды. Міне, осы бөлулерден олардың қабылдау-талғау ерекшеліктері де көрініп тұр. Біздің ойымызша, қазақ әдебиетінде осы жіктелу, жас ерекшеліктері жете ескерілмей келеді. Өйткені, бөбектерге арнап жазу мен октябрияттарға, пионерлерге арнап жазуда айырмашылықтар бола тұра,

бұл жастағылар бәрібір физиологиялық жетілу жөнінен де, әлеуметтік жетілу жөнінен де табиғаттас, ұқсас. Сондықтан да оларды бір топқа қоса беруге болады. Ал, өтпелі жас кезеңінен (13–14 жастан) бала бойында үлкендікке ауысу (биологиялық өзгеріс) басталады. Ендеше бала 13 жасқа дейін даусыз бала болса, ал 14 жастан ол бозбалалық (жасөспірімдік) кезеңге аяқ басады. Енді бұл кезеңдегі жасөспірімдерге берілер білім-білік те, тәрбие де бөлек. Орыс әдебиетінде осы өзгешелік дұрыс аңғарылып, оларға арналған әдебиет «Юношеская литература» делініп, жеке қарастырылып келеді. Біздер де, міне, осыны ескеріп, балалар әдебиетінен жасөспірімдер әдебиетінің еншісін бөлсек жөн. Өйткені, бұл жастағы «балалардың» тікелей бөбектерге арналған әдебиет үлгілерін оқи қоймайтынын, оған қанағаттанбайтынын айтпағанда, оларға үлкендер әдебиетінің барша түр, топтары түсінікті де, тиісті де.

Осы тұрғыдан келсек, 1983 жылы жарық көрген өлеңдік кітаптарды балаларға арналған және жасөспірімдерге арналған поэзия деп екіге бөлуге болар еді.

Біз бұлардың ішінен бөбектерге, балдырғандарға арналған жыр кітаптарына алдымен тоқталғанды жөн көреміз.

Өйткені, бәрі де балалық шақтан басталады. Мұның ішінде, әсіресе, мектепке дейінгі кезеңнің маңызы айрықша. Шынтуайтына көшкенде, баланың болмысын мүсіндеп, бет-бағдарын байқаптып, «қалыптастырып» үлгіртетін де осы кезең. «Баланы негізінен алғанда бес жасқа дейін дұрыстап тәрбиелемесеңіз, оны қайта тәрбиелеуге тура келеді.

Ал, қайта тәрбиелеу, бірден тәрбиелеуге қарағанда әлдеқайда қиынырақ», – дейді А. С. Макаренко. Осы ұлы совет педагогінің пікіріне төмендегі

жапон нақылы да үндесіп жатады: «Ұлыңа беске дейін патшандай қара, он бес жасқа дейін қосшыңдай сана, он бес жастан асқан соң досыңдай бағала». Міне, осы ерекшеліктерді балалар поэзиясы өте қатты ескеруі керек. Сәбиге шешесі бесік тербетіп отырып, нені айтады, бөбекке алғаш әкесі нені оқып береді, мұнда шешуші мән бар. Уызға жарыған қозы кейін шымыр жетілетін болса, бала да алғаш қандай өлеңмен танысады: соған орай сөз дәмін ажыратады.

1983 жылы жарық көрген кітаптардың үздігі, біздіңше, белгілі ақын Оспанхан Әубәкіровтің «Қағаз қалпағы» («Жалын» баспасы). Бұл – атынан бастап әрбір туындысының затына дейін, әрпінен бастап әлібіне дейін дерлік таза балдырғандар кітабы. Балалар шығармасына қойылар басты талаптар: біріншіден, өмір танытқыштық, екіншіден сұлулық (мазмұн мен пішін жарасымдылығы, көркемдік келісім), үшіншіден, тікелей, терең тәрбиелік мәнге ие болу болса, «Қағаз қалпақ» осы талаптардың бәріне түбегейлі жауап береді. Яғни бұл кітапқа тұтастай алғанда да толыққандылық (кеңдік пен биіктік және тереңдік) тән дей аламыз.

Бұл өлеңдер кітабының аты қарапайым болғанмен, үлкен мағынаға ие. Бәріміз де бала кезімізде қағаз қалпақ киіп, қағаздан қайық, қалқан жасап ойнағанбыз. Оспанхан Әубәкіров қоя салған есімде осындай тарих, ұрпақ өмірбаяны жатыр.

Қағаз қалпақ жасаушы ем,
Тым қоқитып әсемдеп.
Қоқиғаны су тисе,
Қалушы еді бәсеңдеп.

Қағаз қайық жасаушы ем,
Кереге көз дәптерден.

Сол қайығым мықты еді,
Бұлақ суын қақ бөлген.

Қағаз қалқан жасаушы ем,
Боламын деп Алпамыс.
Қамыс найза жасаушы ем,
Қол кессе де сол қамыс...

Қарапайым жолдар қарапайым шындықты жеткізіп тұр. Бірақ әсерлі. Осы балалық өмір қазіргі балаларға жат па? Жоқ. Бала түгіл үлкендердің алаңсыз кезін еске алғызып, жүрегіне бір жарық түсіреді.

Жинақ жанрлық жағынан өлеңдер мен тақпақтарға, мазақтамалар мен сықақтарға, ертегілер мен мысалдарға, жаңылтпаштар мен жұмбақтарға жіктелсе, соның бәрі дұрыс. Осы жанрлардың бәрінің де жақсы үлгілері кітаптан табылады.

Жоғарыда айтылған үш басты сипат қандай да бір балалар туындысына тән десек, осы үш қасиетке ие бола отырып, әрбір ақынның кітабы өзіндік өзгешеліктерге де, яғни автор талантының табиғатынан туған өзіндік суреткерлік сипаттарға да ие болуға тиіс. Мұндайы жоқ жазушылықта жан да, жылу да мандытып кездеспейді.

Оспанхан Әубәкіров творчествосына тән бірінші ерекшелік – біздің ойымызша, қарапайымдылық. Дәлірек айтқанда, халықтық қарапайымдылық. Оның туындыларын оқып отырғанда, бейне бір оларды жазба әдебиет өкілі емес, халықтың өзі жазғандай сезінесің. Бойында бүгінгі күн рухы, табы соншалықты сезіліп тұрса да, Оспанхан өлеңдері халқымыздың фольклор сандығынан алына салынған сияқты. Мысал үшін төмендегі жолдарды оқып көрейік:

Шодырайып шекесі,—
Қой бастаған серкесі.

Шопан деген – құтты есім
Еліміздің еркесі.
Омырау – алтын,
Мол құрмет,
Еш жерде жоқ тендесі,
Тау мен тастың елдесі,
Ай мен Күннің жерлесі –
Аға шопан боламын,
Аға шопан болмасам,
Бала шопан боламын,
Болам десем боламын!

(7-бет)

Қорғасыннан құйыла салғандай құтты жолдар. Балталасаң бұзылмас сыртқы ұйқастарды айтпағанда, ішкі ұйқас қандай. Оның үстіне тек бала айтатын сөз. Тек балаға жарасатын көтеріңкі, патриоттық лебіз. Қойшылық мамандыққа оқыған баланың еріксіз махаббатын оятқандай. Тек бір өттеген-ай – «омырау – алтын, мол құрмет» деген жол болмағанда Шопан болсаң, міндетті түрде орден аласың, құрметке кенелесің деген ой жатыр мұнда. Ал, балаларымыздың атақ үшін, абырой үшін шопан болуының керегі бізге шамалы.

Оспанхан Әубәкіров творчествосына тән екінші ерекшелік – тақпақтық. Бұл – балалар ақыны үшін ерекше қажет ерекшелік. Балауса оқырманы үшін өлең ғана емес, өлең-тақпақ жазған ақынды бай ақын десек те қателеспейміз. Ал, Оспанхан Әубәкіровтің тікелей үгіт-үлгіге, нақыл-насихатқа құрылған өлеңдері түгіл сықақтары мен ертегілері де, жұмбақтары мен жаңылтпаштары да тақпақтан тұрады, жеңіл оқылады, оңай есте қалады, жедел жатталады. Бұған себеп – олардағы сексеуілдей шымыр, жаңғақтай нәрлі мазмұн, жараған сұлу аттай жинақы, сақылдаған дыбыстық келісім – жұтынған жұп-жұмырлық.

О. Әубәкіровтің таланты сан қырлы, көркемдік құралдары кенен. Ол – балаларды теріс әдеттен, жаман қылықтан жирендіріп безіндіру үшін жақсы өнеге, ашық сырласуды ғана емес мазақтауды да, сықақтауды да сәтті пайдаланады.

«Күнделікпен» бәріміз де бірге өстік,
Кластардан кластарға бір көштік.
Ал, Әлидің «Күнделігі» жылайды:
«Өмір бойы көрмедім, – деп, – бір «бестік».
(«Әлидің күнделігі», 43-бет)

Небәрі бір-ақ шумақ бұл сықақтың дәл ондыққа тиіп тұрған мерген өлең екеніне кім таласа қояр екен?

Қазіргі қазақ балалар поэзиясында құстың сүтіндей аздың біреуі – сықақ өлең, мазақтамалар, мысалдар. Мұны балалар поэзиясының арғы-бергі кезеңдерін шолсақта, үлкенді-кішілі ақындарымыздың творчествосын шолсақта байқаймыз. Сондықтан да Оспанхан Әубәкіровтің мол, жемісті сықақшылығын айрықша бағаласақ абзал. Мына кітаптың да тұтас бір бөлімі сықақ, мазақтама, мысалдар болғаны қуанышты.

«Ұйқы – дұшпан» деген ғой,
Сүт бір күні іріп қапты:
Сүттің мұндай қылығын
Әжем ғана біліп қапты.
Не дерін білмей тұрып қапты.
«Бұл сүтке ұйқы ұя салыпты», –
Депті де әжем айранды,
Бір дорбаға құя салыпты.
Сүт сонда ғана оянып,
Еңіреп тұрып жылапты,
Көзінің жасын бұлапты.
...Бәлкім, жұрттың есегі,
Өңгіме ғой кешегі:

«Дорбадан аққан сары су
«Сүттің көз жасы», – деседі.
«Мұныңыз өтірік», – десең де,
Ертегіге сыяды-ау
Әй, дегенмен, балалар,
Көп ұйықтаған зиян-ау.

(«Сүт қалай ұйықтады», 80–81 беттер)

Мысал ма? Мықты мысал. Сүйкімді өтірік. Шыпшырғасы бұзылмаған шындық. Тақпақ па? Қызық та ғибратты тақпақ. Мұндай маңдайы жарылған өлеңді үлкен балалар ақыны ғана жаза алса керек.

Қазіргі қазақ балалар поэзиясында жоқ та емес, бірақ көп те еместің біреуі – ертегілер. «Мен бастауыш мектепте ертегіге еркіндік берілмеген деп білемін... Ертегіге оралу қажет. Ертегі – балалардың творчествосы, бұл творчество балаларға ғана тән. Ертегісіз балалық шақты елестетудің өзі қиын», – дейді ұлы совет педагогі В.А. Сухомлинский. Нақ сол айтқандай, ертегімен табыспаған балалық шақ – жүдеу ғана емес, жартыкеш, жетім деуге де келеді. Ендеше балдырғандарға арнап ертегі жазу – ең бірінші борыш та, міндет те. Осы орайда О.Әубәкіровтің «Сіз бен бізі», «Нөңі» шын мәніндегі бүгінгі замандық ертегілер. Алғашқысы балауса ұрпақты сыйластыққа, кішіпейілділікке, мәдениеттілікке баулыса, кейінгісінде қатпарлы философиялық ой-астар басым, әрі үлкендерге де арналған ертегі.

«Ң» әріп боп туғалы,
Қалам алып қолына
Өнер жолын қуғалы,
Әшекейлі, көрнекті,
Жол басынан бастайтын
Бас әріп боп көрмепті.

«Жуастан жуан шығар», – дегендей, бір күні бар шатақ осы «Ң» әрпінен шығады. Елге сіңірген еңбе-

гі кем болмағандықтан, оның да бас әріп болғысы келеді. Қарап отырсаңыз, айтқанының жаны бар:

Жалаңаяқ жар кешіп,
Қызылаяқ қар кешіп.
Боламын деп бас әріп,
Мен қақпаған бар ма есік?
Қол-аяғы имиген
«Г»,
«Ғ» деген аш-арық,
Шамасына қарамай,
Бұлар дағы Бас әріп...
Менің жаман бауырым
«Н» деген де Бас әріп,
Бола қалса Бас әріп,
Сөз сөйлейді шашалып...
Бір басымда санасаң,
Өнер,
Білім тегіс бар.
Болмайтұғын Бас әріп
Қай жерімде кеміс бар?

Осылай деген «Н» әрпіне басқа әріптер «Қазақта «Н» әрпінен басталатын бірде-бір сөз жоқ» деп уәж табады. Алайда «Н» әрпі бұған да көне қоймайды. Айсбергті қазақтар ертеде «Нөң» деген дейді. Мұның анығын білмеген, ақ-қарасын ажырата алмаған әріптер тілден қалады. Ал, автордың айтары:

«Нөң» деген сөз қазақта
Жоқ десең де еркінде.
Қарыз сұрап тұрған жоқ,
Бар десең де еркінде.
«Нөң» деген сөз қазақта
Жоқ десек де еркінде.
Бар десең де дәл содан
Бұзылмайды көркің де.

Ақын шешімді бала оқырмандардың еркіне қалдырған. Ал, «Нөң» біздіңше, бірді-екілі үлкендерге

де арналған ертегі. Сол үлкендердің бірді-екілі – біздің ойымыз: «Ңең» деген сөз бұрын жоқ болса да Оспанханның мынау ертегісінің құрметіне бар деу.

Бұған қоса айтарымыз – О.Әубәкіровтің бұл ертегісі бүгінгі ертегі жазудың әсем үлгісі. Себебі, мұнда өмір танытқыштықты, терең тәрбиелік мәнді, өлеңдік көркемдікті былай қойғанда, ілгеріде айтылған 1) халықтық қарапайымдылыққа, 2) тақпақтық табиғатқа қоса, 3) тапқырлық, 4) нәзік юмор, 5) ең бастысы – адамға деген мейір-махаббат бар.

Кейіпкер әрпіміздің осы шатақтығы, басбұзарлығы суық, қынжыларлық қылық па? Жоқ. Оспанхан суреттеуінде сүйкімді болып шыққан. Қайта бала оқырман іш тартып, қолдап-құптап отырады. Мұндай мейірім-махаббат Әубәкіровтің талай-талай туындыларына тән десек, тағы асыра айтпаймыз. Және бір мысал:

Сазан деген – бозқасқа ғой,
Қой сойғандай асып жейсің.
Бүйрек-сирақ болмаса да,
Кәдімгідей басын жейсің.
Дейді әжем қара ұршығын
Ары-бері зырылдатып.
(Асырайтын балығымды
Соямыз ба сырылдатып?)

(«Тірі балық», 29-бет.)

Сазандай бозқасқа балықты сою, өлтіру – асырауға алып келген лирикалық кейіпкер – бала үшін қатыгездік те болып көрінері де рас. Оқып отырған бала оқырманның да сары сазанға жаны ашып, қобалжуы бек мүмкін. Бірақ осындай орасан «адамгершілікке» жатпайтын лебіз, қылық та ақын суреттеуінде қаталдық болып шықпайды. Пышағын жалаңдатып отырған әжені жек көріп кетпейсің. Ақын қаламының қуаты деген де осы болу керек.

Ал, ақын творчествосындағы асыл арқаулар – сәтті тапқырлық пен шуақты юморды кез келген өлеңінен-ақ жеткілікті байқаймыз.

Балалар қаламгері болып туа жаралу керек деп жүрміз. Бұл кез келген балалар ақынына қойылар талап. Бірақ біздің ойымызша, жақсы жаңылтпаш, жұмбақ жазу үшін мұның өзі аз. Бұл жанрда жазатын адамға балалар ақыны болуға қоса тікелей жаңылтпашшы, жұмбақшы акын болып тағы тууы керек. Өйткені кез келген балалар ақыны жаңылтпаш пен жұмбақ жаза алмайды. Бұған Ө.Тұрманжанов, М.Әлімбаев, Қ.Ыдырысов, Ө.Дүйсенбиев іспетті үлкен тума балалар ақындарымыздың тәуір жаңылтпаш, сәтті жұмбақты тым аз жазғандары, немесе жазбағандықтары бір дәлел болса, балғындарға арналған бір жыл көлеміндегі жыр жинақтар және бір айғақ. Міне, осындай екі есе қиындықты еркін жеңіп, төмендегідей жақсы жаңылтпаш, жұмыр жұмбақтарды тудыра білген ақын талантына қалайша сүйсінбессің?

Телефоным:

Ызың-ызың,

Біресе үзік-үзік ызың,

Біресе ұзын-ұзын ызың,

Бұл не деген қызық-қызық ызың.

(97-бем)

Қай тай лақтай,

Қай тай тайлақтай?

Тайлақтай лақ тайлақтай,

Лақтай тай лақтай,

Лақтай тай тайлақтай ма?

Тайлақтай тай тайлақтай ма?

(98-бем)

Бұл жолдарда дыбыс үндестігін қуалап, қызықтырып, баланы жаңылдыру ғана емес, өлең де бар.

Демек, бұл аталмыш жаңылтпаштарда ой да, образ да кездеседі, оларда танымдық мағлұмат та, тәрбиелік мән де аз емес деген сөз. Нағыз формализмге құрылатын, ішкі мазмұннан гөрі сыртқы тіршілікке туысқан жанрдан да өлең жасай білу – тек дарқан дарынның қолынан келер игілік.

Бергі жағынан қарасаң
Арғы жағы көрінеді.
Арғы жағынан қарасаң
Бергі жағы көрінеді.

(108-бет. шешуі: әйнек)

Басы да екеу,
Аяғы да екеу.

(109-бет, шешуі: қайшы)

Қолтығыма кіреді,
Қызуымды біледі.

(109-бет, шешуі: градусник)

Жинақжабар «Қожа мен спорт» атты қуыршақ театрына арналған екі бөлімді комедия да – ғибратқа бай, күлкіге жомарт шынайы шығарма. Егер балаларға арналған пьесаларымыз жоқтың қасы екенін ойласақ, Әубәкіровтің бұл туындысының қаншалықты құнды екені дәлел тілемейді.

Енді осындай өлеңдер, тақпақтар, мазақта-малар, сықақтар, мысалдар, ертегілер, жаңылтпаштар, жұмбақтап жазған, жаза алған ақын кітабында кемшілік бар ма? Бар. Біз оны әдеттегі ұзын сонар мақтаудан кейінгі «алайда» үшін айтпаймыз. Бұл – айтылуға тиісті, принципті кемшілік. Әуелі, ақын кейде әліппелік жаңсақтықтар жібереді. Бірлі-жарым болса да, ұйқасқа салақтық танытып, қарабайыр жайларды қайта баяндап береді.

Бұралқы сөз күлмекке жақсы десек те, ол бәрі-бір бұралқы сөз ғой. Ендеше «Қожа мен спорт»

комедиясындағы кейіпкерлеріміздің бұзықтық пиғылына, жалаң жұдырық құмарлығына ойлансақ қайтер?

«Қоқы: Бір. Тұр деймін-ей, түр. Екі. О, есектің еті. Үш. О, сорлы пыш. Төрт. Тұрсаң саған серт, тұра алмасаң маған серт. Бес. О, мес болған мес. Алты. О, есектің арты. Жеті. О, маймылдың беті. Сегіз. Тұр деймін-ей, егіз. Тоғыз. Кетер басты, қоңыз. Он. Өлгенің жөн. Иманды бол, доңыз.

Алтыншаш: Он.

(Қоқы Сойқанын сүйреп әкетеді)

Мен оның қаққанда қанын алдым,
Соққанда сөлін алдым,
Өшім қалғандай сабадым».

(141-бет)

Осы мысалдардағы асты сызылған сөздерге зер салыңызшы. Қоқы шетелден келген жаттықтырушы болса да, өз шәкіртін осынша жерлеп, қорламаса керек. Ал, совет баласы Қожаға жат елдің боксшы баласын сабау мұрат па екен.

Мұндай міндерді айтудың керегі – олар Оспанхан таланты жетпегендіктен емес, жай ғана байқамаудан кеткен, жібермеуге болатын, тез жөнделетін кемшіліктер. Алайда О. Әубәкіровтей акынға байқамауға бола ма?

1983 жылғы тікелей балдырғандарға бағышталған кітаптардың ішіндегі ендігі бір елеулісі – ақын Нұрхан Жанаевтің «Ақ көгершіні», Жинақ «Таудай бол!», «Құстар әні», «Қызық бала», «Ертегілер» атты төрт бөлімнен тұрады. Жанрлық тұрғыдан байыптасақ: жинақ әжептәуір жан-жақтылық танытады. Өрелі өлеңдермен қатар тәуір тақпақтар, өтірік өлеңдер, жұмбақтар мен жаңылтпаштар, ұйқасын тап... пен ертегілер бар кітапта,

Н.Жанаевтың бала өмірін, психологиясын білетіні, бала боп түсініп-түйсініп, дана боп ойлап-түйе алатыны сезіледі.

Бір балаға бір бала
Жолдас емес құр ғана.
Олар – тату-туысқан,
Бірін-бірі ұғысқан.
Отан ортақ оларға,
Бақыт ортақ әманда,
«Барлық бала туысқан», 4-бет.

Жыңғылдай әлді, жидедей нәрлі балалар өлең-тақпағы бұл. Жинақтан мұндай мысалдарды көптеп келтіре аламыз. «Таудай болам», «Ата», «Тер», «Жас бағбан», «Жарыс», «Қайрат пен қаймақ», «Лаққа ақыл», «Әже», «Жалғыз жапырақ», «Өрік» секілді қысқа да нұсқа шумақтарды осындай туындылар қатарына жатқызуға болады. Олар балабақша тәрбиеленушілері мен бастауыш кластар оқушыларының бойын да, ойын да жетілдіріп, қиялын да, қайратын да ұштайтын шығармалар.

Өкінішке орай, жинақта жетімсіздіктер де жеткілікті.

Біріншісі – әрқилы мазмұндық қайталаулар. Алдында ғана:

«Таудай бол!»
Бұл – ағамның тілегі.
«Таудай бол!»
Бұл – әкемнің тілегі.
Бәрін қабыл аламын,
Әлі-ақ таудай боламын, –

деп балдырған атынан әдемі айтқан ақынға өзінің ойын өзі таптаурын ету жараса ма?

Мен тауға барамын,
Арманшыл баламын.

Шыңындай қол жетпес,
Дәу жігіт боламын.

(8-бет)

Мұндағы ой қайталауларды көзге шұқып көрсетіп жатудың қажеттілігі шамалы. Екінші бір мысал:

Үйден шығып ертемен,
Қыста шаңғы тебемін.
Үйден шығып ертемен,
Жаяу жорық шегемін.
Мұның бәрі —тынығу,
Мұның бәрі – шынығу.

(12-бет)

Бұл – «Шынығу—тынығу» деп аталатын небәрі алты-ақ жолдық өлең. Көріп отырсыз, шымыр, ширақ өлең. Бірақ осы ойын ақын басқа да «Демалыс» атты өлеңінде және қайталайды:

Жайдары жазда
Қызықтар аз ба?
Барамын қала,
Барамын дала,
Түсемін суға,
Кіремін нуға,
Саялап бауға,
Шығамын тауға.
Таппаймын тыным,
Демалыс мұным

(20-бет)

Жә, осы мысалдарымыз да жетер.

Жинақтағы ендігі бір елеулі кемшілік – Нұрханның өлең, тақпақ, жұмбақтардан басқа жанрлардағы талабының көбінесе сәтсіздігі. Рас, Н.Жанаев өтірік өлеңдерді де сәтті жазған. Бірақ олары аз, шағын төрт өлең болғандықтан, біз бұл жинақтағы авторды анық өтірікші ақын дей алмасақ керек.

Ал, жаңылтпаш пен ертегілерге келгенде ақынның тапқаны аз, ашқан өмірлік-өнерлік жаңалығы мардымсыз. Бізді «Арықтан су сылдырып ағады, сылдырап ағады. Сылдырап ағып сылдырамаға барады. Сылдырамадан сылдырап ағып Сырдарияға барады» дегендей бірлі-жарым жақсы жаңылтпаштар «Ерте, ерте ерте ме, Ертегі әлде ерте ме?» (142 бет) қанағаттандыра қоймайды.

Үйір-үйір үйректі,
Үйірге кім үйретті?
Үйіріне үйірілген,
Үйіршіл үйректі
Кім үйретті?

(46-бет)

Өлеңдік өрнегі шамалы, шалағай жаңылтпаштар бұлар. Біріншісінде мағынасыздық бар. Екіншісі баланы жаңылдыра қоймайды. Үшіншісінің мазмұны күмәнді. Жылқыда үйір болатын еді, ал үйректе үйір бола ма өзі?

Ақын ертегілерінде жүрдек те жеңіл тіл, әуезді ырғақ сүйсіндіргенмен, осы еңбек желге ұшқандай заялық танытып жатады. Мәселен, «Сабырлы кірпі» шығарма ретінде тәуір болғанмен, тым шолақ. Сондықтан да ертегіден гөрі мысалға келіңкірейді. «Тышқанның тойы» да осындай ой, оқиға жетімсіздігінен әлсіреген. Айтары бұлыңғыр. Тышқанбайдың тойына мысықтарды шақырмау себебі түсініксіз қалдырылған. Ертегіге ғажайып оқиғалар, алуан кереметтер тән десек, мұнда ол тағы жоқ. «Ит пен мысық» ертегісінде екі кейіпкердің: ит пен мысықтың араз бола салуы нанымды емес. Түлкі әйтеуір араға сөз жүгіртті екен деп, достар жау болып кете бара ма? «Құйрықсыз түлкі» ертегісін де осындай бір мықты түйін, ертегілік бітім жетіспеуі ақсатқан.

Ақын Мұбарак Жаманбалиновтың «Ақын бала» атты кітабына да жылы сөз айтуға болады. Автор бастауыш кластан оқушыларына біраз қазына ұсына алған. «Тәй, тәй, тәй», «Бәрімізге ұнайды», «Бір аптада», «Шофермін», «Алғашқы қар жауғанда», «Терек», «Тырна», «Ескі ай ма бұл, жаңа Ай ма?», «Кетіп қалды өкпелеп», «Мақтаншақ жапалақ» сияқты өлеңдердің танымдық мәні терең, тәрбиелік мәні жоғары.

Жап-жасыл ғып қояды,
Бүкіл орман, даланы.
Соншама мол бояуды
Көктем қайдан алады?

(«Көктем қайдан алады?», 19-бет)

Екі төбет тал түсте
Тебісті да тартысты.
Екі жылқы сүзісті,
Біреуінің көзі істі.
Екі саулық таласты,
Мұрындары қанасты.
Дұрыс па, осы бұрыс па?
Бұрыс болса дұрыста.

(«Дұрыс па, әлде бұрыс па?» 32-бет)

Мұндай өлеңдердің балаларға арналғанын, жақсы екенін, оларды ойландырып, өмірді, өңірді тануға тәрбиелейтінін дәлелдеп жату артық.

Бір қызығы – таланттан тапшы емес болса да, М.Жаманбалинов өлеңді қиналып жазатын сияқты. Өйткені, оның кітабына тән басты кемшілік – көңілдегі көрікті ойының кейде қағазға түскенде өңі қашып жататыны. Жақсы материалдан тек жақсы киім тігілу керек десек те, автор көп ретте-ақ олпы-солпылық аңдатады.

Біруыс дәнді шашып қап,
Қарадым шолып қашықтан.

Ұшып кеп бірде (?) әрқайдан
Мәз болды суық торғайлар...
(3-бет)

Бала дәнді жаңа ғана шашса, торғайлар да іле-шала ұшып келіп, шоқып жатқан жоқ па? Ақынның ендеше «бірдесі» несі?

Мұндай қиналуды әсіресе «Ақын бала» дастанынан көреміз.

Тек бір бала төрдегі
Болысыңды көрмеді
Отырысы салмақты
Болысқа да сол батты.
Алды да ол бір жастықты
Күмп еткізіп бас сұқты (?)
Әдетінше баяғы
Созып сосын аяғын,
Түкситті де қабағын,
Жас жігітке қарады..

(44-бет)

Шалағай зорлап қиыстырылған ұйқастар. Арагідік ұйқассыз бос тұрған жолдар жөне бар. Содан соң болыс қайда күмп еткізіп басын сұққанын ойлап көрсек ше? Үйдің ішіне әлдеқашан кіріп қойған. Сонда болыс басын жастықтың ішіне сұғып жібергені ме? Сонда ол жас жігітке қалай қарай алып отыр?

Бір сөзбен айтқанда, «Ақын бала», – әлсіз туынды. Оның үстіне ол поэма да емес, ұзақ өлең ғана. Ойы терең емес, оқиғасы шолақ, ұзақ өлеңдердің бәрін дастан деп есептей берсек, не болмақшы?

М.Жаманбалиновтың «Есер ханның әлегі» ертегісі, жалпы алғанда, жаман дүние емес. Тек бір ғана өттеген-ай, ханның содырлардың содырын табу туралы соңғы жарлығының мәнсіздігі. Алдында ғана хан есерлердің есерін табуды бұйырған. Енді содырлардың есерден айырмасы шамалы емес пе!

М.Жаманбалинов жинағының жаңалығы – шарадалар. Шарадалар бүгінгі ғылыми-техникалық революция өрістеген заманның жұмбағы десек те болады. Ақын шарадалары негізінен талапқа сай. Бала оқырманға білім де береді, білік те ұсынады.

«П» әрпінен басталсам,
Екі-ақ адам сыяды,
«К» әрпінен басталсам,
Дүние жүзін жиямын.

(Парта, карта)

Небәрі үш-ақ әріппін,
Ырысымын халықтың.

(Нан)

Совет әдебиетінің көшбасшысы Максим Горький үлкендер жазушысы ма, балалар жазушысы ма? Оған оқулықтар мен анықтамалықтар негізінен ересектер қаламгері деп жауап береді. Ал, біздің ойымызша, Горький – балалар жазушысы. Себебі, оның бүкіл творчествосы дерлік үлкендерге қоса балаларға да ұғынықты. «Сұңқар туралы жыр», «Дауылпаз туралы жыр», «Изергиль кемпір» әңгімелері, «Балалық шақ», «Кісі есігінде» естелік-повестері, «Ана» романы жас қауым шығармалары да емес пе? Оны айтпағанда, Совет өкіметі орнағаннан кейінгі Горькийдің тікелей совет балалар әдебиетін тудырып, қаз бастыруға сіңірген зор еңбегі ше? Қоғамдық қайраткер, совет жазушылар ұйымын ұйымдастырушы, романшы Горькийдің тікелей бөбектерге арнап ертегілер мен әңгімелер жаза бастауы ше? Бұл – жұмысының аз болғандығынан ба? Әлде оған өзінің «Клим Самгиннің өмірі» іспетті трилогиясын жалғастыру пайдасыз ба еді? Жоқ, әрине. Бұл балалар әдебиетінің, басты әдебиет, ерекше маңызды әдебиет екендігін ескеруінен еді. Себебі, Горькийге балаларға арнап

жазу – тек оқырман табу ғана емес, ол – елдің болашағын, керек десеңіз, келешек әдебиетімізді қалыптастыру бірінші кезектегі мемлекеттік, азаматтық міндет екенін түсінген. Сондықтан да ол 1918 жылы-ақ совет балаларына арналған тұңғыш «Елка», журналын шығарып, өзінің «Самаурын» сияқты ертегілерін жазып еді. Балалар баспасын ұйымдастырып, С.Маршак, М.Ильин, Л.Пантелеев, В.Каверин, Л.Кассиль секілді жазушыларды да балалар әдебиетіне әкелді. Тіпті М.Горький: «Балалар балғын шағынан бастап адамға деген сеніммен қарулануға тиіс. Жазушы творчествосының құдіреті – оларды, шындалған, табанды күрескер етіп қалыптастыруда», – деп жазған болатын.

Қазір осы міндет күн тәртібінен түсіп отыр ма? Әсіресе, бүгінгі қазақ балалар әдебиеті үшін. Жоқ. Керек десеңіз, бұл – бүгінгі қазақ жазушылары үшін екі есе міндет. Біріншіден, қазіргі қазақ балалары әдебиетінің даму деңгейі төмен, кенже жасағы аз болса, екіншіден, уақыттың алға жылжуымен бірге ай сайын, жыл сайын мыңдаған, миллиондаған сәбилер дүниеге келіп отырады. Демек, бұл – дүниеге жаңа ұрпақ, жаңа оқырман да келіп жатыр деген сөз. Ал, оларды тәрбиелеу қажет, заман талабына сай әдебиетпен сусындату қажет. Бұл дегеніміз – Отанымыздың болашағын, демек әлемнің келешек келбетін қалыптастыру әрқашан бірінші және басты кезекте күн тәртібінде тұр деген сөз. Ендеше «Соғыс және бейбітшілік», «Анна Карениналарын» қоя тұрып, балаларға мысал, ғибрат әңгімелер жазған Лев Толстой қаракетін барша талантты, үлкен қазақ жазушыларына үлгі етсек оңды. Әрине, мұны олар адамдық борыш қана емес, азаматтық міндет деп қараса дұрыс болар еді. Иә, біз мұны тек қана ірі, тұлғалы суреткерлерімізге құлаққағыс етіп отырмыз. Өйткені, қабілетсіз, ортақол қабілетті қалам ұстаушылардың үлкендер

әдебиетіне керегі шамалы болса (әрине, олар зәру, кенже жанрларда – мәселен, детектив, фантастика, сын жанрларында, жұмысшы өмірі тақылеттес тақырыптарда ортақол туындылар жазып та күн көре алады, керек десеңіз, күн көріп қана қоймай, мақталып та жүр), балалар әдебиетіне мүлдем керегі жоқ. Өйткені, олардың пайдасынан зияны көп. Қалыптасқан оқырман татымсыз туынды әсеріне тосқауыл қойып, өзін сақтай алса, ал бала оқырманның бірден қабылдап «уланып» қалары анық. Оның жаны – таза, ақ қағаз ғой, ал қағазға не жазсаң да түсе береді. Оның үстіне балаларымызға тікелей арнап жазатын талантты қаламгерлеріміздің өте аз екенін ескерсек, қазақ балаларының халі қаталап келе жатқан жолаушымен бірдей емес пе? Ал, қандай да бір ата-ана, адам нәрлі сусынды алдымен балаларға бермей ме? Ендеше біз ірі суреткерлеріміздің балаларға арналған әдебиеттің бірінші кезектегі басты әдебиет екенін ұғып атсалысуы, балаларға арнап шығармалар жазуы міндетті деп білеміз.

Тұманбай Молдағалиев сияқты үлкен ақындарымыздың балалар әдебиетіне келіп, бірнеше жылда болса да арнайы кітап шығаруының маңызы, міне, осында. Біз мұндай қадамға қатты қуанамыз. Рас, Т.Молдағалиевтің «Етекбай атам үйінде» жинағында жасөспірімдерге, жоғары класс оқушыларына арналған жырлары басым. Бұл шығармалардың да түгелдей дерлік талантты, жақсы жазылғанын ескерсек, оларды бөбектер болмағанмен, бастауыш кластар балалары да ықыласпен оқып, қабылдайды деп ойлаймыз. Себебі, ақынның өз балалық шағына саяхат жасауы, қиын да қызық күндер суреттерін тірілтуі жүректі жарып шығып жазылған бүкіл бітімімен: лирикалық кейіпкердің жан қызуымен, жүрек сырымен бейтарап қалдырмаса керек. Оны былай қойғанда, ақынның тікелей

жастарға арналған өлеңдері де көп жағдайда-ақ балаларды баурап аларлықтай. Өйткені он жасар баланы айтпағанда, бес жасар балдырғанның өзі шалқар бір теңіз ана тілін игеріп, өмір жайында өзінше пікір түйе бастайтыны күмәнсіз. Сондықтан да біз балаларды әлі де бала ғой, әлі түк түсінбейді деп пайымдап қатты қателесіп жүрміз. Біздің ойымызша, бес жасар баланың өзіне махаббаттан басқа қоғамдық-әлеуметтік, күрделі де маңызды мәселелердің барлығын да айта беруге болады. Нақ осы себепті де Н.К.Крупская: «Кейбіреулер балаларға Ленннің балалық шағы хақында ғана жазу керек деп ойлайды. Бұл – қате. Біздің жас өркен ұрпағымызды көсемнің бүкіл өмірі қызықтырады», – деп айтқан болса керек. Бұл айтылған жайларды мықтап ескеріп қана қоймай, жүзеге асырғанымыз орынды екені анық.

Үйренбеді ол маған,
Өзінше қанша күн ердім.
Әкелдім де орманға,
Қоянымды жібердім.

Қорлағаным мұным не,
Тірі жанның баласын.
«Барсын, дедім үйіне,
Тапсын, – дедім анасын.

Келсем мұнда кідіріп,
Шолам таудың өзегін.
Секең-секең жүгіріп,
Жүрсін бе аман, көжегім.

(«Қоянның көжегі», 80-бет)

Бұл – саңқылдап оқып шығуды, сахнада жатқа айтып беруді тілеп тұрған тақпақ емес, бірақ балаларға арналған нағыз өлең. Бірінші жақтан айтылған бала сыры тек шынайылығымен ғана әсерлі

емес, өлеңде кішкентай баланың үлкен жүрегінің жылуы сезіледі. Баланың көжекті ғана емес, күллі табиғатты сүйетінін автор сәтті жеткізген.

Молдағалиевтің бала кейіпкеріне советтік өмірге деген махаббат, адамға деген сенім тән. Ол жақсылықтың жоқтаушысы, кішкентай болса да күрескер. Бұл – ақынның жыр жинағының бойына біткен жақсы ерекшелік, нұрлы нышан.

Мектебіме алып барып,
Ленин өзі сабақ берді.
Көдімгідей қолына алып,
Дәптерімді қарап көрді.
Әр класқа көшкен сайын,
Риза боп тұрды ол қарап.
Берді сыйға көктем айын,
Берді маған күнде қанат. ,

(«Ленин ата», 96-бет)

Қазақ балалар Ленинианасы – әлдеқашан-ақ үлкен бір әлем болса, ақынның мына өлеңі сол айдыңға келіп құйған бір кішкене мөлдір бұлақ дер едік.

Халқымыз қаһарманға қашаннан кенде емес. Ұлы Отан соғысында Қазақстаннан жүздеген батыр шықты. Бірақ батыр Бауыржан Момышұлы біреу-ақ. Ол ешқандай да екінің бірі, егіздің сыңары емес. Т.Молдағалиевтің «Бауыржан батыр» атты өлеңі осы өлім деп еңіреген ерге – мүсіндеген кейіпкеріне лайық өлең.

Бас имеді төңірге де,
Арпалыста өсті жаумен.
Оққа көнбей алып дене
Туған жерде кешті дәурен.
Қыран өмір – бір құдірет,
Үнемі айқас, үнемі дау.
Сол денені ерге сүйреп,
Соққан жүрек, жүрек еді-ау...

Өлеңнің басты құндылығы – Б.Момышұлының алып тұлғасын ажарлы мүсіндеуінде, қазақ әдебиетінің Бауыржаннамасына қосылған әдемі үлес болуында ғана емес. Оның балалар жыры – Бауыржандай жыр болуында. Қазақ балалар поэзиясына осындай батыл, Бауыржан жырлар керек, көп керек.

Жатыр міне, Батыр аға,
Өз бақытын бақ демеген.
Түсіп қалды жаңа ғана
Өмір атты ақ кемедең.
Туған елдің қақ төрінен
Ерте тұрды неге Батыр?
Бір Бауыржан кеткенімен,
Мың Бауыржан келе жатыр.

Міне, ең қуаныштысы да осы. Бір Бауыржан – бірегей Момышұлы мәңгі тірі. Ізінде мың Бауыржан келе жатыр. Мынадай мықты жырлар бүгінгі Бауыржандарға, болашақ Бауыржандарға қызмет ете берері күмәнсіз.

Жиһақта мұндай өрелі өлеңдер аз емес. Бірақ ақынның осындай мүмкіндігін көріп, осындай озық жырларының дәмін татқан бала оқырман одан тек ойлы жырлар, отты батыр, Бауыржан жырлар күтетіні даусыз. Ал, «Етекбай атам үйіндегі» барлық туындыларды Т.Молдағалиевтің үлкен таланты тереңінен, жүрек жалынынан жаралған дей алмасақ керек. Мұндай ақынға өз биігінен жоғарылай түспесе, төмендеуге болмайды. Оны «ақын да адам ғой» деп біз түсінгенмен, бала түсінбейді, Ақында қаламынан жаралған әрбір сөзді кілең қадірлеу, мәпелеу бар сияқты. Ол да дұрыс. Алайда балаға өліп-өшкен ата-аналық махаббатпен бірге қажетті жерінде қаталдық, «шапалақ» та қажет десек, өлең де осыны тілейді. Ақын осы жайтты мықтап ескер-

се, жинақтағы баз бір өлеңдердегі босбелбеулік, шұбалаңқылық, баяндаушылық сипат тіптен кездеспес пе еді деп ойлаймыз.

Бір қызығы – 1983 жылғы балалар поэзиясы туралы сөзді осымен аяқтауға болады. Оның себебі Қадыр Мырзалиевтің «Қызыл кітап», «Жарасқан Әбдірашевтің «Досың болғым келеді» секілді жыр кітаптарын «Жалын баспасы», оның ішінде Жарасқанның жинағын «Жеткіншек» редакциясы шығарғанмен, олар ең төмен дегенде жасөспірімдерге арналған, ал шындығында анық жастар кітаптары болғандықтан тоқтап, талдап жатпаймыз. Өйткені, мақаламызда жасөспірімдер, жастар әдебиетінің егініне түспей-ақ өз нысанамыздың бары мен жоғын түгелдеп алсақ та аз болмайды. Сонымен бірге издесек, тікелей балдырғандарға, пионерлерге арналған тағы да біраз жыр кітаптарын таба алар едік. Бірақ оларды іс жүзінде тырнақша ішіндегі кітап деген жөн. Мәселен, Кәрім Сауғабаевтың ақындығына дауымыз жоқ. Алайда ол өзінің «Үлгі» атты кітабында балалар ақыны бола алмаған, тек болашақта болуы мүмкін-ау деген нышан ғана танытқан. «Әже сөзі» секілді тәуір өлеңдер өте сирек.

Бас бармағым қой бақсын,
Балаң үйрек ой бақсын.
Ортан үйрек үй салсын,
Шылдыр шүмек күй салсын.
Кішкене бөбек ойнасын,
Ойынға бір тоймасын.

(«Бес көмекші», 9-бет)

Бізді мүлдем күдер үздірмей үміттендіретін осындай жолдар. Бірақ жинақтағы мұндай өлеңдерді санауға бір қолыңның саусақтары-ақ жетеді. Ал, бес-алты өлең үшін К.Сауғабаевты әзірше балалар ақыны деп жариялай алмасақ керек. Жинақтағы

қалған кырықтан астам «өлеңнің» денін арзан үгіт, жалаң баяндау, жадағай репортаждық тәсіл мешеу еткен. Оған ұйкас мүлтіктері, ой қайталаулар (5, 8, 13 беттерді өзара салыстырыңыз) қосылса, мұндай туындысымақтарды мысалға келтіріп жатудың мақаламызда ұзартқаннан басқаға септігі шамалы.

БОЛАШАҚҚА БЕТТЕГЕН БЕС СОҒПАҚ

Жастар баспасы «Жалынның» бір жақсы дәстүрі бар. Ол – баспа жанынан Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі Мемлекеттік комитеті Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетімен, Қазақстан Жазушылар одағымен бірлесіп жылма-жыл өткізіп келе жатқан жастар мен балаларға арналған үздік шығармалардың республикалық жабық конкурсы. Дәлірек айтқанда, жас әдебиетшілер жарысы. Бұл бәйге алғаш «Жалын» альманағының жанынан ұйымдастырылып, он жылға жуық жүргізілген еді. Ал соңғы жылдарда тікелей баспа жанынан ұйымдастырылып келеді.

Бәйге әдебиетімізге не берді?

Бұл – қазіргі уақытта баршамызға белгілі. Бәйге алған қаламгерлердің аттарын атаудың өзі-ақ көп нәрсені аңғартады. Тынымбай Нұрмағамбетов, Оралхан Бөкеев, Мұхтар Мағауин, Молдахмет Қаназов, Қарауылбек Қазиев, Сейілбек Қышқашев, Төлеуғали Есімжанов, Күләш Ахметова, Марат Қабанбаев, Құрманғазы Қараманұлы, Әшірбек Көпішев... Біз жүзден озған жүйріктердің бәрін тізіп, түгелдеп те отырған жоқпыз. Сондай-ақ бұлардың бірсыпырасы бәйге алғанға дейін де танылып қалғап талантты жастар-тын. Басқаларын да тек бәйге алғандықтан жазушы болды, – әйтпесе болады деу жөнсіз. Дегенмен, бәйгенің аты – бәйге. Оған қатысудың өзі – бір сын болса, топты жарып

озып келу – айтарлықтай жеңіс. Олардың жүлде алған шығармаларының әдебиетімізге жақсы дүниелер болып қосылғаны да даусыз. Мұның өзі – әсіресе, әдебиет есігін енді ашқап талапкерлердің шамасын байқатып, сенімін арттыратын, қаламына қанат бітіретін фактор. Сондықтан да жоғарыда аталғандарды да, аталмаған жүлдегерлерді де осы конкурс тапқан, ашқан, әдебиетке әкелген есімдер деп кәміл айта аламыз. Қазір бұлардың алды әлдеқашан қалыптасқан жазушыларға айналып, Одақтық, республикалық сыйлықтарды иемденсе, соңғы алғашқы кітаптарының, туындыларының тұсауын кескендер.

Сексенінші жылдардың алғашқы жартысында бұл бәйге құлашын жазып, өрісін тіпті кеңейте түсті. Соның бір көрінісі «Жалын» баспасы 1981 жылдан шығара бастаған сериялы жинақ – жүлдегер шығармалардың топтамалары еді. Атап айтқанда, оның алғашқысы «Жалғыз салт атты» деген атпен сол 1981 жылы жарық көрсе, екіншісі «Арманымның ақ құсы» деген атпен 1982 жылы жарық көрді. Бірақ өкінішке орай, 1983 жылы жарық көрген «Дөңгеле күн, дөңгеле» ең соңғы топтама-жинақ болып шықты.

Біздіңше, бұл серияны қайта қолға алып, жандандырған дұрыс.

Біз енді мақаламызда осы кітаптарға енген бірнеше жүлдегер шығарманы нақты талдасақ дейміз.

Алғашқы адым қандай? Кезекті белестің келелігі қаншалық? Бұл жағдайларды білудің кітапқа енген авторлар ғана үшін емес, әдебиетіміз үшін де, оқырман қауым үшін де зор мәні бар. Себебі, бірінші қадам екінші қадамның басы ғана емес, бәрінің бастауы болуы да әбден мүмкін. Кейде талапкер сөз өнері иесінің бақыты мен табысы да, бүгінгі мен болашағы да бірінші қадамда жатуы ғажап

емес. Лермонтов пен Достоевский, Майлин мен Мақатаев өздерінің мықты екендіктерін алғашқы шығармаларымен-ақ танытқан. В.Г.Белинский «Бейшараларды» оқып шыққаннан кейін-ақ: «Дүниеге Гогольдің жаңа ізбасары келді және ол бәрін де басып озады», – деп Ф. М. Достоевскийдің келешегін көрегендікпен белгілеп берсе, «Еңлік-Кебектей» кесек трагедияны жазған жиырма бір жасар М.О.Әуезовтің бойында болашақ эпопеяшы сол кезде-ақ қалыптасып келе жатыреді. Шап-шағын «Шұғаның белгісі» жазылмаса, асқаралы «Азамат Азаматыч» романының жаралуы неғайбіл десек, «Дүние, есігіңді аш, мен келемін» деп бастаған М.Мақатаевтың жетпісінші жылдары тұлпар дастан «Райымбек, Райымбекке!» құлаш ұруы заңды. Ендеше, қандай да бір алғашқы адымға, тұңғыш кітапқа ерекше назар аудару керектігі – басы ашық нәрсе. Сонымен қатар екінші, үшінші, одан кейінгі қадамдардың – кезекті белестердің де сын, әдебиеттану ілімі тарапынан терең талдау-таразы көруі керектігі және анық. Өйткені, арзан мен асылдың арасы, еліктеу мен үйренудің нәтижесі, ізденіс пеп өзіндіктің межесі осы қадамдарда жатыр. Жас жазушы нені қалай және қаншалықты жазды? Айтпағы не еді? Айтқаны, айта алғаны не? Жалпы, сондай жаңа жазушы әдебиетке келді ме? Бар ма, жоқ па? Міне, бұл жайларды бағамдаудың қаншалықты маңыздылығы дәлел тілемесе керек. Неге дейсіз ғой?

Оның себебі әдебиеттің жалпы даму дәрежесі, көркемдік көкжиегінің кеңеюі оны қандай жас, жаңа жазушылардың толықтыратынына ғана тікелей байланысты емес. Өйткені сол болашақ дарынсыздар мен дилетанттардың да алдын алып, болашақ прозашы Мүсіреповтер мен ақын Молдағалиевтердің жолын ашып, бағын таситатын басты бір фактор – сын. Иә, сын жас

таланттарды талғамсыздықтан, жеңіл жолға түсуден сақтандырып қана қоймайды, оның өз тақырыбын, жанрын тауып, қаламгерлік қабілетін перспективалық жемісті өрістетуіне бағыт береді. Демек, жазушыны қалыптастыратын, қарыштататын факторларға оның өз таланты, үйренуі мен ізденуі, тер төгуіне қоса оның творчествосына қатысты жазылатын сын да жатады. Ал сынның әділ, дұрыс өнер шығармасы болып, жанашыр қамқорлық пеп жоғары талап тұрғысынан жазылу керектігі өз алдына, дер кезінде жазылып отыруы шарт. Иә, дер кезінде. Сол себепті де орыстың кемеңгер сыншысы В.Г.Белинский: «Ұлы шығарма туралы не айтылады, мұның маңызы сол шығарманың өзінен бір де кем емес», – деп айтса керек. Ал бұл байлам-пайымдаудың басқалай сападағы шығармаларға да толық қатысы барлығы өзінен-өзі түсінікті.

Марат Қабанбаевтың «Пысық болдым, мінеки» повесінің бірінші жүлдені жеңіп алғанын білеміз. Жалпы, оқырманға Маратты таныстырып жатудың керегі жоқ, Ол бұған дейін-ақ өзінің талантты, қалыптасқан қаламгер екенін жеткілікті дәлелдеген.

Демек, бұл повесть – Мараттың келесі белесі ғана емес, кесек белесі болуға да тиіс. Сондықтан да оған қойылар талаптың ауыр екендігі, Мараттың енді жаман жазуға тиіс емес екені, оның өз шыққан биігінен сәл де төмендеуі – ол үшін үлкен мін екені даусыз.

«Пысық болдым, мінеки», – бүгінгі балалар өмірін бейнелеген повесть. Басты кейіпкері – Досан деген ойлы оқушы, зерделі жеткіншек. Оқиға бірінші жақтан соның атынан баяндалады. Бір қарағанда повесте балалардың асық ойнауы, Досан мен Тілеш арасындағы қақтығыс, Досан мен үлкендер арасындағы қарым-қатынас суреттелгенмен, негізгі лейтмотив – туған жерге деген махаббат.

Сондағы Досанның ардақтап, шаң жуытпай ая-

лап жүрген ауылы – Аққұм. Ғайша айтса айтқандай: «Ойпыр-ой, Аққұм десе құм екен. Автобустан осы үйге жеткенше туфлиім топыраққа лық толды. Түу, қалың топырақтың астында қалай көміліп қалмай жүрсіңдер өзі. Не ағаш, не су жоқ. Ат көпір май топырақ. Ит байласаң тұрмайтын жер. Жігіттері де әулекі, ылғи ғашықтық қысып, қитығып жүрген біреулер. Қыздары болса – қызыл бет. Адамдары – алпамсадай ірі. Бәрінің: адамдарына қоса малдары мен үйрек-қаздарының жабылып ішкені – жалғыз колонканың темір татыған кермек суы».

Повесте ауыл өмірі тәп-тәуір таныстырылған. Түрлі кейіпкерлер: бала Тіләш – Үшбастың, Досанның туған әпкесі – Әйеш, түбір астындағы әпкесі Ғайша бейнелері де жақсы бедерленген. Көбіне-көп Досан суреттеуімен таныссақ та, Сейітхан, Қасен, Түйе ата, Шалтай жездейдің көрінулері де есте қаларлықтай.

Бірақ повестің ең басты табысы – Досан бейнесі. Оны қазақ балалар әдебиетіндегі өзіндік орны бар, жаңалықты кейіпкер дей аламыз. Дәлірек айтқанда, жетпісінші-сексенінші жылдардағы бала замандастарымыздың лайықты өкілі. Әр нәрседен хабары бар, білімді, қазіргі ғылыми-техникалық революция заманына сай жетілген, өз қатар-құрдастары түгіл, үлкендер арасындағы тек үлкендерге тән қарым-қатынастарды да (мәселен, мінез-күллік, махаббат) нәзік аңғара білетін бала. Сүйсінерлігі – белсенді, ойға, сөзге ғана емес, іс-әрекетке де бар бала. Әсіресе оның туған жердің әр түйір топырағынан қасиет іздеп, әр тал шөбіне үңіле жүруі, Аққұм суының шипалық қасиетін ашуын азаматтық десе де жарасады. Рас, кейде артық кетіп, жөнсіз құйысқанға қыстырылатыны да жоқ емес. Алайда, жалпы алғанда, Досан қылығы, қимыл-қаракеттері құптарлық. Балғын оқырманға тағылым-тәрбие берерлік.

Повесть аяқталғанда аппақ топырағы бар, шаңды шөлді, шипалы суы бар Аққұм ауылын қимайсың. Жігіттерді жігерлі, қыздарды қызылшырайлы еткен туған жердің қадірін біле түсесің. Шығарманың тұтас алғанда да жақсы туынды екеніне, бәйгені бекер алмағанына ден қоясың.

Десек те, повесте елеулі кемшіліктер де кездеседі. Оның ең бастысы, біздің ойымызша, тіл тарапында. Неге екенін қайдам, Марат әлі күнге дейін экспериментке құмар. Ғылыми-техникалық өрлеу әсері тілдік бейнелеу құралдарын жетілдіруге, жаңартуға қатты әсер ететін де шығар. Осы заманға, бүгінгі өскелең, өркендеген өмірімізге сай «тың» тіл, тосын тіркестер керек те шығар. Баз бір әдебиетшілердің мұны қатты қолдайтынын да білеміз. Олар Мараттың тілін, дәлірек айтқанда, тілдік ізденістерін, талай жаңа қолданыстарын нағыз қазіргі замандық тіл, тіпті бірден-бір дұрыс, ұшқыр уақытқа лайық, қазір мойындалмаса да болашақта бас идіретін тіл, ізденіс деп біледі. Біздің ойымызша, бұл – жөн емес. Мараттың мұндай ізденістерін қабылдаушылардап қабылдамаушылардың басым екенін айтпағанда, материалдың, экономикалық төңкеріс, ғылыми-техникалық революция рухани өмірге, мәдениет пен әдебиетке ешбір жүрмейтінін, жарамайтынын, онда жүзеге аспайтынын және аспағанын да атап айтуымыз керек. Тілдің көркемдік бейнелеу аясын былай қойғанда, сөздік-лексикалық, тұрғыдан да баяу өзгеретіні, толығатыны – ақиқат. Тас ғасырындағы құралдар тек тарихқа ғана қажет, музейге ғана таңсық болса, сол кезеңдегі тіл қазір де қолданылып отыр. Тікелей сөйлейтін халқы құрып кеткендіктен де өлі тілдерге айналған кейбір тілдерді есептемесек. Софокл мен Данте тілі, «Күлтегін» ескерткіштері тілі мен Пушкин тілі қазір де адамзатқа тән. «Алпамыс батыр» образдары мен Абай жырлары айшықтарында ас-

пан мен жердей айырма бар болғанмен, жетінші ғасыр қыпшақтары мен жиырмасыншы ғасыр қазақтарына бірдей ұғынықты. Қай кезде де өнерпаз емес, бояушы болу жараспайды. Қай кезеңде де ізденіс аясының шегі бар. Қаламды тау мен тасқа ұрған жастық албырттықтан айыққандағы, үйрену-шәкірттік кезеңінен өтіп, өзі үйретер ұстаз бола бастар кезеңге жеткендегі ізденіс бөлек, Жазушы бұл кезде тек эксперимент үшін жасалар экспериментті; қалың қарапайым оқырман, халық қабылдамас, түсінбес тәжірибелерді, тым тың, жөнсіз соны, асыра бағалаудан, теңеуден туған тіркестерге баруды доғаруы керек. Біз енді Маратқа әлі де осы бағытың дұрыс, тоқтамай тарта бер дегендердікі достық емес, шындықты бетке айтпау деп білеміз.

Рас, алғашқы қадамда Марат ізденістерінің жарасқанын да, жарқын жемістер бергенін де, қазір де біраз игілікке жеткізіп жүргенін де мойындауға тиіспіз. Мәселен, осының көріністерін мына повестен де табар едік: «Шетке ырғып түсіп, қолымды екі мәрте жайқап, реверанс жасадым. Қара Бонбы қос мүйізін аспандата көтерген күйі маған пысқырып қарамастан, тұяғы сыртылдап кете барды. Реверанс жасағанда өзін бұқалардың королімін деп ұғып қалса керек. Қара Бонбы баяғыдан король болғысы кеп бұзылып жүрген бұқа ғой. Әйтпесе алдында кім тұр деп көз қиығын бір рет салмай ма? Әлде, бұл шіркін, осы ауылдағы бір жас құнажынға ғашық болып қап миы ашып жүр ме?». Біз бұл мысалда жеке тіркестердің емес, жалпы ойдың озықтығын, жарасымдылығын бағалаймыз. Немесе мына бір мысал: «Шөпті сытырлата аунап түсіп, жұлдыздардың себелегеп сәулесіне бет жуып жатырмын». Әдемі ме? Әдемі. Осылай ойлап, осылай түйсінетін бала Досанның жаны сұлу екеніне күмән жоқ. Сөзсіз, мұндай ізденістерді құптайсың, жемістерге қуанасың.

Енді төмендегідей мысалдарға зер салайықшы: «Мана қос қалтаны асыққа лықа толтырып, бір-деңеден құр қалатындай қосаяқтай (?) шапқылап, жетуін жөтіп-ақ келіп ек, қазір екі қалта бос. Үшбас (?) егер осы жерде *былбырап піскен қой құлағына айнала қалса*, олла-білле, түк ойланбастан қылғи салар едім»: «Тілеш – Үшбас маған әрең бұрылды. Көзіндегі жарқыл да сөніпті. – Досан! – деді бетін өрі салып. Үні өзгер естіледі. – Досан, *арақ ішкім* (?) келіп тұр. «Шошып кетіп, шоршып түстім», «*Аяғы мақта, шүберек, резеңке тәріздес жұмсақ материалдардан жасалған бірдеңеге* (?) айналған ба, бұралаңдап бір-бірімен аяқасып кетеді», «*Еңкейіп кастролдің қақпағы секілді жалпақ бетін* (?) көзімнің қақ алдында жайымен арлы-бері *дөңгелете* (?) бастады», «Жо-жоқ, пәле тұмсықта емес, басқа жерде... Тұмсықта тұрған не бар, *тұмсық оттегі тартып, көмір қышқылын шығару үшін, сіңбіруге, сұртуге, тымау жұққызуға жаралған*, оны кім білмейді», – деген шатты-бұтты ойға баттым» «Қойған асы суып бара жатқаннан қатты *бір взвод ақымақ* (?) қой *барқырап* (?) кіріп келіп еді...»; «Қайқыбас шөміштен аумайтын Жетіқарақшы тастөбеде *дарға асылып* (?) тұр». Т.с.с. Тіл – ойдың көрінісі. Тіркестер (сөйлемдер) аяқталған ойды, жаңа мағынаны, сөздік келісімді жеткізеді. Осы тұрғыдан келгенде, алуан адамның алуан түрлі ойлайтыны анық. Бірақ соның бәрі әдеби ой, мәдени тіркес пе, көркемдік кесте ме, бейнелік ашылым ба? Әйтеуір, ойдың бәрі, сөйлемдік ойдың бәрі прозалық парасатқа, өмір танытқыштық өнерге, көңілден шыққан көрікті ойға, келісті келісімге жата бермесе керек. Ендеше, Досанның досы Тілешті Үшбас деп, қатар деп кемсітуі (өзге бір өресі төмендеу достары кемітіп, соны бізге... хабарлап жатса бір жөн), кемсітіп қана қоймай, «былбырап піскен қой құлағындай қылғи

салғысы» келуі қалай? Тілештің асықтан әділ ұтқанын, ойнағыштығын мойындау орнына оны жеп қойғысы келуі қалай? Әлден адамды жеп қойғысы кеп жүрсе, Досан кім? Оның ертеңі қандай болмақ сонда? Оның ертеңін ойламағанда, Досанның ұнамды емес, қауіпті бала екені байқалып қалмай ма? Тілештің «Арақ ішкім келіп тұр», – деуі де қатып тұрған жоқ. Бір дүкендегі арақты ішіп тауыса алмайтынын білмей ме? Тауыспақ түгілі, қарғадай баланың арақ ішуді ойлауының өзі қисынсыз. Біздіңше, бұл – Тілеш табиғатына сыймайтын, автор өз жанынан таңған жасанды ой. Оған қоса осы жерде біз Тілештің сүймен тауып, дүкен құлпын сындырғанына, дәлірек айтқанда солай аша алатынына сенсек те, арақты қиратқанына сенбейміз. Өйткені, біріншіден, мұндай аңғал, аңқау баланы жиырмасыншы-отызыншы жылдар болса бір сәрі, қазіргі жетпісінші-сексенінші жылдарда елден итпен іздеп таба алмайсың. Себебі, маскүнемнің ішкіш болғанына арақ емес, сол адамның өзі кінәлі екенін бесінші кластағы Тілеш түгіл, бестегі бала да білсе керек. Екіншіден, сол балалар бір бөтелке арақ сынса ертеңіне он бөтелке арақ әкелінетінін, демек, оны сындырып жоям деу құр әурешілік екенін тағы жақсы біледі. Сосын Тілештің ішкіш әкесінің құрамын белгілеуге қолданылған тәсіл бұрын «Кермек дәм» романында Асанның жаны құрамын түсіндіруде де қолданылғанын айта алар едік. Салыстырайық: «Жалпы менің жан сарайымның қабырғалары мрамор, әйнек, хрусталь тәріздес жарқылдақ материалдардан қаланған ба, білмеймін, төңіректегі табиғатқа қарасам болды, қайдағы бір әсем сөздер тіл ұшына байлана кетеді». («Кермек дәм», 150-бет). Демек, бұл тәсілді қайта қолданудың керексіздігі анық. Сосын кастролдің қақпағы секілді бет пәлендей тапқырлық емес екені өз алдына, осы беттің қалайша «арлы-берлі дөңгелене» бастағанын түсінбедік. Содан соң

тұмсыққа берілген анықтама да, қойларды ақымақ етіп, взводқа бөлу де, оларды барқыратып келтіру де, жетіқарақшы жұлдызын дарға асу да әдемі, сәтті емес. Егер осы мысалдардың бірінде Досан «шатты-бұтты ойға баттым» деп мойындаса, онысы әділ. Шынында да, бұл келтірілген мысалдарды, келтірілмеген тағы да осындай мысалдарды шатты-бұтты ойлар, образдар көрінісі десек ақиқаттан алыс кете қоймаспыз. Мұндай «сопылықтар», «ойлық, образдық «жаңалықтар» әдеби қазынаға қосыла қоймаса керек. Тіпті кейде Марат адам осылай да ойлайды ғой деп, әйтпесе сөздерді осылайша да тіркестіріп көрейінші, не шығар екен деп қызықтайтын сияқты десек те қиянат жасай қоймайтындаймыз.

Біз повестің аты да сәтсіз деп білеміз. Досан Аққұмның суын гидрологтарға әкеп тапсырғанда қыт-қыттаған Қасен ағасы: « – Ой, жігіт! Жарайсың! Ой, балдыз! Абай атамыз айтпақтай, болыс болдым, мінеки, пысық болдың, мінеки, бала!» – дейтіні бар. Досанның Аққұмның суының шипалы, арасан су екенін анықтатуы пысықтық па? Жалпы, оның іс-әрекетін, кылықтарын пысықтыққа саю жөн бе? Біздіңше, жоқ. Бұл – оның туған жерді, өмірді тануы, адамдардың арақатынасын аңғаруы. Ең бастысы – туған жерді сүйі, сүйгендіктен де әрекетке көшуі, азаматтыққа қадам басуы. Ендеше, мұны қаншама ұнамды мағынасында алсақ та, пысықтықпен шектеу орынсыз. Біздің ойымызша, жалпы жақсы повестің жаңсақ аты өзгертілсе керек. Затына аты сай болғаны ләзім.

Несіпбек Дәутаевтың «Ақ көгершін» повесін оқып болғаннан кейін менің есіме еріксіз «Қазақ әдебиетінің» 1982 жылғы 25 июньдегі санындағы редакциялық мақаласында: «Жаңа таланттың шығуы – үлкен оқиға» – деп жазғаны оралды. Шындық шынында да солай. Жаңа талант күнде туа бермейді. Әрбір алғашқы туынды іргелі талантты

әдебиетке әкеле бермейді. Ал «Ақ көгершін» повесі – жаңа талантты, керек десеңіз, жазушыны туған әдебиетімізге алып келді.

Иә, мойындауымыз әрі қуануымыз керек – Несіпбек Даутаев алғашқы «Ақ көгершін» повесімен-ақ жазушы. Оны айтасыз, «Ақ көгершін» повесі – қазақ балалар әдебиетіне кейінгі жылдары келіп қосылған соны шығармалардың бірі.

Сонда қалай, Несіпбек Дәутаев әдебиетке бірден нық басып келген қаламгер ме? «Ақ көгершін» аяқастынан туа салған жақсы, алайда, кездейсоқ шығарма ма? Сонда қалай, әдебиетте де батпан құйрық кездесетін болғаны ма?

Жоқ. Әдебиетке Дәутаев бүгін және бірден келіп отырған жоқ. Ол қолына қалам алғалы он жылдан асты. Ойлы очерк, тәп-тәуір өлеңдерімен арагідік көрініп те жүрді. Бірақ ол әдебиетке келуге асыққан жоқ. Он шақты жыл бойы өзін іздеді. М.Әуезов пен Қ.Мұхамеджановтың, Ө.Тәжібаев пен Р.Нұрғалиевтің әдебиетіне келуге жүрексінді, қасиетті сөз өнері алдындағы жауапкершілік пен көтерер міндетті сезінді. Тек 1979 жылы ғана алғашқы қадамға тәуекел жасады.

Оның нәтижесі – көріп отырмыз, жемісті. Екінші сыйлық алу. Құтты қадам. Әдебиетке бірден жазушы болып ену. Кештеу, кенжелеу келгенмен, отыз жасына лайық ойымен, отымен келді.

Біз сәл де болса асыра айтып, қатты қуанып кетпедік пе? Жоқ.

Енді бұндай батыл байламымызға дәлел не? Дәлел – тұтас повестің табиғаты мен тілі, көркемдік бедерлері мен сомдаған бейнелері. Яғни, повесть қай тұрғыдан алсақ та келелілік танытып, қандай талаптан келсек те қайыспай жүк көтереді.

Мұны нақтылы таратып айтатын болсақ, повесть нағыз шынайы шығармаларға тән қасиеттер мен ерекшеліктердің деніне ие. Дәлірек айтқанда:

1) повестің бойында босқа, босаңсып тұрған, немесе басы артық, шарқы шамалы бөлшек, эпизод, ой, оқиға, деталь, сөз, сөйлемдер жоқтың қасы;

2) повестің сюжеті шымыр да шынайы, алға қадам басып, өрбіген сайын ширығып, шалқар тартып, кейіпкерлерді жинақтап әрі даралай түседі, характерлерді толықтырып, даму үстінде ашады;

3) шығарманың қанық бүкіл болмысында толық қандылық: жазықтық пен тереңдік және биіктік бар: басқаша бағамдағанда, су бетіндегі көрінген бөлегінен су астындағы бөлегі олқы емес мұзтау іспетті десек орынды; яғни повесть көркемдік қабаттарға, ойға қалдырар астар, айшықтарға, өмір шындығын таныта түсер параллельдерге, тұспалдар мен аңғартуларға кенен.

Енді бұл айтқандарымызға және мысал мол, айғақтар жеткілікті.

«Қазір де, таң атқалы бірқыдыру уақыт өткенімен көзін ашпай, терезеден қиғаш түсіп тұрған күн сәулесіпе қалың кірпігінің, арасынан ғана сығалап, анталаған жебір (?) ойдың қамауында тым-тырыс мүлгиді, сұлық күйін бұзбай-ақ қояр еді-ау, тек өзін сыртта ақ көгершіні күтіп тұр ғой; жалғыздық дегеннің не екенін білгізбеген, күнді ұясына қатар қондырып, бір шаңырақта қатар тыныстар, тілдесе алмаса да ұғыса білетін осы құртақандай құсты тауып бергені үшін Оспанқұл атасына разы».

Повесть осылай басталады. Рас, бұл бастауда, сондай-ақ повестің бүкіл бітімінде – Н.Дәутаев әдебиеттегі алғашқы адымын бірден жазушы болып бастады дегенімізбен – тәжірибесіздік табы мен балаңдық ізі кездеспей-ді емес. Мәселен, біз бір сөздің астын сыздық. Неге? Танысып отырған баламыз Кемелхан – ойшыл бала. Жастай тағдыр тауқыметі басына түскен, өмірден көргені көп, сұңғыла бала. Қазірдің өзінде ол ойланатын жай да, жағдай да жетерлік. Сонда да оны жебір ойлар

анталайды деуге қосылмас едік. Бала кезгі ой қанша көп, қанша кермек болса да, жебір болуы қиын. Бірақ осы бастаудан-ақ байқағанымыз біраз: «күнді ұясына қатар қондырып, бір шаңырақта қатар тыныстап жүрген» ақ көгершінін күттіргісі келмеуінен Кемелхан жүрегінің жұмсақ, сезімтал екенін білдік; оның абзал Оспанқұл атасы мен ақ көгершінмен таныстық.

Келесі қайырымға көшкенде-ақ Кемелханның көзі зерек, көңілі суретші бала екенін аңдаймыз: көрерге әдемі көгершін «ауыл арасындағы қалың талды айнала ұша жөнелгенде аппақ бауырымен жасыл жапырақтардың дір-дір еткен бетімен жүзіп бара жатқандай... дұрысы – ағаш біткенді, жалғыз ол емес, бүкіл жерді құшып ұшатындай көрінді.

Нәсіпбек осылайша бірінші кездестіргенде-ақ кейіпкерлерінің кім екенін айқын аңғартып тастайды.

Әне, Айып шал. «Қан сорпа қылып қуып келгенің не? – Айып шал ежіреді. – Бұлай етерің бар, бармаймын деп неге айтпадың?» «Жүйкең құрып тұрмаса жүр төмен, бізге де көмегің тисін де, қашанғы Оспанқұлды сағалай бересің». Осы сөздерінен-ақ Айыптың қырсық, қисық шал екені көрініп тұр.

Әне, Станбек жігіт, «Бұлар Станбектің астық қамбасының көлеңкесінде қып-қызыл болып ұйықтап жатқан үстіне келді». Автор таныстырды. Осы жалғыз сөйлемнен-ақ Станбектің уайым-қайғысыз, қаперіне ештеңе кірмейтін жан екені аңғарылады.

Әне, Оспанқұл қарт. «Қара қазан, сары баланың нәсібі деген сол; есебі, тыныштық болса аққа аузы жетті елдің, шүкір, шүкір, е, құдая, тек тыныштық бер елге...». Кең ойлап, ірі пішетін жан; қара басының қамынан жоғары тұр. Жалпақ елдің қамын ойлайды, жалпы жұртқа тыныштық тілейді.

Нәсіпбек аңыз әңгімелерді, ертегілерді де көркемдік құрал ретінде сәтті пайдаланған. Әсіресе

бұл ретте аспандағы ақ гүлдер мен Сармантай баланың ерлігі жайлы аңыз ертегіні бөліп айтар едік. Өйткені, олар повесть атымен ғана емес, затымен де тығыз байланысып тұрған аңыз-эпизодтар.

«Бала көгершіннің жанында ұзақ отырды. Сосын оған тағы бір әңгіме бастады. Аспандағы ақ гүлдер жайлы сыр ағытты. Егер бұған қанат бітсе, екеуі сонау-сонау ақша бұлттардың арғы жағына ұшып өтіп, әжесі айтқан ертегінің шын-өтірігіне көздерін жеткізер еді... Аспан мен Жер бір кісінің баласы екен, бірде ағайындылар араздасады да, Аспан өуеге шығып кетіп, Жер орнында қалады. Шөп, ағаш, гүл біткеннің бәрі онда жерде емес, аспанда өскен. Олардың көк жүзін қаптап кеткені соншалық, Күн мен Ай және жұлдыздар мүлде көрінбеге айналған. «Бұл Жер бауырымның қарғысынан шығар», – деп ойлапты Аспан. «Өкпенді қой, татуласайық, қалағаныңды ал», – депті ол Жерге. «Болсын, тек сен маған барлық өсімдікті бер, өйткені, менде адамдар мекендейді, оларға ағаш та, шөп те, гүл де қажет, осылай етсең менің сәнім кіреді, сенің жүзің ашылады», – депті Жер. Аспан келісіпті. Содан бері бәрі жерде өсетін болған».

Алайда, аспанның жерге бермей жасырып қалған гүлдері де бар. Ол – ақ гүлдер.

Ал адамдар үшін басын өлімге тігіп, ақ қайнар бұлақтың көзін ашқан Сармантай бала жалмауыз шалдан аспанға құс болып ұшып кетіп құтылған. Жер бетінің жасылға бөленіп, тіршілік атаулының қорек ашып, әлі күнге дейін өмір сүруі – сол Сармантай ерлігінің арқасы. Қанаттыларға айналғанда оның ақ көгершін болуы да ғажап емес.

Бұл екі аңыз-ертегі Кемелхан ұғымына да, қиялына да сай, повестің идеясы мен бітіміне де сәйкес. Повесть сюжетімен, ондағы кейіпкерлер табиғатымен, характерлерімен қамшы өріміндей тығыз өріліп кеткен желілер.

Несіпбектің тіл кестесі де келісті. Қаламынан шырайлы сөз ғана емес, кейде сәулелі бояу, нұрлы шуақ төгілетіндей. Міне, төрт-ақ үй қоныстанған, дәлірек айтқанда, жұрттың бәрі орталыққа көшіп, төрт-ақ үй қалған Иірсудың бейнесі. Оны айнала тау қоршап жатыр, өркеш-өркеш бұйра жондар айдары желбіреп, бірінің шоқтығына бірі иек артқан сайын биіктеп, ақырында зеңгір көкке телмірген істік сілемдердің бауырын... кейін талай уақыт қызыл арай көмкеріп, алтын шашақты сәулелер көкорай шалғынның тал бойын ғана емес, боз көденің тұтқасын түбіне дейін шым-шым еніп, бояуын жоғалтпай тұрып алатын; шығыстан сабылып шыққан алып күн дәл жолында маңқиып жатқан атақты «Көктіреген» үстіртінен асып келгенше осы; сосын барып қана алқызыл нұр аспанға сіңіп, жержүзі шаңқиятын». Таң ұзақ уақыт аялдап, ай-малап тұрып алатын туған жер пұшпағы қалай есінде қалмайды? Оның өзін автор және перзенттік махаббатпен сүйе, сүйсіндіре суреттесе.

Біз мұндай тілді, мұндай суреттеуді повестің бүкіл он бойынан көреміз.

Мәселен, автордың Кемелханның бір көңіл күйін суреттеуін алайық: «Ауыл табиғатының бар реңі айналасын қоршаған қаракетпен жарастық тауып салына бастағаннан-ақ баланың маңдайы жіпсіп, айтып жеткізгісіз рақатқа бой ұсынады. Лүп-лүп соққан жүрегінің дүрсілі, кеудесін кернеген қуаныш лебі бүкіл маңды басына көтерген сарқыраманың суындай жан дүниесін жаңғыртып, жадына түйген, қиялында оянған бояулармен нақыштар қатар өріліп, қарындаш ұшында жүзіп кеп отыратын. Қабілетінің қайнар көзі атақоныста отырған төрт үйдің үлкен-кішісін бейнелеуге келгенде кең ашылады. Таяқ тастам жерде әлдененің қылтығып көтеріп, қыбыр-қыбыр қарекет кешкен құмырсқаға дейін, ашық аспанда алаңсыз жүзген ақша бұлтқа дейін бәрі-

бәрісі қуаныш оған. Көкейтесті көп ойып қағаз бетіне асықпай отырып түсіруге мұрсат берсең, бала болуға, бала болып ойнауға, бала болып қиялдауға, ол аз десен үлкендер секілді сезінуге көлденең тұрмасаң, өзге нәрсе сұрамайды». Қаршадай бала көкірегін толтырып, кернеген махаббат қандай, нәзік нақыштар мен жұмбақ түйсіктер қандай. Міне, Кемелхан – осындай бала. Бала бола тұра зерделі: баладай тұма, үлкендей зебердес.

Несіпбек баланың салған суреті, түйген түйсігі, естігеннен түйгені арқылы да кейіпкерлеріп кескіндеп, мінездеп жатады. «Беті біруыс көсе шалдың... тозығы жеткен бешпенті, тізесі үлбіреп, түсі оңып кеткен шалбарына дейін анық көрініп тұр бала; ежірейген көзі, езуінен еш уақытта кетпейтін, кекесін мысқыл да жадында; қазір соның қайдағы бір дау-дамай жайлы өзімен-өзі сөйлесіп жүргеніне дейін сезініп отыр. Бала салған суретіне қайта қарап еді, шошып кетті – құдай-ау, мынау аумаған қайыршы ғой». Мықты тұспал. Кезінде Совет өкіметіне қарсы тұрып, бандыға да қосылған, қазір де тек қарақан басының қамы үшін жанын салып, тырбанып жүрген шалдың, «көңіліндегісін жан баласына сездірмейтін жылан жүрісті адамның», «өмір бойы ел ортасынан қашқақтап», «өзінің де, өзгенің де батасына қол жайып көрмеген», «еш уақытта мәміле іздемейтін», «ағайынның жақсылығына да, қайғысына да бірыңғай сұрғылт көзқарасы бар», «жеме-жемге келгенде есігін тірей бекітіп, күллі әлемге ту сыртын беретін күнәһардың» шын болмысы – қайыршы екен.

Несіпбектің көркемдік құралдары бай екеніне детальдарды шебер қолдануы да дәлел бола алады. «Есіктің ашылуын күтіп тұрғандай-ақ бір қора шыбын құж етіп әуеге көтерілді». Міне, осы бір детальдың өзінде біраз сыр жатыр. Бұл – кәдімгі қара шыбындардың Айып шал үнінде көп екенін хабарлау

ғана емес. Және де оны қызықтырып тұрған тіпті де шыбын емес, сол шыбындардың Айып шалдың ішкі жан дүниесінен хабар беріп, кім екенін айқындай түсіп тұруы. Тағы бір деталь: «Кемелхан құстың көз жанарынан сонау таудың сілемін, зеңгір аспанды, сосын құлағы қалқайып отырған өзін, шалды көрді. Құстың мөлдіреген қып-қызыл көз жанарында мұның тұла бойынан жалын алаулап тұрды. Жөнделіп отыра беріп еді, әлгі жанарда қойма да, астың та, Станбек пеп Айып қарттың бейнелері де ап-анық көрінді. Бала кептердің көзіне үңіле түсті». Осыны суреттегенде автордың айтпағы не? Айтпағы – бала мен көгершіннің достығы, етенелігі ғана емес. Көгершіннің көзі де – өмірдің айнасы. Көгершін де өмірді көре біледі. Кемелхан осылай сезінеді, осылай ойлайды. Үңіле түскен себебі де сол. Ал көгершіннің көз жанарында баланың тұла бойынан жалын алаулап тұруы – Кемелханның пәктігінен ғана емес, оның әлден өмір, жақсылық, шуақ деп дүрсілдеген жүрегінің жылуы мен жарығынан. Тағы бір деталь: автор Айып шал түн жамылып, астық ұрлап тасып жүргенде «Аспаннан бір жұлдыз ағып түсті», – деп жазады. Мұнысында әзірше жамандық күш алып тұр. Оспанқұл болса – ауру, бала болса – жас деген меңзеу жатыр.

Алғашқы қадамдағы творчестволық лаборатория. Біздің талдауымыз соған ұқсап та бара жатқандай. Несі бар, Несіпбектің ө дегеннен қалайша жақсы жазғанын, қалайша шынайы шығарма тудырғанын пайымдау үшін бұл да артық емес секілді.

Тамшыдан теңіз түзіледі. Арқау мен желілерден алаша тоқылады. Сол сияқты Несіпбектің сөздері мен сөйлемдерін, детальдары мен эпизодтарын, оқиғалары мен орамдарын тұтас қарастырғанда толыққанды повесть тұлғаланатынының басы ашық.

Повестің негізгі кейіпкерлері деп, бала Кемелханнан басқа, Иірсудың алғашқы большевигі

Оспанқұл қарияны, Айып шалды, Айыптың баласы Қаймолда бригадир мен Станбек қарауылды айтуға болады. Баланың әжесі мен Ақ көгершінді де басты бейнелерге жатқызсақ теріс емес. Автордың атап айтарлық табысы – осы кейіпкерлерін түгелге жуық даралай білген. Өзіндік мінез-құлқымен, іс-әрекеттерімен беруін айтпағанда, өз тағдырларымен берген. Тіпті сөйлеу тілдерінің өзі бөлекшеленіп тұрады. Оны жоғарыда келтірілген көптеген мысалдар-ақ жеткілікті көрсетсе керек.

Бір кезде елді ұйымдастыруға қызу ат салысқан, осы жердегі алғашқы колхозды өз қолымен құрып, әрі көп жылдар бойы басқарған халықтың тұрмысын жақсарту үшін жанын да, жігерін де аямаған, тұғырынан тайып, ауру жеңген қазіргі шақта да ел ісі, көп ісі дегенде ішкен асып жерге қоятын Оспанқұл қарияның тұлғасы кесек мүсінделген. «Ет пен сүйектен жаралған соң мысықтабандаған пенделік еркіңе қоймас», біреулерге кейде асылық сөз айтып, кейде артықтау камшы сілтеп жіберсе, жіберген шығар. Көзжұмар алдында да сонысы үшін өкініп, кешірім сұрап отырған жоқ. Өйткені аласа болған емес, арам болған жоқ-тын. Арадан аттанып бара жатып та кеңес етері – кейінгінің қамы, ел болу, есебі.

– «Әй, Айып, бері қара. Көзіңді аш. Есебі, екеу-міз ғой өмір бойы қарама-қарсы жүріп келдік бір-бірімізге. Сол бір жылдардағы қылығың үшін түбіңе жетуіме әбден-ақ болатын еді, бір атадан қалған жалғыз тұяқ болған соң, тұқымдарыңды мүлде құртуға дәтім бармады; бір-бірімізді жеп тауыса берсек, адам баласы құрып бітпей ме?.. Осыны әлі күнге түсінбедік. Ол енді өз шаруаң, тек балаңды қайтар жаңсақ жолдан, түбі жақсылыққа апармайды, қара бастың қамы жығады орға...»

Міне, Оспанқұл – осындай үлкен ойдың иесі. Осы жолдардан-ақ кең ойлап, кемел пішетін ірі адам екені көрініп тұр.

Біздің ойымызша, «Ақ көгершін» повесіндегі барша кейіпкерлер дерлік өзгешелік, өзіндік танытқанмен, мұнда айрықша атап айтуға татитын екі кейіпкер бар. Олар – Станбек пен Қаймолда. Мейлінше бөліп атайтын себебіміз – бұл тек Несіпбек повесінде ғана емес, исі қазақ әдебиетінде тұңғыш рет қарымды суреттеліп отырған тосын, тың персонаждар. Оспанқұлдай елі үшін етін кесіп берген қариялар мен құлқын құлы, күнкөріс қойторысы Айыптар әдебиетімізде бұрыннан бар. Оның үстіне олар қоғам өмірінің қайнаған ортасынан шеттеп, шау тарта бастаған шағында суреттеліп отыр. Ал Станбек пен Қаймолдалар – нақ қазір ауыл өмірінің тізгінін ұстап жүргендер. Сондағы сенген бозқойларымыз қандай дейсіздер ғой.

Станбек – еріншек те керенау жігіт. Бүгінгі күннің, қазақтың Обломовы. Әрине, Ильяға қарағанда еті тірілеу, қимылдайды. Бірақ өз қамы үшін қозғалады демесек, өзгелер қамы үшін, ел қамы үшін мұртын да жыбырлатқысы келмейді. Қарны тоқ қатыны қойнында, соған не қам бар дейтін, жағасын жайлауға жіберіп, қаннен-қаперсіз ұйқы соғатын жігіт. Бар өнері – қырсықтығы, қисық сөйлейтіндігі. «Қорқам мен, ағайын, қорқам, – дейді айнадай басын қылтылдатып. – Ертең бе, бүрсүгіні ме, біреу кнопканы басып кеп жіберсе, күліміз көкке ұшады, қаламыз қырылып. Вот, нені ойлау керек». Енді! «Е, осыны ойлап, басы қатып жүрген екен ғой байғұстың», – дейін десең, қашан көрсең де: «...қорқор ұйқыда, ұстарамен айнадай қылып алдырған басын сабалақ жүнді ала мысық жалап жатсын, әйелі төр үйде бар даусымен ән салып отырсын, бәрібір оянбайды, аузынан суы ағып жатады серейіп. «Басын мысық жалап, әйелі ән салғанда оянбаған еркектен не үміт, не қайыр? Міне, Станбек осындай бәтуасыз, қылжақ жігіт. Ас ішіп, аяқ босатар жігіт. Адамға не жақсылық, не жамандық

істей алмайтын, дүниенің ақ боп жатқаны да, көк боп жатқаны да бәрібір, жаны тыныш, көйлегі бүтіп болса, басқа ешнәрсе сұрамайтын, іздемейтін жігіт.

Қысқасы, Станбек – сұмдық қатерлі тип.

Қаймолда бұдан да асып түседі. Қоғам мүлкін де, әкесінің қалтасын да тонап жүрген, жымысқы жігіт. Мақсатына жету үшін ештеңеден тайынбайды десек те болады. «Үнемі бір көзін қысып жүруі» де тегін емес. «Әуелде бала осы соқыр емес пе деп ойлаған, сөйтсе... жазғы каникулға тарап келген алғашқы күндері ойнап жүріп, Айыптың үйінің жанына таяп қалған еді, іштен күжілдеген ызғарлы дауыс естілді. Есік ашық. Бөлме ортасында дәу қара темір төсектің үстінде отырған әкесінің алдында талтайып тұрып алып бар даусымен бақырады: «Аядай жерді күтуге шамаң келмесе, өлмейсің тырайып, өзіңдей елдің әкесі көзін шел қаптап кетсе де дүрбімен қой жайып, сай-сайды қуалап қарбыз егіп, жыл он екі ай қаңғиды...» – Оның екі көзі тас төбесінде, қарасы теріс айналып ақырайып кетіпті. Мұны көріп, бір көзін қыса қалды да, мұздай күлкісін бүркіп, «Шалдардың ақылы айрандай іріп барады, інішек, қалай күн көреміз», – деген. Осы келтірілген жолдарда-ақ Қаймолда түрлі қырынан көрініп, бар болмысын ашып салып отыр. Пайдасын тигізбесе, әкенің де керегі жоқ оған. Өлігіп аттап жүре беруден қыңбайды. Бұл арада үлкен-кішіге, жалпы өмірге деген көзқарасы да мен мұңдалап тұр.

Оның бұдан басқа да осы тектес қасиеттері жетерлік. Мәселен: ақбөкен – ол үшін обал-сауабы бар аң да емес, «бір қайнатып алып қуырса, сілекей шұбыртатын ғажап закуска». Оның өзімдікі дегенде өгіз қара күші бар, дүниенің барша қызығын тек өз басымен өлшейді. «Біреу Айға қонып, топырағын үңгіп жатыр, ал біз құдайдың кең жерінде дәнеңе бітіре алмаймыз»; «Сәл шыдаңдар, бәрі оңалады» деп жұбатасыздар. Жоқ, ақсақал, бір минут

уақытымыз жоқ, бүгінгі рақатты бүгін көргіміз келеді, ертеңгі ертеkte шаруамыз қанша», – дейді ол. Ол үшін Отан, ел, жер алдындағы парыздың құны көк тиын; сондықтан да «Шешеңнің мүрдесінің топырағы ортасына түсіпті, басына қорған тұрғызар едің ғой, адамнан тусаң», – деген әкесіне: «Өзің ше? Өзің неге тұрғызбайсың? Елу жыл жолдас болған әйелің емес пе?» – деуге жүзі жанбайды.

Өмір деген таразының екі басы: бір басында – жақсылық, екінші басында – жамандық, олар тең бе, тең емес пе; оны зырлаған уақыт тілі мен Кемелхандардың ержетуі көрсетеді. Өзірше ең басты кейіпкер – зерек те зерделі Кемелхан Оспанқұл меп Айып, Қаймолда мен Әптірбектер арасында өсіп келеді. Өзірше арманы ғана көгершін емес, жан досы ғана көгершін емес, өзі де көгершін. Кемелхан – бейбітшілік баласы. Еңбек баласы. Жақсылық баласы. Иірсу ауылының күллі өмірі, күнгейі мен көлеңкесі, Қадишасы мен Қаймолдасы, бәрі-баршасы Кемелхан көзімен, оның салған суретімен, сезінісімен, жүрек дүрсілімен беріліп жатса – соның өзі балалық-болашақтың бір жеңісі.

Жаңбыр жауған күн... Түстен кейін күн ашылған. Қаймолдалар үш машина сыпыртқыны орып, жиып, тиеп алғандықтарып тойлаған. Жеген, ішкен Қаймолда енді жан-жағына алақтап тұр. Баланың көгершіні қалқып аспанға шықпасын ба? Мылтықтың аузы әуеге қарады. Төбесінен біреу мұздай су құйып жібергендей баланың жан даусы шықты:

– Атпа, атпа, – дейді шырылдап. – Ағатай, ата көрмеші! Ол көгершін ғой, ағатай. Мылтық гүрс етті...

Көрдіңіз бе, Қаймолда кандай адам? Ақ көгершін – бала үшін жан серігі, бейбітшілік құсы, бақыт құсы болса, Қаймолда үшін «жүні жалбырап жаман семірген, бауыры ауырғандар емге жейтін ет»,

ермекке көздер нысана. «Жазатайым кнопканы басып жібермесе болғаны», – деп Станбек қорқып жүрген жындылардан кем қауіпті емес-ау бұл Қаймолда.

Бірақ, көгершінге оқ тиген жоқ. Ақ көгершін аман, аспанға самғап кетті. Демек, бұл Кемелханның жеңісі емес пе? Таразы басын жақсылық, әділдік, бейбітшілік басып тұр. Демек, Кемелханның ақ көгершіні ауылға қайтып оралады,

Осындай ойлы, образды жазылған повесте кемшіліктер бар ма? Меніңше, оның ең бастысы – Кемелханның бойында әлі де күрескерліктің кемдігі. Рас, ол болмысында жуас, мінезі жұмсақ бала болар. Дегенмен, басқа-басқа, ең қасиеттісі, өмірінің мәні – ақ көгершін атылып жатқанда тек шырылдап жылаумен шектелуі қалай? Ол Айып шал түн жамылып астық ұрлағанда да жылаған. Біз бұл жердегі жылауын артық көріп отырған жоқпыз, алайда, ауру болса да Оспанқұл атасы әлі тірі емес пе, Әшірбек ағасы кейін болса да келеді емес пе, бала жылай отырып, соған айтамын деп жігерленсе қайтер. Ақ көгершінді Қаймолда атқанда жұдырығын түйіп ап, тура оның өзіне атылса қайтер. Жұдырық жегеніне қарамай айқасса ше? Иә, повестің нақ осы шарықтау шегінде де, Кемелханға әрекет жасатсақ, біздіңше, Қаймолдамен айқастырсақ, көп нәрсе ұтар едік. Бұл Кемелханның өзіндігін арттырып қана қоймайды, әдебиетімізде кейінгі кезде көбейіп кеткен жасық, жылауық балалар қатарын азайтып, болашақ Корчагиндер осы Кемелхандай балалардан шығады дегізер еді. Көгершін көзінен ғана емес, қызына сөйлеп отырған Әшірбектің жанарынан да өзін көрген бала осылай дамыса, образ табиғатына қиянат та емес-ау.

Повестегі екіншімін – аңызәңгімелердің сәл көптігі. Дәлірек айтқанда, Жолбарыс батыр туралы шежіре мен егіз ұл. Жақсылық пен Жамандық туралы аңыз

артық. Рас, бұлар әдемі-ақ, шебер құрастырылған; тіпті повестің айтпағы мен ақиқатына қатысы да бар. Алайда, біздің ойымызша, бұлардың Кемелханға әсер етіп, бізге де тағылым тигізуі – повестке енгізу үшін жеткіліксіз. Себебі, олар тек ғибратты әңгіме болып сюжетпен құр сабақтас болып қана қоймай, повестің өзегіне жіліктің майындай сіңіп кетуі керек, повестің бөлінбес бөлегі – өзі болып өмір сүруі керек, повестегі оқиға, ой өрбуінің жеміс-нәтижесі болуы керек.

Серік Асылбековтің «Тасқара» повесі де – екінші бәйге алған шығарма. Аты қарапайым әрі қызық қана емес, заты да сондай. Әдетте Тасқара дегенде жаман ат, көлеңкесі басымдау ұғым ойға оралады. Ал мына повесте ол – сәулелі ат. 6 «д» класының оқушысы Қанат Баймұратовтың туған жерінің аты.

Қанат отыз шақты үйлі кішкене аулында бастауыштан әрі класс жоқ болғандықтан Ақтау қаласына келіп оқиды. Бұған дейін ол аулынан аттап шықпаған. Поезға да бірінші рет мінді, үлкен қаланы да тұңғыш рет көріп жүр. Ендеше ауыл баласы алып қаламен бетпе-бет келгенде, оны күткен қызық та, жаңалық та көп. Серік повесіне, міне, нақ осы жағдайды өзек еткен.

С.Асылбеков байыпты, қарымды қалам табын танытады. Повесте сырттай қарағанда ерекше ештеңе де жоқ. Жарқыл-жұрқылсыз, төтенше оқиғасыз, айрықша характерлер де сомдамаған туынды. Бірақ тартымды оқылады. Қанат бастан кешкен оқиғалар, жағдайлар біз үшін – ересек оқырман үшін аса құнды да емес шығар, алайда, олар балауса оқушылар үшін қызық қана емес, ғибратты да. Танымдық та, тәрбиелік те мәнге ие. Газеттен оқу, теледидардан көру бір басқа да, қаланы тікелей көру, оның тыныс-тіршілігін бастан кешу бір басқа. Демек, дені өлі де ауылда тұратын, ауылда өсіп жатқан қазақ балалары үшін Қанат

бастан өткерген, ашқан, анықтаған жаңалықтар, өмір беттері толайым жаңалық десек қателеспейміз.

Қанат – ойлы да озық оқушы. Пысық, жігерлі бала. Қала балаларымен лезде теңеліп те, тіл табысып та кетеді.

Қалаға үйрене келе, кейбір қала балаларынан асып та кетеді; Тасқара ауылының намысын бермей, тайын да оздырады. Салған суреті бәйгеден келіп, теледидардан көрсетіледі.

Серік осы өсуді, қалыптасуды диалектикалық тұрғыдан сенімді бейнелеген. Қанаттың қол жеткен табыстары өзінен-өзі келіп жатқан жоқ. Мәселен, орыс тілін меңгеруі. Қанат: «Ей, осы родтардан-ақ күйдім-ау. Тіпті басыңа қонбайды. Қарапайым заттарды «ер текті», «әйел текті» деп бөлген сұмдықты кім көрген. Мәселен, оқулықтың айтуы бойынша: қыстыгүні – зима деген сөз әйел текті зат екен. Ал төрелігін өздеріңіз-ақ беріңіздерші, сол қыстың әйелге ұқсайтын қай ұсқыны бар...» – деп ойласа, таңданатын түк те жоқ. Бұл – орыс тілін үйренгенде әрбір қазақ баласы бастан кешкен, кешетін ахуал. Қанаттың Мона Лиза портретін алғаш көргендегі көңіл күйі де нанымды. Биші қыз ұнамаса, өз Мона Лизасын сала алмасы тағы анық. Жас бақылаушылар (контролерлер) тобына қосылып, жолаушыларды тексергенде жасаған түйіні де әдемі: «Әрине, мәселе айып төлеттіруде емес қой. Мәселе әлі де болса арамызда сенімсіз адамдардың жүргендігінде болып тұрған жоқ па?» Оның өмірге көзқарасы, дос-жолдастарының іс-әрекетін пайымдауы, жағымсыз, тентек оқушылар Алеша мен Құрымбайлардан қорықпай «шайқасуы» повесте тәп-тәуір ашылған. Қысқасы, Серік оқушы Қанат бейнесін жан-жақты көрсетіп, толыққанды бедерлей алған. Оның туған жері атымен «Тасқара» аталып кетуі де заңды. Тасқара – Тасқын айтқандай, оның псевдонимі, бүркеншік аты. Олай да

емес, екінші аты. Керісінше Тасқара есімін Қанат десек те болатын сияқты.

Повестің оңды бір ерекшелігі – айқын қазақылығы. Бүгінгі социалистік қоғамда, ғылыми-техникалық төңкеріс кезеңінде жаңаны үйрене отырып, совет ұлттарының озық дәстүрлерін, үздік мәдениет қазынасын сіңіре отырып, өткен замандағы игі, нұрлы қасиеттерімізді қаймағын бұзбай сақтаған ауылдарымыз бар. Адамдарымыз бар. Қанат – сондай ауылдың, сондай әке-шешенің баласы. Қанаттың өмірге көзқарас тазалығы, ойлау тазалығы, үлкенді сыйлау, әдептіліктен аспау қасиеттері сондықтан да баршамызды қуантса керек. Қазіргі балаларымызға үлгі болса керек. Повестегі басқа да осындай арқау-желілердің тәрбиелік мәнділігі дәлел тілемейді. Кемпір-шалдың немересін өз әке-шешесінің иемдене алмауында ата мен әженің көңіліне, қабағына қарау бар. Ойлап қарасақ, осы ежелгі әрі жас дәстүрлерімізде қандай сыйластық, нәзіктік, зерделілік жатыр. «Жеңешем» (Қанаттын өз шешесі – Б.С.) оқудан келген маған күлімсірей қарап қойып, отқа жылынып отыр. Екеуіміз жайымен әңгімелесіп қоямыз. «Оқуың қалай, шыраққан? Жақсы оқып жүрсің бе?» – дейді ол. Осы жолдарды оқығанда өзімізді де әжеміз асырағаны, кенже баласы еткені, ол кісінің көзі жұмылғанша шешеміздің баламыз дей алмағаны еске түседі. Өйтпесе Қанаттың өз әкесін атауын алайық: «Менің алдағы оқу жайым үй ішінде жиі сөз бола бастады. Көкем (өзімнің туған әкемді айтам) әдетінше күмілжіңкіреп, менің билігімнің кемпір-шал жағында екенін тағы бір ескертіп өткендей болды». Бізге осы сөйлемдердегі бір сөз ерекше ұнайды. Ол – көкем. Біздің ойымызша, Қанаттың өз әкесін папа демей осылай атауы өте дұрыс. Қандай бір халықтың тілінде де – мейлі ол ұлы болсын, мейлі ол ұсақ болсын – басты ұғымдар,

ана ұғымдар болады, болған. Отан, туған жер, ата, апа сияқты негізгі ұғымдар өз тілінде жоқ халық өмір сүруге хақылы да емес. Ондай халықтар, тарихта өмір сүрмеген де болуға тиіс. Біздерде, қазақтарда отбасы, атақоныс, туған жер, апа, көке ұғымдары баяғыдан бар. Ғасырлар бойы туған әкешешемізді көке, апа деп келдік. Ендеше, көркейіп, кемелденіп отырған ХХ ғасырымызда осы апа, көке ұғымдарынан безуіміз қалай? Папа мен мама сөздеріне неге көштік? Осы нәрсе менің миыма кірмейді. Сол себепті де жас бала Қанаттың көке деуі бізді айырықша қуантады.

Нақ осыған байланысты С.Асылбековтың тіл тазалығы мен анық халықтығы да қуантады. Серік тілімізді жақсы біледі, ұтымды әрі ұтырлы қолданады. Оның тілі қарапайым болғанмен қанық. Енді, міне, нақ осындай тілдің арагідік бөгде сөзбен былғануы, кібірткітерге ұшырауы – дау жоқ, еленуге тиісті кемшілік деп білеміз. Екі-ақ мысалмен шектелейік: «Аяғында аузың былжырап (?) қой бақтың, міне», «Маған қарап қулана көзін қысып қояды: – Давай, раздевайся (?)» Қазақ қой бағудан басқаға жарамадың дегенде аузың былжырап демесе керек, себебі қой баққан адамның аузы көпіріп жүрмейді. Екінші мысалдағы Қайыркеннің орысша сөйлеуін де құптай алмаймыз. Повестегі завферма, проводник, букварь сөздерінің де ферма меңгерушісі, жол серік, әліппе болып аударылып берілуін қалар едік.

Повесте бір-екі жаңсақтық та бар. Мәселен, Қанаттың күнделігін: «Мен биыл ауылдағы төрт кластық (?) бастауышты бітірдім», – деп бастауы дұрыс емес. Себебі бастауыштық үш кластыққа көшірілгеніне біраз жыл болып қалды. Сондай-ақ автордың бақылаушыларды (контролерлерді) кондукторлар деп беруі де бұрыс. Өйткені, қазір кондукторлар жоқ екені, олардың ертеректе бол-

ғаны анық. Қазір автобус түгіл, поездарда да кездесе қоймайды олар.

Бірақ повестің басты кемшілігі – бұл айтылғандар емес. Оның басты кемшілігі сол – автордың суреттеуден гөрі баяндауға, қала мен Қанат өмірін танытудан гөрі таныстыруға көбірек ден қойып кеткендігі. Сүйекті сюжеттен гөрі, мұрат, ой, мінез қақтығыстарын ашудан, жақсылық пен жамандықтың тартысты күресін ширықтыра бейнелеуден гөрі ана оқиғадан кейін мына оқиға болды деп алға тартуы басым. Әрине, бұл – тек Серікке емес, талай қаламдас Серіктерге тән, ортақ кемшілік. Осыған орай повесте жинақтау, Қанаттан басқа балалар бейнесін, ортасын терең беру жағы әлі де кемшін деп білеміз.

Жақау Дәуренбеков өзінің «Күн ұясы» атты повесіне қосымша «Феерия» деген анықтама беріпті. «Повесть-феерия» десе дегендей, «Күн ұясы» – әсем повесть. Оның фоны – қызыл тоғай ғана әдемі емес, негізгі кейіпкеріміз Уақ та – әдемі бала. Басқа кейіпкерлер де – тоғайдағы ағаштар да, Аққұлақ күшік те, Уақтың атасы да, Маклай ғалым да, ақын студент Салтыбай да жаны сұлу тіршілік иелері.

Жақау көркемдік шарттылықты шебер пайдаланған. Тіпті оның негізгі мақсаты – үшінші класқа өткен Уақ өмірін танытып, бейнесін мүсіндеу де емес, балғын оқырманға табиғатты таныстыру болған сияқты. Қызыл тоғай, – Уақ ертегілер елі десе, – соған лайық. Оның ағаштары сыбдыр-сыбдыр алақан соғады, гүлдері иіліп, көбелектері жыпылықтатып қанат қағады.

– «Әй, бала, – дейді бір дауыс. – Бұл ойының ба, шының ба?

– Шыным, – дейді бұл.

– Ендеше, еліңнің жалауы қайда?

– Жалауы өне желбіреп тұр – жасыл жапырақтар!

- Еліңнің тұрғындары кім?
- Аңдар, әжем, атам, өзім және бәріміз.
- Олар саған бағынар ма екен?
- Бізде ешкім ешкімге бағынышты емес. Ешкім ешкімнен қорықпайды».

Бұл – Уақтың шыны ғана емес, күллі повестің сыры.

Ертегілер елі – қызыл тоғайда бір ғана жазда талай оқиғалар болды. Сонау бір қиырдағы АҚШ-тан кептер ұшып келді. Қанаты сынған екен, атасы борсықтың майымен сылап, таңды. Аяғында сақина бар екен. Онда алыстағы АҚШ-тың баласы Уэльстің хаты бар екен. Достық қолын созып, күлдіргіш гүлінің дәнін жіберіпті. Қызыл тоғайға ғарыштықтар қонып, қайта ұшып кетті. Олар Уаққа ізгілік гүлінің дәнін сыйлайды. Совхозға көмекке келген студенттер тоғайдан шөп шапты. Ақырында геологтар келіп жерді бұрғылап, оларды қызыл вертолет «қуып» жіберді. Себебі, «Месси» жұлдыздар шоғырына ұшатын «Ғарыш» космос кемесі де Қызыл тоғайға аялдамақшы екен.

Автор осы оқиғалардың бәрін сырбаз суреттеген.
Яғни повесть сюжеті әсем.

Ділі сұлу.

Тілі де кестелі.

Шынында да, повесте жұмбақтау да, қызық оқиғалар да тартымды бедерленіп, әсіресе табиғат сыры мен сұлулығы шынайы ашылған. «Күн ұясы» деген сөздің өзінде де жарасымдылық жатыр. Күннің ұясы – ол біздің мекеніміз – Жер. Осы баламаның өзінде әсерлі символ бар.

Феерия тұрғысында жазылуы повестің артықшылығы болса, кемшілігі де осында. Табиғат алғы лекке шыққанда, Уақтың атасы, Салтыбай студент, оқушы Нарзан, күшік Аққұлақ, қонақ Кептер, Ұшқыш аға – бәрі-бәрі көбіне-көп фон, куәгерлер дәрежесінде ғана қалған. Олар – пассивте өткінші

(эпизодтық), дараланбаған кейіпкерлер. Олар түгіл, Уақ та жан-жақты сараланып сомдалмаған, оның жан дүниесі терең ашылмаған. Өйткені повесть сюжетін, дамуын сырттан келгендер өрбітіп, жүргізіп жатса, Уақтар оған қарай белсенді қатыспақ? Феерия болғанда да, повестегі оқиғалар ортасында, даму аясында Уақ жүргенде повесть құндылығы, әрине, арта түсер еді.

Повестегі тағы бір мін – Қызыл тоғайға келіп қонып, қайта ұшып кеткендердің кімдер екені белгісіздеу, бұлдырлау болып қалған. Алыс ғарыш өкілдері секілді балаға кәмпит беріп, сол арқылы зорға түсінісетін еді ғой. Одан кейін қызыл вертолет ұшып келіп, өзіміздің космонавтар осы маңды қалап жүргенінен хабардар етеді. Неге осы жайдың басып аша түспеске? Повесте аяқастынан Ақтөс деген ит пайда болатыны бар. Сол ит қайдан шықты?

Бұл айтылғандарға қарап, повест құнын тым төмендету дұрыс болмас еді. Қызықты жазылған, ізденістен туған повесть. Ондағы көтеріңкі, бірақ жарасымды пафостың өзі шығарма ажарын аша түскен деп айта аламыз.

Пернебай Дүйсенбиннің повесі «Біз: Төлепбек ағай, самолет командирі және Пальма» деп аталады. Бірден айтарымыз: бәйге алса алғандай, тұтас қарастырғанда да тәп-тәуір повесть. Бұл повесте де табиғатты білу, сүю керек деген ой – негізгі өзек.

Төленбек атай – қауын бақшасы қорықшысы. Балаларға мейірімді жан. Ұлы Отан соғысы кезінде Дахау концлагерінде болыпты. Жасаған ерліктері үшін алған наградалары да бар.

Қауын деген – көздің құрты. Бір топ кластастар. Ерлан, Алтай, Бейсенбек, Ақберген, Файзолла айлы түнде қауын ұрлауға барады. Бірақ Төлепбек атай аяқастынан итті болыпты. Қаладан әкелінен овчарка. Сол ит бәле болып, бұлардың жортуылы

сәтсіз аяқталады. Алтай шалбарын жыртқызып қайтады.

Осы оқиғадан кейін достар екіге айрылады. Дәлірек айтқанда, Алтай – бір жақ та, өзгелері – бір жақ. Ерландар ит ақылды болады десе, Алтай оған хайуанның аты хайуан деп қарсы шығады. Бірақ «Комсомольская правда» газетінде жарияланған Пальма туралы мақала Ерландар байламының дұрыстығын дәлелдейді. Иесін бірнеше жыл аэропорттан және ол мініп кеткен самолеттен күтіп жүрген ит тағдыры алыс қазақ ауылында жатқан бұларды да толғантады. Ерландар Пальма оқиғасы жазылуына себеп болған самолет командиріне хат жазып, әлгі итті тамақтандыруға арнап ақша салады. Пионерлік іс пе? Нағыз пионерлік іс. Ақыры самолет командирінен хат келеді. Бұлар жеңеді. Самолет командирі салып жіберген «Кек» әңгімесі де ит ақылдылығына тәнті етеді.

Бұлар осындай игі іспен шұғылданып жүргенде Алтай «Фантомас» бала болыпты. Төлөпбек атайдың итінен кек алу үшін ине салынған ет тастапты. Ерланды шошындырған да осы нәрсе. Алтай бойында жымысқы, ұры ниет пайда болып, бас көтере бастапты.

Повесть табиғатты сүйеге, жеті қазынаның бірі, адамның ақылды да адал серігі итке қамқор бола білуге үйретеді.

Біздіңше, бұл повестің басты кемшілігі – жақсылық пен жамандық арасындағы күресті көрсетіп, балаларды тікелей ізгілікке бастайтын оқиғаның шығарма ішіне сырттан енгізілуі. Пальма ит хикаясы мен «Кек» оқиғасынсыз повестің идеясы да ашылмай қалып, көркемдік келелігі де кемітіні даусыз. Алайда, негізгі дәнекер осы екі оқиғаға да балалар сырттай, тек газет арқылы куәгер. Егер повестің жұлынындай осы оқиғалар балалардың өз ортасында болып, олар сол оқиғаға, сол тартыс-

күреске тікелей өздері араласқанда повесть қарымы да, құндылығы да күшейіп кететіні күмәнсіз.

Повесть ныспысына да шамалы түзету керек. Яғни Төленбек ағайды атайға ауыстырған жөн. Қарияның балалар үшін атай екені басы анық нәрсе.

Бес автор. Бес түрлі жазушы. Иә, жасы бар, жасамысы бар, бәрі де бірақ жазушы. Бұл – бәйге үшін, баспа үшін ғана емес, авторлардың өздері үшін де, әдебиетіміз үшін де олқы жеміс емес. Басты жетістік осы.

Және бір игісі – біз талдаған шығармалардың барлығы да балаларға дәлірек айтқанда, бастауыш мектеп жасындағыларға арналған. Мұның өзі әлі кенже дамып отырған балғындарымыз әдебиетіне қосылған елеулі үлес болып та табылады.

Біз осы бес бәйгегер қаламгердің туындыларына тым шұқшиып, ұзақ тоқталып кеткен жоқпыз ба? Өз ойымызша, олай емес. Біз бұл туындыларға байланысты басты, негізгі нәрселерді ғана айтып, ортаға салған сияқтымыз.

Сонда сол басты нәрселер не дейсіздер ғой. Біздіңше, олар... Жоқ, оларды өзіміз ен салып, түстемей-ақ, ойымызға орала берген Л.Н.Толстойдың мына бір пікірінен-ақ таңбалайықшы: «В сущности, когда мы читаем или созерцаем художественное произведение нового автора, основной вопрос, возникающий в нашей душе, всегда такой: «Ну-ка, что ты за человек? И чем ты отличаешься от всех людей, которых я знаю, и что можешь сказать мне нового о том, как надо смотреть на нашу жизнь... Если же это старый, уже знакомый писатель, вопрос уже не в том, кто ты такой, а ну-ка, что сможешь ты сказать мне еще нового? С какой стороны ты теперь осветишь мне жизнь?» Данышпандық пікір. Біз, міне, бес авторымызды осы талаптар мен сауалдар төңірегінде таразылап, қарастырдық деп білеміз.

Кімсің сен? Жаңадан не айтасың? Бұл сұрақтардың салмағы қайсыбір қаламгерлердің де иығын басып, қабырғасын қайыстырса керек... Олай болса қойылар талап, көтерер жүк те Марат, Жақауларға ғана ауыр емес, Несіпбек, Серік, Пернебайларға да салмақты. Бұрынғы шыққан биіктен төмендемеу – міне, ең басты да бағдарлы міндет осы. Сондықтан да біз Мараттардың, Серіктердің қаламынан тағы да «Пысық болдым, мінеки», «Тасқара» дәрежесіндегі шығармалар туып жатса, онша қанағаттана қоймаймыз.

Бәрібір мойындауымыз керек – талапты ғана емес, талантты, қанағатты ғана емес, қалыптасқан қаламгерлер Марат Қабанбаев, Жақау Дәуренбеков, Пернебай Дүйсенбин, Несіпбек Дәутаев, Серік Асылбековтердің аталмыш туындыларында жақсы беталыс бар. Бірақ бұл – тіпті де қанағат емес. Оның үстіне бұлардың қай-қайсысы да жас емес. Алды Пушкиниң, соңы Айбергеновтың жасынан аса бастапты. «Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар» депті халқымыздың дана мақалы. Бұлардан күтеріміз көп. Ендігі күтеріміз – мыңнан озулары. Әдебиетімізге беталыс емес, бетбұрыс керек.

1986 жыл

МАЗМҰНЫ

“Желсіз түнде жарық ай...”	3
Армысың, Алтынсарин	15
Алтынның сынығы	27
Эпопеядағы табиғат суреті	39
Ұлы анамен ұшырасқанда	53
Шындықтың орны бір басқа	90
Жер жаннатының жаратылысы	100
«Мен – қазақпын мың өліп, мың тірілген»	115
Ақ кеме алысқа беттеді	127
Қазіргі қазақ әңгімесі хақында	153
Халық тағдырын жырлаған	175
Ақиқатты айта алсаң	189
Бүлдіршін күннен бір күлсем	202
Бүгінгі күннің бейімбеті	219
«неменеңе жетісіп күлесің»	245
Жеті жүз жұмбақ па, жоқ жетпіс жұмбақ па?	264
Тас бұлақтың суындай	282
Ортақол романдар ортасында	294
1. Өрде ме, жоқ еңісте ме!	296
2. Жез таулар ма, жоқ тас таулар ма?	307
Бесік жыры – басты жыр	321
Болашаққа беттеген	347

БАҚЫТ САРБАЛАҰЛЫ
БЕСІК ЖЫРЫ – БАСТЫ ЖЫР

ISBN 978-601-03-0447-5



ИБ №251

Редакторы *Қализа БЕКЕНҚЫЗЫ*
Техникалық редактор *Нұркен СҮЙЕУБЕКҰЛЫ*
Компьютерде беттеген *Әйгерім МОЛДАХМЕТОВА*

Басуға 03.03.2017 ж. қол қойылды. Қалпы 84x108 ¹/₃₂.
Қағазы офсеттік. Қаріп түрі "Arial".
Көлемі 20 ш.б.т. Таралымы 5000 дана.
Тапсырыс №151/2260.

"ҚАЗАқпарат" баспа корпорациясының баспаханасы

